

«Тұран» университеті» мекемесі

ӘОЖ 330.322:621.31(574)

Қолжазба құқығында

**ЯСЫН МҰРАТ ДӘУЛЕТНҰРҰЛЫ**

**Қазақстан Республикасының электр энергетикасына инвестициялар  
тартуды басқару**

6D050700 - Менеджмент

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:  
э.ғ.д., профессор Есіркепов Т.Ә.  
Шет елдік кеңесші:  
экономика докторы, профессор  
Гизе Р.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2015

## МАЗМҰНЫ

<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>1 ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАҒА ТАРТЫЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ...</b>	<b>10</b>
1.1 Басқарудың мәні, құрылымы және эволюциясы.....	10
1.2 Инвестицияның мәні мен маңызы, олардың жіктелуі.....	22
1.3 Электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу басқару формасы ретінде: жүйесі және оның құрылымдық моделі.....	31
1.4 Электр энергетикасына инвестициялар тартуды басқарудың шетелдік тәжірибесі.....	45
<b>2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ПРАКТИКАСЫ.....</b>	<b>56</b>
2.1 Қазақстан электр энергетикасы басқару объектісі ретінде және оның ұйымдық құрылымы.....	56
2.2 Электр энергетикадағы инвестициялық тарифтердің мәні, құрылымы және басқарылуы .....	75
2.3 Электр энергетикасындағы инвестициялық тарифтердің жағдайы мен өзгеру тенденциясын басқару.....	90
2.4 Электр энергетикалық компаниялардың инвестициялық тарифтеріне әсер ететін факторлары мен жағдайларын басқару.....	109
<b>3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУДАҒЫ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ.....</b>	<b>120</b>
3.1 Инвестициялық тендерлер жекешелендірудің және инвестициялар тартудың әдісі ретінде.....	120
3.2 «Халықтық IPO» электр энергетикалық компаниялардың халық қаражаттарын тарту әдісі ретінде.....	129
3.3 Электр энергетикалық қызметтердің тұтынушылары электр энергетикалық компаниялардың халықтық акционерлері ретінде қалыптасуын басқару.....	155
3.4 Электр энергетикадағы тарифтерді басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттары.....	161
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>173</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>182</b>

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік Қоғам
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АЭС	Атом электр станциясы
БЭЖ	Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ГТЭС	Газ турбиналық электр станциясы
ГЭС	Гидроэлектр станциясы
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖҰӨ	Жалпы ұлттық өнім
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭО	Жылу электр орталығы
ЖЭК	Жаңғырмалы энергия көздері
ЖЭС	Жылу электр станциясы
КЭС	Конденсациялық электр станциясы
ҚЭҚКН	Қазақстан электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚМЖ	Құрылыс-монтаждау жұмыстары
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ӨЭК	Өңірлік электржелілік компаниялар
ҰЭЖ	Ұлттық электр энергетикалық жүйе
ТМРА	Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
ЭЖҰ	Электр жабдықтаушы ұйым
KOREC	Korean Electricity Commission
KPX	Korean Power Exchange
РАВ	салынған капиталға қайтару әдісінің негізінде тарифтік реттеу

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Отын-энергетикалық кешен (бұдан әрі – ОЭК) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік хал-ахуалы жағдайында маңызды рөл атқарады. Еліміз мұнайдың, газдың, көмірдің, уран мен жаңартылатын энергия көздерінің бай ресурстарына ие.

ОЭК салаларының өнімдерін сатудан түсетін табыс Қазақстанның инфрақұрылымын белсенді дамытуға, озық технологиялардың трансферін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, экономиканың инновациялық дамуына ықпал етеді, еңбекке жарамды халықтың айтарлықтай бөлігінің жұмыспен қамтылуына кепілдік береді, әлеуметтік саланың дамуына ықпал етеді. Қазақстандағы ОЭК-де электр энергетикасы маңызды орын алады және ерекше рөл атқарады. Ол электр және жылу энергиясын өндіруден, беруден және жабдықтаудан тұрады, елдің тіршілік қызметін қамтамасыз ету мен экономикасының негізі болып табылады. Оның үстіне металлургия және мұнай мен газ өндіру секілді елдің басты салалары энергияны көп қажет ететін салалар ретінде сипатталады. Демек, Қазақстанның ауыр өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың өмір сүру сапасы көп жағдайда тұтынушыларды қолайлы баға бойынша энергиямен сенімді әрі сапалы түрде жабдықтауға байланысты болып келеді.

Нарықтық экономикаға өту жағдайында Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласының қалыптасуы нәтижесінде ірі электр станциялары заңды түрде оқшауланған кәсіпорындарға бөлініп шықты, жекешелендірілді немесе концессияға берілді. Жылу желілерімен бірге жылу электр орталықтары жекешелендірілді немесе коммуналдық меншікке берілді.

Бүгінгі күні электр энергиясының сегментінде бірқатар негізгі міндеттерді бөліп алуға болады, оларды шешу саланың әрі қарай тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: 1) күн санап артып келе жатқан тұтыну кезінде электр энергиясына сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін сақтау; 2) генерациялаушы жабдықтардың тозу деңгейін төмендету және электр қуатының резервін ұлғайту; 3) энергияның жаңартылатын көздерін дамыту және оларды Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесіне интеграциялау; 4) ескірген технологиялар, соның салдары ретінде саланың төменгі энергия тиімділігі және электр станцияларының қоршаған ортаны үлкен көлемде ластауы; 5) электр энергиясын өндіру сегментіне ауқымды инвестициялар тарту қажеттілігі.

Бұл міндеттердің барлығын шешу таяу жылдардағы ерекше маңызды мәселе болып табылады. Сонымен бірге олардың ішінде еліміздің электр энергетикалық кешеніне инвестициялар тартудың қажеттілігі міндетін ерекше бөліп алуға болады. Бұл міндетті шешуден көп жағдайда жоғарыда аталған басқа міндеттердің табысты іске асырылуы да байланысты болып келеді. Қазақстанның егеменді дамуы жылдары салаға инвестициялар тарту бойынша

белгілі бір жұмыстар жүргізілді. Елдің электр энергетикалық саласына отандық және шетелдік инвесторларды тарту бойынша біршама жұмыс атқарылды. Бірақ, өкінішке орай, бұл шаралардың барлығы салаға инвестициялардың қажетті және жеткілікті деңгейін тарта алмады. Мысалы, электр станцияларының қазіргі ағымдағы тозу деңгейі шамамен 70% құрайды. 2013 жылдың басында жылу электр станцияларындағы жабдықтардың орташа қызмет еткен мерзімі 28,8 жылды, гидроэлектр станцияларында – 35,7 жылды құрады. Бұл ретте, электр станцияларының 57% қуаты 30 жылдан астам уақыт қызмет атқарған. Мұндай жағдайда Қазақстанның электр энергетикасына инвестициялар тарту бойынша объективті түрде жаңа шаралар қабылдау қажеттілігі туындады. Ол республиканың электр энергетикасына инвестициялар тартуды басқаруды да жетілдіруді қажет етеді.

**Зерттеу тақырыбының зерттелу деңгейі.** Қазақстанда энергетика саласын басқару мен дамыту проблемалары да жан-жақты зерттеуді қажет ететіндіктен туындаған ғылыми ізденістер мен жұмыстар баршылық. Солардың ішінде Ш.Шокинның [1], О.Баймұратовтың [2], Н.Мамыровтың [3], К.Дүкенбаевтың [4], В.Храпуновтың [5], А.Әшімовтың [6], Б.Жапаровтың [7], Б.Алияровтың [8], А.Кошановтың [9], Ә.Әлімбаевтың [10], А.Түкеновтың [11], Ж.Давильбекованың [12], Г.Даукеевтің [13], Б.Хисаровтың [14], А.Жакуповтың [15], С.Махметтің [16], және т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Электр энергетикасына инвестицияларды тартуды басқару мәселелері П.Своиктың [17], В.Храпуновтың, Т.Есіркеповтың [18], Б.Түзелбаевтың [19] және басқа да жекелеген зерттеушілердің еңбектерінде зерттелген. Сонымен бірге, зерттеліп отырған тақырыптың көптеген мәселелері жеке диссертациялық зерттеудің пәні болмады. Сондықтан бұл диссертациялық жұмысты зерттеу тақырыбы бойынша алғашқы жұмыстардың бірі ретінде атап өтуге болады. Оның үстіне, экономикалық өмір мен саланың қызмет ету тәжірибесі өзгерістер енгізбестен, оларды зерттеуді, қорытуды, және оларды шешу бойынша ғылыми-негізделген шараларды әзірлеуді қажет ететін жаңа мәселелерді тудырмауы мүмкін емес.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасының электр энергетикасына инвестициялар тартуды басқаруды теориялық және тәжірибелік негіздеу және оны жетілдіру жолдары мен шараларын әзірлеу болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- басқарудың мәнін, құрылымын және эволюциясын анықтау;
- инвестициялардың мәні мен маңызын, олардың жіктелуін зерттеу;
- инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу басқарудың формасы ретінде: жүйесін және оның құрылымдық моделін әзірлеу;
- электр энергетикасына инвестициялар тартуды басқарудың шетелдік тәжірибесіне талдау жүргізу;

- Қазақстан электр энергетикасы басқару объектісі ретінде және оның ұйымдық құрылымын талдау;
- республиканың электр энергетикасындағы инвестициялық тарифтердің мәні, құрылымы, жағдайы және басқарылуын талдау және бағалау;
- электр энергетикалық компаниялардың инвестициялық тарифтеріне әсер ететін факторлары мен жағдайларын басқаруды бағалау;
- жекешелендіру мен электр энергетикалық компанияларға инвестициялар тартудың тәсілі ретінде инвестициялық тендерлерді басқаруын анықтау;
- электр энергетикалық компанияларға халықтың ақша қаражатын тартудың әдісі ретінде «Халықтық IPO» басқаруды қарыстыру;
- электр энергетикалық қызметтердің тұтынушыларын электр энергетикалық компаниялардың халықтық акционерлері ретінде қалыптасуын басқаруды қарастыру;
- электр энергетикасындағы тарифтерді басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындау.

**Диссертациялық зерттеудің пәні.** Қазақстан Республикасының электр энергетикасына инвестициялар тартуды басқару барысында туындайтын ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

**Диссертациялық зерттеу нысаны.** Қазақстанның электр энергетикалық саласы зерттеу нысаны болып табылады.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері.** Жүргізілген зерттеулердің негізінде автор ғылыми жаңашылдыққа ие келесі нәтижелер алды:

1. Инвестициялардың мәнін, маңызын және жіктелуін анықтаудың түрлі тәсілдері қарастырылды;
2. Жүйелік тәсілді қолдану негізінде электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу басқару формасы ретінде: автормен жүйе ретінде қарастырылды мен құрылымдық моделі әзірленді;
3. Шетелдік тәжірибені зерттеудің негізінде Қазақстанның электр энергетикасына инвестициялар тартуды басқарудың жетілдіру жолдары ұсынылды;
4. Қазақстан электр энергетикасы басқару объектісі ретінде және оның ұйымдық құрылымын бағалау;
5. Электр энергетикалық компаниялардың инвестициялық тарифтерінің қазіргі жағдайын, тенденцияларын, сонымен қатар оған ықпал ететін факторлар мен шарттарды басқаруды талдау және бағалау;
6. Электр энергетикалық компанияларды жекешелендірудің және елдің электр энергетикасына инвестициялар тартудың тәсілдері ретінде инвестициялық тендерлерді пайдалану тәжірибесін бағалау және оларды басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар;
7. Электр энергетикалық компанияларға халықтың ақша қаражатын тартудың әдісі ретінде «Халықтық IPO» кешенді бағалау негізінде оның басқарылуын жетілдіру бойынша ұсыныстар негізделді және әзірленді;

8. Электр энергетикалық қызметтердің тұтынушыларын электр энергетикалық компаниялардың халықтық акционерлеріне айналдыру жөніндегі ұсыныс әзірленді;

9. Электр энергетикасындағы тарифтерді басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттары негізделді және анықталды.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі.** Шетелдік және отандық экономикалық ғылым өкілдерінің еңбектері, инвестициялар және елдің электр энергетикалық саласына инвестициялар тартуды басқару саласындағы еңбектер болды.

**Пайдаланылған зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында ғылыми танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері қолданылды. Атап айтқанда, абстракциялық-логикалық, салыстыру және баламалар әдістері, жүйелік тұрғыдан келу, талдау және синтез әдістері, статистикалық талдаудың тәсілдері мен рәсімдері, монографиялық әдіс және т.б. пайдаланылды.

**Зерттеудің ақпараттық базасы.** Жұмыста Қазақстанның электр энергетикалық кешеніне инвестициялар тартуды басқару саласындағы заңнамалық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, ҚР Үкіметінің Қаулылары және басқа да нормативтік-құқықтық актілер, ҚР Энергетика министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің, энергетикалық компаниялардың мәліметтері және т.б. пайдаланылды.

**Алынған зерттеу нәтижелерінің ішінде қорғауға шығарылатыны келесі ұсыныстар болып табылады:**

1. Электр энергетикаға инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу басқару формасы ретінде: жүйесі және оның құрылымдық моделі әзірленді;

2. Электр энергетикалық компаниялардың инвестициялық тарифтерінің қазіргі жағдайын, тенденцияларын, сонымен қатар оған ықпал ететін факторлар мен шарттарды басқаруды талдау және бағалау жасалды;

3. Электр энергетикалық компанияларды жекешелендірудің және елдің электр энергетикасына инвестициялар тартудың тәсілдері ретінде инвестициялық тендерлерді пайдалану тәжірибесін бағалау және оларды басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді;

4. Электр энергетикалық компанияларға халықтың ақша қаражатын тартудың әдісі ретінде «Халықтық IPO» кешенді бағалау, оның басқарылуын жетілдіру бойынша ұсыныстар негізделді және әзірленді;

5. Электр энергетикалық қызметтердің тұтынушыларын электр энергетикалық компаниялардың халықтық акционерлеріне айналдыру бойынша ұсыныстар негізделді және әзірленді;

6. Электр энергетикасындағы тарифтерді басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттары әзірленді және көрсетілді.

**Зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңызы.** Жұмыста қамтылған негізгі теориялық-әдіснамалық ережелер, қорытындылар мен ұсыныстар Қазақстанның электр энергетикалық саласына инвестициялар тартуды

басқаруды жетілдіру жолдары мен шараларын негіздеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Жұмыстың нәтижесіне сынама (апробация) жасау және өткізу.** 2011 жылдан бері оқу барысында автор зерттеудің әрбір кезеңдерінің нәтижелерін баяндап отырды. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары мына халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалды: «Инновациялық экономика жағдайындағы менеджменттің өзекті мәселелері». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы қ., 2012 ж.; «Евразия экономикасы – 2012» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы қ., 2012 ж.; «Қазақстанның кластерлік-инновациялық даму жағдайында туристік және географиялық өлкетану» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы қ., 2013 ж.; «Жас ғалым» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Польша, 2013 ж.; «Россия и Европа: связь культуры и экономики». 9 Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Чехия, 2014 ж.; «Автомобильные дороги и транспортная техника: проблемы и перспективы развития». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы қ., 2014 ж.

**Басылымдар.** Зерттеу тақырыбы бойынша 13 жұмыс жарияланған, соның ішінде 1 ғылыми мақала Thomson Reuters компаниясының мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда жарияланған, 6 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы экономикалық басылымдарда жарияланған, 6 тезистік баяндамалар халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, соның ішінде 2 мақала шетелдік конференцияларда талқыланды.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануы.** Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары шетелде және республикалық басылымдарда жарық көрген ғылыми 13 мақалаларда баяндалған. Олар:

1) “Investment strategy of an enterprise concept and basic development stages”. Actual problems of economics (Актуальные проблемы экономики) №11(137), 2012 жыл, 538-545 бет, Украина. Киев қ, Ұлттық ғылым академиясы.

2) Қазақстанда атом энергетикасына инвестициялар тарту мәселелері. // «Тұран» университетінің хабаршысы. Алматы қ., 2013ж. 3 (59) 136-139б.

3) Қазақстан Республикасында отын-энергетика кешенінің негізгі салаларына инвестициялар тарту мәселелері. // «Тұран» университетінің хабаршысы. Алматы қ., 2014ж. 1 (61) 168-173б.

4) Қазақстан Республикасында электр энергетикасына инвестицияларды тарту мәселелері. // «Тұран» университетінің хабаршысы. Алматы қ., 2014ж. 3 (63) 185-189б.

5) Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшудегі қадамдары. // «Қаз ҰУ» хабаршысы. 2/1(108) Алматы қ., 2015ж. 170-175б.

6) Энергетикалық компаниялардың инвестициялық тарифтеріне әсер ететін факторлар мен жағдайлар. // «Тұран» университетінің хабаршысы. Алматы қ., 2015ж. №3(67)-15. 205-210б.



7) Инвестициялық тендерлер жекешелендірудің және инвестициялар тартудың әдісі ретінде // «Қаз ҰУ» хабаршысы. Алматы қ.2015ж.№4(110) 2015.200-207б.

8) Управление инвестиционной деятельностью предприятий // Инновациялық экономика жағдайындағы менеджменттің өзекті мәселелері- атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы қ. 2012ж.158-161б.

9) Регулирование инвестиций в экономической деятельности РК.// “International conference of Eurasian economies 2012” Алматы қаласы,186-192б.

10) Attraction of investments into fuel and energy complex of Kazakhstan.//Young Scientist.Uniwersytet Ekonomiczny.Польша.2013ж.104-110б.

11) Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық жағдайындағы отын-энергетикалық кешенінің дамуы.// "Қазақстанның кластерлік-инновациялық даму жағдайында туристік және географиялық өлкетану" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы қ.2013ж 434-437б.

12) Перспективы "озеленения" экономики Республики Казахстан // Материалы 9 международной научно-практической конференции.Россия и Европа:связь культуры и экономики. Чехия, Прага қ. 2014ж.523-526б

13) «Жасыл» экономикаға өтуде Қазақстанның электроэнергетикасына инвестициялар тарту жағдайы // "Автомобильные дороги и транспортная техника:проблемы и перспективы развития". Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы қ.2014ж.453-456б;

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс 188 беттен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, атаулардан тұратын пайдаланылған 138 әдебиет тізімінен тұрады, 20 кестелер және 14 суреттермен қамтылған.

# **1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАҒА ТАРТЫЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Басқарудың мәні, құрылымы және эволюциясы**

Адамдардың, мемлекеттің және қоғамның күнделікті өмірінің басқарусыз еш мәні жоқ. Ауқымды мағынада бұл субъектінің объектіге мақсатты түрде бағытталған ықпал етуін, объектінің жаңа жағдайға ауысуын білдіреді. Және табиғат пен қоғамда болып жатқан кез келген жүйелер мен үдерістерде басқарушылық ықпал етудің белгілі бір көріністерін, тікелей және кері байланыстарын байқауға болады.

Зерттеушілер тұтас жүйелердің табиғатын ашуға, олардың құрылысына, өзара іс-қимылы мен даму заңдылықтарына үлкен көңіл бөледі. Зерттемелерді жан-жақты қорыта отырып, жүйелердің мақсатты бағыт-бағдарының бар екендігі туралы; құрамдас элементтерінің жалпы функцияларымен және өзара іс-қимыл жасау механизмімен қамтамасыз етілетін интеграциялануы туралы; жүйеде және оның бөліктерінде жаңа интеграциялық белгілердің пайда болуы, жүйелердің өзіндік иерархиясының болуы туралы айтуға болады.

Қоғам макродеңгейдегі жүйе болып табылады. Бұл объективтік шындық көптеген өзара байланысты құбылыстардан тұрады деген белгілі ережені дамытуға мүмкіндік береді. Даму проблемасы өзінің жоғары деңгейдегі көрінісінде қоғамдық үдерістерді саналы түрде басқару мәселесіне дейін көтеріледі. Сол кезде басқаруды жүйенің қызмет ету және даму үдерістерін саналы түрде реттеудің жоғарғы нысаны ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайды мойындау оны абсолюттендіруге, басқаруды және өзін-өзі басқаруды теңестіруге, өзін-өзі басқарудың реттеудің барлық түрлерін жұтып алуына алып келмеуі тиіс. Себебі кез келген жүйе ретінде қоғамға түрлі реттеуіштер, оның ішінде стихиялық реттеуіштер ықпал етеді. Оларды ғылыми тұрғыдан тану және объективтік заңдылықтарға, мемлекеттің, партиялардың, қауымдастықтардың және кең жұртшылықтың шығармашылық-түрлендіру қызметіне сүйену дамудағы стихиялылықты болдырмауға, объективтік тәртіптің (өндірістің құлдырауы, ғылыми-техникалық жетістіктің баяулауы және т.б.), командалық құбылыстардың, оның ішінде қоғамдық сана түрлерінің теріс сипаттағы әсерлерін жоюға немесе әлсіретуге арналған.

Басқаруды қоғамдық тіршілік қызметінің басқа көрінулерінен бөліп алу теориялық, сонымен бірге практикалық тұрғыдан аса маңызды болып келеді. Проблеманың осы бір қырын қарастыра отырып, зерттеушілер әлеуметтік қызметтің бір түрі ретінде басқаруға адамдардың бірлесіп еңбек етуін ұйымдастыруға және жүйелік түрдің барлық бірлестіктерінің қызметіндегі тәртіпті сақтаудағы, ұйымдастырылған және институционаландырылған қызмет ретінде әлеуметтік басқарушы кіші жүйе орындайтын ерекше функция ретінде реттеуші әрекеттерді жүзеге асырудағы қажеттіліктің көрінісі секілді белгілер тән болып келетінін негізделген түрде атап өтеді.

Басқару үдерісінде пайдаланылатын реттеуіштердің көптеген түрлерінің бар екенін айта кеткен жөн. Бірақ оларды ғылыми тұрғыдан тану және қалың жұртшылықтың белсенді түрлендіру қызметінің нәтижесінде қоғамдық үдерістерге ықпал етулердің барлық түрлерін көрсетпейтін еді. Объективтік шарттар мен субъективтік факторды дұрыс түсіну ғана мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Басқару өзінің функцияларын саналы түрдегі, мақсатты бағытталған ықпал ету механизмдері арқылы объективті түрде жасалатын қоғамдық үдерістерді реттеу арқылы іске асырады. Басқару қоғамдық рухани факторлар (ғылым, өнер, мораль және т.б.) әсер ететін барлық белсенді-түрлендіру әсерін таңдауға және бірыңғай ағымға жинақтауға арналған.

Барлық әлеуметтік институттардың рөлі басқарудың жалпы үдерісінде, адамдар қызметін ынталандырушылардың дамуында және олардың өзін-өзі реттеуіштерінде барынша арта түседі.

Басқару дегеніміз не және ол қалай жүзеге асырылады? Жүйені ретке келтіру және оны жаңа жағдайға ауыстыру үдерісі ретінде басқарудың барынша ортақ анықтамасын кибернетика әзірлеген. Қоғамды ғылыми түрде басқару адамдардың жүйеге тән заңдылықтарды оның тиімді қызмет етуі мен дамуы, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тану мен пайдалану негізінде жалпы қоғамдық жүйеге және оның жекелеген буындарына мақсатты бағытталған түрде ықпал ету ретінде сипатталады.

Қоғамдық үдерістерді басқарудың табиғатын түсіну үшін негізінен басқару үдерісін түсіндірумен шектелетін кибернетикалық тәсіл айқын жеткіліксіз екенін байқау қиын емес. Басқарудың мақсаттары, бағытталуы мен мазмұны, оның қатысушылары туралы сұраққа «қоғамды басқару» деген философиялық түсініктің арқасында ғана жауап алуға болады. Шетелдік ғылымда ол, әрине, басқаруды оның жан-жақты түрінде, барлық қоғамның ауқымында жүзеге асыру үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси шарттардың болмауына байланысты тіптен қолданылмайды. Сондықтан басқару көп жағдайда барынша тар мағыналы «менеджмент» түсінігімен алмастырылады[20].

Басқарудың және оның қатысушыларының мазмұндық табиғатының сипаттамасы басқарушылық ықпал ету объектілерінің барлық әр алуандылығын қамтуы тиіс. Бұл жайында төменде толығырақ айтылатын болады, ал қазір олардың жалпы қоғамға сайып келмейтінін ғана айтып өтеміз. Басқаруды қажет ететін жүйелер ретінде объектілердің түрлі деңгейлері мен түрлері бар. Тағы бір жағдайды айта кету орынды. Қазір ғылыми айналымға басқару үдерістері органикалық жағынан кез келген жүйеге тән деген негізде басқару мен өзін-өзі басқарудың тепе-теңдігі туралы пайымдау еніп отыр. Бірақ әрбір жүйе өзін-өзі басқара алады ма? Қолдануға қатысты жалпы бұл пайымдауды өзге жүйелердің – басқа мемлекеттердің, қоғамдық ұйымдардың, халықаралық құрылымдардың және т.б. ықпал етуін ескеретін кейбір ескертулермен қолдануға болады. Ішкі және халықаралық дамудың өзара байланыстылығының күшеюі қоғамдық жүйеге сыртқы әсерлердің үлес салмағының артуына алып келеді.

Бұл айтылғандар қоғамдағы басқарудың келесі түсінігіне арқа сүйеуге мүмкіндік берді. Басқару қоғамдық үдерістерге оларды субъективтік заңдарға сәйкес және халықтың мүддесі үшін түрлендіру үшін мақсатты түрде бағытталған нормативтік-институционалдық ықпал ету болып табылады. Бұл жерде негізгі құрамдас бөліктер: қатысушылар, оларды ұйымдастыру механизмі, басқарудың мазмұны және оның түпкі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы атап өтіледі. Олардың кез келгенін толық бағаламау тәжірибеде сәйкессіздіктер мен тепе-теңсіздіктерге; басқарудың өздігінен белгілі бір функцияларды орындауға жасанды түрде бағыт алуына (іс-шаралар жоспарларын жасау, шешімдер қабылдау және т.б. арқылы ұлғайту), функциялардың дұрыс емес ара-қатынасына, ықпал ету объектісінен алшақтауға, басқару жүйелерінің олардың реттеушілік ықпал етуіне жататын үдерістердің деңгейі мен ауқымынан артта қалуына, азаматтардың басқаруға қатысуын кеңейтетін заңдылық әсерінің әлсіреуіне алып келді.

Сонымен бірге қоғамдық істерді басқарудың тиімділігі мәселесін шешу түптеп келгенде субъекті мен объектінің ара-қатынасының жазықтығында жатыр. Бұл мәселенің дербестігін ескере отырып, алдын ала жоспарда жалпы басқарудың тиімділігін анықтаудың ортақ механизмі мен критерийлерінің шеңберінде оның нақты салалардағы көрсеткіштері мен дәрежесін белгілеу, сонымен бірге субъектілер мен объектілердің іс-әрекеттерінің жеке және жиынтық тиімділігін анықтау орынды екенін атап өтеміз.

Басқарудың ұйымдастырушылық-институционалдық жағына басты назар аудару кездейсоқтық емес, себебі ол қозғалысқа келтіріледі, тек қана тиісті механизмдердің көмегімен «жүзеге асырылады». Оларсыз адамдарды біріктіру және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін олардың қызметін мақсатты түрде ұйымдастыру мүмкін емес. Бірақ бұл механизмдер қандай, олар қалай құрылған және қалай қызмет етеді? Көбіне қарапайым жауап беріледі: басқару субъекті – басқару жүйенің және объекті – басқарылатын жүйенің өзара іс-қимылының арқасында жүзеге асырылады. Бір қарағанда күмән туғызбауы тиіс, себебі аталған екі элементтің үйлесіміне алып келеді. Осыдан жүйе ретінде басқару субъектісінің сипаттамалары көбіне оны мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдардың жиынтығы ретінде түсіндіруге немесе объектілердің жүйелік сипаттамасының ұмытылуына алып келеді. Басқа жағдайларда басқару субъектісіні жүйелік бағалау басқару жүйесін кез келген әлеуметтік жүйемен ұқсас, бір элементті құрылым ретінде түсінуге негіз береді. Ал, соңғы жылдары таралып кеткен «басқарудың ұйымдық құрылымдары» деген термин жүйенің бұл субъектілерінің өздері басқару органдарын қажет етеді деген пікір туғызады.

Әдебиетте «жүйе» және «атқарушы билік органдары» түсініктері жиі теңестіріледі, мұнымен келісуге болмайды. Бірақ аталған терминді барынша ауқымды түсіндіру арқылы (субъектіні ұйымдастыру және қызмет етуі, оның басқарылатын объектілермен өзара байланысы, басқарылатын жүйенің құрылымы) бұл шеңберді бұзуға жасалған талпыныс әзірге нәтиже берген жоқ,

себебі барлық ұйымдастырушылық құрылымдардың негізі ретінде тек қана мемлекеттік басқару органы алынады.

Субъектілер мен объектілер үйлесетін, субъективтік-объектілік қатынастарда көрініс табатын басқару жүйелері туралы сөз қозғау барынша дұрыс. Басқару жүйесіне екі органикалық кіші жүйелерді біріктіру олардың байланыстарын сыртқы және ішкі байланыстар ретінде қарастырып қана қоймай, бұл кіші жүйелердің оқшаулануын болдырмауға мүмкіндік береді. Интеграциялық сипаттама басқару жүйелерінің түрлі деңгейлерінде субъектілер-объектілер белгілерінің барлық мүмкін болатын үйлесімін көруге мүмкіндік береді. Осы арқылы бірінші жағдайда басқару жүйесіне өзгерту, түрлендіру және жаңа жағдайларды құру және т.б. тетігі ретінде кіретін, екінші жағдайда – басқару жүйелері ықпал етуі тиіс материалдық құбылыстар мен үдерістер болып табылатын объектілердің өздерінің барынша тереңінен көрінуіне қол жеткізіледі. Басқарушылық ықпал ету негізінен басқару жүйелерінің қызмет етуінен, алуан түрлі әдістердің (реттеу, құндылықты, нұсқау берушілік, ақпараттық) көмегімен жоғары түпкі нәтижелерге қол жеткізуге бағыт алудан көрінеді.

Басқару жүйелері тұтас-ұйымдық бірлестіктер ретінде: функциялармен және қызмет мақсаттарымен; өзара бағыныстағы құрамдас бөліктердің нақты жинағымен; сыртқы байланыстар режимімен (субординация, үйлестіру, шарттық қатынастар және т.б.); құқықтық қамтамасыз етумен, яғни құрылымды, байланыстарды, өкілеттіктерді құқықтық реттеу механизмімен, басқару жүйесінің және оның элементтерінің қызмет режимімен (қазір белгілі бір ұйымдардың мәртебесін кешенді түрде емес, мозайкалық түрде анықтау басым болып келеді), және т.б.; ақпараттық қамтамасыз етумен; шешімдер қабылдау және оларды орындау рәсімімен, құқықтық актілердің өзара бағыныштылығымен сипатталады.

Басқару жүйелері өзінің мақсаты мен ішкі құрылысы, байланыстардың сипаты бойынша (жүйенің ішінде, сонымен бірге түрлі жүйелердің арасындағы), қоғамдық өмірдің салалары мен әрекеттерді қамту ауқымы, басқарушылық міндеттерді шешу тәсілдері бойынша алуан түрлі болып келеді. Оларды жіктеудің басқару жүйелерінің қызмет етуін және олардың өзара байланысын нақты ұйымдастыруға мүмкіндік бере отырып, ғылыми-танымдық қана емес, сонымен бірге тәжірибелік мәні бар, ал соңғы жағдай әсіресе қазіргі уақытта ерекше маңызды болып табылады [21].

Соңғы жылдары посткеңестік елдерде басқаруға оның ауқымды мағынасында, бұл жалпы мемлекеттік басқаруға немесе салалар мен өрістерге, өндірісті басқаруға, басқару аппаратына қатысты болсын қызығушылық күрт төмендеп кетті. Әсіресе нарықтық экономиканың қалыптасуы жағдайында мемлекеттің жаңа рөліне қарсы тұратын мемлекеттік басқару рөлі сыни тұрғыдан қабылданады. Бірақ басқару функцияларының және мемлекеттік реттеу әдістері өзгеруде, және оның пайдалы болып табылатыны сөзсіз. Бірде бір мемлекет басқару мен реттеу тетіктерінен бас тартпайды, мәселе оларды шебер пайдалана білуде [22].

Мемлекеттік басқару мен реттеуге қазіргі жағдайларда келесі әдістер тән болып келеді:

а) өткен жылдардағы жеке-нұсқау беру және реттеуге қарағанда жалпы нормативтік реттеу. Командалық және жедел ықпал етудің орнын заңның негізінде және оны орындау үшін басқару алмастырады;

б) шаруашылық етуші және өзге де субъектілерді ресми түрде мойындау тәсілдерін қолдану;

в) субъектілерді және олардың қызметтерін лицензиялауды енгізу;

г) шаруашылық қызметтің түрлерін жүзеге асыру тәртібін айқындау;

д) салық салу;

е) өнімдерді, жұмыстар мен қызметтерді стандарттауды енгізу;

ж) кәсіпкерлікті қолдау және ынталандыру;

з) қадағалау функцияларын жүзеге асыру.

Басқару дегеніміз нәтижелерге қол жеткізу үшін мақсатты түрде бағытталған ықпал ету болып табылады. Мұндай бағыт-бағдар алу аса қажет [23]. Басқаруға бақылау секілді элемент тән. Оның мақсаты – мемлекеттің тұтастығы мен қуатының кепілдігі болу. Осы дағдарыс құбылыстарын жеңіп шығу мен мемлекетті нығайтуға көмектесуі мүмкін қуатты құралдардың арасында бақылау да бар. Мемлекеттік бақылау әрдайым саясатты, заңдар мен өзге де актілердің іске асырылуын қамтамасыз етуге, мемлекеттің мүддесін қорғауға ұмтылатын кез келген мемлекетке тән болып келеді. Мәселе бақылаудың мақсаттары мен механизмдері және ол қоғамда қалай қолданылады, ол мемлекет институттарының тұрақтылығына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, озық әлеуметтік-экономикалық дамуға қаншалықты көмектесетіндігінде.

Біздің елімізде бақылау әрдайым мемлекеттің бір функциясы ретінде қарастырылып келді. Оның міндеттері, құрылымы және жүзеге асыру әдістері өзгеріп отырды. Үлкен тәжірибе жинақталды, онда жағымды жақтар да (жалпылық, жариялылық және т.б.), және теріс жақтан алынған тағылым да бар. Бұл тағылымға бақылау функцияларының арнайы органдар қызметінің шегіне дейін қысқаруын, әлсіз нәтиженің болуын жатқызуға болады. Және осыны ескере отырып, бүгінде мемлекеттік бақылаудың тиімді және демократиялық жүйесін құру мақсаты тұр.

Басқару түсінігі негізінен жүйеге мақсатты көздейтін (субъектіден шығатын) ықпал етуді, жүйенің өздігінен дамуының белгілі бір бағыт алуын сақтау мен ынталандыру факторы болып табылатын ықпал етуді білдіреді. Реттеу жүйенің ішкі заңдылықтары мен механизмдерінің кенеттен әрекет етуі үшін қажетті жағдайлар жасуды көздейді. Орыс тілінің түсіндірме сөздігіне сәйкес реттеу терминінің бір мағынасы – басқару, басшылық жасау. Онымен қатар бұл термин: 1) қажетті нәтижелерге қол жеткізу мақсатында бір затқа ықпал етуді; 2) белгілі бір әрекетті белгілі бір ережелерге бағындыруды білдіруі мүмкін. Экономика мемлекеттік басқару объектісі ретінде түрлі бағыттарда қарастырылады: Экономика – бұл салалардың жиынтығы, мемлекеттік басқару – салалық, ведомстволық басқару. Экономика – салалар жиынтығы,

мемлекеттік басқару – түрлі салаларды басқару. Экономика – нарықтардың жиынтығы, экономикалық қызметтің субъектілері ретінде нарықтарды басқару қажеттілігі. Түрлі қатынастарды басқару: жалдамалы жұмысшылар мен кәсіпорындар арасындағы қатынастар. басқару іс жүзінде барлық салалар бойынша басқарушылық ықпал етудің барлық түрлерін жүзеге асыруды білдіреді. Ықпал етулердің бөліну көлемі мен олардың мазмұны бойынша мемлекеттік басқару: салалық және аумақтық басқару болып бөлінеді. Микро деңгейдегі (фирма деңгейінде) және макро деңгейдегі (мемлекет деңгейінде) басқару бар. Экономиканың негізгі элементтерін басқару: Бұл жерде мемлекеттік басқару үшін басқаратын кадрларды немесе мемлекеттік қызметшілерді ғана емес, сонымен бірге басқарылатын объектілерде болатын, басқарушылық ықпал етуге бағытталатын және оларды қабылдайтындарды басқарушылық даярлауды көздейтін кешенді тәсіл қажет. Себебі егер, кімде кім түрлі негіздер мен себептер бойынша басқару үдерістеріне кіретін болса, мемлекеттік басқарудың мағынасы мен мәнін түсінбейтін болса, онда олар оның идеологиясын және олар жүргізетін мемлекеттік саясаттың құндылығын бөлісе алмайды. Бұл жағдайда мемлекеттің өзінің алдында тұрған мақсаттарын объективті түрде іске асыра алатынына сенім арту қиын. Басқарудың мемлекеттік органдарының экономиканы реттеу саласындағы құзыреті келесі бағыттарға сәйкес келеді: экономикалық қызметтер мен институттарды қалыптастыру және қайта құру, ескілерін жаңаларына ауыстыру; бірыңғай нарықтың құқықтық негіздері; энергетикалық жүйелер, көлік, байланыс; мемлекеттік бюджет; қаржылық, несиелік, валюталық, кедендік реттеу; баға саясаты; ақша эмиссиясы.

Экономика саласында бақылауды (қадағалауды) белгілі бір дәрежеде барлық арнайы құрылған инспекциялар, қызметтер мен басқа да органдар өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес жүзеге асырады.

Экономика саласындағы мемлекеттік басқаруды атқарушы биліктің тиісті органдары және лауазымды адамдары жүзеге асырады. Олардың құзыреті мен қызмет ету қағидалары заңдармен және басқа да нормативтік актілермен анықталады.

Экономикалық саланы басқаруды жүзеге асыру арқылы мемлекет экономикалық құқықтық қатынастардың субъектілеріне:

- экономикалық қызметтің нақты қорғалуына (құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық және т.б.);
- экономикалық кеңістіктің бір тұтастығына;
- тауарлар, қызметтер мен ақша қаражаттарының еркін қозғалысына;
- бәсекелестіктің дамуы мен оған қолдау көрсетілуіне;
- заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда экономикалық қызметтің еркіндігіне кепілдік береді.

Қазіргі кезеңде федералдық және өңірлік деңгейлерде шаруашылық жүргізуші субъектілерді мемлекеттік қолдау жүйесін құру бойынша жұмыс жүзеге асырылуда, үйлестіру және тәжірибе алмасу механизмі пысықталуда және анықталуда.

Түрлі елдерде мемлекеттік басқарудың айтарлықтай айырмашылықтарының болуына қарамастан, бұл саладағы ортақ қағидалар мен тәсілдерді жан-жақты етудің әлемдік үрдісі жайлы айтуға болады. Негізінен дамыған елдердің қалған әлемге дайындаған мемлекеттік басқарудың кең тараған модельдері жайлы сөз қозғауға болады. Бүгінгі күні мемлекеттік басқару туралы білімдер алудың негізгі әдісі сынамалар мен қателіктер әдісі болып табылады. Мемлекеттік басқару саласындағы мінез-құлық модельдері мен үлгілері түрлі елдердің басшылары мен шенеуніктері корпусының ұжымдық түрде ойлау нәтижесі болып табылады. Яғни, білімнің бұл саласындағы негізгі қағидалар мен түсініктердің шартты, шарттық сипаты бар.

Түрлі елдердегі мемлекеттік басқарудың мәдени факторлармен негізделген өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен бірге, мемлекеттік басқару саяси және заңды рәсімдерге қатты тәуелді болып келеді. Дегенмен, мемлекеттік басқару жүйелерінде ортақ және ерекше белгілерді бөліп алуға, сонымен бірге олардың бір бағытта дамуын атап өтуге болады.

Мемлекеттік басқару қоғамда болып жатқан түрленулерден кейін өзгереді. Мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы үрдістері кез келген мемлекеттер үшін қолданылатын жан-жақты қағидалардан тұрады. Мемлекеттік жүйелер мен басқару модельдерін конвергенциялау үрдістері байқалады. Негізінен мысал ретінде ағылшын-саксон елдерінің тәжірибесі алынады. Алайда, мемлекеттік басқарудағы сырттан алушылық себептерін жаһандану үдерістерінен іздестіру қажет. Қазіргі уақытта тұтас жүйе ретінде жекелеген ел емес, жалпы әлемдік қауымдастық алынады. Әлемдік деңгейде жүріп жатқан үдерістер көптеген елдердің дамуына дереу әсерін тигізеді.

Мемлекеттік басқару теориясында әдетте төрт негізгі дәстүрді бөліп алады: 1) ағылшын-саксондық (ең төменгі мемлекет тұжырымдамасы); 2) германдық (органицизм); 3) француздық (бонопартизм немесе наполеонизм); 4) скандинавиялық (ағылшын-саксондық және германдық дәстүрлердің араласуы) [24].

Германдық және француздық модельдерді жиынтықта континенттік еуропалық модель деп атау қабылданған. Ағылшын-саксондық модельде заңды тұлға немесе жария-құқықтық құрылым ретінде «мемлекет» деген заңды түсінік жоқ. «Үкімет» немесе жекелеген үкіметтік мекемелердің заңды мәні бар. Мемлекет қоғам мүшелерінің арасындағы келісім ретінде қарастырылады. Мемлекет пен қоғамның арасындағы қатынастар келіссөздер мен мәмілелер жүйесімен, үлкен икемділікпен және еркіндікпен сипатталады.

Француздық дәстүрде мемлекет қоғамдық өмірдің барлық салаларына енетін біртұтас және бөлінбейтін құрылым ретінде қарастырылады. Мемлекеттік басқару деңгейлері мен секторларының арасында өкілеттіктер егжей-тегжейлі бөлінеді.

Дәстүрлі түрде мемлекеттік басқарудың базалық теориясы ретінде мемлекеттік органдар мен қызметтер биліктің заң шығару органдары, мемлекет басшысы және үкімет белгілейтін бағдарламалар мен саясатты сақтау және іске асыруға арналған деген постулат қарастырылды (бейтарап құзырет



тұжырымдамасы). Мұндай тұрғыдан мемлекеттік органдардың ресми түрде дербестігі болмайды және іс жүзінде өз қызметінің мақсаттары мен міндеттерін алға қоя алмайды. АҚШ-та бұл модельді мемлекеттік әкімшілік ету туралы ғылымның негізін қалаушылардың бірі В. Вильсон қолдаған. Мұндай тәсілдің арқасында АҚШ-та XIX ғасырдың соңынан бастап басқаруды саясаттан бөліп алу идеясы кеңінен таралды.

Қазіргі уақытта мемлекетті ұйымдастырудың екі бәсекелесуші тәсілі бар: 1) орталықтандырылған тәсіл (state-centric approach) 2) орталықтандырылмаған тәсіл Decentered Theory of Governance или Decentering Governance) [24].

Негізінен екі бәсекелесуші парадигма жайлы айтуға болады: бюрократиялық және менеджериалдық (басқарушылық). Екеуінің де өзінің жақтаушылары мен қарсыластары бар. Дегенмен, соңғы уақытта мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласына менеджериализм идеясы күн санап еніп келеді, оған сәйкес қоғамдық секторға корпорациялар дайындаған басқару әдістері ауыстырылады.

Мемлекеттік басқару жүйесінде менеджмент технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану үрдісі біріншіден, менеджмент теориясында жинақталған және тәжірибеде өзінің тиімділігін растаған басқарудың тиімді әдістерінің алуан түрлілігімен; екіншіден, сыртқы орта диманимикасының артуы жағдайында мемлекеттік басқару органдарының алдында тұрған міндеттердің күрделенуімен негізделеді. Мысалы, экономикадағы дағдарыс құбылыстары, климаттық ауытқулар мен ерекше табиғи құбылыстар санының артуы, әлеуметтік шиеленістің ұшығуы дәстүрлі бюрократияға тән басқару әдістерін қолдануға ықпал етпейді, дәстүрлі бюрократия шеңберінде қарастырылып отырған лауазымның функционалдық міндеттерін орындау жеткілікті болып табылады. Нәтижеге, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге бағыт-бағдар алу мемлекеттік басқару органдары қызметінің тиімділігін бағалау кезінде бірінші орынға шығады.

Мемлекеттік әкімшілік ету (МӘЕ) мемлекеттік менеджменттен (Public Management) кейін тұрады. Сәйкесінше теорияда (бірақ практикада емес) екінші орынға ауысады. Әдетте, менеджериализмді 4 компоненттің жиынтығы ретінде анықтайды:

- 1) мемлекеттік қызметшілердің қызметті жүзеге асыру барысында нәтижелер мен тиімділікке бағыт алуы;
- 2) қазіргі заманғы менеджмент құралдары мен технологияларын қолдану;
- 3) мемлекеттік қызметшілерді менеджерлер ретінде қарастыру, олармен тиісті келісімшарттар жасау;
- 4) мемлекеттік қызметке «принципал-агент» моральдық мәселесін қолдану және осыған байланысты агенттік шығындардың болуы.

Менеджериализм тұжырымдамасының шеңберінде мемлекеттік басқаруға жеке меншік бизнесте әзірленген басқару әдістері ене бастайды. Мұндай әдістерге мемлекеттің қызметін халыққа қызметтер көрсету үдерісі ретінде қарау, мемлекеттік басқаруда өңірлік және муниципалды маркетинг (жер маркетингі, тұрғын үй маркетингі, шаруашылық құрылыс жүргізу

аймақтарының маркетингі, инвестициялар маркетингі, туристік маркетингі) секілді ол үшін жаңа салаларды игеру, инновациялық, менеджменттің командалық технологиялары, жетістіктерді өлшеу, мемлекеттік мекемелердегі бизнес-үдерістердің реинжинирингі (функцияларды және міндеттерді шешудің сақталып қалған тәсілдерін жүйелі түрде қайта қарау), «жаңа есептілікті» жатқызуға болады.

Жалпы менеджериалды әдістер орталықсыздандыруға және жауапкершілікті тәуелсіз агенттерге беруге негізделеді.

Кейбір зерттеушілер ұйымдастыру құрылысы мен басқаруға менеджмент теориясы тұрғысынан қарауды және ұйымдастырудың маркетингтік бағытын – тұтынушыға бағыт-бағдар алуды бөліп алады. Мемлекеттік менеджментте маркетингтік бағыт көрсетілетін қызметтердің сапасын басқару жүйесін енгізуден көрініс табады.

Мемлекеттік қызметшінің әкімші емес, менеджер ретіндегі рөлін көздейтін ұйымдастыру моделі қолданылып жүрген нұсқаулар мен нормативтерді орындау емес, басқарылатын объект немесе үдеріс үшін жауапкершілікті өзіне қабылдау қабілеттілігімен сипатталады. Мұндай модельдің қалыптасуы өкілеттіктерді беруді менеджменттің бірқатар құралдарын енгізуді қажет етеді, олар: стратегиялық жоспарлау, ресурстарды пайдалану тиімділігін талдау, мақсаттар қою және оларға қол жеткізілуін бақылау. Кейбір жағдайларда мемлекеттік қызметшілермен корпорациялардың жоғары менеджментіне ұқсас келетін келісімшарттар жасалуы мүмкін.


Өз кезегінде, ұйымдастырудың маркетингтік-бағыттық моделі қоғамдық секторда тұтынушыларға монополия түрі бойынша қызметтер көрсететін дәстүрлі бюрократияға қарама-қарсы болып келеді. Мұндай тәсілге қарағанда маркетингтік бағытпен ұйымдастыру тұтынушылардың қажеттіліктерін және күткен үміттерін барынша қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын және шығындарды барынша қатаң бақылаумен сипатталады, бұл оның қызметінің тиімділігін басқаруды ынталадырады.

Менеджмент тәжірибесінің дамуында жетістіктердің себебі экономикалық ұйымдарды басқару жетістігінің жетілдіруден кәсіпкерлер, меншік иелері мен менеджерлер алатын пайдамен ынталандырылатындығында. Жеке меншік секторға қарағанда, мемлекеттік басқару саласында басқару жүзеге асырылатын қоғам мен мемлекеттік қызметшілердің мүдделері сәйкес келмейді. Әдетте, шенеуніктер мен қызметшілер қоғамның игілігі үшін риясыз еңбек етуі тиіс, олардың жұмсайтын күш-жігерлерінің нәтижесі олардың жеке басының әлауқатын жақсартуға ықпал етпейді, бұл коммерциялық ұйымдардың тікелей мақсаты болып табылады. Сондықтан мұнда басқару технологиялары барынша баяу қарқынмен дамиды. Коммерциялық сектор әрдайым дерлік қоғамдық секторға қарағанда барынша жоғары белсенділік көрсетеді.

Ресей Федерациясында 90-шы жылдардың басында кеңінен қолданылған мемлекеттік басқару тұжырымдамаларының бірі мемлекеттік басқаруды тек

экономикалық қабылдау болып табылады. Парадигма тұрғысынан алғанда утилитаризм – тұтынушылық қабылдау үстемдік танытады.

Украинада, керісінше, мемлекеттік басқару жүйесінің дамуы мемлекеттік қызметтің маркетингтік бағыты бойынша жүруде, бұл көрсетілетін қызметтердің сапасын басқару жүйесін енгізу арқылы жүзеге асырылады (1-сурет). Тіптен тікелей тұтынушылардың сұрақ-жауап алу негізінде қызметтердің сапасын сыртқы бақылаудың болуы да көзделеді. Алайда, бұл тәсіл мемлекеттік қызметтегі барлық үдерістерді қамти алмайды және басшылардың, сонымен бірге мемлекеттік реттеудің «түпкілікті» тұтынушыға шықпайтын органдардың жұмысын бағалауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, экономиканы мемлекеттік реттеу органдарын басқаруда менеджмент теориясының әлеуетін төмен деңгейде пайдалану олардың ұйымдар ретінде қызмет ету тиімділігін жақсартуға мүмкіндік бермейді [25].



Сурет 1 - Бюрократия және маркетингтік-бағыттық ұйымдастыру, әкімшілік ету және басқару: өзгерістер картасы

Ескерту – [25] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Басқарушылық ойлау мектептерін талдау негізінде жүргізілген ХХ ғасыр бойы Батыстың дамыған елдеріндегі (ең алдымен АҚШ-тағы) менеджменттің дамуын зерттеу [26], осы елдерге тән болып келетін, бірақ басқарудың отандық жүйесінде іс жүзінде іске асырылмаған кез келген ұйымды басқарудағы бес маңызды үрдісті анықтауға мүмкіндік берді:

- адам ресурстарының материалдық-техникалық сипаттағы факторлардың алдындағы басым болу рөлі;
- менеджменттің тек қана прагматикалық сипаты, оның нақты мәселелерді шешуге іс жүзінде бағыт алуы;
- әлеуметтік объектілер ретінде түрлі ауқымдағы және қызмет бейініндегі ұйымдардағы басқаруды жан-жақтандыру;
- жоғары тиімділіктегі басқарудың басты лауазымына кәсіпқой-менеджерді ілгерілету;
- «мақсаттар мен нәтижелер бойынша» кез келген ұйымды жоғары тиімділікте басқарудың механизмін қалыптастыру.

«Мақсаттар мен нәтижелер бойынша» ұйымды басқару механизмінің жан-жақты сипаты оны материалдық өндірістің түрлі салаларында (әлеуметтік-экономикалық менеджмент шеңберінде) ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік басқару жүйесінде пайдалануға үлкен мүмкіндіктер ашады.


Басқару түсініктерінің мақсаттар мен нәтижелер бойынша теңестірілуіне карамастан, бұл тәсілдердің мақсаттар бойынша дәстүрлі американдық жүйеден ерекшеленетін нәтижелер бойынша финдік басқару жүйесінде бекітілген айтарлықтай айырмашылықтары бар. Финдік кәсіпорындардың нәтижелер бойынша басқару жүйесін әзірлеуіне мақсаттар бойынша американдық басқару жүйесіне қанағаттанбауы ынталандырды. Басқарудың мұнай түрінің дамуына жапондық басқарушылық ойлау да белгілі бір әсерін тигізді.

Бүгінгі күні финдік басқару мектебі — ең жас мектептердің бірі. Финляндия Балтық елдерінің, Ресей мен Украинаның ірі сауда әріптесі болып табылады, сондықтан Финляндияда ұйымдарды басқару тәжірибесі бұл тұжырымдаманың тәжірибеде айтарлықтай нәтижелер беруіне байланысты үлкен қызығушылық туғызады. Финляндиядағы нағыз басқару теориясы — бұл басқарудың қандай да бір іс жүзіндегі «философиясы» (стратегиялық басқару, ахуалдық басқару, басшылар мен ұйымдардың интеграциялық дамуы және т.б.).

Соңғы 20 жыл бойы Финляндияда ұйымдарды басқару жүйесін жетілдіру саласында белсенді жұмыс істейтін қазіргі заманғы финдік менеджмент авторларының (Тимо Санталайнен, Эеро Воутилайнен, Пертти Поррение және Йоуко Х. Ниссеннің) негізгі тұжырымдамасы басшылардың нәтижеге бағыт алуына арналған [23, с.8].

Нәтижелер бойынша басқару — бұл басқару, ойлау және дамудың жиынтық жүйесі, оның көмегімен ұйымның барлық мүшелері белгілеген және келіскен мақсаттарға қол жеткізіледі. Бұл жағдайда шаруашылық жағдайдың ерекшеліктері, адамдардың шығармашылық қабілеттері, сонымен бірге басқарудың стильдері мен техникасы тиімді қолданылады. Әрбір ұйымда нәтижелер бойынша басқару бірегей, себебі әрбір қызметкерге оның еңбегінің мәнін түсіндіруден, бірлескен келісілген нәтижелерге жету және өмір сүру деңгейін жақсарту үшін адамның дене жағынан және ойлау қабілеттерін еркін түрде дамытуы үшін жағдайлар жасаудан тұрады. Нәтижелер бойынша басқару жүйесіндегі еңбек ету мәжбүрлік сипатқа ие, оның мазмұны, кезеңділігі,

орындау орны мен уақыты нәтижелерге ғана байланысты, оларды анықтауға басшылық пен қызметкерлер қатысады. Бұл ретте, «американдық» мақсаттар бойынша басқару мен финдік нәтижелер бойынша басқару жүйесінің арасындағы айырмашылықты айта кету маңызды. Мысалы, мақсатты түрде басқару негізгі мақсат ретінде жоспарлауды алады. Нәтижелер бойынша басқару көбіне басқарудың нақты үдерісінің жүруіне, басшылардың мотивациясы мен біліктілігіне назар аударады [23, с.9].



Сурет 2 - Мақсаттар мен нәтижелер бойынша американдық және финдік басқару жүйелеріндегі негізгі айырмашылықтардың мысалы

Ескерту – [23] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Әлеуметтік-экономикалық үдерістерді мемлекеттік реттеу жүйесінің негізі ретінде мақсаттар бойынша классикалық басқару жекелеген елдерде тиімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ете алмағанын айта кету қажет. Мысалы, басқарудың орталық, сонымен бірге өңірлік деңгейлерінде әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген стратегиялық бағдарламалары бар. Бұл жағдайда халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, жұмыс орындарының санын арттыруға, инфрақұрылымды дамытуға қатысты дәстүрлі мақсаттар – шешілмеген күйінде қалып отыр. Осыған байланысты, мақсаттар бойынша басқару жүйесінің стратегиялық аспектісін нәтижелер бойынша финдік басқару жүйесінің тактикалық тәсілдерімен және әдістерімен толықтыру мемлекеттік экономикалық реттеу үдерістерінің тиімділігін арттыру әлеуеті бар. Нәтижелер бойынша басқару жүйесінің негізгі «күшті тұсы» алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мотивациялауға назар аудару болып табылады, бұл әсіресе

әлемдік экономиканың жоғары деңгейдегі тұрақсыздығы кезеңінде Қазақстанның экономикасын мемлекеттік басқару жүйесі үшін қажет.

Осылайша, басқару тұжырымдамаларын олардың тиімділігі тұрғысынан талдау экономикалық реттеу органдарының қызмет етуін жетілдірудегі жеке тәсілдерден айырмашылықтарының болуына қарамастан бұл үдерістің ортақ заңдылықтарын бөліп алуға болатынын анықтады: әлемнің көптеген дамыған елдерінде басқарудың бюрократиялық басқару тұжырымдамасынан менеджмент теориясының теориялық-әдіснамалық базисіне негізделген менеджериализмге көшу үрдісі орын алған.

## **1.2 Инвестицияның мәні мен маңызы, олардың жіктелуі**

Инвестициялар – Қазақстан экономикасы үшін салыстырмалы түрдегі жаңа түсінік. Орталықтандырылған жоспарлы шаруашылық жүргізу кезеңінде «жалпы күрделі салымдар» - негізгі қорлардың өндірісімен байланысты барлық шығындар, оның ішінде оларды күрделі жөндеуге жұмсалатын шығындар түсінігі пайдаланылды. Шаруашылық жүргізудің нарықтық жолына өтуге байланысты Қазақстанда, сонымен бірге көптеген басқа елдерде барынша ауқымды түсінік – «инвестиция» түсінігі қолдалына бастады. Түсінігінің ғана емес, сонымен бірге атқаратын функцияларының өзгеруіне байланысты инвестицияларды түрлі авторлар түрліше сипаттайды. «Инвестициялар» түсінігінің мәнін ашып қарамас бұрын инвестицияларға бірқатар анықтамалар беру қажет.

Мысалы, Дж.Гэлбрейт «инвестициялар» түсінігін кіріс (табыс) алу және жағымды әлеуметтік әсерге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік және басқа қызмет түрлерінің нысандарына салынатын ақша қаражаттары, банктік салымдар, пайлар, акциялар және т.б. бағалы қағаздар; технологиялар, машиналар, жабдықтар; лицензиялар, оның ішінде зат таңбаларына лицензиялар; несиелер, кез келген басқа мүлік немесе мүліктік құқықтар, санаткерлік (интеллектуалдық) құндылықтар ретінде ұсынады [27].

Х.Линдерт «инвестициялар» түсінігін халық шаруашылығының түрлі салаларындағы кәсіпорындарға (ел ішінде немесе шетелде) ақша қаражатының ұзақ мерзімді салымы ретінде анықтаған [28]. Сонымен бірге, А.Астаповичтің анықтамасы, нақтырақ айтқанда «инвестицияларды» кіріс алу мақсатында ел ішінде, сонымен бірге шетелде халық шаруашылығының түрлі салаларына мемлекеттік немесе жеке меншік капиталдың ұзақ мерзімді қаржылай салымдары ретінде сипаттайтын анықтамасы белгілі [29].

Қазақстанның экономисті А.Қыдыров «инвестицияларды» кіріс (табыс) алу, әлеуметтік және экономикалық әсерге қол жеткізу мақсатында өндірістік, коммерциялық, әлеуметтік ғылыми, мәдени немесе қандай да бір басқа саланың түрлі бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға салынатын барлық ақша, мүліктің және интеллектуалдық құндылықтардың жиынтығы ретінде ұсынды [30]. Ф.Сейдахметова «инвестицияларды» кіріс алу мақсатында ұлттық (ішкі инвестициялар) немесе шетелдік (шетелдік инвестициялар) экономиканың түрлі салаларына жеке меншік немесе мемлекеттік капиталдың, мүліктік немесе

интеллектуалдық құндылықтардың ұзақ мерзімді салымдары ретінде ұсынды [31].

Сонымен бірге, Ф.Сейдахметова бірінші ұсынған түсінікке ұқсас «күрделі салымдар туралы» анықтаманы береді. Инвестициялар – халық шаруашылығының барлық салаларының негізгі қорларының өндірісін кеңейтуге бағытталған материалдық, еңбек және ақша ресурстары шығындарының жиынтығы [31,7б.].

Н.Ливинцева «инвестицияларды» экономикалық тиімділік (кіріс) алу, жағымды әлеуметтік немесе экономикалық әсерге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік және басқа қызмет түрлерінің нысандарына салынатын ақша қаражаттары, нысаналы банктік салымдар, пайлар, акциялар, басқа да бағалы қағаздар, технологиялар, машиналар, жабдықтар, патенттер, лицензиялар, ноу-хау, кез келген басқа мүлік немесе мүліктік құқықтар, санаткерлік (интеллектуалдық) құндылықтар ретінде анықтайды [32].

П.Фишер «инвестицияларды» нақты экономика тұрғысынан қарастырады, атап айтқанда: инвестициялар – кіріс алу мақсатында экономиканың түрлі салаларына ақша қаражатының ұзақ мерзімді салымдары [33].

Инвестициялар түсінігін қарастыра отырып, ол қызметпен, нақтырақ айтқанда «инвестициялаумен» өзара байланысты екенін айта кету қажет. «Инвестицияларға» қарағанда «инвестициялау» түсінігінің қарастырылу ауқымы түрлі басылымдарда аз, бірақ оның түрлі түсіндірмелері айқын көрініп тұр. Кейде «инвестициялау» түсінігін «инвестициялық қызмет» түсінігі алмастырады. Зерттеу авторы «инвестициялау» анықтамасының түсіндірмелерінің тек кейбіреулерін ғана келтіреді. Мысалы, Р.Вернов «инвестициялауды» азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің инвестицияларды іске асыру жөніндегі іс жүзіндегі әрекеттерінің жиынтығы ретінде анықтайды [34].

В.Буглая «инвестициялық қызметті» азаматтардың және заңды тұлғалардың инвестицияларды іске асыру жөніндегі іс жүзіндегі әрекеттерінің жиынтығы ретінде ұсынады [35]. Инвестициялық қызметтің нысандары жаңадан құрылатын және қайта жаңғыртылатын негізгі қорлар, халық шаруашылығының барлық салаларындағы айналым құралдары, бағалы қағаздар (облигациялар, акциялар және т.б.), ғылыми-техникалық өнімдер, мүліктік құқықтар, зияткерлік меншікке құқықтар болуы мүмкін.

Қазақстандық қаржыгер А.И. Худякова «инвестициялық қызметті» инвестициялар салу және инвестицияларды іске асыру жөніндегі іс жүзіндегі іс-қимылдардың жиынтығы ретінде анықтады. Сонымен бірге, авторлардың арасында, «инвестициялық қызметті» инвестициялар салу үдерістері, сонымен бірге инвестицияларды іске асыру жөніндегі іс жүзіндегі іс-қимылдардың жиынтығы ретінде ұсынған М.Портерді атауға болады. Бұл жағдайда инвестицияларды салу «инвестициялау» түсінігіне сайып келеді. Инвестициялық қызмет инвестициялар нарығында іске асырылады, дегенмен инвестициялар нарығының өзі тағы негізгі қорлардың ұдайы өндірісіне күрделі салымдар нарығын, жылжымайтын мүлік нарығын, бағалы қағаздар нарығын,

зияткерлік құқық нарығын және меншік, инвестициялық жобалар нарығын қамтиды.

Инвестициялар нарығы мен инвестициялық тауарлар нарығын қарастыру қабылданған. Бірінші нарықта инвесторлар тарапынан ұсыныстардың пайдаланылуы және инвестицияларды тұтынушылар сұранысын қандай да бір қанағаттандыру нәтижесінде айырбас жүреді. Сатып алушылар инвестицияларды пайдаланғаннан кейін белгілі бір кіріс алу мақсатында оларды сатып алады.

Инвестициялау – Қазақстан экономикасының нарыққа көшуінің басты тетігі, басқа тетіктер мен нысандарды, атап айтқанда, ақша, қаржы, кірістер, бағалар мен кейбір басқаларын пайдалануға арналған база. Бұл жағдайда инвестициялар мүліктік және интеллектуалдық құндылықтардың көптеген түрлерін білдіреді, оларды пайдаланған кезде кіріс алу қамтамасыз етіледі немесе қандай да бір пайдалы әсердің белгілі бір деңгейлеріне қол жеткізіледі. Соңғы жылдары әлеуметтік сипаттағы әсерлер барынша маңызды деп танылады.

Жер бетіндегі адамзаттың өмір сүруі мен дамуы адамдар өндіретін қандай да бір өнімді тұтынумен байланысты. Адамзаттың даму сатылары өндірістің қоғамдық үдерісін кеңінен пайдаланумен сипатталады. Өндіріс үдерісі ескірген нысандарды ауыстыру бөлігінде, сонымен бірге өндірістің жаңа нысандары мен тәсілдерін пайдалану бөлігінде үздіксіз түрленіп отырады.

Өндіріс тәсілдерін жетілдірудің соңғы бағыты шетелдік тәжірибеде «жаңа технологияларды игеру» ауқымды түсінігіне сайып келеді. Инвестициялық үдерістер – қоғамдық өндірістің маңызды элементі. Оларсыз ұдайы өндірудің мәні жоқ. Бұл табиғи тозу барысында істен шыққан еңбек құралдарын ауыстыру ғана емес, сонымен бірге өндіріс қуаттарын, оның ішінде барынша жоғары сапалы деңгейде арттыру, халықтың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету.

«Инвестициялар» термині Қазақстанда нарықтық реформалар басталғаннан кейін кеңінен тарады. Бұл КСРО-да пайдаланылған «күрделі салымдар» түсінігінен барынша ауқымды түсінік. Егер оларды күрделі салымдарға байланыстыратын болса, онда инвестициялар – бұл шаруашылық етуші субъектілердің айналым капиталының орташа жылдық шығындарын қосу арқылы жаппай күрделі салымдар, бағалы қағаздарға салымдар, меншік иесінің дәрежесімен (титулымен) байланысты, бұл ретте табыс алуды қамтамасыз ететін салымдар деп тұжырымдауға болады.

Нарық талаптары тұрғысынан инвестициялардың құрамына: ақша қаражаттарын және олардың эквиваленттерін (нысаналы салымдар, айналым қаражаттары, пайлар және ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы үлестер, бағалы қағаздар, несиелер, қарыздар және т.б.); мүліктің қалдық құнын (ғимараттар, машиналар, жабдықтар, аспаптар, құралдар және т.б.); жерді пайдалану құқығының құнын; ақша эквиваленттерімен бағаланатын мүліктік құқықтарды (еңбек құралдарының модельдеріне лицензиялар, патенттер, зат таңбалары, сертификаттар және т.б.) кіргізу қажет.



Инвестициялық қызметті оны субъектілер мен объектілерге бөлу тұрғысынан қарастыру қажет. Инвестициялық қызметтің субъектілері: инвесторлар; орындаушылар (мердігерлер); тапсырыс берушілер; тек инвестициялық қызметтің нысандарын пайдаланушылар; тауар-материалдық құндылықтарды, жабдықтарды және жобалау құжаттамасын жеткізушілер; қаржылық, банктік, сақтандыру және делдалдық қызметтерді және т.б. жүзеге асыратын заңды тұлғалар; елдің дәулетті азаматтары; шетелдік заңды және жеке тұлғалар, халықаралық ұйымдар.

Инвестициялық қызметтің нысандарының (салаларының) қатарына: ақша салымдары; бағалы қағаздар; зияткерлік меншіктің мүліктік құқықтары; ғылыми-техникалық өнімдер және меншіктің басқа да нысандары; еңбектің жаңа құралдарын пайдалануға енгізбестен өнімдердің жаңа түрлерінің өндірісі; салынып жатқан және қайта жаңғыртылып жатқан нысандардың кешендері, салынып жатқан ғимараттар мен бұрынғы ғимараттар; жаңа заңды тұлға ретінде жаңадан құрылатын ұйымның мүлкінің бір бөлігі [36].

Инвестициялық қызмет қатысушыларының функциялары барынша ауқымды және қызметтің жекелеген бағыттары мен тәсілдері бойынша ерекшеленеді. Мысалы, инвесторлар тапсырыс берушілер, салымшылар, несие берушілер, сатып алушылар және т.б. бола алады. Тапсырыс беруші, егер инвестор болып табылмайтын болса, оларға белгілі бір кезеңге және инвестициялық үдерістің қатысушылары арасындағы шартпен анықталатын талаптармен инвестицияларды иелену, пайдалану және билік ету құқықтары беріледі. Инвестициялау нысандарының пайдаланушылары, әдетте, заңды немесе жеке тұлғалар, мемлекеттік және муниципалдық органдар, халықаралық ұйымдар болады.

Егер инвестициялық қызмет нысанының пайдаланушысы инвестор болып табылмайтын болса, оның қызметтің басқа қатысушыларымен өзара қарым-қатынасы тиісті шартпен (шарттармен) реттеледі. ҚР-дағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес инвесторлар инвестициялаудың көлемдері мен бағыттарын дербес анықтайды [37].

Инвестициялық қызметтің нысандары: 1) инвестицияларды игеру ауқымы бойынша: жаһандық, ірі ауқымдағы, өңірлік, жергілікті; 2) бағыттылығы бойынша: коммерциялық, әлеуметтік, халықаралық мүдделер; 3) инвестициялық айналымның сипаты мен мазмұны бойынша; елдің және басқа елдердің қатысу сипаты мен деңгейі; салынған қаражаттарды пайдалану тиімділігі бойынша ерекшеленеді.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларындағы инвестициялар – бұл келесі түрлерде ұсынылуы мүмкін тауар [38]:

- материалдық-заттық: физикалық капитал, бағалы қағаздар және міндеттемелер, салынған мүлік;
- ақшалай және заттай түрде: негізгі және айналым капиталы;
- ғылыми-техникалық өнім, мүліктік құқықтар;
- тек қана ақшалай түрде: ақша, салымдар, пайлар.

Дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде инвестициялық тауарлар нарығын пайдалану арқылы капиталдың қызметтің бір салаларынан басқа салаларына үздіксіз ағымы жүзеге асырылады. Я.Тинберген инвестициялық тауарларды:

- жылжитын және жылжымайтын мүлік түріндегі физикалық капиталдың элементтеріне;

- қаржылық активтер түріндегі қаржылық капитал элементтеріне бөледі [39, 7 б.].

Қаржылай активтер физикалық капитал құнының қозғалысын жарнамалайды, бұл қызметтің барынша кірісті бөліктеріне капиталдың ағымының жүруіне алып келеді. Инвестициялар айналымының ерекше түрі оларды игеру саласына күрделі құрылыс кіргізілген жағдайда байқалады. Бұл жағдайларда құрылыс барысында тапсырыс беруші ретінде инвестордың атқаратын рөліне байланысты айналымның екі түрі болуы мүмкін, атап айтқанда:

- тапсырыс беруші (инвестор) шаруашылық әдіспен өзіне қажетті нысандарды сала алады;

- инвестор құрылыс өнімінің тапсырыс берушісі ғана бола алады, ал нысандардың құрылысын мердігер ұйымдар жүзеге асырады [39,15 б.]. Қызметтің бұл түрі қазіргі уақытта «ҚР-дағы инвестициялық қызмет туралы» Заңмен реттеледі, онда белгілі бір түрде инвестициялық қызмет қатысушыларының өзара қарым-қатынастары жеткілікті мазмұндалған.

Қазіргі уақытта инновацияларға салымдар барынша маңыздылыққа ие болуда, бұл қызметтің барлық салаларында ғылыми-техникалық үдерістің артуымен және бәсекелестіктің дамуымен байланысты. Инвестициялаудың маңызды бағыты қаржылық активтерге салымдар болып табылады. Материалдық-заттай түрдегі инвестициялық тауарлар акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар түріндегі кейбір қаржылық активтерді алмастыра бастады. Сондықтан, диссертациялық жұмыстың шеңберінде шаруашылық жүргізуші субъектілерге инвестицияларды шоғырландыру және пайдалану механизмдерін ғана емес, сонымен бірге инвестициялау саласындағы басқарудың тиімді әдістерін таңдауды да қарастырады.

Инвестицияларды есепке алу, талдау және тиімділігін арттыру үшін макро- және микродеңгейде олардың ғылыми негізделген жіктемесі қажет. Ой елегінен өткізіліп, ғылыми түрде негізделген инвестициялар жіктемесі оларды сауатты түрде ескеруге ғана емес, сонымен бірге барлық жағынан оларды пайдалану деңгейін талдауға және осының негізінде макро- және микродеңгейде тиімді инвестициялық саясатты әзірлеу мен іске асыру үшін объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Жоспарлы экономика уақытында ғылыми әдебиеттерде (Б.Косов, А.Перчик) және тәжірибеде келесі белгілер бойынша күрделі салымдар жіктемесі кеңінен қолданылды:

- 1) болашақ нысандардың нысаналы мақсаты белгісі бойынша:

- өндірістік құрылысқа;

- мәдени-тұрмыстық мекемелердің құрылысына;
  - әкімшілік ғимараттардың құрылысына;
  - іздестіру және геологиялық-барлау жұмыстарына;
- 2) негізгі қорлардың ұдайы өндірісінің түрлері бойынша:

- жаңа құрылысқа;
- қызмет істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге және қайта жаңғыртуға;
- техникалық қайта жарақтандыруға;

3) қаржыландыру көздері бойынша:

- орталықтандырылған;
- орталықтандырылмаған;

4) пайдалану бағыты бойынша:

- өндірістік және өндірістік емес салымдар [40].

Нарықтық қатынастарға өтуге байланысты бұл жіктемелер өзінің ғылыми және тәжірибелік маңызын жоғалтқан жоқ, бірақ олар келесі белгілер бойынша жеткіліксіз екені анық байқалды:

- біріншіден, инвестициялар – күрделі салымдарға қарағанда барынша ауқымды түсінік. Олар нақты салымдар инвестицияларын, сонымен бірге портфельдік түрін қамтуы тиіс екені белгілі. Бұл жіктеме портфельдік инвестицияларды тіптен ескермейді;

- екіншіден, нарықтық қатынастарға өтумен күрделі салымдардың да, сонымен бірге жалпы инвестициялардың, сонымен қатар оларды салу саласын қаржыландырудың әдістері мен тәсілдері де біршама кеңейді. Мұның барлығы жоғарыда аталған жіктемеде жоқ және айтылмайды.

Инвестициялардың ғылыми және тәжірибелік қызығушылық тудырады, олар шетелдік әдебиетте айтылады және отандық әдебиетте пайдалану мүмкіндігінің болу мақсатымен оларды жан-жақты қорытындылау қажет. Мысалы, неміс профессоры Вайнрих салынатын нысанға қатысты инвестициялардың келесі жіктемесін ұсынды [41]:

- мүлікке салынатын инвестициялар (материалдық инвестициялар) – ғимараттарға, жабдықтарға, материалдар қорларына салынатын инвестициялар;
- қаржылай инвестициялар (акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар сатып алу);

- материалдық емес инвестициялар (кадрларды даярлауға, зерттеу мен әзірлеуге, жарнамаға салынатын инвестициялар).

Шетелдік әдебиетте (П.Тэйлор, Х.Линдерт) акцияларын инвестор сатып алған фирмаға ықпал ету және оны бақылау белгісі бойынша портфельдік инвестициялардың жіктемесі беріледі. Осы белгіге байланысты барлық портфельдік инвестициялар төмендегідей жіктеледі:

- маңызды әсер ететін – дауыс беру құқығы бар 20% астам, бірақ 50% төмен акцияларды сатып алу;

- бақылауды қамтамасыз ететін – инвестордың дауыс беру құқығы бар 50% астам акцияларды иеленуі;

- бақылауды орнатуға мүмкіндік бермейтін және айтарлықтай әсер етпейтін - дауыс беру құқығы бар 20% аз акцияларды иеленуі;

- бақылауды орнатуға мүмкіндік бермейтін, бірақ айтарлықтай әсер ететін – дауыс беру құқығы бар акциялардың 20% астамын, бірақ 50% жетпейтін мөлшерін иелену;

- бақылауды қамтамасыз ететін – басты компанияның 20% астам, бірақ 50% аз акциясын, еншілес компанияның 100% акциясын иеленуі [42].

Біздің ойымызша, бұл жіктеме кәсіпорындағы портфельдік инвестициялардың оңтайлы құрылымын қалыптастыру үшін маңызды. Инвестициялардың барынша кешенді жіктемесі Н.А.Бланктың жұмысында берілген [43], онда барлық инвестициялар келесі белгілер бойынша: салым салынатын нысан бойынша, инвестициялауға қатысу сипаты, инвестициялау кезеңі; инвестициялық ресурстар меншігінің түрлері, өңірлік белгі бойынша жіктеледі.

Ғылыми әдебиетте (Н.Мухетдинова) инвестициялардың басқа да жіктемелері беріледі [44]. Бұл жіктемелердің барлығы тәжірибелік жағынан, сонымен бірге, әсіресе ғылыми жағынан қолданылу құқығына ие, себебі олар инвестицияларды барынша нақты ұсынуға және оларды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында барынша терең талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Бірақ, қазіргі жағдайда бұл жіктемелердің жеткіліксіз екені айқын.

Инвестицияларды пайдалану тиімділігі белгілі бір деңгейде олардың құрылымына байланысты болады. Инвестициялардың құрылымы ретінде түрлері, пайдалану бағыты бойынша олардың құрамы және олардың жалпы инвестициялардағы үлесі түсіндіріледі. Инвестициялардың жалпы және жеке құрылымдарын ажыратады. Инвестициялардың жалпы құрылымдарына олардың нақты және портфельдік (капитал түзуші және қаржылық) түрлерге бөлуді жатқызуға болады. Инвестициялардың жалпы көлемін барынша үлкен үлесті капитал түзуші инвестициялар құрайды.

Күрделі салымдардың кейбір жеке құрылымдарын барынша толық қарастырайық. Олардың қатарына күрделі салымдар құрылымдарының келесі түрлері кіреді: технологиялық, ұдайы өндірістік, салалық және аумақтық.

Күрделі салымдардың технологиялық құрылымы ретінде шығындардың түрлері бойынша қандай да бір нысанды салуға жұмсалатын шығындардың құрамы және олардың жалпы сметалық құндағы үлесі түсініледі, яғни олардың жалпы көлеміндегі күрделі инвестициялардың қандай үлесі құрылыс-монтаждау жұмыстарына (ҚМЖ), машиналар мен жабдықтарды сатып алуға және оларды орнатуға, жобалау-ізвестіру мен басқа да шығындарға бағытталатыны көрсетіледі [45]. Күрделі салымдардың технологиялық құрылымы оларды пайдаланудың тиімділігіне маңызды әсер етеді. Бұл құрылымды жетілдіру жобаның сметалық құнындағы машиналар мен жабдықтардың үлесін оңтайлы деңгейге дейін көтеруден тұрады. Негізінен, күрделі салымдардың технологиялық құрылымы болашақ кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының актив және пассив бөліктерін қалыптастырады.

Машиналар мен жабдықтар үлесінің артуы, яғни болашақ кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының актив бөлігінің артуы оның өндірістік қуатының артуына, демек, өнім бірлігіне салынатын күрделі салымдарды төмендетуге

ықпал етеді. Экономикалық тиімділік еңбекті механикаландыру мен автоматтандыру деңгейін арттыру және өнім бірлігіне жұмсалатын шартты-тұрақты шығындарды қысқарту есебінен қол жеткізіледі. Күрделі салымдардың технологиялық құрылымын талдаудың ғылыми, сонымен бірге тәжірибелік жағынан үлкен маңызы бар.

Факторлар және олардың инвестициялық қызметке әсер ету механизмінің мәні, ең алдымен ғылыми түрде негізделген инвестициялық саясатты әзірлеу және елдегі инвестициялық қызметті жандандыру үшін ғылыми және тәжірибелік маңызға ие.

Ел экономикасының жай-күйін ЖІӨ, ЖҰӨ, ұлттық табыс, мемлекеттік бюджеттің көлемі мен оның тапшылығының деңгейі, инфляция деңгейі, экспорт көлемі мен оның құрылымы және т.с.с. көрсеткіштер динамикасы анықтайды. ЖІӨ, ЖҰӨ, ұлттық табыс мөлшері мемлекеттік, Қазақстан Республикасы субъектілерінің және коммерциялық ұйымдардың инвестициялау үшін қажетті ресурстарды бөлу мүмкіндігіне байланысты болады.

Экономиканың даму қарқыны қолда бар әлеуетті пайдаланудың тиімділігіне және инвестициялар салу қарқынына байланысты болатыны белгілі. Экономиканың өсу қарқыны салынған инвестициялардың өсу қарқынынан алда жүруіне ұмтылу қажет. Инфляция негізінен инвестициялық қызметке әсер етеді, ол, өз кезегінде экономиканың жағдайына байланысты болады – экономика тұрақтанған және көтерілген кезде ол төмендейді. Бұл ретте, банктік несие мөлшерлемесі инфляция үдерісімен тығыз байланысты екенін ескерту қажет. Экономикалық құралдардың мазмұнын талдаған кезде маңызды нарықтық қатынастарға өтуге алғышарттарды дайындау үшін пайдаланылуы тиіс «қолайлы инвестициялық климат» секілді құрал қажет екенін ұмытпау қажет.

Меншік нысанын өзгерту, реформаларды тұрақты жалғастыру, тиімді нарықтық механизмдерді құру барысында авансценаға жаңа санаттар «шығатыны», басқалары «көлеңкеге» кетіп, үшіншілері жаңа әлеуметтік-экономикалық мазмұнмен толықтырылатыны белгілі. Жаңа санаттардың пайда болуы, «ескілердің» экономикалық мазмұны мен функционалдық бағыттылығының өзгеруі, бір жағынан, экономикалық теорияның дамуының нәтижесі ретінде, ал екінші жағынан, – объективтік шындықтың жаңа құбылыстарын көрсетеді. Бұл экономикалық құралдардың жаңа мазмұнының дамуын жалғастыратынын білдіреді. Даму үдерісі қаржы құралдарының, атап айтқанда «инвестициялардың» дамуын да анықтайды.

Инвестициялық климаттың экономикалық мазмұны осы қоғамның өндірістік қатынастарының барлық жиынтығын талдау арқылы көрінеді, олар ғылыми зерттеуді қажет ететін жаңа айрықша белгілерді объективті түрде тудыра отырып, барынша жылдам дамиды. Мәселе, санат ретінде инвестициялық климат әр түрлі әдіснамалық аспектілерде де қарастырыла алатындығында: меншік қатынастарының алуан түрлілігі тұрғысынан,

элементтік мазмұны тұрғысынан, нарықтық қатынастар жағдайына түрлену деңгейі бойынша және т.б.

Зерттелетін құбылыстардың мәнін ашу үшін олардың ішкі әлеміне еніп, тұрақты қайталанатын байланыстарын, маңызды белгілерін және өзіне тән ерекшеліктерін анықтау қажет. Бұл логикалық ойлау қажеттілігін білдіреді. Ғылыми абстракция әдісі нақты қызметті талдауды, оның маңызды қасиеттерін анықтау екінші деңгейдегі және маңызды емес факторларға назар аудармауды көздейді. Осының негізінде логикалық ойлау маңызды белгілерді синтездейді және белгілі бір түсініктерді қалыптастырады. Санат, демек, бір мезгілде шындықтың оның өзгеруінің мінсіз түріне көрінісі болып табылады. Инвестициялық климатты талдау кезінде нақтыдан абстракцияға өту тереңдік сипатының мәнін анықтауға, негізгі түсінігіне – белгілі бір елде капиталды салу шарттарының саяси, экономикалық, идеологиялық, мәдени және әлеуметтік құрамдас бөліктерін анықтауға алып келеді.

Логикалық түсініктер шындықты тек салыстырмалы толық көрсетеді, оны ешқашан тауыспайды, мәні бойынша тану салыстырмалы сипатта болады. Инвестициялар тиімділігінің төмен болуы және реципиент-елдердің жоғары деңгейлегі шығындарының салдарынан табиғи-заттай және ақшалай түрдегі қоғамның шығындары – бұл зерттеліп отырған санаттың сандық және сапалы анықтылығы, экономикалық өмірдің беткі жағында оның көріну нысаны. Қазақстандық зерттеушілердің (Ж.Жанақбайұлы, А.И.Худякова, Ф.Сейдахметова) жинақтаған тәжірибесі бұрынғыға қарағанда барынша ауқымды, теориялық ұстанымдар тұрғысынан өндірістік қатынастардың, демек экономикалық санаттардың даму үрдістерін талдауға мүмкіндік береді [46]. Соңғылары өзінің дамуында динамикалы және өзгермелі болып келетін нарық сияқты динамикалы және өзгермелі.

«Инвестициялық климат» санаты өндірістік қатынастардың типінің нақты көрінісі болып табылады, үнемі қозғалыста болады, онда алуан түрлі өзгерістер жүреді. Бұл жағдайда екі түбегейлі ережені атап өту қажет [47]:

1. «Инвестициялық климат» санатының бірден бір элементі өзгеріссіз күйінде қалмайды, себебі ол үздіксіз әсер ету нәтижесіне үздіксіз өзгеріп отырады.

2. Инвестициялық климаттың элементін кез келген тану салыстырмалы болып келеді, себебі ерте ме, кеш пе оның белгісіз қасиеттері анықталады. Байланыстың сипаты мен сапасы өзара іс-қимылда болатын инвестициялық климат элементтерінің белгілі бір тұсының ерекшеліктеріне байланысты болады. Бұл зерттеліп отырған санатты, оның сипаттамасын түсінудегі айрықша маңызды сәт.

«Инвестициялық климат» түсінігі теңдей деңгейлердегі кіші жүйелер элементтерінің байланысын көрсетеді: мемлекет – кез келген меншік нысанындағы кәсіпорын; мемлекет – өңір; өңір – кез келген меншік нысанындағы кәсіпорын; акционерлік кәсіпорын – мемлекеттік кәсіпорын; кез келген меншік нысанындағы кәсіпорынның ұжымы – жеке қызметкер.

Бұл маңызды аспект нарықтық қатынастардың қалыптасуы жағдайында зерттеліп отырған санаттың қарама-қайшылықтарын шаруашылық етуші субъектілер мүдделерінің қарама-қайшылығын зерттеуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық климаттың сипаттамасы субъектілер және олардың байланыстары тарапынан бұл санаттың құрылымдық қана емес, сонымен бірге функционалдық аспектілері туралы қорытындыны айтарлықтай байытады. Сөз құрылым мен мүдделердің өзара іс-қимыл құрылымы, олардың іске асыру механизмі жайында болып отыр, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне байланысты тікелей және кері байланыстан тұрады. Адамдар өздерінің субъективтік мүдделерін қанағаттандырған кезде экономикалық игіліктерді пайдаланудың баламалы тәсілдерін таңдауға мәжбүр. Әрине, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін іске асыру үшін бірқатар шарттарды орындау қажет, олар келесідей ұсынылған:

- біріншіден, капиталдар нарығына кіру барлық кіруді қалайтындар үшін ашық болуы тиіс. Егер, мысалы, өспелі бағалар өндірушілерге бұл тауарды өндірудің тиімділігі туралы белгі беретін болса, соңғыларында қандай да бір ерекше кедергілерсіз инвестициялар алуға және өндірісті ұлғайтуға мүмкіндіктері болуы тиіс;

- екіншіден, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер өндіріс түрін және капитал салымдарының бағыттарын таңдау туралы ұтымды шешімдер қабылдау үшін қажетті нарықтық ақпаратқа (бұл жағдайда – капиталдар нарығы туралы) еркін қол жеткізе алуы тиіс;


- үшіншіден, жекелеген субъектінің шешіміне нарықтық қатынастардың басқа қатысушылары, яғни мемлекет және монополиялық құрылымдар қысым көрсетпеуі тиіс;

- төртіншіден, және бұл ең бастысы, барлық субъектілердің экономикалық еркіндігі болуы тиіс.

Кәсіпкерлікте еркіндік кез келген нарықтың негізі болып табылады, ал капиталдар нарығында өзіндік бір бағалау санаты ретінде болады.

### **1.3 Электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу басқару формасы ретінде: жүйесі және оның құрылымдық моделі**

Кез келген қызмет секілді басқару ұйымдастыру үдерісі болып табылады. Сондықтан басқаруды оның өзінің ішкі ұйымдастырылуы жағынан зерттеу қажет, бұл үшін диссертациялық жұмыста жүйелік нысан және зерттеу мәні ретінде қарастырылған. Жүйе ретінде басқару оның құрылымын қалыптастыратын өзара байланысты элементтердің жиынтығынан тұрады (3-сурет). Оның негізгі элементтеріне мақсаттар мен міндеттер; мәні, функциялар, бағыттар, нысандар, субъектілер, әдістер, құралдар, нәтижелер және т.б. жатады.



Сурет 3 - Электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік басқару (реттеу) жүйесінің құрылымдық моделі

Ескерту - Автор құрастырған

Электр энергетикасы әрдайым еліміздің экономикалық ағзасында:

- электр энергиясын – халық шаруашылығының қызмет етуі, сонымен бірге халықтың өмір сүру деңгейін заманауи сапасын сақтау үшін өмірлік маңызды өнімді өндіруді қамтамасыз ете отырып;
- елдің машина жасау, құрылыс кешені өнімдерінің жетекші тұтынушыларының бірі бола отырып;
- ғылыми-техникалық жетістік және жылу, гидрогенерация, электр энергиясын беру үдерістеріндегі жаңа технологияларды қолдану үшін ауқымды өріс қалыптастыра отырып, ерекше орынды иеленді.

Бұл ерекше рөл біршама деңгейде саладағы қуатты және үздіксіз инвестициялық үдеріспен анықталады. Инвестициялау энергиямен жабдықтаудың стратегиялық тұрақтылығын, яғни ұзақ мерзімді болашақта өндірістік қуаттарды дамыту және техникалық жаңарту есебінен тұтынушыларды жабдықтаудың сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ете отырып, электр энергетикасындағы маңызды қызмет түрі болып табылады. Бүгінгі күні инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу үшін әдіснамалық және ақпараттық базаның тұтастығы қажет, бұл дайындау үдерісін реттеуге мүмкіндік береді және бұдан әрі аталған жобалар мен бағдарламаларға мониторинг жүргізуді жеңілдетеді. Бұл электр энергетикасын реформалау



өндіру мен өткізу салаларында ғана емес, сонымен бірге қызметтерді көрсету саласында бәсекелестікті дамыту мен монополиясыздандыруды көздейтіндіктен де маңызды. Демек, инвестициялық жобаларды түрлі ұйымдар дайындай алады және бірыңғай әдіснамалық және ақпараттық база болмаған жағдайда салыстыруға келмейді. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің әрекетті құралдары қажет.

Жүйе ретінде электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеудің бірінші элементі ретінде мәнін қарастыруға болады. Бұл мәселені қарастырмас бұрын «электр энергетикасы», «электр энергетикасының технологиялық негізі», «электр энергетикасының экономикалық негізі» және «электр энергетикасының инвестициялық негізі» секілді негізгі түсініктерді анықтау қажет. Электр энергетикасы – электр энергиясын өндіру (оның ішінде электр және жылу энергиясын аралас түрде өндіру), беру, электр энергетикасындағы жедел-диспетчерлік басқару, электр энергетикасы субъектілеріне немесе өзге де тұлғаларға меншік құқығында немесе заңнамамен қарастырылған басқа да негізде тиесілі өндірістік және өзге мүліктік нысандарды (оның ішінде Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесіне кіретін) пайдалану арқылы электр энергиясын өткізу және тұтыну барысында туындайтын экономикалық қатынастардың кешенінен тұратын экономика саласы. Электр энергетикасы ел экономикасының қызмет етуінің және тіршілік қызметін қамтамасыздандырудың негізі болып табылады. Электр энергетикасының қызмет етуінің технологиялық негізін бірыңғай ұлттық электр желісі, электр энергиясы берілетін аумақтық тарату желілері, және жедел-диспетчерлік басқарудың бірыңғай жүйесі құрайды. Электр энергетикасының қызмет етуінің экономикалық негізі электр энергетикасы нысандарының қызмет етуінің технологиялық ерекшеліктеріне байланысты көтерме және бөлшек сауда нарықтарындағы электр энергиясының қуаттың өндірісімен және айналымымен байланысты қатынастар жүйесі болып табылады. Электр энергетикасының қызмет етуінің инвестициялық негізі деп көтерме және бөлшек сауда нарықтарындағы электр энергиясының және қуатының өндірісі мен айналымы үшін инвестициялық ресурстарды тартумен және пайдаланумен байланысты қатынастарды айтуға болады.

Электр энергетикасына инвестицияларды тартуды мемлекеттік реттеудің мәні қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін тұрақты жағдайлар жасау, жеке меншікке қол сұғылмауын, тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысын қамтамасыз ету, бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеу қолданылатын, электр энергетикасы субъектілерінің қызметі саласында пайдаланылатын инвестициялық капиталдың табыстылығының экономикалық негізделген деңгейін қамтамасыз ету, қазақстандық өндірушілердің дамуын қолдау және қорғауды қамтамасыз ету, инвестицияларды тартудың инновациялық құралдарын пайдалану, электр энергетикасына, оның ішінде шағын және дәстүрлі емес энергетиканы дамыту мақсатында жаңа, тиімділігі жоғары технологиялардың енгізілуін экономикалық жағынан ынталандыруды қамтамасыз ету арқылы электр

энергетикасына инвестицияларды тартуға ықпал етумен байланысты экономикалық қатынастар болып табылады.

Енді, Қазақстанның электр энергетикалық секторына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеудің, немесе мемлекеттік инвестициялық саясатының мақсаттары мен міндеттерін қарастырайық. Бұл үшін, алдымен электр энергетикасын мемлекеттік реттеудің жалпы мақсаттары мен міндеттерін қарастырамыз. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының 3 бабында электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен міндеттері белгіленген [48]. Онда электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің келесі мақсаттары бөліп көрсетілген:

- энергия тұтынушылардың сұранысын барынша қанағаттандыру және электр, жылу энергиясы нарығына қатысушылардың құқықтарын тұтынушылардың электр және жылу энергиясын жеткізушілерді таңдау құқығына кепілдік беретін нарықта бәсекелестік жағдайлар жасау жолымен қорғау;

- Қазақстан Республикасы электр энергетикасы кешенінің қауіпсіз, сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының электр энергетикасы кешенін елдің шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік кешендерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің ерекше маңызды жүйесі ретінде басқарудың біртұтастығы мақсатында жүзеге асыру.

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері:

- басқару біртұтастығы, бәсекені дамыту негізінде электр энергетикасы кешенінің тиімді қауіпсіз, жұмыс істеуі мен дамуы;

- тұтынушылардың электр және (немесе) жылу энергиясын жеткізушіні таңдау құқығы;

- табиғи монополия сапасындағы қызметті реттеу, сондай-ақ отандық энергия өндірушілерді қорғау үшін жағдайлар жасау;

- электр және жылу энергиясының реттелетін нарығын құру мен жетілдіру;

- электр және жылу энергиясын ұтымды және үнемді тұтыну;

- жаңартылып отыратын және дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану мен дамыту;

- электр энергетикасы кешенін дамыту мен қайта жарақтандыруға инвестициялар тарту;

- қоршаған ортаны қорғау, электр беру желілерін, электр және энергия қондырғыларын пайдалану кезіндегі құрылыс сенімділігі мен қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау үшін жағдайлар жасау;

- елдің шалғай аудандарында энергиямен жабдықтауды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;

- Қазақстан Республикасының біртұтас энергетикалық жүйесі жұмысының және электр энергиясы сапасының ұлттық стандарттарын белгілеу болып табылады.

Электр энергетикасының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру тетігінің жүйесінде мемлекеттік инвестициялық саясаты маңызды орынды иеленеді.

Электр энергетикасындағы мемлекеттің инвестициялық саясаты оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, энергиямен жабдықтауды дамытуға бағытталған, сонымен бірге электр энергетикасының барлық салаларына инвестицияларды тартуды және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі саласындағы инвестициялардың тиімділігін мемлекеттік бақылауды күшейтуді қарастырады.

Электр энергетикасындағы мемлекеттің негізгі инвестициялық саясаты қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін тұрақты жағдайлар жасау, жеке меншікке қол сұғылмауын, тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысын қамтамасыз ету, бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеу қолданылатын, электр энергетикасы субъектілерінің қызметі саласында пайдаланылатын инвестициялық капиталдың табыстылығының экономикалық негізделген деңгейін қамтамасыз ету, қазақстандық өдірушілердің дамуын қолдау және қорғауды қамтамасыз ету, инвестицияларды тартудың инновациялық құралдарын пайдалану, электр энергетикасына, оның ішінде шағын және дәстүрлі емес энергетиканы дамыту мақсатында жаңа, тиімділігі жоғары технологиялардың енгізілуін экономикалық жағынан ынталандыруды қамтамасыз ету арқылы электр энергетикасына инвестицияларды тартуға ықпал ету болып табылады.

Бірыңғай ұлттық электр желісін дамыту саласындағы мемлекеттің инвестициялық саясатының мақсаттары электр энергетикасының тиімділігін арттыру, электр энергиясы ағымының технологиялық шектеулерін жою және электр станцияларының қуаттарды беруін қамтамасыз ету үшін электр желілерінің өткізу қабілеттілігін арттыру болып табылады. Аталған мақсаттарда мемлекет бірыңғай ұлттық электр желісін басқару жөніндегі ұйымның инвестициялық қызметін реттеуді жүзеге асырады.

Электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу жүйесінің маңызды элементтері оның функциялары болып табылады. Нарықтық экономика дамыған елдерде инвестициялық қызметті реттеу барысында мемлекет бір мезгілде бірнеше функцияларды өзіне қабылдайды:

бірінші функция – бұл жеке бизнестің капитал салымдарының жалпы көлемін реттеу (ынталандыру немесе шектеу). Істің мәні бойынша бұл ссудалық пайыз саясаты, ақша, салық және амортизациялық саясат арқылы жүзеге асырылатын дамыған нарықтық экономикада инвестициялық үдерісті басқару жөніндегі басты макроэкономикалық функция;

екінші функция – бұл несие және салық жеңілдіктері, мысалы, инвестициялық несие көмегімен белгілі бір кәсіпорындар, салалар мен қызмет салаларына капитал салымдарын іріктемелі түрде ынталандыру;

үшінші функция – бұл ірі корпорациялардың жоспарлары мен іс-әрекеттерін келістіру жолымен белгілі бір өндірістік қуаттарды енгізу немесе шығару мақсатында тікелей әкімшілік араласу.

Бұл бағытта энергетикалық қауіпсіздікті басқаруда маңызды резерв бар. Жаңа жағдайларда Қазақстанның электр энергетикасындағы инвестициялық үдерісті басқару органдарының, ең алдымен электр энергетикасы нысандарын салу, қаржыландыру тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, инвестициялық

бағдарламаларды келісумен, оларды консервациялаумен, қолданыстан шығарумен және басқа да мәселелермен айналысатын, мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі атқарушы билік органдарының тиімді құрылымын әзірлеу керек. Электр энергетикасы нысандарының меншік түрлеріне қарамастан, «тар жерлерді» анықтаумен және түзетуші іс-шаралармен бірге электр энергетикасын дамытудың инвестициялық бағдарламаларының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу қажет. Сонымен бірге, мемлекеттік және жергілікті билік органдары энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде ұлттық, сонымен бірге жергілікті деңгейлерде электр энергетикасының дамуына, оның даму шарттарына, нарықтарды ұйымдастыру тиімділігіне мониторинг жүргізуі тиіс. Электр энергетикасының ағымдағы жай-күйін және оның болашақта даму шарттарын талдаудың негізгі мақсаты даму үдерістерін анықтау, қабылданған инвестициялық бағдарламалардың электр энергетикасын тұрақты және тиімді дамытудың талаптарына, сонымен бірге электр энергиясын тұтынушылардың сұраныстарына сәйкестігі тұрғысынан бағалау болуы тиіс.

Электр энергетикасының инвестициялық тартымдылығы энергетикалық кәсіпорындардың ақпараттық ашықтық деңгейіне байланысты, ол ақпараттың толықтығымен, жеделдігімен, объективтілігімен және нақтылығымен, оған мүдделі тұлғалардың заңдардың, сондай-ақ ұйымда қабылданған энергетикалық кәсіпорын қызметінің түрлі салаларындағы істің мән-жайы туралы ақпаратты ашу нормаларының негізінде еркін қол жетімділігін қамтамасыз етумен анықталады. Мемлекеттік органдардың электр энергетикалық компаниялардың экономикалық қызметіне шамадан тыс араласуын азайту (бұл экономика үшін соншалықты маңызды бизнеске бақылаудың болмауын білдірмейді), сондай-ақ бұл секторда электр энергетикасындағы либералдаудың шарттары мен нәтижелеріне тепе тең келетін басқару мен бақылаудың жаңа тетігін қалыптастыру арқылы электр энергетикасындағы инвестициялық үдерістің бюрократтанбау қағидасын сақтау қажет. Бюрократтанбау үдерістері инвестициялық жобаларды іске асыру үшін несиелер алу механизмін де жеңілдетуі тиіс.

Сонымен бірге жаңадан құрылатын электр энергетикалық компаниялардың, инвестицияларды басқару органдарының кадрлар құрамын қалыптастыру, электр энергетикасының ерекшеліктерін ескеретін мақсатты оқу бағдарламаларын әзірлеу арқылы басшыларды даярлау және өндірістік қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесін құру қызметі қажет болады. Менеджменттің біліктілігін бағалау компанияға инвесторлардың қаражат салуының мүмкін болатын тәуекелін анықтау кезінде оның инвестициялық тартымдылығын бағалаудың негізгі үстірт (формальды) емес критерийлерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік инвестициялық бағдарлама өңір үшін барынша өзекті ел мен өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шекті маңызды электр энергетикасы нысандарына инвестициялар салу басымдығының сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Осылайша, мемлекеттік басқару органдары

басымдықтарды анықтауға және инвестициялардың қажетті бағытта жылжуын ынталандыратын экономикалық шаралардың жүйесін жасауы тиіс – мысалы, инвесторлардың стратегиялық тәуекелдерін төмендету мақсатында кепілдікті міндеттемелер беру. Мұндай міндеттемелердің жолдары үлестік қаржыландыру, жеңілдікті түрде несиелеу, салынып жатқан электр станцияларынан электр энергиясын кепілдендірілген түрде сатып алу және т.б. болуы мүмкін. Негізгі функцияларының бірі мемлекет, сонымен бірге инвесторға қажетті инвестициялық үдерісті толық ақпараттық қамтамасыз етуді құру болуы тиіс. Ол:

- энергетика қызметтеріне сұраныс, ресурстар мен баға болжамдарын;
- аумақтық және технологиялық бөліністерде энергетика нысандарының дамуындағы нақты ұлттық басымдықтарды қалыптастыруды;
- инвесторлардың тәуекелдерін сақтандырудың ашық схемаларын қамтамасыз етуді;
- қолданысқа енгізілетін энергетикалық нысандар үшін салық салу мен салықтық жеңілдіктердің ашық жүйесін қамтиды.

Электр энергетикасын мемлекеттік реттеудің және оған инвестициялар тартудың келесі элементі нысандары мен түрлері болып табылады. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңында электр энергетикасын мемлекеттік реттеудің келесі түрлері мен нысандары белгіленген:

- 1) лицензиялау;
- 2) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу;
- 3) монополияландырмау және электр энергетикасының нысандарын жекешелендіру;
- 4) электр энергиясын өндірудің, берудің, техникалық диспетчерлендіру мен тұтынудың сенімділігін, қауіпсіздігін және үнемділігін мемлекеттік қадағалау;
- 5) электр энергетикасы саласындағы техникалық реттеу.

Жүйе ретінде электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеудің маңызды элементі оның қағидалары болып табылады. Электр энергетикасын реформалау мақсаттары жаңа мемлекеттік саясаттың негізгі ережелеріне сәйкес келеді және келесі түрде қалыптасады:

- электр энергетикасының қызмет етуі мен даму тиімділігін арттыру;
- саланың инвестициялық тартымдылығын көтеру.

Бұл мақсаттарға қол жеткізудің негізгі құралдары ең алдымен:

- электр энергетикасындағы бәсекеге қабілетті секторларды бөліп алу;
- электр энергетикасын мемлекеттік субсидиялауды және мемлекеттік бюджеттен инвестициялауды қысқарту;
- электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеу сипатын өзгерту.

Реформалау барысында бәсекелестік секторлар саласына генерациялаушы қуаттардың басым бөлігі бөліп алынады. Сонымен бірге мемлекеттік меншікте негізгі электр желілері қалады. Электр энергетикасындағы монополия, сонымен қатар бәсекелестік нарық жағдайында да мемлекеттік реттеуге болады. Бірінші жағдайда ол қатаң әкімшілік сипатта болады және, атап айтқанда, босатылатын

энергияға бағалар мен тарифтерді тікелей мемлекеттік реттеуді қажет етеді. Реттеудің бұл түрі қазіргі уақытта Қазақстанда қолданылады және электр энергетикасын реформалау кезеңінде сақталатын болады. Қатаң реттеу тиісті бақылау және жауапкершілікпен бірге орындау үшін міндетті заңнамалық актілер мен үкіметтің қаулыларын қабылдауды қарастырады.

Бәсекелестік нарықтағы реттеудің негізгі мақсаты электр энергиясы нарығында еркін және әділ бәсекелестік үшін жағдайлардың жасалуына кепілдік беру, энергия өндірушілер мен тұтынушылар үшін теңдей экономикалық жағдайлар жасау, олардың мүдделерін сақтау болып табылады. Мұндай реттеу өтпелі кезең аяқталғаннан кейін қажет болады. Қазақстанның электр энергетикасында мұндай реттеуді қолдану тәжірибесі жоқ; әлемдік тәжірибеде мұндай реттеудің бірыңғай, жалпыға танылған моделі де жоқ – әрбір елде ол әр түрлі жүреді.

Бәсекелестік нарықтағы реттеудің нақты әдістері мен құралдары нарықты ұйымдастырудың қатаң әкімшілік ережелерімен және қалыптасқан нарықтарды экономикалық басқару тетіктері үйлеседі. Соңғылардың рөлі энергетикадағы нарықтық қатынастар саласының кеңеюіне қарай арта түседі.

Қазақстанда нарықтық электр энергетикасы жағдайында мемлекеттік реттеудің жоғарыда аталған екі түрін де пайдалану қажет, себебі электр энергиясында толығымен еркін бәсекелестік нарыққа өту біздің елімізде бірқатар объективтік себептерге байланысты іс жүзінде мүмкін емес:

- электр энергетикасы құрылымында реформалаудан кейін де сақталып қалатын табиғи-монополиялық салалардың: электр энергиясын беру және тарату, технологиялық жағынан оқшауланған аумақтық электр энергетикалық жүйелердің болуы;

- электр энергетикасының құрылымында мемлекеттік меншіктегі энергетикалық нысандардың айтарлықтай бөлігін сақтау;

- жекелеген депрессивтік өңірлердегі электр энергиясын тұтынушылардың мүмкін болатын ағымдағы саяси немесе әлеуметтік-экономикалық талаптарын орындау;

- егер энергия нарықтарының ұйымдары тиісті шарттардың сақталуын қамтамасыз етпейтін болса, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды орындау;

- электр энергиясын өндірушілер мен жеткізушілердің өздерінің монополиялық жағдайын, оның ішінде төтенше жағдайларда шамадан асыра пайдалану мүмкіндігі.

Табиғи монополиялардың және мемлекеттік меншіктің бөлініп алған салаларында қатаң мемлекеттік реттеу және басқарудың барлық шаралары қолданылуы тиіс. Табиғи-монополиялық қызмет саласына жататын электр энергиясын беру саласындағы инвестициялардың басқару жалпыұлттық мүдделерге бағынуы тиіс. Бұл саладағы энергетикалық нысандардың экономикалық тиімділігі маңызды фактор болса да, бұл жағдайда басты фактор болып табылмайды. Бұл жерде басқарудың негізгі мақсаты – электр энергетикасының қызмет етуіне салынған шектеулерді алып тастау және электр

энергиясы нарықтарының қызмет ету саласын кеңейту. Электр энергетикасының бәсекелестікті саласында мемлекеттің және жеке меншік бизнестің ұзақ мерзімді мүдделерін үйлестіретін және нарықтың барынша ашықтығы, монополияланбауы, бюрократияланбауы, кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі, табыстылығы мақсатында оны реттейтін (нарықтық реформалар мен ережелер) басқару мен реттеудің жаңа, жағдайға сай келетін тетіктерін әзірлеу қажет. Осындай жағдайлар жасалғанда ғана электр энергетикасына инвестициялар тартуға болады.

Электр энергетикасының монополиялық және бәсекелестік секторларында ерекшеленуі мүмкін инвестициялық саясаттың қағидалары Қазақстанның электр энергетикасын инвестициялау мен дамытудың ұсынылған жүйесінің негізі ретінде алынды. Электр энергетикасындағы инвестициялық саясаттың негізгі қағидасы – Бірыңғай электр энергетикалық жүйенің технологиялық тұтастығын сақтаумен және Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, елдің электр энергиясына деген қажеттілігін қанағаттандыратын, оның тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Электр энергетикасының тұрақты және тиімді дамуы саланы дамыту үшін мемлекеттік саясатты жүргізу жолымен қол жеткізілуі тиіс. Бұл саясат электр энергетикасының даму ауқымдары мен тепе-теңдіктерін анықтайтын және елдің әлеуметтік-экономикалық даму жүйесіне кіргізілген саланы дамыту стратегиялары мен бағдарламаларын, атап айтқанда:

- 2030 және 2050 болашаққа арналған Қазақстанның энергетикалық стратегиясын;

- Қазақстан 2030 электр энергетикасын дамыту стратегиясын жасауға бағытталған.

Мұндай болжау мен жоспарлау нарық жағдайында электр энергетикасының даму болашағын айқын белгілеуге және инвесторлар үшін тәуекелдерді азайтуға қабілетті. Саланы дамыту саясатын анықтай отырып, мемлекет бұл саясатты іске асыру үшін тиісті механизмдер жасайды: салық, несие, экспорт-импорттық және т.б. – оларды пайдалану жеке генерациялаушы компанияларға стратегиялық жоспарлар мен өзіндік инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуін жеңілдетеді.

Сонымен бірге, электр энергетикасында жеке инвесторлардың болуын реттейтін және компания менеджментінің белгілі бір бағыттардағы қызметін ынталандыратын және заңнаманы бұзған жағдайда экономикалық санкцияларды көздейтін экономикалық механизмдерді қамтитын тиісті заңнамалық базаны басып озушы түрде қалыптастыру қажет. Электр энергетикасындағы инвестициялық үдерісті ұйымдастырудың маңызды қағидасы ел бойынша орташа мөлшермен сәйкес келетін салаға инвестицияланатын капиталдың табыстылығын қамтамасыз ету болып табылады. Соңғысы, жеке секторларда да сақталуы тиіс екені анық. Нарық жағдайында әкімшілік ету талпыныстары табысты төмендетеді және сөзсіз жеке инвестициялардың қысқаруын, тіптен құлдырап кетуіне алып келеді. Бәсекелестік нарықтағы бағаларды мемлекеттік реттеу саласы шектелген, және

оны кеңейту аталған заңмен тиым салынған (23 баптың 2 тармағы). Инвесторлардың табыстылығын қолдайтын немесе арттыратын мемлекеттің әкімшілік шаралары (сақтандыру және табыстылықты кепілдендіру шаралары), керісінше, толығымен негізделген болып келеді.

Инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу үшін әдіснамалық және ақпараттық базаның тұтастығы қажет, бұл дайындық үдерісін реттеуді және одан әрі аталған жобалар мен бағдарламаларды мониторингтеуді жеңілдетеді.

Жалпы елдегі секілді, электр энергетикасында миноритарлық (ұсақ) акционерлердің құқықтарын қорғауды қоса алғанда, жеке меншікке қол сұғылмау қағидасы сақталуы тиіс, олар менеджменттің және ірі акционерлердің тіміскілік әрекеттерінен жақсы пысықталған және тиімді заңнамамен, тиісті мемлекеттік ведомстволармен және даулы мәселелерді халықаралық төрелік сотта қарау мүмкіндігі арқылы сот жүйесімен сенімді қорғалуы тиіс.

Электр энергетикасына инвестицияларды тартуды мемлекеттік реттеудің маңызды элементтері әдістер мен құралдар болып табылады. Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері мен құралдары: 1) тікелей; 2) жанама әдістер мен құралдар болып табылады. Мемлекеттік реттеудің тікелей әдістері мен құралдары өзінің қолданылуы жағынан барынша кең таралған. Олардың негізгі нысаны (түрі) экономиканың мемлекеттік секторымен ұсынылған мемлекеттің шаруашылық қызметі болып табылады, ол экономикалық дамыған елдерде барынша үлкен ауқымдарға ие. Оның аясында мемлекет, мысалы, өз бетімен несиелер беріп, компанияларға үлестік түрде қатыса алады, шаруашылық жүргізуші субъектінің тікелей меншік иесі болып табылады. Осылайша, ол табыс алып қана қоймай, сонымен қатар жұмыссыздық деңгейін төмендете отырып, жұмыс орындарын құрады. Әдетте, мемлекет айтарлықтай инвестицияларды қажет ететін салаларды, мысалы, атом энергетикасы, әуе және теңіз көлігін өз бақылауына алады.

Тікелей әдістер мен құралдарға мемлекеттік реттеудің нормативтік-құқықтық әдістері де жатады. Ұлттық экономиканың белгілі бір саласында шаруашылық етуші субъектілердің мінез-құлық ережелерін белгілейтін нормативтік-құқықтық актінің қабылдануы оларды пайдаланудың мысалы бола алады. Бұл барынша кең тараған әдіс, себебі оны іске асыру үшін ресурстардың айтарлықтай мөлшерін тарту қажет етілмейді.

Тікелей мемлекеттік реттеу субвенциялар, субсидиялар мен дотациялар көмегімен басым салаларға салынатын тікелей инвестициялар түрінде де іске асырылуы мүмкін. Әдетте, ол шаруашылық қызметті реттеуге бағытталып, нарықтық механизмдердің әрекетін айтарлықтай бұрмалайды, бұл әрдайым қолайлы салдарға алып келе бермейді. Оған, сонымен бірге әлеуметтік инфрақұрылымның – денсаулық сақтау, білім, ғылым және т.б. құру мен күтіп ұстау шығындары да кіреді.

Мемлекеттік реттеудің жанама әдістері мен құралдары – бұл мемлекеттің тікелей қатысуынсыз алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін және ұлттық экономиканың қызмет етуінің негізгі заңдылықтарына



сүйенетін мемлекеттің экономикаға әсер ету механизмдері. Әдетте, олар жұмыспен қамтудың қалыпты деңгейін ұстап тұруға, тауарларды әкету көлемінің ұлғаюын ынталандыруға, халықтың мүддесі үшін тұрақты баға белгілеуді, экономикалық өсімнің тұрақты қарқынын қалыптастыруға, ресурстарды қайта бөлуге, инвестициялық үдерісті ынталандыруға бағытталған. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі тәсілі фискалды және ақша-несие саясаты болып табылады. Фискалды саясат мемлекеттік бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерін өзгерту арқылы мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылады. Ақша-несие жүйесі ақша айналымын реттеу және регламенттеу негізінде құрылған.

Әлемдік тәжірибеде электр энергетикасына инвестициялар тарту үшін қаржыландырудың келесі схемалары бар: өзін-өзі қаржыландыру, акционерлік қаржыландыру, венчурлық қаржыландыру, несиелік және аралас қаржыландыру. Электр энергетикасына инвестициялар тартуға бағытталған негізгі механизмдерді қарастырайық:

1. Акциялар эмиссиясы. Қазіргі уақытта көптеген компаниялар акциялар эмиссиясының есебінен қосымша қаражат алуға талпынады. Алайда, бұл механизмнің теріс жағы да жоқ емес, қор нарығында баға белгілеудің құлдырауынан компанияға теріс әсер ету қаупі бар;

2. Жылдамдатылған амортизация. Бұл механизм энергетикалық компанияларға өзіндік құралдарына барынша жылдамдатылған уақытта жаңғырту жүргізуге мүмкіндік береді. Амортизация мерзімін 8 жылға белгілеген орынды;

3. Салықтық жеңілдіктер, олар белгілі бір инвестициялық жобаны іске асырған кезде салық төлемінен босатады.

Жүйе ретінде электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттетудің келесі элементі оның объектілері мен субъектілері болып табылады. Мемлекеттік реттеудің объектілері: халық шаруашылығы саласы ретінде энергетиканың өзі; Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (ҚР БЭЖ), ол республика тұтынушыларын, сонымен қатар Қазақстан Республикасы электр энергетикасының секторларын сенімді және сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілері мен қосалқы станциялардың жиынтығы болып табылады:

- электр энергиясын өндіру;
- электр энергиясын беру;
- электр энергиясымен жабдықтау;
- электр энергиясын тұтыну;
- электр энергетикасы саласындағы өзге де қызмет.

Шаруашылықтың электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеудің субъектілері бір жағынан, электр энергетикасының субъектілері – электр энергетикасы саласында қызметін, оның ішінде электр, жылу энергиясы мен қуатын өндіру, электр энергиясы мен қуатын сатып алу мен сату, тұтынушыларды энергиямен жабдықтау, электр энергиясын беру,

электр энергетикасындағы жедел-диспетчерлік басқару, электр энергиясын (қуатты) өткізу, электр энергиясы мен қуатты сатып алу-сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсететін тұлғалар; электр энергиясын тұтынушылар – өзіндік тұрмыстық және (немесе) өндірістік қажеттіліктері үшін электр және жылу энергиясын сатып алатын тұлғалар; қуатты тұтынушылар – қуатты, оның ішінде өзіндік тұрмыстық және (немесе) әрі қарай сату үшін сатып алатын тұлғалар, электр энергиясын бөлшек сауда нарықтарында өткізетін тұлғалар, электр энергиясын шет мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері орналасатын аумақтарда электр энергиясын өткізетін тұлғалар; екінші жағынан – электр энергетикасын реттеу мен басқарудың мемлекеттік органдары болып табылады. Қазақстанның электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік басқару және реттеу органдарының құзыреті осы саладағы қолданыстағы заңнамада айқындалған және белгіленген.

Электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеуде оның факторлары мен шарттарының ерекше маңызы бар. Дәл олар белгілі бір кезеңде электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеудің объективтік негіздерін туғызады. Электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеудің объективтік негіздерін құрайтын барлық фактор мен шарттарды экономика ғылымдарының докторы, профессор У.Ж. Алиев әзірлеген экономикалық жүйелердің жалпы теориясына сәйкес географиялық, этнологиялық, экологиялық, технологиялық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, басқарушылық, құқықтық және өзіндік деп бөлуге болады. Мемлекеттік реттеудің факторлары мен шарттарын осындай жүйелі түрде анықтау оны әзірлеу, іске асыру және жетілдіру кезінде олардың бүкіл кешенін ескеруге мүмкіндік береді [49].

Электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеу элементтерінің бірі ретінде саланың өзіне тән айрықша ерекшеліктерін қарастыруға болады. Э.ғ.д. Ю.А. Лавриков атындағы Санкт-Петербург Мемлекеттік экономика және қаржы университетінің әлеуметтік-экономикалық үдерістерді басқару және жоспарлау кафедрасының аспиранты А.Н. Сорокин энергетикалық саланың ерекшеліктерін бөліп алу маңызды деп есептейді. Оның пікірінше, энергетикалық саланың кәсіпорындары үшін инвестициялар нысаны ретінде келесі айрықша ерекшеліктер тән [50].

1. Электр энергетикасы тек қана табыс алуға бағытталмайды, себебі ол негізгі инфрақұрылымдық сала болып табылады. Халықтың өмір сүру сапасын және экономиканың дамуына жағдайлар жасай отырып, ол оған инвесторлардың салған ақша қаражаттарын жылдамдатып және кепілдікті түрде қайтуын қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру мен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге арналған. Осы себептен электр энергетикасының кәсіпорындары өздерінің тарифтерін барынша көтеруге мүмкіндігі жоқ және салалық баға реттеуіштерінің талаптарын ескеруге мәжбүр. Бұл капитал салымдарының қайтуын баяулатады және электр

энергетикасын басқа салалардағы кәсіпорындармен салыстырғанда тартымдылығы төмен инвестициялар нысанына айналдырады.

2. Бірқатар энергетикалық жобалар үшін айқын немесе айқын емес әлеуметтік ауыртпалықтар тән болып келеді – мысалы, халық саны аз және тығыздығы төмен жекелеген аудандарға электр энергиясын жеткізу міндеттемесі, соның салдарынан реттелетін тарифтер бойынша энергияны жеткізу бұл жағдайда тиімсіз болады, және қарама-қарсы субсидиялауды қолдану қажеттілігі туындайды. Жоспарлы залалды бөлімшелердің және қызмет бағыттарының болуы фирма қызметінің ашықтығы деңгейін төмендетеді, нарық оны жақсы қабылдамайды және компанияның капиталдануының төмендеуіне алып келеді.

3. Инвестициялық жобаларды іске асырудың қаржылық, ұйымдастырушылық және техникалық күрделілігі (пайдаланылатын жабдықтардың жоғары құнымен, көптеген алдын ала келісулерден өту қажеттілігімен, дайындық жұмыстарының ұзақтығымен және т.б. байланысты) оларды орындауға үлкен көлемдегі қаржыландыру тартуды талап етеді. Тиісті шығыстардың көлеміне жекелеген компаниялардың шамасы келмейді. Негізінен, энергетика саласындағы инвестициялық жобаларды орындай алатын экономикалық қызметтің субъектісі не мемлекет не ұлттық энергетикалық монополия болып табылады. Жеке инвесторларды, әдетте, тек мемлекеттік-жеке меншік әріптестік бағдарламалары бойынша тартуға болады.

4. Энергетика стратегиялық сала болып табылады, және мемлекеттік қауіпсіздігі оған тікелей байланысты болады. Осы себептен, қажет емес, әсіресе шетелдік инвесторларды (осы елдің стратегиялық одақтасы болып табылмайтын мемлекеттерден келген) іріктеудің бейресми ережелері бар. Мұндай әрекет белгісіз елдің жабықтығының немесе оның бизнесті жүргізудің өркениетті ережелерінен бас тарту белгілері болып табылмайды – мәселе тек ұлттық қауіпсіздікті қорғау жайында болып отыр. Мысал ретінде Ұлыбританияны алуға болады. Онда «Газпромға» ұлттық газ тарату желілерінің капиталына қатысудан бас тартылған. Осы себеппен мемлекет ішіндегі энергетикалық инвестициялық жобаларды іске асыруға жіберілген шетелдік инвесторлар инвесторлардың барынша осал санатына жатады. Әдетте, ұлттық энергетикалық компаниялар олардың қаржылық ресурстары мен технологияларын өзіне алуға, бірақ оларды басқаруға қатыстыруға жібермеуге тырысады. Мұндай инвесторларға деген қажеттілік болмай қалған жағдайда оларды тиісті кәсіпорындардың капиталынан шығарып тастау қаупі бар. Осыған байланысты айтарлықтай мөлшерде қаржы ресурстары және озық технологиялары бар инвесторларды тарту қажеттілігі мен экономиканың стратегиялық саласына ұлттық бақылауды сақтап қалу және оған басқа мемлекеттерден шыққан компанияларды кіргізбеу қажеттілігінің арасында логикалық қарама-қайшылық пайда болады.

5. Ресей жағдайында қалыптасқан «шығындар плюс» қағидасы бойынша баға белгілеу әдістемесі энергетикалық компанияларды өз қызметін тиімділендіруге және шығыстарды қысқартуға ынталандырмайды, себебі

шығыстарды кез келген үнемдеу реттеуші органның болашақ кезеңдерде тарифті тиісінше төмендетуіне және компания пайдасының азаюына алып келеді. Бұл инвесторларға ақша қаражатының қайтуын да баяулатады.

6. Электр энергиясына тарифтер жүйелі түрде қайта қаралып отырады, бұл түсетін пайданы болжауды және инвестициялық қаражаттың қайтуын жоспарлауды қиындатады.

Жоғарыда аталғандай инвестициялау саласы ретінде электр энергетикасына тән айрықша белгілер ақша қаражатын салу барынша ұзақ мерзімді (кемінде 10 жыл) болуы тиіс, бұл ретте инвестор орташа нарықтық деңгеймен салыстырғанда барынша төмен табыс нормасын алуға, және өзінің салымдарын жылдамдатып қайтарып алу мақсатында өз қалауы бойынша электр энергиясына тарифті қалыптастыруға құқығының болмауына дайын болуға тиіс. Бұл энергетика саласының инвестициялық тартымдылығын төмендетеді.

Инвесторлар мен мемлекеттің мүдделерін келісуге мүмкіндік беретін механизм ретінде шетелдік тәжірибеде мақұлданған RAB қағидасын (ағылшын сөзі regulatory asset base – салынған капиталға қайтару әдісінің негізінде тарифтік реттеу) қолдануға болады. Бұл әдістің мәні келесіден тұрады [51]:

1) энергетикалық компанияның өзінің тұтынушыларына босататын электр энергиясына тарифтерді салалық реттеуші ұзақ мерзімге (кем дегенде үш жылға) бекітеді, осының арқасында компанияның өзі және сыртқы инвестор жоғары деңгейдегі сенімділікпен болашақ пайданы және салынған қаражаттардың қайту қарқынын болжай алады;

2) реттелетін тарифтер үш құрамдас бөліктен құралады – желілік компанияның шығындарын өтеу, тартылған қаражатты қайтарумен байланысты шығыстарды өтеу және капиталды салудан алынған инвестордың табысы;

3) белгіленген тарифтер, және оның салдары ретінде, инвестордың ең төменгі табысының көлемі және қаражаттың қайтуының ең ұзақ мерзіміне мемлекет кепілдік береді;

4) үнемделген қаражат компанияда қалады – егер электр энергиясын жеткізуші өзінің шығындарын оңтайландыра алса, төмендетілетін тариф қайта қаралмайды. Бұл компанияларды шығыстарды басқару тиімділігін арттыруға ынталандырады;

5) дисконтты кезеңдер енгізілуі мүмкін – бұл кезең аралығында инвесторға ақша қаражатын қайтару жүргізілмейді. Олар тарифтердің барынша жоғары деңгейіне (инвестициялық құрамдас бөліктен тұратын) біртіндеп өтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, RAB моделі инвесторлар мен мемлекеттің мүдделерін келісуге мүмкіндік береді [52,53].

Электр энергетикасына инвестицияларды тартуды мемлекеттік реттеу нәтижелері оның қорытындысы немесе тиімділігі болып табылады. Тиімділігі электр энергетикасына инвестициялар тартуды мемлекеттік реттеудің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі, экономикалық тиімділігі және энергетикалық тиімділігі арқылы анықталады. Электр энергетикасының

энергетикалық тиімділігі – тұтынушыларға жеткізілген электр энергиясының осы мақсаттар үшін жаңартылатын энергия көздерінен жұмсалған энергияға ара-қатынасы.

#### **1.4 Электр энергетикасына инвестициялар тартуды басқарудың шетелдік тәжірибесі**

Әлемдік тәжірибеде электр энергиясының нарықтарын ұйымдастыруды модельдердің екі түріне бөлуге болады:

1) электр энергиясына тарифті реттеушінің бекітуін көздейтін реттелетін модель;

2) электр энергиясына бағаларды сұраныс пен ұсынысты талдау негізінде қалыптастыруды көздейтін бәсекелестікті (еркін) модель.

Электр энергетикалық саланы реформалау көптеген елдерде жиырмамыншы ғасырдың соңғы ширегінде реттелетін модельден бәсекелестік модельге өту есебінен жүзеге асырылды. Әлемдік тәжірибе көптеген жағдайда бәсекелестік модель реттелетін модельге қарағанда электр энергиясы өндірісінің сегментін дамыту үшін барынша тиімді екенін көрсетті.

Электр энергетикалық нарықтың реттелетін моделінен бәсекелестік моделіне өтудің әлемдік тәжірибесін талдау өту үдерісін шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлуге болатынын көрсетті:

1) тігінен интеграцияланған электр энергетикалық компанияларды қызмет түрі бойынша (генерациялау, беру, тарату және өткізуге) бөлу;

2) бөлініп алынған компаниялардың бір бөлігін жекешелендіру;

3) электр энергиясын өндіру мен өткізу сегменттеріндегі бәсекелестік үшін алғышарттар жасау;

4) электр энергиясының орталықтандырылған көтерме сауда нарығын құру;

5) бір мезгілде желілерге кемсітусіз қол жеткізуге жағдайлар жасау арқылы электр энергиясын беру мен таратуда табиғи монополияны сақтап қалу.

Сонымен бірге электр энергиясының бәсекелестік нарығының әрбір моделінің бірқатар ерекшеліктері бар, олар инвестицияларға кепілдік берудің қабылданып жатқан механизмдерін қолданумен, электр энергетикасы жүйесінде қуаттардың жеткілікті резервін, электр энергиясының көтерме сауда нарығында баға белгілеуді қамтамасыз етумен, электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастырумен және т.б. байланысты.

1) PJM Американдық электр энергиясының нарығы PJM нарығы (Pennsylvania – New Jersey – Maryland) АҚШ-та электр энергиясы өндірушілерінің тиімділігін арттыру, электр энергиясының бағасын төмендету және шамадан тыс инвестицияларды қысқарту үшін электр энергиясы өндірушілерінің арасында бәсекелестікті арттыру мақсатына электр энергиясы өндірісінің бірнеше өңірлік нарықтарын біріктіру нәтижесінде құрылған.

PJM шеңберінде қуат нарығы, тәуелсіз жүйелік оператор құрылды, электр энергиясының нарығы бір тәулік бұрын және теңгерімдеуші нарық іске қосылды. Нәтижесінде, PJM табыстарын атай отырып, нарыққа Огайо және

Мичиган штаттары қосылды. Сонымен бірге электр энергиясын жеткізудің тұрақтылығы мен сапасы, оның ішінде жаңа газбен жұмыс істейтін электр станцияларын салу есебінен артты. Инвестициялардың тартымдылығын арттыру үшін қуат таңдап алынатын мерзім 1 жылдан 3 жылға дейін ұзартылды. Қуат нарығы жүйедегі қуаттың жеткілікті бағыты болып табылады, сонымен бірге электр энергиясының барлық өндірушілеріне қуаттың ақысын төлеуге кепілдік бермейді.

2) Францияны мысалға алу арқылы Еуропалық Одақ нарығы Еуропалық Одақтың директивасына сәйкес 1999 жылы Францияда қызмет түріне қарай бөлінген электр энергетикалық компанияларды жекешелендіру басталды. Осыған дейін Францияда электр энергетикасы саласы мемлекеттік тігінен интеграцияланған монополия түрінде ұйымдастырылған болатын. Жекешелендіру және қызмет түрлері бойынша бөлудің мақсаты Францияның Еуропалық энергетикалық жүйеге кіру мүмкіндігіне қол жеткізуі болды.

2010 жылғы келесі қадам Германия, Франция, Австрия және Швейцария үшін электр энергиясының бірыңғай спот нарығын құру болды, оған EPEX деген атау берілді. Бұл жағдайда Франциядағы тұтынушыларға Францияның басқарушысы бекітетін тариф пен EPEX-тегі бағаның арасында таңдау жасауға мүмкіндік берілді. Тариф айтарлықтай жоғары болғандықтан, биржада сатып алу барынша тиімді болды. EPEX шеңберінде бірыңғай жүйелік оператор құрылмады. Қатысушы-елдердің жүйелік операторларына қадағалау жасау мамандандырылған агенттікке жүктелді.

Нәтижесінде Франция дамып келе жатқан бірыңғай Еуропалық энергетикалық жүйеге ойдағыдай интеграцияланды, бұл энергиямен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттырды. Сонымен бірге, ішкі нарықта EDF монополия бәсекелесі – GDF компаниясы пайда болды. Сонымен қатар, Франция EDF компаниясын мемлекеттік меншікте сақтап қалды және тиісті қуаттарды жаңартуға шамалы мөлшерде инвестициялар салып отырады.

3) Оңтүстік Кореяның электр энергия нарығы Оңтүстік Корея Халықаралық валюта қорының қысымымен 2001 жылы реформаны бастады, қор Азиядағы қаржы дағдарысынан кейін мемлекеттік компанияларды жекешелендіру жүргізуді ұсынды. Реформа мақсаттарының бірі электр энергиясын өндіру мен өткізуде бәсекелестікті дамыту арқылы тиімділікті көтеру болды.

2001 жылы жүргізілген реформа барысында KPX мемлекеттік компаниясынан өндірістік активтер еншілес компанияларға бөлінді. Генерациялаушы қуаттар аумақтық белгісі бойынша алты компанияға бөлінді. KPX тікелей қарауында электр энергиясын беру және өткізу жөніндегі қызмет қана қалды.

Сондай-ақ, 2001 жылы KPX (Korean Power Exchange) электр энергиясының биржасы және KOREC (Korean Electricity Commission) нарығының қызметін қадағалау жөніндегі комиссия құрылды. Жеткізушілерге бағаларды белгілеу кезінде станцияның түрі және пайдаланылатын отын түрі ескеріледі, ал тұтынушылар үшін бірыңғай орташа белгіленген баға

қалыптасады. Электр энергиясын биржада сатып алушы КЕРСО компаниясы болып табылады, ол электр энергиясының бірыңғай сатып алушысының функцияларын атқарады. Бұл жағдайда КЕРСО бағаны ұстап тұру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру салдарынан үнемі шығындарға батуда, себебі электр энергиясын өзіндік құнынан төмен бағаға сатады. КЕРСО шығындарын ішінара азайту үшін шетелдік жобаларды агрессивті түрде өсіруде. Сонымен бірге, бөлшек сауда бағаларындағы отын бағасының өзгеруін ескере отырып, арнайы түзетуші коэффициентті енгізу жоспарланған.

Көптеген елдер үшін электр энергетикасындағы маңызды мәселе жаңа станцияларды салуға және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуға инвестициялар тарту болып табылады. Бұл мәселені шешуге мүмкіндік беретін келесі механизмдерді бөліп алуға болады:

1) «бағаның шырқау шектері» механизмі – электр энергиясына баға күрделі салымдар жасау үшін жеткілікті ынталандырушы болып табылады деген болжамға негізделеді;

2) «инвестициялардың қайту кепілдіктері» механизмі – инвесторлардың ұзақ мерзімді келісімшарттар механизмі арқылы электр энергиясына және/немесе қуаттарды жеткізуге салынған күрделі салымдардың белгілі бір мерзімнің ішінде белгілі бір табыс нормасымен қайтуына нарықтан (мемлекеттен) кепілдік алуын көздейді;

3) «ұзақ мерзімді келісімшарттар/аукциондар» механизмі – инвесторлармен қуаттар нарығында электр энергиясын сатуға немесе қуаттарды (қолданыстағыларды, сонымен бірге жаңаларын) брондауға орта және ұзақ мерзімді шарттар жасауды көздейді. Бұл шарттар инвесторға электр энергиясын немесе қуаттарды шарт бойынша жеткізудің барлық мерзімінің ішінде қажетті төлемдер алуға мүмкіндік береді;

4) «мемлекеттік компанияның жоспарлы құрылысы» механизмі – мемлекеттік монополист-компанияның мемлекет бекіткен жоспар бойынша өз қаражатының есебінен энергетикалық инфрақұрылымды дамытуын көздейді.

Энергетикалық жүйеде қуаттардың жеткілікті мөлшерін дайындық жағдайында қамтамасыз ету үшін электр энергиясын өндірушілердің тұрақты шығындарын өтеудің түрлі механизмдері қолданылады:

1) «бағаның шырқау шектері» механизмі – қуат үшін жеке төлемнің болмауын және электр энергиясын өндірушілердің өздерінің тұрақты шығындарын электр энергиясының бағасында көрсетуін көздейді;

2) «орталықтандырылған қуат нарығы» механизмі – тұтынушылардың электр станцияларының қуаттарды дайындықта брондау қызметтеріне ақы төлеуін көздейді;

3) «қуат үшін реттелетін төлемдер» механизмі – көп жағдайда алдыңғы механизмді қайталайды. Бір айырмашылығы қуаттарды брондау құнын нарықтық жолмен емес әкімшілік жолмен белгіленетіндігінде;

4) «электр энергиясын жеткізуге арналған ұзақ мерзімді келісімшарттар» механизмі – электр энергиясын жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшарттар

жасауды көздейді. Әдетте, келісімшартта жеткізушінің тұрақты және ауыспалы шығындарын өтеу талаптары жазылады;

5) «стратегиялық резервті сатып алу» механизмі – жүйелік оператордың электр энергиясын өндірушілерден жүйелік оператор басқаратын, электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатыспайтын және энергетикалық жүйеде қуаттар жетіспеген сәтте жүйелік оператордың командасымен пайдаланылатын резервтік қуаттарды сатып алуын көздейді;

6) «жүйелік генераторлар» механизмі – энергетикалық жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін қажет электр станцияларының дайындығына ақы төлеуді қарастырады. Мұндай станцияларды жүйелік оператор іріктейді және тұтынушылар жүйелік оператордың тарифіне кіргізілген төлемқы арқылы төлейды.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру механизмдерінің ішінде келесілерді бөліп көрсетуге болады: орталықтандырылған нарық, екі жақты шарттар, сондай-ақ бұл әдістердің қосындысы. Электр энергиясы нарығының дамыған нарықтары аралас модельді пайдаланғанды жөн көреді, бұл жағдайда электр энергиясының орталықтандырылған нарығы екі жақты шарттар жасау үшін баға индикаторы ретінде қолданылады.

Әлемдік тәжірибені талдау жүйелік операторға қойылатын негізгі талап оның қызметінің саладағы басқа ойыншылардың коммерциялық мүдделерінен тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылатынын көрсетті. Сондықтан жүйелік оператордың қызмет етуі коммерциялық негізде жүзеге асырылуы тиіс. Әлемдік тәжірибеде жүйелік операторды ұйымдастырудың екі негізгі нұсқасы бар:

1) магистральдық электр желілері арқылы электр энергиясын беру және жүйелік оператордың функцияларын біріктіру. Бұл нұсқада Жүйелік оператор функционалдық бөлімше немесе оның тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық энергетикалық желі операторының еншілес компаниясы ретінде құрылуы мүмкін. Бұл құрылым Ұлыбритания, Германия, Нидерланды, Испания, Австралия, АҚШ-ң штаттар тобында пайдаланылады;

2) ұлттық энергетикалық желі операторының және жүйелік оператордың функцияларын бөлу. Бұл жағдайда аталған функцияларды түрлі тәуелсіз компаниялар атқарады. Бұл нұсқа АҚШ-ң штаттар тобында және Австралияда, Ресейде, Аргентинада пайдаланылады.

Әлемдік тәжірибені талдау шеңберінде бірқатар елдердегі: Германия, Испания, Нидерланды, Ұлыбритания, Румыния және Ресейдегі электр энергиясын беру мен тарату сегментінің қызмет етуі зерттелді. Жүргізілген талдау негізінде электр желілік ұйымдардың табысты қызмет етуінің негізгі факторлары туралы бірқатар қорытындылар жасалды:

1) талдау жүргізілген барлық елдер үшін тариф белгілеу жүйесі электр желілік компаниялардың кірісін тарифке кіргізумен, басқарудың ұзақ мерзімді кезеңімен (үштен бес жылға дейін), операциялық шығындарды төмендетудің экономикалық стимулдарымен сипатталады;



2) талдау жүргізілген барлық елдер үшін (Германияны қоспағанда) сала құрылымы ірі электр таратушы желілік компаниялардың шамалы мөлшерімен сипатталады (Испанияда 5-тен Ресейде 13-ке дейін), бұл таратушы желілік компаниялардың ауқымы мен сәйкес келуінен әсерді іске асыруға ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибені талдау негізінде тарифті бекіту кезінде әкімшілік етудің ашықтығы мен таңдап алынған тариф белгілеу әдісінің шеңберінде басқарудың ұзақ мерзімді параметрлерінің тұрақтылығы сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

Ұлыбританияда таратушы электр желілерінің сегментін реформалау шеңберінде 1990 жылы электр желілік компаниялар жекешелендірілді және әрі қарай олардың саны алтыға дейін қысқартылды. Сонымен бірге, Ұлыбританияда инвестицияланатын капиталға табыстылық әдісін пайдаланумен тариф белгілеу жүйесі енгізілді. Тариф үштен бес жылға дейінгі кезеңге бекітілді және бұл жағдайда пайдалану шығындарын, оларды төмендету нормативтерін, инвестициялық капиталдың қайтуын және инвестициялық капиталға табысты қамтыды. Басқарудың бір кезеңінің шеңберінде пайдалану шығындарын азайту жөніндегі жоспар артығынан орындалған жағдайда үнемдеу бойынша жоспарлы шамадан тыс орындау мөлшері электр желілік компанияда қалды.

Күрделі салымдар көлемін сақтаумен және олардың тиімділігін арттырумен 15 жылда жүргізілген реформа нәтижесінде Ұлыбританияда таратушы электр желілік компаниялардың тарифі нақты бағасында екі еседен астам мөлшерге төмендеді.

Осылайша, инвестицияланған капиталға табыстылық әдісін пайдалану арқылы электр желілеріне тарифтік басқаруды енгізу тәжірибесі оның мақсаттылығын көрсетті, ал сәйкес келетін таратушы электр желілік компаниялардың шамалы мөлшері жүйенің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына электр энергиясын сатудың бәсекелестік моделі электр энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызмет пен электр энергиясын беру мен тарату жөніндегі қызметті қатар атқаруға заңнамалық түрде тыйым салуды көздейді. Бәсекелестік модель АҚШ-ң штаттар тобына және Австралия, Ұлыбритания, Италия, Испания, Норвегия және Ресейге тән болып келеді.

Бәсекелестік модель шеңберінде бірнеше ЭЖҰ бір өңірдегі электр энергиясының бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына электр энергиясын сатумен айналысады. ЭЖҰ электр энергиясының көтерме сауда нарығына, сонымен бірге электр таратушы желілерге де бірдей қол жеткізе алады, ал тұтынушылар, өз кезегінде ЭЖҰ таңдауға және ауыстыруға құқылы. Тұтынушыға қызмет көрсетіп келген ЭЖҰ жұмысын тоқтатқан жағдайда тұтынушы сол өңірдегі «кепілдік беретін жеткізуші» мәртебесі бар жеткізушіге ауысады.

Бәсекелестік модельдің негізгі артықшылығы электр энергиясының көтерме сауда нарығының тұтынушыларына қызмет көрсету тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады, ол келесі себептер бойынша жүреді:

1) электр энергиясының бөлшек сауда нарығының кемелділігінің артуына қарай ЭЖҰ шоғырлануы жүреді, ол ең үздік басқарушылық тәжірибелердің ауқымы мен оларды қолданудан әсерді іске асыруға байланысты ЭЖҰ үлестік шығындарын азайту, сондай-ақ электр энергиясын сатып алу кезіндегі көлем үшін жеңілдіктерді пайдалану есебінен өткізу үстемеақыларының төмендеуіне алып келеді;

2) тұтынушы үшін күрес инновациялардың дамуына және электр энергиясының бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына қызмет көрсету сапасының жақсаруына алып келеді.

Электр энергиясымен жабдықтаудың әлемдік тәжірибесін талдау шеңберінде бәсекелестік модель қолданылатын алты елдегі ЭЖҰ қызметіне талдау жасалды: Италия, Ұлыбритания, Норвегия, АҚШ (Техас штаты), Испания және Ресей. Жүргізілген талдау негізінде электр энергиясымен жабдықтау сегментінің дамуындағы үдерістер туралы бірқатар қорытындылар жасауға болады:

1) өткізу үстемеақыларын қалыптастыру жөніндегі нақтыланған регламенттер жоқ елдерде өткізу үстемеақысының мөлшері;

2) үш ірі ЭЖҰ нарықтың біршама бөлігін (Ресейді қоспағанда барлық талдау жүргізілген елдерде) бақылайды;

3) ЭЖҰ өзгертетін тұтынушылардың саны электр энергиясымен жабдықтау сегментінің дамуына қарай артады.

Электр энергиясын өндіру мен берудегі әлемдік тәжірибені талдау кезінде жеті елдегі жылумен жабдықтау жүйесін дамыту және басқару тәжірибесі қарастырылды: Польша, Литва, Латвия, Дания, Финляндия, Швеция және Ресей. Аталған елдерді таңдап алу олардың келесі критерийлер бойынша Қазақстан Республикасымен сәйкес келуіне байланысты:

1) жылу энергиясын тұтынушылардың кем дегенде 40%-ы орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосылған;

2) жылу беру маусымының ұзақтығы және жылу беру маусымы кезінде сыртқы ауа температурасы жылумен жабдықтау жүйесін ұйымдастыру кезіндегі ұқсас міндеттері шешуді қажет етеді.

Жылу энергиясын өндіру мен беру жүйесін қалыптастыру мен реформалаудың әлемдік тәжірибесіне жүргізілген талдау табыстың тоғыз негізгі факторын бөліп алуға мүмкіндік береді:

1) жылу энергиясын өндіру мен берудің ұлттық энергетикалық жүйеге интеграциялануы үшін құқықтық негіздерді, жылумен жабдықтау жүйелерін экономикалық және технологиялық оңтайландыру талаптарын белгілейтін жылумен жабдықтау туралы заң қабылдау;

2) жылу энергиясын өндіру мен беруді экономикалық және құқықтық басқару үшін жауапкершілік энергетикаға маманданатын құзыретті мемлекеттік органға жүктеледі;

3) жылу энергиясын өндіру мен беру секторынан жалпы субсидиялар біртіндеп шығарылады, олардың орнына атаулы әлеуметтік қолдау жүйесі енгізіледі;

4) жұмсалған жылу энергиясының ақысын төлеу әрбір тұтынушыда орнатылған есептеу құралдарының көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылады;

5) тариф белгілеу тұтынушылардың жылумен жабдықтау жүйесінің пайдалану және күрделі шығындарын толық төлеуіне негізделеді;

6) жылу энергиясын өндіру мен беру сегментіндегі компаниялардың тиімділігін арттыру үшін стимулдардың болуы;

7) тұтынушылардың тариф белгілеумен байланысты ақпаратқа қол жеткізуі;

8) жылу энергиясын өндіру мен беру сегментіндегі ұйымдарға оларда техникалық, қаржылық және адам ресурстарының болуын ескере отырып, рұқсаттар беріледі;

9) жылу энергиясын өндіру мен беруге салынатын инвестицияларды жоспарлау шеңберінде техникалық кеңесшілерді қатыстыра отырып, елді мекендерді жылумен жабдықтау схемалары әзірленеді.

Басқаруды орталықтандыру деңгейі дәстүрлі түрде жоғары болып келетін Дания Қазақстан Республикасының жылумен жабдықтау жүйесін дамыту үшін жақсы мысал бола алады. Төменде кешенді түрде пайдалануға Данияға жылу энергиясын өндіру мен беру сегментін дамытуда табысқа жетуге мүмкіндік берген аспектілер қарастырылатын болады.

Біріншіден, Дания Үкіметі жылу энергиясын өндіру мен беру сегментінде кешенді мемлекеттік саясатты пайдаланды. 1990 жылы саланы дамыту стратегиясы, сосын ең үздік технологиялық және басқарушылық тәжірибелерді ескере отырып, жылу энергиясын өндіру мен беру қызметінің барлық аспектілерін жете реттейтін заңнама қабылданды. Сонымен бірге, Данияның Энергетиканы басқару агенттігі түрінде бірыңғай жауапкершілік орталығы құрылып, оның өкілеттіктеріне елдегі бүкіл жылумен жабдықтау жүйесін басқару, бақылау және қадағалау кірді.

Екіншіден, тариф белгілеудің нақты және ашық қағидалары енгізілді. Көтеру жағынан алғанда тарифті қайта қарау экономикалық негізделген шығындардың көтерілуіне негізделуі тиіс, олар басқарушы бекіткен нормативтерден аспауы керек. Сегменттегі компанияның алған барлық кірісі тиімділікті арттыруға қайта инвестициялануы және бағытталуы тиіс. Барлық коммерциялық шарттар Энергетиканы басқару агенттігінің қадағалауында болады.

Үшіншіден, жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту кезінде тек озық технологиялар ғана қолданылды. Қалалардағы барлық жаңа ғимараттар орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосылуға міндетті. Газ турбиналарын ретке келтіру жолымен жұмыс істеп тұрған қазандықтар базасында электр қуаты 1 МВт-қа дейінгі шағын ЖЭО салу қолданылады. Биоотынды (жылумен жабдықтаудың жылу теңгерімінде 20%) және

өнеркәсіптік кәсіпорындардың қайталама энергия ресурстарын белсенді түрде пайдалану енгізілуде.

Төртіншіден, сектордағы компаниялардың қызметін бақылау және инвестицияларды жоспарлау белсенді пайдаланылады. Жергілікті билік жылумен жабдықтау схемаларын жасау мен олардың орындауы үшін жауап береді. Орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың 300-ге жуық компаниясы құрылды; ірі қалаларда оларға жергілік билік, шағын қалаларда – тұтынушылардың кооперативтері иелік етеді.

Нәтижесінде Данияда жылу беруге бастапқы ресурстарды үлестік тұтыну 7 жылда екі есе қысқарды. Қазіргі кезде магистральдық жылу желілеріндегі шығындар шамамен 4%, тарату желілерінде – шамамен 10% құрайды.

Генерациялаудың отын түрлеріне қарағанда ЖЭК-не электр энергиясын өндірудің өзіндік құны жоғары болғандықтан, мемлекет ЖЭК жұмыс істейтін электр энергиясын өндірушілерге қолдау көрсетуге мәжбүр. ЖЭК қолдаудың мүмкін болатын құралдарының жеткілікті ауқымды түрлерінің болуына қармастан негізгі механизмдері өтемақылық тариф (feedintariff) және ЖЭК энергиясын квоталау жүйесі (RPS – RenewablePortfolioStandards) болып табылады.

ЖЭК-де өндірілетін электр энергиясына тариф өтемақылық модель шеңберінде нақты шығындар деңгейінде ұзақ мерзімді кезеңге белгіленеді. Бұл механизм бекітілген тариф, сонымен бірге ЖЭК пайдалану арқылы алынған электр энергиясын сатудың көтерме бағасына үстемақылар түрінде болады. Бірінші түрі АҚШ бірқатар штаттарында, екіншісі – ЖЭК энергия өндірушілердің шығындарының 40 – 45% өтелетін Германия мен Испанияда кеңінен қолданылады.

Квоталау жүйесі қызмет еткен жағдайда заңнамалық түрде ЖЭК-де өндірілетін электр энергиясының көлеміне квоталар, сондай-ақ бұл электр энергиясын сатып алу жөнінде міндеттемелер белгіленеді. Сонымен бірге, ЖЭК электр энергиясын тұтынуды қанағаттандыратын «жасыл сертификаттар» жиі енгізіледі. ЖЭК электр энергиясы жеткілікті тұтынылмаған жағдайда сатып алушылар квоталармен талап етілетін көлемге қарағанда ЖЭК электр энергиясының үлкен көлемін сатып алған электр энергиясының басқа сатып алушыларынан «жасыл сертификаттарды» сатып алады. Мұндай механизм Ұлыбритания мен Швецияға тән.

Тәжірибеде бұл әдістердің қосындысы жиі кездеседі. Қосымша ЖЭК-де электр энергиясын генерациялау жөніндегі мемлекеттік саясат шеңберінде келесі құралдарды атап өтуге болады:

- 1) төмен пайыздық мөлшерлемелермен несиелер және субсидиялар;
- 2) банктің ссудалары бойынша кепілдіктер;
- 3) кіріске салынатын салықтың бір бөлігін төлеуден босату;
- 4) жабдықтың жылдамдатылған амортизациясы;
- 5) ЖЭК саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру (оның ішінде мемлекеттік гранттар беру) [54].

Тарифтерді басқарудың шетелдік тәжірибесін зерттеу кезінде маңызды сауал ретінде, электр энергияға тарифтердің деңгейі туралы мәселе болып табылады.

Әр түрлі елдерде тарифтер елеулі ерекшеленеді. Тарифтердің мөлшері бойынша абсолютті түрдегі чемпион Соломон аралдары болып табылады – онда 1 кВт\*сағ. үшін 95 АҚШ центін төлеуге тура келеді, немесе бұл 170 теңге. Бір жақсысы, орталықтандырылған бұл қызмет уақытысында берілмейді, және сондықтан адамдар электрмен жабдықтау мәселерін өздігінен шешеді – дизельдік және жел генераторларын іске қосады, сондай-ақ күн батареяларын да пайдаланады.

Екінші орында тағы бір романтикалық атауы бар аралды мемлекет Тонга – бір кВт\*сағ. үшін 50 цент (90теңге). Үшінші орынды бір атты ән бойынша барлығына белгілі есім Ямайка аралы алып отыр. Барлығы осы демалыс орындарында керемет – табиғатта, теңізде, ұлу қабыршағы бар торғайларда. Бірақ электр энергияға кеткен шоттар маз емес – 45 цент. Жаңа Каледонияда және Кук аралдарында қажет болмаса лампаны жақпайды. Біріншіден, жарыққа жыртқыш жарқанаттар немесе қанды балақ сүңгілер келуі мүмкін. Ал екіншіден, жағымсыз нәрсе шот келеді әрбір киловатт 42-ден 44 центке дейін (бір киловатт үшін 80 теңге). Американдық Самоада әлемдегі ең күйлі тұрғындары бар мемлекеттің өзінде электр энергияға кеткен тарифтерде «семіздеу» - 41 цент.

Ары қарай өнеркәсібі дамыған елдер Дания мен Германия 1 кВт\*сағ үшін 40 және 36 цент. Әрине, тауарлар мен қызметтерге деген дәстүрлі жоғары бағалар осы жерде едәуір жоғары табыстармен орнын толықтырады, бірақ сонда да бұл жерде жоғарғы табыс алатындар көп емес. Жапониядағы электр энергияны арзан деп айту қиын – 32 цент. Швейцария, Нидерланды, Испания, Финляндия мен Ұлыбритания елдерінде тарифтер бір кВт\*сағ. үшін 20 дан 28 центке дейін құбылады. Европада нарықтың көрінбейтін қолы мен еркін бәсекелестік электр энергияға деген бағалардың төмендеуіне алып келмеді. Израиль өзінің азаматтарына 18 центпен электр энергиясын ұсынады. Түркия, Черногория, Болгарияда бір кВт\*сағ. үшін 16,15, және 11 цент сәйкесінше. АҚШ-та электр энергиясы едәуір қымбат емес – не бары 12-13 цент.

Ары қарай тұрғындар мен өнеркәсіпке қымбат емес электр энергияны ұсынатын елдер жүреді.

Қытай, Индия, Египетте тарифтер бір кВт\*сағ. үшін 7,5нан 10 центке дейін. Түркменстан өткен жылы екі есе тарифті арттырды және бүгінде ол 9 центке тең. Парагвай, Вьетнам мен БАЭ тарифтері бірдей – не бары 8 цент. Лаос пен Өзбекстанда электр энергиясы 5 цент, Тәжікстан мен Венесуэлада ол бір киловатт үшін 3 центке тең. Украинада девальвация нәтижесінде гривендер екі есеге кВт\*сағ. құны доллармен есептегенде 2-3цент. Өкінішке орай, үкімет осы өкінішті жаңылысты түзетуге уәде береді және тарифті 2017 жылға қарай 3,5 есеге арттырады.

Міне, біз ең арзаншылық бойынша ең басты рекорд жасаушыларға да келдік, қосылып тұрған жарықпен, теледидармен және радиоқабылдағышпен

ұйықтауға болады. Ең арзан электр энергиясы Кувейт пен Сауд Аравияда – 1 және 1,3 цент. Ресейде электр энергиясына деген тарифтер 2,2, руб, Дагестанда – 8 руб. Осы бағаларды теңгеге шаққанда, РФ девальвация туралы ұмытпаған жөн. Егер осы алдағы курс бойынша тарифтер құбылатын болса бір квт-сағ. үшін 7,7 ден 28 тенгеге, баға рублінің құнсыздануы бір квт\*сағ. үшін 11-ден 40 тенгеге жетті. Егер Қазақстан туралы айтар болсақ онда біздің тарифтерді ұстамды деп айтуға болады. – 3 тен 11 центке дейін.

Әрине біздің табыс үшін бұл тариф жоғары деу мүмкін. Бірақ егер шынайы түрде талқыласақ, электр энергияны тасымалдау мен өзіндік құнын өндеуде еліміздегі еңбек ақы деңгейінен тәуелді болмайды. Тарифті қосымша салықтық салмақ (Германия мен Дания секілді) көмегімен арттыруға болады, немесе энергетиктердің шығындарын мемлекеттік бюджеттен төлей отырып (Кувейт пен Сауд аравиясы секілді) азайтуға болады. Әлем бойынша электр энергияны орташа бағасы азаматтардың еңбек ақысынан тәуелсіз 8 ден 20 центке дейін құбылады. Және Қазақстан тарифтер жоғарғы емес елдер тізіміне кіретіні бізді қуантады. Біздің ата бабаларымызға алғыс, олар біз үшін электр станциялар салып, электр желілерде 1000 км өткізді, және болашақ энергетиктерге осы үлкен шаруашылықты тәртіппен ұстауға мүмкіндік берді [55].

Қазіргі уақытта бүкіл әлемнің электр энергетикалық компаниялары ұзақ мерзімді даму стратегиясына өзгерістер енгізу қажеттілігімен соқтығысты. Дамушы экономика елдерінде электр энергетиканы тұтынудың артуы бірінші кезекте жаңа басты қуаттылық пен электрлі желілерді құрумен байланысты. Инфрақұрылым объектілерінің осындай күрделілігі мен құрылыс мерзімін есепке ала отырып электр энергетикалық саланың дамуы мемлекеттің ұзақ мерзімді біріккен күші мен меншікті капиталын талап етеді.

Жуырдағы уақытқа дейін осы модель электр энергияға тарифтерді орната отырып мемлекет реттелетін орган ролінде қатысатынын болжады, ал меншікті капитал құрылыспен және электр энергетикалық нысандарды пайдаланумен айналысады және мемлекетпен орнатылған тарифтер түрінде инвестицияларға қайтарым алады. Өкінішке орай, соңғы 10-15 жылда болған әлемдік экономикадағы өзгерістер электр энергетикалық компаниялық қызмет ететін экономикалық ортаны толғымен өзгертті.

Әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік басқаруды төмендетуге бағытталған, нарықтық сегменттерді қалыптастырудағы бағалар сұраныс пен ұсыныс негізінде орнатылады, бірақ реттелмейді, және бәсекелестікті арттыру – ойыншылардың санын арттыру есебінен болатын электр энергетикалық салаларды либерализациялау арқылы жүзеге асырылды. Бұл сөзсіз меншікті капитал саласына тарту үшін алғышарттар құруға мүмкіндік берді, бірақ сол уақытта белгісіздікті арттырды (яғни тәуекелділікті) сәйкесінше күтілетін табыстың болашақ деңгейіне сәйкес. Осыған орай электроэнергетикалық компаниялар тиімділікті арттыру мен операциялық шығындарды төмендетуге күресулері қажет. Тез өсетін экономикасы бар елдер (Қытай, Индия, Бразилия мен Ресей) олардың электр энергетикалық секторларының дамуына инвестициялар үшін керемет мүмкіндікті ұсынады. Бірақ атом

станцияларындағы Жапониядағы «Фукусима-1» апатынан кейін әлемдегі электр энергияға деген сұранысты қанағаттандыру үшін электр станцияның қандай түрлері құру керектігі туралы сауал туындайды.

Әртүрлі елдер түрлі шешімдер табуға тырысады. Германия мен Швейцария альтернативті деректемелер есебінен өндірілетін электр энергия үлесін арттыра отырып атом станцияларын пайдаланудан бас тартуға тырысады. АҚШ, Франция мен Ресей өте қауіпсіз жаңа АЭС құру кезінде жолдың табылатынын айқын көруде. Сондай-ақ газ бен көмірде жұмыс жасайтын станциялар санының артуы мүмкін емес, өйткені бұл (CO<sub>2</sub>)көмірқышқыл газы қалдықтарының өсуіне алып келеді.

Әлемдік қаржы дағдарысы электр энергетикалық салаға маңызды әсерін тигізді. Бәрінен бұрын ол ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін капиталды тарту бойынша электр энергетикалық компаниялардың мүмкіндіктерін шектеді. Екіншіден, әлемдік экономика мен жеке елдер экономикасының әлемдік өсу қарқындарына сәйкесінше белгісіздікті арттырды, демек электр энергияға деген сұраныстың күтілетін өсу қарқынын көрсетеді. Осылайша, тәуекелділік деңгейі өсті.

Қазіргі уақытта электр энергетикалық компаниялар күн тәртібінде өте маңызды тақырыптармен шықты, бұл сауалдар жаңа басты қуаттылықты құру, капиталды тарту, тәуекелді басқару, операциялық шығындарды төмендету, энерготімділікті арттыру болып табылады.

Электр энергетикалық компаниялар осы сауалдарды өздерінің болашақта даму стратегиясында міндетті түрде ескерулері қажет, сондай-ақ біртіндеп өзгертілген экономикалық ортада табысты түрде бәсекелестік жасауға мүмкіндік беретін жаңа стратегиялар жасаулары тиіс [56].

## **2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ПРАКТИКАСЫ**

### **2.1 Қазақстан электр энергетикасы басқару объектісі ретінде және оның ұйымдық құрылымы**

Электр энергетикасы базалық салалардың бірі бола отырып, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік саласында маңызды рөл атқарады. Сондықтан электр энергетикалық сала Қазақстан экономикасының басым секторларының бірі ретінде белгіленген.

Батыс өңірден басқа барлық электр энергетикалық нысандар 220-1150 кВ кернеудегі ұлттық энергетикалық желімен Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне біріктірілген. 6 кВ және одан жоғары кернеудегі желілердің жалпы ұзындығы 325 мың км, оның ішінде 220-500-1150 кВ желілердің ұзындығы – 24,4 мың км құрайды.

Қазақстанның БЭЖ Ресей Федерациясының және Орталық Азия елдерінің энергетикалық жүйелерімен қарама-қарсы режимде жұмыс істейді, бұл тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігіне ықпал етеді, сонымен қатар электр энергиясының мемлекетаралық сауда-саттығы үшін технологиялық негіз құрайды [57].

Электр энергетикасы - энергетиканың басты құрастырушысы, оның басты міндеті - электр энергиясының тұтынушыларын электрлік энергиямен жабдықтау үшін электр энергиясын тиімді жолмен өндіру, тарату және үлестіру. Бұл сала кез келген елдің әлеуметтік және экономикалық дамуының маңызды бөлігі, себебі электр энергиясының энергияның басқа тасымалдаушыларынан көрі бірқатар ерекшеліктері бар: үлкен қашықтыққа таратудың, тұтынушылар арасында үлестірудің және энергияның басқа түрлеріне (механикалық, жылулық, химиялық, жарықтық және басқа да...) түрлендірудің салыстырмалы жеңілдігі. Электр энергияның маңызды өзгешілігі – оны бір уақытта өндіріп, сол уақытта тұтынуға болатындығында.

Халық шаруашылығының экономикалық дамуындағы маңызды компоненттердің бірі экологиялық қауіпсіздікпен ерекшеленуі тиіс, электр энергетикалық кешеннің жұмыс жасау перспективалары мен жағдайы болып табылады. Нарықтық экономикаға көшу жылдарында Қазақстанның экономикалық потенциалының төмендеуі электр энергетикалық саланың жағдайының нашарлауымен байланысты болды [58].

Қазақстан энергетикалық ресурстардың ірі қорларына (мұнай, газ, көмір, уран) ие және энергия тасымалдағыштардың табиғи қорларын сату есебінен күн көретін шикізатты ел болып табылады (экспорттың 80% - шикізат, ал өнеркәсіптік экспорттың үлесі жыл сайын қысқарып келеді) 2010 жылға дейін Қазақстан электр энергиясының нетто-экспорттаушысы болды, ал 2010 жылдан кейін нетто-импорттаушы болып табылады, яғни электр энергиясын өндіруге қарағанда оны көбірек тұтынады. Қазақстанның солтүстігі кеңес уақытында салынған Екібастұз МАЭС-1 өндірілетін электр энергиясын Ресейге экспорттайды, ал оңтүстігі оны Қырғызстан мен Өзбекстаннан сатып алады.




Қазақстанның барлық электр станцияларының жиынтық белгіленген қуаты 20 мың МВт, ал нақты қуаты – 15 мың МВт құрайды. Қазақстан жылына 91,9 млрд. кВт/сағат электр энергиясын өндіреді (2013жылдың мәліметтері, Ресейде 1045 млрд. кВт/сағат, және АҚШ-та 4058 млрд. кВт/сағат, ал 5320 млрд. кВт-сағат – Қытайда), яғни Қазақстанның электрмен жарактануы Ресейдегі 6,7, АҚШ – 14, ҚХР – 3,5 қарағанда жылына 4,0 МВтсағат/адамды құрайды. Өкінішке орай, көптеген электр энергиясын өндіру белгіленген қуат деңгейіне жетпейді. 2012 жылы ғана Қазақстан 1991 жылғы электр энергиясын өндіру деңгейіне (87,4 млрд. кВт/сағатқа) жетті.

Электр станцияларының түрлері бойынша өндіру келесілерге бөлінеді:

ЖЭС (жылу электр станциялары) – 87,7 %, оның ішінде:

- КЭС (конденсациялық электр станциялары) – 48,9 %;
- ЖЭО (жылу электр орталықтары) – 36,6 %;
- ГТЭС (газ-турбиналық электр станциялары) – 2,3 %;
- ГЭС (гидроэлектр станциялары) – 12,3 %.

Қазақстанда электр энергиясының шамамен 73,1 % көмірден, 8,1 % – гидроресурстардан, 18,2 % – газдан өндіріледі. Осылайша, электр станцияларының төрт негізгі түрі электр энергиясының 99,8% өндіреді, ал баламалы энергия көздеріне 0,6% кем мөлшері келеді (4-сурет).



Сурет 4 – Генерациялық энергия көздерінің отынның түрлері бойынша үлесі көрсетілген

Ескерту - ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша [59]

Электр станциялары ұлттық маңыздағы электр станцияларына, өнеркәсіптік маңызы бар электр станциялары және өңірлік маңызы бар электр станцияларына бөлінеді.

Ұлттық маңыздағы электр станцияларына электр энергиясын өндіруді және Қазақстан Республикасының электр энергетикасының көтерме сауда нарығында сатуды жүзеге асыратын ірі жылу электр станциялары:

- «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС;
- «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ;
- «Евроазиялық Энергетикалық Корпорация» АҚ (Ақсу МАЭС);
- «Қазақмыс Корпорациясы» МАЭС ЖШС;
- «Жамбыл МАЭС» АҚ, сонымен қатар қосымша және ҚР БЭЖ жүктеме кестесін басқару үшін пайдаланылатын үлкен қуаттағы гидравликалық электр станциялары жатады:

- «Казцинк» АҚ Бұқтырма ГЭК,
- «AES Усть-Каменогорская ГЭС» ЖШС,
- «AES Шульбинская ГЭС» ЖШС.

Өнеркәсіптік мақсаттағы электр станцияларына ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жақын орналасқан елді мекендерді электр және жылумен жабдықтауға арналған электр және жылу энергиясын аралас түрде өндіретін ЖЭО жатады:

- «Қарағанды-Жылу» ЖШС ЖЭО-3;
- «Арселор Миттал Теміртау» АҚ ЖЭО ПВС, ЖЭО-2;
- Рудный ЖЭО («ССГПО» АҚ);
- «Қазақмыс» Корпорациясы ЖШС Балқаш ЖЭО, Жезқазған ЖЭО;
- «Қазақстан алюминийі» АҚ Павлодар ЖЭО-1;
- Шымкент ЖЭО-1,2 («Южполиметал» АҚ) және басқалар.

Өңірлік маңызы бар электр станциялары – бұл өңірлік электр желілік компаниялардың және энергия беруші ұйымдардың желілері арқылы электр энергиясын өткізуді, сондай-ақ жақын орналасқан қалаларды жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын ЖЭО.

Қазақстан электр станцияларының белгіленген жиынтық қуаты 20 млн кВт құрайды. Қуаттар құрылымында 88% ЖЭО-на келеді, 12% - ГЭС және 1% кем мөлшері – генерацияның өзге түрлеріне келеді. Барлығы 63 электр станциясы пайдаланылады.

ҚР Энергетика министрігінің мәліметтері бойынша Қазақстан электр энергетикасының негізін ірі МАЭС құрайды:

- Екібастұз МАЭС-1 – 4 млн. кВт;
- Ақсу МАЭС – 2,1 млн. кВт;
- Жамбыл МАЭС – 1,2 млн. кВт;
- Екібастұз МАЭС-2 – 1 млн. кВт.

Ертіс өзеніне Бұқтырма ГЭС-і салынған – 0,7 млн кВт, Өскемен ГЭС-і – 0,3 млн кВт және Шүлбі ГЭС-і – 0,7 млн кВт. Өзенде Қапшағай ГЭС-і салынған – 0,4 млн кВт.


Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды және жақын орналасқан елді мекендерді жылумен және электрмен жабдықтауды жүзеге асыратын ірі ЖЭО қатарына: Павлодар ЖЭО, Шымкент ЖЭО, Балқаш ЖЭО, Рудный ЖЭО және басқалар жатады.

Жуық уақытта ірі жаңа жобалармен енгізу жоспарланып отырғандар:  
- Шарын өзеніндегі Мойнақ ГЭС-і (2011 жылы іске қосу жоспарланып отыр, қуаты 0,3 млн. кВт құрайды),

- Балқаш ЖЭО (2013 жылы іске қосу жоспарланған, бірінші кезеңдегі қуаты – 1,3 млн. кВт, 2016 жылға қарай – 2,6 млн. кВт).


1973 бастап 1999 жылға дейін Маңғышлақтағы Маңғыстау атом-энергетикалық кешені қызмет етті (бұрынғы *Шевченко АЭС*), қуаты 52 мың кВт (жабылу сәтінде). Өндірілетін электр энергиясы теңіз суын тұщыландыру үшін пайдаланылды. 2013 жылы Қазақстанда 91,9 млрд кВт/сағат электр энергиясы өндірілді. Электр энергиясын өндіру құрылымында ЖЭО үлесі 91%, ГЭС – 9%, ЖЭК – 0,5% аз мөлшерде құрады.

Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға сәйкес электр энергиясы өндірісінің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 2015 жылға қарай 1% асуы тиіс. Қазақстандағы электр энергиясының өндірісі 2010 жылы 83,8 млрд кВт/сағат құрады, бұл ретте өнеркәсіптің үлесі 85,3%, халық – 11,9%, көліктің үлесі – 2,5% жетті. 2010 жылы Қазақстан 6,2 млрд. кВт/сағат электр энергиясын, оның ішінде 4,6 млрд кВт/сағатты Ресейден және 1,6 млрд кВт/сағатты – Қырғызстаннан импорттады. Электр энергиясы Ресейден Батыс Қазақстанның тұтынушыларына, Қырғызстаннан – еліміздің оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларына жеткізіледі.



Сурет 5- Қазақстандағы электр энергиясын өндіру көрсетілген

Ескерту - ҚР Энергетика министрігінің мәліметтері бойынша [59]



Сурет 6 - Қазақстанда электр энергиясын жылдар бойынша тұтынуды\*,  
(млрд. кВт/сағ) көруге болады

Ескерту - ҚР Энергетика министрігінің мәліметтері бойынша [59]

Кесте 1 - Қазақстанға жылдар бойынша электр энергиясын импорттау\*,  
(млрд.кВт/сағат)

2005	2006	2007	2008	2009	2010*
3,5	4,0	3,4	2,8	1,7	6,2
* – Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша					

2010 жылы Қазақстаннан электр энергиясын экспорттау алдын ала мәліметтер бойынша 4,7 млрд кВт/сағатты құрады.

Кесте 2 – Қазақстаннан жылдар бойынша электр энергиясын экспорттау\*,  
(млрд.кВт/сағат)

2005	2006	2007	2008	2009	2010*
3,6	3,7	3,3	2,5	2,4	4,7
* – Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша					

Электр энергиясының тұтынушылары:

**өнеркәсіп – 68,7 %;**

**үй шаруашылықтары – 9,3 %;**

**қызмет көрсету секторы – 8 %;**

**көлік – 5,6 %;**

**ауыл шаруашылығы – 1,2 %.**

Өндірушілердің бір жерде шоғырлануына және тұтынушылардың басқа жерде болуына, сонымен қатар ең жоғарғы тұтытуда үлкен айырмашылықтың болуына байланысты электр энергиясын пайдалану тиімділігі көбіне Қазақстанда тіптен жеткілікті және біркелкі дамымаған электр энергиясын беру

жүйесінің тиімділігіне байланысты болады. ЭБЖ көп бөлігі кеңес уақытында салынған және 75%-ға жуығы тозған (тоғ басудан омиялық кедергінің ұлғаюы, электр оқшаулаудың нашарлауы және т.б.).

Қазақстан Республикасындағы ортақ пайдаланымдағы электр желілерінің жалпы ұзындығы:

1150 кВ кернеудегі желілер – 1,4 мың км (қазіргі уақытта 500 кВ кернеуде пайдаланылады);

**500** кВ кернеудегі желілер – 5,5 мың км астам;

**220** кВ кернеудегі желілер – 20,2 мың км астам;

**110** кВ кернеудегі желілер – 44,5 мың км жуық;

**35** кВ кернеудегі желілер – 62 мың км астам;

**6–10** кВ кернеудегі желілер – 204 мыңға жуық мөлшерді құрайды.

Электр энергиясын беру және тарату кезінде үлкен шығындар бар – 21,5 %, ал ауылдық желілер үшін кәдімгі деңгейі 25 - 50% шығын болып табылады.

Қазақстанның электр беру желілері мен тарату желілері 3 бөлікке бөлінген: екеуі солтүстікте және біреуі оңтүстікте, олардың әрқайсысы қандай да бір сыртқы энергетикалық жүйемен (солтүстікте Ресейдің бірыңғай энергетикалық жүйесімен және оңтүстікте Орталық Азияның Бірлескен энергетикалық жүйесімен) байланысқан. Бұл жүйелер өзара тек бір ғана желімен байланысады. Қазіргі уақытта Солтүстік және Оңтүстік энергетикалық жүйелерді байланыстыратын екінші желінің құрылысы жүргізілуде және Батыс энергетикалық жүйесін Солтүстікпен байланыстыратын желінің құрылысын салу мүмкіндігі қарастырылуда.

Қазақстан үшін барынша тиімдісі электр желілерінің мемлекеттік жүйесінің инфрақұрылымын кеңейту, жаңғырту және түбегейлі жақсарту болып табылады, ол барлық тұтынушылар үшін арзан және тұрақты электр энергиясына қол жетімділікті және көмір мен гидроэлектр станцияларының қуатын толық пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның негізгі энергетикалық компаниялары:

- Маңғыстау Атом-Энергетикалық комбинаты – генерациялаушы компания Ақтау, энергиямен жабдықтаушы ұйым Маңғыстау облысы;

- Самұрық-Энерго – мемлекеттік энерго холдинг;

- КЕГОС – желілердің ұлттық операторы;

- Алатау Жарық Компаниясы – Алматының таратушы электр желілік компаниясы;

- Алматы ЭнергоСбыт – Алматының энергиямен жабдықтаушы ұйымы;

- Алматы ЭлектрСтанциялары – Алматының генерациялаушы компаниясы;

- Ақтөбе ЖЭО – Ақтөбенің генерациялаушы компаниясы;

- Астана ЭнергоСбыт – Астананың энергиямен жабдықтаушы ұйымы;

- Атырау Жарық – Атыраудың таратушы электр желілік компаниясы;

- Уран Энерго – желілік компания болып табылады.

Қазақстанның негізгі ЭБЖ және олардың шетелдік желілермен байланысы

Қазақстанда электр энергиясының 72% Екібастұз, Майкұба, Торғай және Қарағанды бассейндерінің көмірімен жұмыс істейтін 37 жылу электр станциялары өндіреді. Қазақстанда салынғандарының ішінде ең ірісі – Екібастұздың МАЭС-1 – жергілікті көмір разрездерінің қоңыр көмірімен жұмыс істейтін әрқайсысының қуаты 500 МВт болатын 8 энергоблок, алайда, қазіргі уақытта станцияның қазіргі бар қуаты 2250 МВт құрайды. Ақсу (Ермаков) МАЭС электр энергиясын барынша көп өндіреді. 2006 жылы бұл станция Қазақстанда өндірілген барлық электр энергиясының 16 % өндірген. Осылайша, қолда бар қуат ресурсы тек қана 55%-ға пайдаланылады. Толық пайдалануға екі негізгі фактор кедергі жасайды: көмір өндірісінің төменгі деңгейі және электр энергиясы елдің барлық аумағына тиімді жеткізілмейтін ЭБЖ қазақстандық инфрақұрылымының дамымауы. Бұл электр энергиясының айтарлықтай бөлігі кеңес уақытында салынған ЭБЖ арқылы Ресейге экспортталатын жағдайдың орын алуына алып келді.

Өкінішке орай, көмір энергетикасы табиғи ортаның негізгі ластануына алып келеді. Екібастұзда минералдық заттардың мөлшері жоғары, 30% асатын қоңыр көмір пайдаланылатындықтан көмір жылу электр станцияларының шығындыларының шлейфі барлық солтүстік-шығыс Қазақстанға, Сібір мен Моңғолияға тарайды. Бұл минералдық заттардың ішінде экологиялық жағынан зиянды, улы заттар көп.

Баламалы технология көмірді жерасты газдандыру болып табылады, ол:

- жерасты (шахталық және карьерлік) жұмыстарды, демек шахтерлердің арасында жарақат алу мен зардап шегушілерді болдырмауға;
- көмір кенорнын барынша толық өңдеуге;
- көмір кенорындарын ашуға жұмсалатын қаражатты айтарлықтай аз жұмсауға;
- ашу жеріндегі табиғи ландшафтың бұзылмаған қалпында сақтауға;
- табиғи ортаны көмірдің жану өнімдерінің ластануынан сақтауға;
- химия өнеркәсібі үшін бағалы шикізат алуға мүмкіндік береді.

Көмірді газдандырудың кешенді технологиясы ұңғымалар арқылы көмір пластын жағудан, көмір пласты қызған кезде қалыптасатын жанатын газды шығарудан, одан конденсациялау арқылы бағалы органикалық заттарды бөліп алудан және жылу газ электр станциясында электр энергиясын алу үшін газды пайдаланудан тұрады.

Қазақстанда біршама гидроресурстар бар, теория жүзінде еліміздегі барлық гидроресурстардың қуаты жылына 170 млрд. кВт/сағат құрайды, яғни гидроэнергетикалық ресурстардың тек шамалы бөлігі ғана қазіргі уақытта пайдаланылады.

Негізгі өзендер: Ертіс, Іле және Сырдария. Экономикалық тиімді гидроресурстар негізінен елдің шығысында (таулы Алтай) және оңтүстігінде шоғырланған. Ірі ГЭС: ел қажеттілігінің 10 % қамтамасыз ететін Бұқтырма, Шүлбі, Өскемен (Ертіс өзенінде) және Қапшағай.

Қазақстанда орта мерзімдік кезеңде гидроресурстарды пайдалану мөлшерін арттыру жоспарланып отыр. Мойнақ ГЭС (300 МВт) құрылысы

жүргізілуде, Бұлақ ГЭС (78 МВт), Кербұлақ ГЭС (50 МВт) және бірқатар шағын ГЭС жоспарланған.

Өкінішке орай, гидроэлектр станцияларын салу көбіне табиғи ортаны бұзумен байланысты: айналымнан көптеген ауылшаруашылығы және қорық жерлері алынады, балықтардың уылдырық шашуы және барлық өзен экологиясы бұзылады, ЭБЖ құрылысы үшін ормандар құртылуда.

Қазақстанда мұнаймен бірге өндірілетін ілеспе газдың біршама ресурстары бар. Оны жағу елдегі электр энергиясының 10% дейінгі мөлшерін беріп, Қазақстанның батысындағы оның негізгі бөлігін құрайды.

Газбен жұмыс істейтін электр станциялары жоғары экологиялық болғанына қарамастан, химия өнеркәсібі үшін осындай бағалы өнімді жағу тіптен тиімсіз және осындай жағуды банктік ассигнацияларды отын ретінде пайдаланумен теңестірген ұлы химик Д.И. Менделеевтің айтқан сөзіне сәйкес келеді.

Бір өкініштісі, Қазақстан өзінің мұнайының үлкен бөлігін шикізат түрінде экспорттайды. Бұл көп шығындардың орын алуына алып келеді:

- болашақта болатын бағадан кем дегенде бір есе төмен бағамен шетелге сатыла отырып, іс жүзінде болашақ ұрпақ меншігінен айырылады;

- қайта өңдеудің болмауына байланысты Қазақстандағы мұнайдың негізгі бөлігінде дайын қымбат крекинг өнімдерін сатудан алынатын пайда жоғалады;

- мұнайды айдау өнімдерінің базасында өзіндік мұнай химиясының даму мүмкіндігі жоғалады;

- Қазақстанда өндірілетін электр энергиясының кем дегенде 5% құрайтын мазут және мұнай шламдық электр энергетикасын дамыту мүмкіндігі жоғалады, мысалға, АҚШ-та энергетика секторы негізгі болып табылады. Нәтижесінде АҚШ-та өте арзан электр энергиясы бар және халықтың жан басына есептегенде оның әлемдік ең төменгі мөлшері бар.

Баламалы ыждағатты және экологиялық шешім крекинг – мұнай фракцияларын барынша қымбат және пайдалануға дайын мұнай өнімдеріне, және химия өнеркәсібіне арналған заттарға бөлудің көмегімен мұнай айдау зауыттарын салу, ал энергетика үшін – қоңыр көмірге қарағанда арзан және барынша экологиялық отын – мазут өндірісі болуы мүмкін[60].

Атом энергетикасына тартылған инвестициялар электр энергия өндірісінің басқа да салаларына тән сияқты, егер мына екі шарт орындалған кезде ғана экономикалық тұрғыдан мойындалған: өндірістің ең арзан альтернативті тәсіліне қарағанда киловатт-сағат құны – көп емес, және электр энергияда күтілетін тұтынушылық өндірілген энергия оның өзіндік құнын арттыра алатын бағамен сатыла алатындай едәуір жоғары. 1970 жылдары әлемдік экономикалық кезеңде атомдық энергетика үшін өте қолайлы болды: электр энергияға тұтыну қалай тез өссе, солай көмір мен мұнайға, яғни жанудың негізгі түрлеріне бағалар да тез артты. Атомдық электр станция құрылысының құнына байланысты мамандардың көзі ол баға тұрақты және тіпті төмендей бастайтынына көздерін жеткізді. Бірақ 1980 жылдары бұл бағалаулар қате екені анық болды: электр энергияға деген сұраныстың өсуі төмендетілді, табиғи

отынға деген бағалар артпақ түгелі төмендей бастады, ал атом электр станциясы құрылысы пессимистикалық болжаммен ойлағаннан да едәуір қымбаттырақ болды. Нәтижесінде атом энергетикасы маңызды экономикалық қиындықтар сызығына енді, сондай-ақ едәуір маңыздылары ол пайда болған және дамыған елде АҚШ-та да болды[61].

Қазақстандағы жалғыз атом электр станциясы 350 МВт қуаттағы жылдам нейтрондармен жұмыс істейтін реакторы бар Ақтау қаласында орналасты. АЭС 1973–1999 жылдары жұмыс істеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда атом энергиясы елде уранның қоры 469 мың тоннаға бағалануына қарамастан пайдаланылмайды. Негізгі кен орындары батыста Маңғыстауда, Қазақстанның шығыс бөлігінде және Шу мен Сырдария өзендерінің арасында орналасқан. Қазір Балқаш көлінің маңында қуаты 1900 МВт жаңа атом электр станциясын салу мәселесі қарастырылуда. Сарапшы – сейсмологтардың пікірінше бұл жер жоғары сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан, мұны 1979 жылы Бақанаста болған  $M_s=6$  магнитудағы жер сілкінісі көрсетті. Жобаның өзі "мұралық-мүдделік қолдау" болып табылады, себебі импульстік жұмысқа, яғни лазерлік ПРО жүйесінің қысқа уақыттық іске қосуларына арналған «Сарышаған-Приозерск» ПРО полигоны үшін кеңес кезінде әзірленген әскери АЭС мұра ретінде қалған, яғни азаматтық қажеттіліктер үшін тіптен жарамсыз, бірақ қазіргі уақытта әзірленіп, сатуға дайын болғандықтан РФ Атоммашы мүдделік қолдау көрсетіп отыр.

Атом энергетикасы, оны пайдалану бойынша барлық ағымдағы шағын артықшылықтар мүмкін болатын және Чернобыль апаты және Фукусима апаты секілді нақты туындап жатқан апаттардан болатын залалдан жабылатын, апаттық түрдегі қауіптілігі жоғары энергия көзі болып табылады[60].

«Жасыл» энергетика аясында энергия тапшылығынан құтылу үшін – жаңару энергиясын қалыптастыру керектігі туындауда. Мұны әр өңір жер жағдайына қарай жүзеге асыруына болады. Айталық, Испания, Дания мемлекеттері жел генераторлары барлық тұтынатын электр қуатының 20 пайызын, ал Германия 10 пайызын өндіруге қол жеткізіпті. Бұл істе соңғы жылдары көршіміз Қытай мемлекеті көш бастап келеді. Бүкіләлемдік жел энергиясы ассоциациясының (БЖЕА) мәліметіне сүйенсек, 2011 жылы әлемдегі барлық жел энергиясының жалпы қуаты 237 гигаватты құрапты. Бұл 280 ядролық реакторы қуатының көлеміне тең келетін көрінеді. Әлемде 380 ядролық реактор жұмыс істеп тұрғанын білеміз. БЖЕА болжамы 2020 жылға қарай жел генераторларының жалпы қуаты 4 есеге өсіп, 1 мың гигаватт электр өндіретін болады. Міне, осындай жұмыстар біздің облыста да қолға алынып, оның алғашқы нәтижелері өз жемісін бере бастады. Соның бір дәлелі, Қазақстанда алғаш рет іске қосылған Райымбек ауданындағы Мойнақ гидро электр станциясы дер едім.

Қазақстан күн және жел энергетикасын дамытуға қолайлы елдердің бірі болып табылады. Жел энергетикасының тиімділі еуропалық одақ елдерімен салыстырғанда екі есе тиімді. Күн энергетикасы жөнінен әлемнің ең үздік аймақтарымен теңдесе алады. Жасыл энергетикаға көшу тиімділігінің бірнеше



факторы бар. Халықаралық сараптама бойынша, жасыл жобаларға салынған инвестицияның 2/3-і өзін-өзі ақтаса, 1/3-і бес жыл көлемінде шығынсыз деңгейге қол жеткізеді. Энергия тиімділігінің артуына қарай инвестицияның тиімділігі 50 пайызды құрайды, оның өзін-өзі ақтау мерзімі екі жылға созылады. «Жасыл» энергетикаға салынған инвестиция активтердің жылдам өсіп келе жатқан санатына кіреді. Мысалы, жаңғыртпалы энергия көздеріне салынған халықаралық инвестициялар көлемі жағынан қазба байлықтары инвестицияларының көлеміне жақындайды.

Табиғи кеніш көздері сарқылып, қоршаған ортаның ластануынан адам денсаулығының нашарлауы күрт өсті. Бүкіл әлемдік қауымдастық осыған алаңдаулы. Жасыл энергетика бұл күрделі сұрақтардың басты шешімі болып табылады. Оны дамыту арқылы зиянды қалдықтардың ауаға таралуын қысқарту, табиғи қорларды үнемдеп тұтыну, энергия тиімділігін арттыруға қол жеткіземіз. Жаңа экономиканың стратегиясы табиғи технологиялардың дамуына инвестицияларды тартып, ел экономикасын жаңа белеске жеткізеді. Экологияға бағытталған жасыл энергетиканың жарқын болашағы бар[62].

Қазақстанда күн энергиясын пайдалану шамалы, бұл ретте күн жарығының жылдық ұзақтығы жылына 2200 – 3000 сағатты, ал орташа қуаты 130 – 180 Вт/м<sup>2</sup> құрайды.

Мұндай жағдай төмендегі мән-жайлармен байланысты

- Қазақстанда электр энергиясы мен энергия тасымалдағыштардың құны салыстырмалы түрде төмен болуы, сондықтан күн электр станцияларының жылу және дизель электр станцияларымен бәсекелестікке түсуі қиын;
- Қазақстанда күн элементтері мен батареяларының өзіндік өндірісі жоқ,
- мемлекет тарапынан бұл саланың дамуына нақты көмек көрсетілмейді.

Академиялық топтардың, атомшылар мен мұнай өнеркәсіпшілерінің тарапынан айтарлықтай кедергінің болуына қарамастан Қазақстанда, сонымен бірге басқа да елдерде эфир энергетикасы саласында, яғни энергияны ғарыш эфирінен алу саласында зерттеулер жүргізілуде. Кавитацияны және ұқсас физикалық құбылыстарды пайдалану арқылы суық ядролық реакцияларды іске асырудың табысты іске асырылған мысалдары бар. Казмеханобр ҒЗИ-нан алматылық конструктор Н.В. Рыжовтың әзірлемесі осындай мысалдардың бірі болып табылады.

Ресейлік ҒЗИ қызметкерлері Рошиннің және Годиннің жоғары температуралы қондырғысы эфирден энергияны тиімді өндірудің мысалы болып табылады.

Фарадейдің полярлық емес машинасының базасында эфирлік электр генераторының классикалық әзірлемесі Брюс де-Пальманың әзірлемесі және басқалар эфирлік электр генераторлар болып табылады.

Жел, күн және эфир энергетикасы мінсіз экологиялық энергия көздері болып табылады, себебі табиғи ортаны мүлдем ластанмайды. Сонымен бірге, дұрыс ұйымдастыра білген жағдайда күн электр станциялары оңтүстікте аридтік қайта инсоляциялау жағдайында жер бетінің инсоляциялық тепе-

теңдігін жақсарта алады, және осылайша жерлерді ауыл шаруашылығында барынша тиімі пайдалану үшін микроклимат тудырады.

Эфир энергетикасы шектеусіз ресурстарға ие және антиэнтропиялық, түбегейлі жақсартылған микроклиматтық параметрлер болып табылады.

Электр энергиясын шамадан тыс алысқа беру технологиясы енгізілген жағдайда белгіленген қуатты қазіргі белгіленген 50%-дан 95%-ға дейін пайдалану коэффициенті артып, тәуліктік қайта бөлумен және Ресейдің Сібір мен еуропалық бөлігіне қайта экспорттау, сонымен қатар қуатты маусымдық белдеулік қайта бөлу арқылы ең жоғарғы жүктемені толық жауып отыруға болады. Жалпы алғанда, бұл электр энергиясын өндіруді сол белгіленген қуат кезінде екі есеге арттыруға, ең көп пайдалану уақытында электр энергиясының құнын төмендетуге және түнгі уақытта электр энергиясын өндірудің кірістілігін арттыруға, сондай-ақ энергияны қажетсінетін өндірістерді шоғырландуруға қойылған шектеулерді алып тастауға мүмкіндік береді [60].

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-ІІ «Электр энергетикасы туралы» Заңына (2006 жылғы 05 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) сәйкес электр энергиясы нарығы көтерме және бөлшек сауда нарығынан тұрады.

Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (БЭЖ) ұйымдық-технологиялық құрылымы бойынша функциялары заңнамалық түрде белгіленген экономикалық тәуелсіз бірліктерден құралған құрылым болып табылады.

1. Ұлттық электр энергетикалық жүйе ҰЭЖ (KEGOC ААҚ), 220-500-1150 кВ жүйе құраушы (мемлекетаралық және жүйеаралық) электр желілерінің, ірі тұтынушылардың электр желілерінің, ЖЭО және ГЭС қуат беру желілерінің базасында құрылған. KEGOC электр желілері қуатты өндірушілердің, өңірлік электр желілік компаниялар мен ірі тұтынушылардың арасындағы байланыстырушы буын болып табылады, республиканың түрлі меншік нысанындағы энергетикалық кәсіпорындарын Бірыңғай электр энергетикалық жүйеге біріктіреді.

2. 110 кВ және одан төмен тарату желілерін ұстайтын өңірлік электр желілік компаниялар (ӨЭК) өңірлік деңгейде электр энергиясын беру функцияларын атқарады.

3. Электр энергиясын өндірушілер – акционерлік қоғамдар түріндегі тәуелсіз немесе ірі өнеркәсіптік тұтынушылармен интеграцияланған электр станциялары.

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің хабарлауы бойынша республикада 60 электр станциясы (өндіруші) қызмет етеді, оның ішінде 8 электр станциясының ұлттық маңызы бар, 52 өңірлік электр станциясы, 22 өңірлік электр желілік компания (ӨЭК).

16 ӨЭК мүліктік кешендері жеке меншікте. Инвестициялық міндеттемелермен 2 ӨЭК – Шығыс Қазақстан – АҚ – «ШҚ ӨЭК», Семей – «ШҚ ӨЭК» АҚ Семей қалалық филиалы жеке компанияларға сенімгерлік басқаруға берілген.

4 ӨӘК мемлекеттік меншікте қалған, оның ішінде: АО «Маңғыстау ӨӘК» АҚ – акциялардың мемлекеттік пакетінің 93,78% «Самұрық Холдингі» АҚ берілген, «Батыс Қазақстан ӨӘК» АҚ- акциялардың мемлекеттік пакетінің 100% Батыс Қазақстан облысы Әкімінің сенімгерлік басқаруында. Коммуналдық меншікте: «Қалалық электр желілері» АҚ – Астана қаласының электр желілері, «Костанайюжэлектросервис» МКК (бұрынғы «Оңтүстік электр желілері» АҚ бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі № 384 «Электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы туралы» қаулысына сәйкес стратегиялық болып табылатын республиканың электр энергетикасын дамыту бағдарламасын іске асыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, және жылдар бойынша төрт кезеңнен тұрады:

- бағдарламаның I кезеңі - 1999-2005 жылдар;
- бағдарламаның II кезеңі - 2006-2010 жылдар;
- бағдарламаның III кезеңі - 2011-2015 жылдар;
- бағалау - 2016-2030 жылдар.

Саланы дамыту бағдарламасын іске асырудың бірінші кезеңінде мыналар жүзеге асырылды:

- Қазақстанда екі деңгейден – электр энергиясының көтерме сауда нарығы (орталықтандырылмаған сауда) және бөлшек сауда нарығынан тұратын электр энергиясының нарығы құрылды және қызмет етеді;

- экономикалық жағынан тәуелсіз құрылымдардан тұратын басқарудың жаңа ұйымдық құрылымы жасалды;

- электр энергетикалық саланы қайта жаңғырту жүргізілді: энергия көздерінің 80% жекешелендірілді немесе басқаруға берілді;

- электр энергиясының жалпыға қол жетімді бәсекелес нарығы ұйымдастырылды;

- электр энергетикасы нарығын әрі қарай дамыту бағдарламасы белгіленді.

Электр энергетикасы саласын дамыту бағдарламасын кезең-кезеңімен іске асыру меншіктің ұйымдық-құқықтық нысанындағы құрылымдық реформалардан, техникалық қайта жарақтандыру және қызмет істеп тұрған және желілерді беретін өндірістік қуаттарды жаңғыртудан, ішкі тұтынудың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа қуаттарды іске қосудан тұрады. Қазақстанның электр энергетикасын дамыту тұжырымдамасының стратегиялық құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын елдің Бірыңғай энергетикалық жүйесін әрі қарай қалыптастыру үшін бірқатар ірі жүйеаралық электр энергиясын беру желілерін салу қажет.

Электр энергетикасында нарықтық қатынастардың әрі қарай дамуын және электр энергетикасы саласының қызмет ету тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 ақпандағы № 190 «Қазақстан Республикасының электр энергетикасында нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» (ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі № 987 қаулысымен енгізілген өзгерістермен бірге) қаулысымен

Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды әрі қарай дамыту тұжырымдамасы мақұлданды және 2004-2006 жж. орта мерзімді кезеңге арналған оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қазақстанның электр энергетикасында жүргізілген нарықтық өзгерістер нәтижесінде келесі ұйымдық-экономикалық құрылым қалыптасты:

1) елу тоғыз энергия өндіруші ұйым электр энергиясын өндіру және көтерме сауда тұтынушыларына және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға сатуды жүзеге асырады. Елу тоғыз энергия өндіруші ұйымның жетеуі ғана Жүйелік оператордың желілеріне қосылған, тоғыз Жүйелік оператордың желілеріне және өңірлік электр желілік компаниялардың (бұдан әрі – ӨЭК) желілеріне, ал қалғандары – тек қана ӨЭК желілеріне қосылған. Сонымен бірге, он бір энергия өндіруші ұйым ірі өнеркәсіптік компаниялардың құрамына кіреді және олар үшін электр энергиясын өндіруді және жеткізуді жүзеге асырады;

2) Жүйелік оператор 110-500 кВ кернеудегі өңіраралық және мемлекетаралық желілер арқылы электр энергиясын беру функцияларын, сонымен қатар электр энергиясын өндіру-тұтынудың тепе-теңдігін ұйымдастыру, Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесін (бұдан әрі – Қазақстанның БЭЖ) жедел-диспетчерлік басқару функцияларын атқарады;

3) жиырма бір өңірлік электр желілік компания 0,4-220 кВ кернеудегі желілер арқылы өңірлік деңгейде электр энергиясын беруді және таратуды жүзеге асырады;

4) электр энергиясын көтерме және бөлшек саудада тұтынушылар;

5) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар (бұдан әрі – ЭЖҰ) көтерме сауда нарығында және орталық сауда-саттықта электр энергиясын сатып алады және оның жеке тұтынушыларға, коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары және халыққа сатады;

6) электр қуаты резервтерінің пулы (бұдан әрі - ЭҚР пулы) – нарыққа қатысушылардың өздерінің келісім-шарттық міндеттемелерінің қатысына қарай, олардың электр қуатының авариялық тапшылығын жабуға қажетті электр қуатын резервтеу тетігін қолдайтын, электр энергиясының көтерме саудасына қатысушылар құрған ұйым;

7) орталықтандырылған сауда нарығының операторы – электр энергиясының спот-сауда-саттығын қоса алғанда, электр энергиясының орталықтандырылған саудасын жүзеге асыратын ұйым.

Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесі үш Солтүстік, Оңтүстік және Батыс аймақтан тұрады. 2008 жылдың соңында Ақтөбе энергетикалық торабын Қазақстанның БЭЖ-мен байланыстыратын 500 кВ «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электр беру желісі пайдалануға берілді.

2008 жылдың қазанында «Қазақстанның Солтүстігі – Оңтүстігі транзитінің - 500 кВ электр беру желісінің екінші кезегінің құрылысы» жобасының бірінші кезеңін іске асыру шеңберінде ұзындығы 248 километр ЭЖ 500 кВ ОҚМАЭС –

Шу учаскесі пайдалануға берілді. Шу-500 ҚС және ОҚМАЭС байланыстыру энергия тапшы Оңтүстік аймаққа 100 МВт қосымша энергия жеткізуге мүмкіндік берді. 2009 жылдың соңында, жоба толығымен аяқталғаннан кейін оңтүстік бағыттағы электр энергиясын беру көлемі 1350 МВт дейін өседі.

Қазақстанның оңтүстік аймағында күзгі-қысқы кезеңде желілердің өткізу қабілеттілігінің шектелуі нәтижесінде электр энергиясына деген қажеттілік электр энергиясының бағасы барынша жоғары болып келетін энергия өндіруші ұйымдардың өзіндік өндірістік қуаттарын пайдалану есебінен жабылып отырады.

Еліміздің қолданыстағы заңнамасымен электр желілеріне еркін ешқандай кемсітусіз қол жеткізу қамтамасыз етілген және шаруашылық етуші субъектілерге энергия өндіруші ұйымдармен, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерден электр энергиясын сатып алу бойынша шарттарды өз бетімен жасасу құқығы берілген.

Қазақстанда екі деңгейден – электр энергиясының көтерме сауда нарығы және бөлшек сауда нарығынан тұратын электр энергиясының нарығы құрылды және қызмет етеді.

Электр энергиясын сатып алу-сату және беру бойынша көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы қатынастар:

1) орталықсыздандырылған нарықта сатып алушылар мен сатушылар арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттарымен және орталықтандырылған саудадағы мәмілелермен;

2) электр энергиясын сатып алушылардың (жекелеген жағдайларда электр энергиясын сатушымен) Жүйелік оператормен электр энергиясын беруге жасасқан шарттарымен рәсімделеді. Электр энергиясын өңірлік деңгейдегі электр желісі арқылы беру қажет болған жағдайда ӨЭК-пен шарт жасалады.

Бөлшек сауда нарығы субъектілерінің арасындағы қатынастар электр энергиясын сатып алу-сату шарттарымен рәсімделеді.

Электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер табиғи монополиялар саласына жатады және олардың тарифін реттеуші орган белгілейді. Қазіргі уақытта электр энергиясын беру тарифтерін айқындау үшін мынадай әдістемелер пайдаланылады:

1) Жүйелік оператордың электр желілері бойынша электр энергиясын беру үшін аймақтың тапшылыққа тәуелділігіне, аймақ ішінде және аймақтар арасында өткізу қабілеттілігіне қарай аймақтық тарифтер белгіленеді;

2) ӨЭК-тің электр желілері бойынша электр энергиясын беру үшін жұмсалған шығындардың және нормаланған пайда мен электр энергиясын тиімді босатудың арақатынасы ретінде айқындалатын «кіру» тарифтері белгіленеді.

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) – Қазақстан Республикасының тұтынушыларын сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілері мен шағын станцияларының жиынтығы болып табылады.

Электр энергетикасы саласындағы басқару мен реттеу:

- энергия тұтынушыларының сұранымын барынша қанағаттандыру және тұтынушылардың электр және жылу энергиясын жеткізушілерді таңдап алу құқығын кепілдендіретін электр және жылу энергиясы нарығына қатысушылардың құқықтарын нарықта бәсекелестік жағдай жасау жолымен қорғау;

- Қазақстан Республикасының электр энергетикалық кешенінің сенімді және тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету;

- елдің шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік кешендерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін айрықша маңызды жүйе ретінде Қазақстан Республикасының электр энергетикалық кешенін басқарудың біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Электр энергетикасы саласында бақылау мен басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып табылады.

Министрліктің құзыретіне келесі мәселелерді шешу кіреді:

- электр энергетикасы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

- электр энергетикасын дамыту бағдарламаларын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау;

- электр энергетикасы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу;

- электр энергетикасы саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

- электр және жылу энергиясын өндіру, беру мен пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді қоспағанда, өз құзыретінің шеңберінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және бекіту;

- техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы, жабдықтардың пайдалану сипаттамалары, электр және жылу энергиясын энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың технологиялық қажеттіліктеріне шығындау нормалары саласындағы техникалық регламенттерді қоспағанда нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және бекіту;

- электр энергетикасы нысандарын жобалау, салу, техникалық пайдалану және қауіпсіздігі, жабдықтардың пайдалану және техникалық-экономикалық сипаттамалары, электр және жылу энергиясын табиғи монополия субъектілері болып табылмайтын энергия өндіруші ұйымдардың технологиялық қажеттіліктеріне шығындау нормалары салаларындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту;

- инвестициялық бағдарламаны әзірлеуге техникалық тапсырманы бекіту;

- энергия өндіруші ұйымдармен келісімдер және инвестициялық шарттар жасасу;

- энергия өндіруші ұйымдардың келісімдерде көзделген инвестициялық міндеттемелерді, және инвестициялық шарттарда қарастырылған инвестициялық бағдарламаларды орындауын мониторингілеу;

- энергия өндіруші ұйымдардың топтарын қалыптастыру;

- кепілдендіруші жеткізушіні және оның жауапкершілік аймағын анықтау тәртібін бекіту;

- энергетикалық сараптама жүргізу әдістемесін, тәртібін және мерзімін белгілеу;
- электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәулік бойы кестесін жасау тәртібін белгілеу;
- электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторын және жүйелік операторды айқындау;
- Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен электр байланысы жоқ өңірлер үшін электр энергетикасының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның қызмет ету ерекшеліктерін анықтау;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды атқарады.

Электр энергетикасы саласындағы қадағалау мен бақылауды мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мемлекеттік атомдық энергетиканы және энергетикалық қадағалау комитеті жүзеге асырады.

Мемлекеттік атомдық энергетиканы және энергетикалық қадағалау комитеті:

- электр энергетикасы саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің техникалық талаптарын орындауына;
- электр станцияларының электр және жылу жүйелерінің энергетикалық жабдықтарының, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан тұтынушылардың электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйіне;
- электр және жылу энергиясының сапасы жөніндегі мемлекеттік стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың сақталуына;
- электр және жылу энергиясының ұтымды және үнемі пайдаланылуы мен өндіру режимін оңтайландыру және берілуіне;
- электр станцияларының, электр және жылу желілерінің күзгі-қысқы жағдайларда жұмыс істеу дайындығына қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік атомдық энергетиканы және энергетикалық қадағалау комитеті келесі функциялар мен міндеттерді жүзеге асырады:

- электр энергетикалық компаниялардың нысандары мен жабдықтарының қысқы жағдайда жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысады;
- Қазақстанның біртұтас энергия жүйесінің бірнеше бөлікке бөлінуіне, электр және жылу энергиясы бойынша тұтынушыларды жаппай шектеуге, ірі энергетикалық жабдықтардың бұзылуына әкеп соқтыратын электр станцияларының, жылу және электр жүйелерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзылуларды тексерудің есебін жүргізеді;
- электр және энергия қондырғыларына қолжетімділігі бар;

- электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің энергетикалық жабдықтарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдықтарының техникалық жағдайын кезең-кезеңмен тексеруді жүзеге асырады;

- техникалық жағдайы мен электр және энергия қондырғыларын пайдаланудың қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында электрлік жылу энергиясын өндіру, беру және таратуды жүзеге асырушы ұйымдардың техникалық басшыларының техникалық пайдаланудың қауіпсіздік ережелері мен қауіпсіздік жөніндегі білімдеріне сыныптық тексеруді ұйымдастырады;

- энергетикалық нысандарда электр және жылу энергиясын қауіпсіз және ұтымды өндіру, беру, бөлу және пайдалану жөнінде техникалық сараптама жүргізуге қатысады, энергия үнемдеу саясатының орындалуын бақылау, заңды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін тексеру;

- Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

- энергия үнемдеу бағдарламаларын, нормативтік-құқықтық актілерді, құқықтық және экономикалық тетіктерін әзірлеуді ұйымдастырады;

- апаттардың, жазатайым оқиғалардың және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық талаптарының өзге де дөрекі түрде бұзылуына жол берген кінәлі тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұйымдардың меншік иеліріне ұсыныстар енгізеді, немесе Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы тиісті мемлекеттік органдарға материалдарды жолдайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында (оның ішінде электр энергетикасы саласында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі болып табылады.

Нарық субъектілерінің қызметін бақылау және басқару, бәсекелесті қорғау және дамыту, сондай-ақ белгілі бір тауар нарығында (оның ішінде электр энергиясы нарығында) басым жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын Қазақстан Республикасының Бәсекелестік қорғау агенттігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласында қолданылатын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер:

- Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Электр энергетикасы туралы» Заңы [63];

- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы «Энергия үнемдеу туралы» Заңы [64];

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 ақпандағы № 190 «Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы [65];



- Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидалары [66];
- Жүйелік оператордың қызмет көрсетуі, жүйелік және қосалқы қызметтер нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі [67];
- Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу ережесі [68];
- Қазақстан Республикасында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі [69];
- Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу, сондай-ақ осы нарықтағы қызметтер көрсетуді ұсыну мен оған қол жеткізу ережесі [70];
- Электр желілік қағидалар [71].

Қазақстан Республикасының ұлттық компанияларын басқарудың қолданыстағы моделін жетілдіру және акциялардың мемлекеттік пакетін тиімді басқару мақсатында Президент жарлығымен 2008 жылдың қазан айында «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ мен «Қазына» тұрақты дамудың мемлекеттік қорын біріктіру жолымен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы құрылды.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ — энергетикалық саланы, телекоммуникацияларды, көлік және ұлттық даму институттарын қоса алғанда экономиканың түрлі салаларындағы ұлттық компанияларды иеленетін және басқаратын мемлекеттік холдингтік компания.

2014-2015 жылдардың КҚК-де Қазақстанның БЭЖ бойынша ең жоғарғы тұтыну 2014 жылдың 28 қарашасында сағат 19:00-де тіркелген және 13 586 МВт құрады. 2013-2014 жылдардың КҚК-гі ең жоғарғы тұтынумен салыстырғанда (2014 жылдың 10 ақпаны сағат 11) бұл көрсеткіш 296 МВт немесе 2,2% көтерілген.

Генерация 13 152 МВт құрады, бұл 2013-2014 жылдардың күзгі-қысқы ең жоғарғы тұтынудың ұқсас көрсеткішінен 30 МВт немесе 0,2% төмен. Бұл ретте, қуаттар ағынының сыртқы қалдығы (тапшылығы) 434 МВт құрады (өткен жылдың КҚК-де 108 МВт). Оның ішінде Ресейден қабылданғаны 716 МВт (2013-2014 жылдардың КҚК-де 315 МВт), Орталық Азияға берілгені 282 МВт (2013-2014 жылдардың КҚК-де 207 МВт құрады).

2014 жылы Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру 93935,2 млн.кВт.с құрады, оның ішінде:

жылу электр станциялары өндіргені	78772,9 млн.кВт/сағ;
гидроэлектр станциялары өндіргені	8235,8 млн.кВт/сағ;
газ турбиналық электр станциялары өндіргені	6915,9 млн.кВт/сағ;
КЭС және ЖЭС	10,6 млн.кВт/сағ.

2013 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 1962,5 млн.кВт/сағ немесе 2,1 % ұлғайған.

Энергияны өндіру көлемінің артуы келесі ірі электр станцияларында орын алған:

«ЕЭК» АҚ - 1187,9 млн.кВт/сағ немесе 7,8%-ға;

Жамбыл МАЭС - 925,9 млн.кВт/сағ немесе 58,1%-ға;  
 «Екібастұз МАЭС-1» - 604,4 млн.кВт/сағ немесе 4,5%-ға;  
 «СевКазЭнерго» ППТЭЦ-2 ЖШС - 129,6 млн.кВт/сағ немесе 5,0%-ға;  
 «Жамбыл МАЭС 2014 жылы жазғы кезеңде жұмысы тоқтатпады, 1-ден 4 блокка дейін жұмыс істеп тұрды. 3-Энергорталық» - 59,2 млн.кВт/сағ немесе 9,2%-ға;

Электр энергиясын өндіруді азайтқандар:

«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ - 1525,2 млн.кВт/сағ немесе 24,3%-ға;  
 «КазахмысЭнерджи» ЖШС МАЭС - 330,9 млн.кВт/сағ немесе 6,7%-ға;  
 «КазахмысЭнерджи» ЖШС Балқаш ЖЭО - 236,7 млн.кВт/сағ немесе 34,1%-ға;

«КазахмысЭнерджи» ЖШС Жезқазған ЖЭО - 81,1 млн.кВт/сағ немесе 8,4%-ға;

«Қазақстан алюминийі» АҚ ЖЭО-1 - 152,6 млн.кВт/сағ немесе 6,2%-ға;

«Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-3 - 226,5 млн.кВт/сағ немесе 7,9%-ға;

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2 - 62,0 млн.кВт/сағ немесе 3,2%-ға.

ЖЭО-да электр энергиясын өндіру өткен жылмен салыстырғанда 1150,9 млн.кВт/сағ (1,5%) көбейген, Қазақстанның ГЭС-да 2013 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 534,8 млн.кВт/сағ немесе 6,9%-ға артқан. Бұл жағдайда Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы ГЭС энергияны өңдеу мөлшері 414,7 млн.кВт/сағ (15,2%) азайған, ал Солтүстік аймақтағы ГЭС өндіру 949,5 млн.кВт/сағ (19,1%) өскен. Гидрологиялық жағдайға байланысты гидроэлектр станцияларының жұмыс режимін су шаруашылығы органдары айқындайды, сонымен бірге шарттармен белгіленді.

Қазақстанның ГТЭС-да электр энергиясын өндірудің ұлғаюы 270,1 млн.кВт/сағ немесе 4,1% құрады.

Кесте 3 - 2013 жылмен салыстырғанда Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру құрылымы

??????????	2013 ж. (есеп.кезең)	2014 г. (есеп.кезең)
Барлығы	100,0%	100,0%
Оның ішінде ЖЭО	84,4%	83,9%
ГЭС	8,4%	8,7%
ГТЭС	7,2%	7,4%

Ескерту - ҚР Энергетика министрігінің мәліметтері бойынша [59]

Қазақстанның 2014 жылы электр энергиясын тұтынуы 2013 жылмен салыстырғанда 2020,1 млн.кВт/сағ немесе 2,3% ұлғайып, 91660,9 млн.кВт/сағ құрады. Тұтыну көлемінің өсуі Қазақстанның Батыс аймағында 707,6 млн.кВт/сағ (6,9%), Қазақстанның Оңтүстік аймағында 1233,5 млн.кВт/сағ (6,6%) өскен. Солтүстік аймақтың тұтынуы іс жүзінде өткен жылдың деңгейінде қалып, 79,0 млн.кВт/сағ немесе 0,1% өскен.

2013 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну көлемін азайтқандар:

1. Қазақ электролиз зауыты	583,0 млн.кВт/сағ немесе 16,1%-ға;
2. «Корп. Казахмыс» ЖШС	266,1 млн.кВт/сағ немесе 17,0%-ға;
3. «Корп. Казахмыс» ЖШС (Балқаш алаңы)	307,5 млн.кВт/сағ немесе 48,8%-ға;
4. "Қазақстан алюминий" АҚ	129,6 млн.кВт/сағ немесе 12,5%-ға;
5. УКТМК	122,8 млн.кВт/сағ немесе 21,4%-ға;
6. «АрселорМиталл Теміртау» АҚ	43,5 млн.кВт/сағ немесе 1,1%-ға;
7. «Соколов-Сарыбай ГПО» АҚ	77,1 млн.кВт/сағ немесе 3,2%-ға;
8. «ТНК Казхром» АҚ Ақсу БФ	29,7 млн.кВт/сағ немесе 0,5%-ға;
9. "Казцинк" АҚ	23,4 млн.кВт/сағ немесе 0,9%-ға.

Тұтыну көлемін арттырғандар:

1. "ТНК Казхром" АҚ Ақтөбе БФ	93,7 млн.кВт/сағ; немесе 6,4%-ға;
2. "Қазфосфат" АҚ	133,4 млн.кВт/сағ немесе 6,7%-ға.

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы Қазақстанның облыстары бойынша тұтыну көлемінің өсуі байқалды. Павлодар облысында 541,7 млн.кВт/сағ (3,0%), Қостанай облысында 107,9 млн.кВт/сағ (1,9%), Жезқазған облысында 193,8 млн.кВт/сағ (3,0%) төмендеген.

Қазақстанның аймақтары бойынша электр энергиясын тұтыну құрылымы келесідей:

- Қазақстан	91660,9 млн.кВт/сағ немесе 100,0%;
- Солтүстік аймақ	60864,9 млн.кВт/сағ немесе 66,4%;
- Оңтүстік аймақ	19856,1 млн.кВт/сағ немесе 21,7%;
- Батыс аймақ	10939,9 млн.кВт/сағ немесе 11,9% .

Есепті кезеңдегі қалдық – электр энергиясының Ресейге ағындары 1503,6 млн.кВт/сағ, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 797,0 млн.кВт/сағ немесе 34,6%-ға аз. Бұл жағдайда электр энергиясын сату көлемі 2064,3 млн.кВт/сағ, электр энергиясын сатып алу көлемі 560,7 млн.кВт/сағ.

Қырғызстанға қалдық-ағындар 118,7 млн.кВт/сағ (2013 жылы Қырғызстаннан 374,2 млн.кВт/сағ қабылданған). «Узбекэнерго» ГАК жоспардан тыс іріктеуі 652,0 млн.кВт/сағ (2013 жылы 405,5 млн.кВт/сағ).

## **2.2 Электр энергетикадағы инвестициялық тарифтердің мәні, құрылымы және басқарылуы**

Қазақстанның электр энергетикалық нарығын тұтынушыға арналған тізбектер түрінде қарастыруға болады, яғни энергетикалық нарық субъектілерінің тарифтерінің тізбегінен соңғы тұтынушы үшін электр энергиясының бағасы қалыптасады. Тізбек мындай түрде болады: электр энергиясын өндіру – желілер арқылы жіберу – жабдықтау (соңғы тұтынушыға сату).

Электр энергетикасының нарығында субъектілер қызмет етіп, олардың әрқайсысы өз жұмысының бөлігіне жауап береді. Станциялар (ГЭС, МАЭС, ЖЭО) электр энергиясын өндіреді. «KEGOC» АҚ мемлекеттік компаниясына

тиесілі жоғары вольтты желілер арқылы электр энергиясы төмендетуші қосалқы станцияларға жетеді, әрі қарай өңірлік энергетикалық компаниялардың желісі арқылы тасымалданады. Тұтынушыға жеткенге дейін электр энергиясы ӨЭК қарағанда шағын энергия беруші ұйымдардың желілерінде болады, соңғы тұтынушы дәл осы желілерге қосылғандықтан бұл желілерден айналып өту мүмкін емес.

Осылайша, біз электр энергиясын тұтынамыз, ал энергиямен жабдықтаушы ұйымға (ЭЖҰ) төлемақы төлейміз. Бұл ұйым біз тұтынған киловаттар үшін төленген ақшаны бізді энергиямен жабдықтауға қатысатын, нарық субъектілерінің барлық субъектілеріне бөлуі тиіс: станциялар – бір; КЕГОС – екі, ӨЭК – үш, басқа да ЭБҰ – төрт, және де жабдықтау үстемеақысы – станция мен тұтынушының арасында сату үдерісін ұйымдастырғаны үшін энергиямен жабдықтаушы ұйымға тікелей төленетін төлемақы қалуы тиіс.

Электр энергиясы – бұл бірегей тауар. Ол әр түрлі әдістермен өндіріледі, үлкен қашықтықтарға берілуі мүмкін, бірақ бұл ретте оны ұстап көруге және, көптеген тұтынушылардың ойынша, ол үшін ақы төлемеуге болады.

Электр энергиясын өндіретін генератор-станциялар, біздің республикамыздың аумағындағы желілер сонау кеңес уақытында салынған. Уақыт өтіп жатты, біздің еліміз бірнеше дағдарысты басынан өткерді, және әрдайым мемлекетіміздің экономикасын дәл осы энергетика құтқарып келді. Алыс уақытта негізі салынған дәл энергетика есебінен, қазір көптеген кәсіпорындар залалсыз жұмыс атқарып келеді.

Біздің жас мемлекетіміздің қалыптасуы жылдарында станцияларды жаңғыртуға, желілерді қайта қалпына келтіруге жеткілікті ақша қаражатын салуға мүмкіндік болмады, және біз сол әрекетіміздің нәтижесін көріп отырмыз – негізгі энергетикалық қордың жетпіс пайызы тозған. Электр станцияларының негізгі жабдығының көп жылдар бойы қалыптасқан тозу мәселесі Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігіне қауіп-қатер тудыратыны даусыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін еліміздің энергетикалық жүйесін басқаруды дербес жүзеге асырып, өзіміз басқарушылық шешімдер қабылдаймыз, энергетиканы басқару және дамыту механизмдерін, оның ішінде тарифтік саясатты өзіміз әзірлеп, өзіміз қабылдаудамыз.

Сондықтан негізгі құралдардың 70-90 пайызының тозуын (1991-2001 жылдар кезеңінде) экономиканың негізгі салаларының бірі ретінде энергетиканы басқару және дамыту қағидалары мен механизмдерінің тиімділігіне күмәндануға үлкен себеп ретіне қарастырған дұрыс. Басқа сөзбен айтқанда, мұның барлығы, өкінішке орай, біздің энергетиканы дамыту стратегиясы мен соған негізделген тарифтік саясат әзірге экономиканың дамуын ынталандырмайтынын, сонымен бірге елдің энергетикалық қауіпсіздігінің осалдығын арттыра отырып, негізгі құралдардың «орасан үлкен мөлшерде» тозуының жинақталуына жол берілетінін көрсетеді.

Үкімет қабылдап жатқан елдегі энергия тапшылығы міндеттерінің кез келген шешімі, егер ол бұл мәселенің пайда болу себебін жоймайтын болса, оны тиімді деп айтуға болмайды деген қорытынды шығады. Сондықтан ең

дұрысы, экономиканың осы саласын басқару және дамыту қағидаларын, оның ішінде тарифтік саясаттың негізі ретінде алынатын қағидаларды жаңартудан бастау керек деген ой туындай бастайды.

Энергетиканы қалпына келтіру және Қазақстан нарығында жеткілікті қуатты қамтамасыз ету, сондай-ақ негізгі қорлардың одан әрі тозуына жол бермеу мақсатында ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 Қаулысымен энергия өндіруші ұйымдардың түрлі топтары үшін 2009-2015 жылдарға арналған шекті тарифтер бекітілді (4-кесте ) [72]. Тарифтердің шекті деңгейлерінде энергия өндіруші ұйымдар игеруі тиіс, бекітілген инвестициялық салымдар қарастырылған.

Кесте 4 - Тарифтердің шекті деңгейлері

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы  
Қаулысымен бекітілген

Топ	Атауы	Жылдар бойынша шекті тарифтер(теңге/кВт*сағ)						
		2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1 топ	Екібастұз МАЭС 1,2 ЕЭК	3,6	4,68	5,6	6,5	7,3	8	8,8
2 топ	Жамбыл МАЭС	5,9	6,5	6,9	7,9	8,3	8,5	8,7
3 топ	Қар ЖЭО 1,3; Павлодар ЖЭО 1,3; УК ЖЭО; Ақмола ЖЭО 1,2	4,3	4,94	5,4	5,9	6,4	6,9	7,5
4 топ	Қар МАЭС 2; Павлодар ЖЭО 2; Балқаш ЖЭО; Жезқазған ЖЭО	3,5	3,8	4,1	4,55	5,1	5,5	6
5 топ	Петропавл ЖЭО, Риддер ЖЭО, Рудный ЖЭО	3,6	4,1	4,8	5,45	6,25	7,15	8,05
6 топ	Соғрин ЖЭО; Қар МАЭС 1; Степногор ЖЭО	6,3	7,3	7,7	7,9	8,1	8,2	8,3
7 топ	Шымкент ЖЭО 3; Атырау ЖЭО; Ақтөбе ЖЭО; Жамбыл ЖЭО 4; Қызылорда ЖЭО	4,9	5,4	5,9	6,3	6,7	7	7,3
8 топ	Кентау ЖЭО; Текелі ЖЭО; Шахтинск ЖЭО; Екібастұз ЖЭО	4,5	4,95	5,4	5,98	6,6	7,2	7,5
9 топ	Арқалық ЖЭО; Қостанай ЖЭО; Орал ЖЭО	5,28	5,56	5,88	6,28	6,7	7,12	7,6

4– кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
10 топ	Алматы электрстанциялары (ЖЭО 1,2,3; Қапшағай ГЭС)	5,74	6,74	7,1	7,4	7,8	8,2	8,6
11 топ	МАЭК - Казатомпром	7,23	7,23	7,23	7,23	7,23	7,23	7,83
12 топ	Жанажол ГТЭС, Актурбо	5,3	5,8	6,4	7	7,7	8,4	8,8
13 топ	Бұқтырма ГЭС, Шүлбі ГЭС, Өскемен ГЭС, Шардара ГЭС	2,79	3	3,3	3,63	3,9	4,3	4,5

Осылайша, қайта өрлеу әдістерінің бірі – станциялар-электрэнергиясын өндірушілер үшін тарифтердің шекті деңгейлерін бекіту. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңында шекті тарифке келесі анықтама берілген: «Шекті тариф – энергия өндіруші ұйымдардың топтары үшін электр энергиясына белгіленетін босату тарифінің (бағасының) бекітілген ең жоғары шамасы».

Тарифтердің шекті деңгейлері – бұл бір жылдан астам уақытқа бекітілетін тарифтер. Кәсіпорынның бекітілген инвестициялық бағдарламасы тарифтердің шекті деңгейін бекітуге негіз болып табылады.

Инвестициялық бағдарлама – жаңа активтерді құруға, қазіргі бар активтерді кеңейтуге, жаңартуға, қайта қалпына келтіруге жән етехникалық қайта жарақтандыруға бағытталған бағдарлама. Инвестициялық бағдарламаның орындалу кезеңі қандай болса – тарифтердің шекті деңгейінің қолданылу кезеңі де сондай болады.

Шекті тарифтер ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаны жоспарлау және іске асыруға мүмкіндік жасайды. Жабдықтарының тозу деңгейі жоғары болған кезде кәсіпорынның бір жылдың ішінде барлық жоспарланған жөндеу жұмыстарын, күрделі құрылысты және басқа да күрделі сипаттағы жұмыстарды жүргізуі мүмкін емес. Кез келген инновацияларды енгізу, сәйкесінше, үлкен мөлшерде инвестициялар салуды қажет етеді. Энергетикалық кәсіпорындар ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаны іске асыру мүмкіндігіне сенімді болады. Қызметтерге көрсетудің реттелетін тарифі тарифтің шекті деңгейі қолданылатын уақыт кезеңінде тұрақты болатындықтан тұтынушылар еш алаңдамайды.

«Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының 12-1 бабында келесі «Шекті, есептік және жеке тарифтерді анықтау тәртібі» белгіленген:

1. Шекті, есептік және жеке тарифтер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте анықталады;

2. Энергия өндіруші ұйым электр энергиясына босату бағасын дербес белгілейді, бірақ ол энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобының шекті тарифінен жоғары болмауы тиіс.

Шекті тариф энергия өндіруші ұйымдардың топтары бойынша жылдарға бөле отырып, жеті жылдан аспайтын мерзімге бекітіледі және жыл сайын саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, түзетіледі.

Энергия өндіруші ұйымдарда шекті тарифтер енгізілген жылдың алдындағы жылдың ішінде қалыптасатын ең жоғары нақты баға шекті тариф қолданылатын бірінші жылға шекті тарифті анықтау үшін база болып табылады;

3. Электр энергиясын шекті тарифтен аспайтын бағамен өткізу үшін энергия өндіруші ұйым белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен келісім жасайды.

Келісімде энергия өндіруші ұйымның жаңа активтерді құруға, қолда бар активтерді кеңейтуге, жаңартуға, қолдауға, қайта қалпына келтіруге және техникалық қайта жарактандыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру жөніндегі инвестициялық міндеттемелері қарастырылады.

Уәкілетті орган энергия өндіруші ұйымдардың келісімдерді орындауына мониторинг жүргізеді.

Энергия өндіруші ұйым өзінің инвестициялық міндеттемелерін дербес белгілейді;

4. Егер энергия өндіруші ұйымның инвестициялық міндеттемелер ішкі тарифтердің шегінде электр энергиясын өткізуден алынатын ақша қаражатының есебінен жүзеге асырылмайтын болса, энергия өндіруші ұйым инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін уәкілетті орган техникалық тапсырманы бекіткен және инвестициялық шарт жасалған жағдайда есептік немесе жеке тарифті қолдануға құқылы.

Инвестициялық бағдарлама оны іске асыруды бастамас бұрын уәкілетті органға және табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсынылады.

Инвестициялық бағдарламаның негізінде энергия өндіруші ұйым белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен және табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен инвестициялық шарт жасайды;

5. Есептік тариф Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және бекітілген инвестициялық бағдарламаның техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген электр энергиясының бағасынан аспауы тиіс.

Есептік тарифті энергия өндіруші ұйым инвестициялық шарт жасалған кезден бастап қолданады және инвестициялық шартта қарастырылған инвестициялық міндеттемелерді орындау кезеңінің ішінде әрекет етеді.

Есептік тариф Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жобалау-сметалық құжаттамаға енгізілген өзгерістер келісілген

жағдайда инвестициялық бағдарламаның техникалық-экономикалық негіздемесінде анықталған электр энергиясының бағасынан асуы мүмкін;

6. Энергия өндіруші ұйым жеке тарифті инвестициялық бағдарламаны іске асырудың кез келген сатысында пайдалануға құқылы.

Энергия өндіруші ұйымның жеке тарифті қолдануы инвестициялық бағдарламаның және жобалау-сметалық құжаттаманың параметрлерін ескере отырып, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган шешімінің негізінде жүргізіледі.

Жеке тариф энергия өндіруші ұйым инвестициялық шарттарда қарастырылған қуаттарды қолданысқа енгізу бойынша міндеттемелерін орындау кезінде есептік тарифтен төмен болмауы керек.

Жеке тариф инвестициялық бағдарламаның құны ұлғайған жағдайда есептік тарифтен жоғары болып бекітіледі. Бұл жағдайда инвестициялық бағдарлама құнын көтеру уәкілетті органмен және табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісілуі тиіс.

Электр энергиясы нарығының тиімді қызмет етуі үшін тариф белгілеу бәсекелестіктің және нарықтық қатынастардың дамуына ықпал етуі және нарық қатысушылары үшін кемсітушілік сипатта болмауы тиіс.

Қазақстанда электр энергиясын өндіру мен тұтыну тепе-теңдігінде тапшылықтың болуымен байланысты, тұтынушыларды энергиямен жабдықтау сенімділігінің төмендеу үдерісі қалыптасуда.

Қазіргі уақытта электр энергетикасындағы тарифтік саясат келесі түрде қалыптасады:

- электр энергиясын өндіру (генерациялау) саласындағы бағалар электр энергиясын, спот-сауда-саттықта (олар өндіретін электр энергиясы көлемінің он пайызынан аспайтын), теңгерімдеуші нарықты және экспортқа өткізілетін жағдайларды қоспағанда, тиісінше шекті, есептік немесе жеке тарифтен аспайтын тарифтер бойынша сұраныс пен ұсынысқа байланысты нақты жағдайда қалыптасады. Электр станцияларының шиналарынан электр энергиясын босату бағасы жеткізушілер мен тұтынушылар арасындағы екі жақты шарттармен (орталықтандырылмаған нарық), сондай-ақ орталықтандырылған сауда-саттықта (биржада) – «тәулік алдындағы» режиміндегі спот-сауда-саттықта, ұзақ, орта және қысқа мерзімді келісімшарттар мен сауда-саттықтарда анықталады;

- «KEGOC» АҚ ұлттық деңгейдегі және ӨЭК жергілікті деңгейдегі электр желілері бойынша электр энергиясын беру және тарату тарифтерін табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітеді;

- Жүйелік оператор «KEGOC» АҚ жүзеге асыратын техникалық диспетчерлендіру тарифтерінде табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітеді;



- доминант (монополист) ретіндегі орталықтандырылған сауда нарығы операторының қызметтеріне тарифтерді табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган реттейді;

- теңгерімдеуші нарықтық қызметтерін – Жүйелік оператор «KEGOC» АҚ жүзеге асырады, тарифті табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітеді;

- реттелетін нарықтың субъектілері болып табылатын ЭЖҰ жеткізетін, электр энергиясын түпкілікті тұтынушылар үшін электр энергиясының бағасы табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісіледі. ЭЖҰ жабдықтаушы үстемеақысы 3-8 пайызды құрайды.

Саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін құрылысты жылдамдату және жаңа қуаттарды енгізу мақсатында инвестициялардың қайтымдылығын қамтамасыз ету қажет.

Сонымен бірге генерациялаушы электр станцияларынан алынатын электр энергиясы бағасының біршама өсуі электр энергиясының күн санап артып келе жатқан тапшылығы жағдайында инфляцияның өсуіне алып келуі мүмкін. Ал, Үкімет инфляцияны ұстап тұру бойынша шаралар қабылдауда.

Осыған байланысты электр энергиясы мен қуаттар тапшылығын жою кезеңінде (орташа мерзімді кезеңге 2009-2015 жылдарға) электр энергиясын өндіру (генерациялау) саласында баға белгілеудің келесі механизмі енгізілген:

1) электр станциялары босататын электр энергиясының бағалары жаңа активтерді құруға, қазіргі бар активтерді кеңейтуге, жаңартуға, қайта жаңғыртуға және техникалық қайта жарақтандыруға тартылатын инвестициялардың қайтымдылығын қамтамасыз етуге тиіс;

2) электр станциялары электр энергиясына тарифтердің үш түрімен: шекті, есептік және жеке тарифтермен жұмыс істей алады;

3) шекті тариф электр станцияларының әрбір тобы бойынша жеке, жылдарға бөліне отырып, жеті жылға белгіленеді. Электр станциялары электр станцияларының түрі, орнатылған қуат, пайдаланылатын отын түрі, отынның орналасқан жерінен қашықтығына байланысты қалыптастырылған топтарға бөлінеді;

4) шекті тариф аталған топтағы электр станцияларының жаңа активтер құру, қазіргі бар активтерді кеңейту, жаңарту, қайта жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі инвестициялық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін деңгейде белгіленеді;

5) Үкімет энергетика саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынуы бойынша электр энергиясына шекті тарифтерді жылдарға бөлеу тырып, 7 жыл мерзімге бекітетін болады;

6) егер шекті тарифтің деңгейі қандайда бір электр станциясына өзінің инвестициялық міндеттемелерін жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе, онда бұл

электр станциясы есептік немесе жеке тариф бойынша жұмыс істеуге құқылы. Бұл тарифтер шекті тарифтерден жоғары болуы тиіс;

7) электр энергиясына есептік тариф инвестициялық бағдарламаның техникалық-экономикалық негіздемесінде айқындалады және инвестициялық міндеттемелерді орындау кезеңінің ішінде қолданылады. Ол жобалау-сметалық құжаттамаға енгізілген өзгерістер келісілген жағдайдақ өтерілуі мүмкін;

8) жеке тарифті табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган инвестициялық бағдарламаның және жобалау-сметалық құжаттама параметрлерінің негізінде бекітеді;

9) электр станциялары: шекті тарифтермен жұмыс істеген кезде – келісімдер мен инвестициялық міндеттемелер түрінде, есептік және жеке тарифтермен жұмыс істеген кезде – инвестициялық бағдарламалардың инвестициялық шарттары түрінде инвестициялар бойынша өзіне міндеттемелер алатын болады.

Шекті тарифтің қолданылуының бірінші жылында шекті тарифті белгілеу үшін шекті тарифтерді енгізген жылдың алдындағы жылы ішінде энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобында қалыптасқан ең жоғары нақты бағалар негіз болып табылады.

Электр станциясын дамыту, қуаттарды қайта жаңғырту, жаңаларын салу жұмыстарын жүргізу үшін шекті тариф жеткіліксіз болған жағдайда бұл электр станциясы инвестициялық тарифті әзірлеуі тиіс. Белгіленген тәртіпте келісілген және бекітілген, уәкілетті орган мақұлдаған инвестициялық тарифті электр станциясы табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсынуы тиіс. Табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бұл электр станциясы үшін келешекке арналған жеке инвестициялық тарифті бекітеді.

Шекті тарифтің шегінде энергия өндіруші ұйымдар арасында бәсекелестік және инвестициялық бағдарламаны жүргізу мүмкіндігі сақталады, мұндай бағдарламаны іске асыру кезінде босатылған электр энергиясының бағасы шекті бағадан аспайтын мөлшерде болады.

Инвестициялық құрамдас бөлікті есептеу тәртібі: есептеу инвестициялық жобаға салынатын инвестициялардың жалпы көлемі, қуатты енгізу көлемі, өзін-өзі ақтау мерзімі, жұмыс сағатының жылдық мөлшері бойынша жүргізіледі.

Бұл ұсыныстар теңгерімдеуші нарықта жәнеспот-сауда-саттықта өткізілетін электр энергиясының бағасына қатысты болмайды.

Электр қуатының тапшылығы кезеңінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шекті тарифтерді бекітетін болады, бұл инвесторлар үшін электр энергиясына тарифтердің болжамдылығын қамтамасыз етеді және оларға салынатын инвестицияларға есептеулер мен негіздемелерді жүргізуге мүмкіндік береді.

Тиісті электр желілік компаниялардың даму бағдарламаларының (жоспарларының) негізінде инвестициялық құрамдас бөлікті ескеретін, Ұлттық

желі («KEGOC» АҚ) және өңірлік электр желілік компаниялардың желілері бойынша электр энергиясын тасымалдау қызметтеріне тарифтердің өсуін болжауды жүзеге асыру ұсынылады.

Шекті, есептік және жеке тарифтер мен электр энергиясы үшін бағалардың инвестициялық құрамдас бөліктерін енгізу көтерме және бөлшек сауда нарықтарының қызмет ету жағдайларын өзгертпейді, сонымен бірге орталықтандырылған тауарлардың жұмыс істеу механизмі сақталады.

Көтерме сауда нарығында электр станциялары электр энергиясын көтерме тұтынушылар мен ЭЖҰ-ға шекті, есептік және жеке тарифтердің шегіндегі бағамен ұсынатын болады.

Көтерме сауда тұтынушылары көтерме сауда нарығында қазіргі жағдайдағы секілді шарттар жасайды.

Қазақстан БЭЖ-де қуаттар резервтерінің қажетті көлемдері қалыптасқанға дейін теңгерімдеуші нарықтың жұмысы сағаттық тепе-теңсіздіктерді қаржылық басқаруды жүзеге асырмастан (теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату) қайталау режимінде жүргізілетін болады. Теңгерімдеуші нарық қайталау режимінде жұмыс істеген кезде нарықтың қатысушылары Жүйелік оператордың кейіннен тепе-теңдікті ұйымдастыру жөніндегі қызметтеріне ақы төлейтін болады, теңгерімдеуші нарықта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясын (қуатын) саты палу-сату жүзеге асырылатын болады.

Жаңартылатын энергия көздері шығаратын электр энергиясына баға уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган мен жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі ітиісті нысанның техникалық-экономикалық негіздемесінде келісілген, белгіленген бағадан аспайтын деңгейде анықталады.

ҚР Үкіметі және ТМРА қабылдаған «инвестициялардың орнына тариф» қағидасы электр энергиясы тарифінің құрылымына «инвесторларға салынған инвестициялардың қайтуына кепілдік беретін» инвестициялық құрамдас бөлікті кіргізуді көздейді. Бұл алгоритм іске қосылған, бірақ мәселені шешілген деп есептеу ертерек, - деп есептейді SUPREMUM консолтингтік компаниясының басқарушы серіктесі К. Рятов [73].

Елімізде нарықтық экономика деген мәртебесі бар экономикада әрбір электр станциясы – бұл ең алдымен, құны бар және нақты меншік иесіне тиесілі актив. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұндай активтердің иелері мемлекет, жеке компаниялар, Қазақстан азаматтары бола алады.

Белгілі бір активтің қандай техникалық күйде болуы – ең алдымен, оның иесі ойлайтын мәселе. Оның үстіне, тозудың болуы, әрине активтің құнына теріс әсер етеді. Егер тозу деңгейі жоғары болса, онда активтің құны төмен болады. Техникалық жай-күйі қалыпты активтің құны айтарлықтай жоғары.

Қолданыстағы заңнамамен меншік иесіне билік ету, басқару, иеліктен шығару және басқа да құқықтар бекітілген. Демек, электр станциясының техникалық жай-күйін қамтамасыз ету оның иесінің жауапкершілігі мен мүдделері аймағында болады, ол бұл активке ақша қаражатын сала отырып, оның құнын көтереді, демек өзінің тұрмыс жағдайын жақсартады.

«Инвестициялардың орнына тариф» өкінішке орай, бұл жобаның барлық қатысушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ете алмайды! Актив иесінің мүдделері айқын, ол электр станциясының негізгі құралдарын қалпына келтіру үшін, яғни оның құнын капиталға айналдыру үшін инвестицияларға мұқтаж. Сонымен бірге, ақша қаражатын салуды және белгілі бір мерзім өткеннен кейін ақшасын және инвестициялық табысты кері қайтарып алуды қалайтын болашақ инвестордың мүдделері айқын. Неліктен бұл инвестициялардың кері қайтуын тариф плюс инвестициялық құрамдас бөлікті төлей отырып, энергияны тұтынушы жүзеге асыруға тиіс екені түсініксіз?! (сол жерде).

Энергияны тұтынушыда инвестициялық құрамдас бөлікті ала отырып, иесі өзінің күрделі шығындарын өтеусіз негізде (тұтынушыға қатысты) алады, осылайша өз активінің құнын артырады. Тұтынушы болса, үкіметтің шешімі бойынша, өз ақшаларын еріксіз түрде сыйға тартушыға айналады, олар бұл алгоритмге сәйкес ақша түрінде де, сонымен бірге энергия түрінде де ешқандай қайтаруға жатпайды.

Негізінен «инвестициялардың орнына тариф», егер тұтынушылар қазір және болашақта электр станциясының иесінен кепілдік берілген электр энергиясының өндірісі болғанын қалайтын болса, онда олар оның станциясын күрделі жөндеу бойынша қаржылық міндеттемелерді өзіне қабылдауға немесе оған жаңа станция салып беруге тиіс екенін білдіреді. Мүдделер тепе-теңдігінің электр станцияларының меншік иелерінің пайдасына қарай бұзылғаны айқын.

«Инвестициялар», «инвестор» және «инвестициялық жоба» түсініктері ақша иесінің қажетті инвестициялық табысты алу үшін белгілі бір жобаға ақша салуға саналы және ерікті түрде еркін білдіруі. Бұл жағдайда тараптардың мүдделері толығымен сақталмаған, тұтынушылардың өздерінің инвесторлар болуды қалайтын қаламайтыны туралы пікірлері ескерілмеген! Қандай да бір инвестициялық табыстың төленуі және инвестициялардың қайтуы көзделмейді. Демек, тарифке инвестициялық құрамдас бөлікті енгізу мүмкіндігі жайлы айту мүлдем орынсыз!

Меншік иесіне электр станциясындағы негізгі құралдардың тозуын жою үшін ақша қаражатын қайдан алуы керек?

Ақшалай салымдар түрінде инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында электр энергетикасына ақша қаражатын тартудың үш көзі бар:

- мемлекеттің бюджеттік жүйесінің қаражаттары;
- қарыз қаражаттары;
- электр қызметтерін тұтынушылардың қаражаттары.

Әлемдік тәжірибеде белгілі бір бизнесті, активті немесе жобаны дамытуға инвестициялар тартудың көптеген өркениетті тәсілдері қолданылады. Оларды барлығы біледі: облигациялар (қарыз қолхаттары) немесе акциялардың эмиссиясы, несиелер мен гранттарды тарту, мемлекеттік субсидиялар, жеңілдіктер, преференциялар алу және т.б.

Егер электр станциясының иесі өзінің тұтынушыларының (клиенттерінің) инвестицияларын алғысы келсе, олардың ақшасының орнына оларға өзінің

облигацияларын немесе акцияларын ұсына алады. Ол кезде бұл бағалы қағаздардың иесі елдің заңнамасымен кепілдік берілген аталған салымдар бойынша инвестициялық табыс алуға, сонымен бірге бұл қағаздарды сатуға құқылы болады.

Мемлекетке тиесілі, инвесторлар үшін тартымды емес электр станциясы мемлекеттің бюджеттік ақша қаражаттарының есебінен қалпына келтірілуі тиіс. Қаржылық және техникалық жай-күйі қадағалаушы уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес келмейтін жеке меншік электр станциясы, ал станцияның өзі инвесторлар үшін тартымды болмаса, тәуелсіз бағалау компаниясы бағалау жүргізуі және мәжбүрлі түрде қалпына келтіру және әрі қарай ашық аукционда сату үшін мемлекетке уақытша меншікке сатылуы тиіс шығар.

Электр станциялары жабдықтарының тозуын жинақтамау үшін қалай тиімді тарифке қол жеткізуге болады?

Тариф энергетикаға «жұмыс істеуі» үшін оған тиісті түр келбет беру керек. Тарифтің экономикалық моделі электр энергиясын генерациялау, беру, тарату мен сатудың экономикалық моделіне сәйкес келуі тиіс.

Энергетикалық жүйелердің экономикалық моделі жайында айтқан кезде, ең алдымен барлық салалық ерекшеліктер және ең алдымен энергетикалық компаниялардың өзіндік құнында тұрақты түрдегі шығыстардың біршама үлесінің болатынын ұмытпау қажет. Мұндай өндірістер үшін түсімнің кез келген түрде өзгеруі кірістің барынша күшті өзгерісін тудырады.

Электр энергетикасының басты технологиялық ерекшелігі болса энергия өндіру мен тұтыну үдерістері уақытының сәйкес келуінен, сондай-ақ оны жинақтаудың мүмкін еместігінен тұрады. Демек, энергияны өндіру режимі тек қана оны тұтыну режимімен анықталады. Яғни, электр энергиясын тұтынудың «ұзаққа созылған» тепе-теңсіздігі кезінде оған деген сұраныс әрбір уақыт кезеңінде нақты тұтынушының жүктеу кестесімен қатаң сәйкестікте орны жабылып отыруы тиіс. Мұнда бір айта кететіні, уақыттың осы бір кезеңінде (мысалы, тәуліктің ішінде) тұтынушы энергияның белгілі бір көлемімен ғана емес, сонымен бірге тиісті қуатпен де қамтамасыз етілген болуы тиіс.

Жүктеме кестелерінде көрсетілетін энергияны тұтыну режимі энергетикалық өндірістің шығыстарына күшті ықпал етеді. Жүктеме кестесінің әркелкілігі неғұрлым жоғары болса, энергияның өзіндік құны, демек, оны босату құны да соғұрлым жоғары болады. Ауыспалы режимде жұмыс жасайтын энергияны генерациялайтын қондырғылар ең жоғары жүктемелерді көтеру үшін үнемі дайындықта болуы керек. Ал, оларды кепілдік берілген дайындықта ұстап тұрумен байланысты шығындар міндетті түрде есептік кезеңдегі энергияны тұтыну көлеміне қарамастан қуат үшін жекелеген тариф түрінде өтелуі тиіс.

Ауыспалы режимде жұмыс жасайтын электр желілері де ең жоғары жүктемені көтеру үшін үнемі дайындықта болуы тиіс, ал оларды дайындықта ұстап тұрумен байланысты шығындар жекелеген тариф (немесе қуат үшін тарифтің құрамдас бөлігі) – қуатты электр желісіне қосу үшін абоненттік төлем түрінде өтелуі тиіс.

Осылайша, энергетикадағы баға белгілеудің негізгі қағидасы жалпы түсімді тұрақты және ауыспалы шығыстар құрылымымен дұрыс қоя білу қажеттілігінен тұрады. Біріншілері генерациялаушы қуаттар және электр желілерін ұстаумен, сонымен бірге тұтынушылық жүктемені көтеру үшін олардың тұрақты түрде дайындықта болуын қамтамасыз етумен байланысты. Екіншілері – станцияларда электр энергиясын өндірумен және беру және тарату кезіндегі энергия шығынын өтеумен байланысты. Мұндай тәсіл негіз ретінде екі немесе үш мөлшерлемелі тарифтің барлық тарифтік жүйесін қолдануды қажет етеді, ол кезде тұтынушы (нысаналы мақсатымен): қуат үшін тарифті; бұл қуатты электр желісіне қосқаны үшін тарифті (абоненттік төлем); тұтынылатын тарифтің өзіне тариф төлейтін болады.

Біздің барлығымыз телефонымызды пайдаланған кезде осындай тәсілдің пайдаланушылары болып табыламыз. Біз телефонмен мүлдем сойлепесек те болады, бірақ телефон компаниясы желінің техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге және біздің аппаратта тиісті сигналдың болуына қаражат жұмсайды, біз күнделікті абоненттік төлемді төлейміз. Ал, біз қаларалық желілермен сөйлескен кезде компанияда қосымша шығындар пайда болады, оларды өтеу үшін компанияға жеке соманы төлейміз [73,с.3].

Инвестициялық құрамдас бөлікті коммуналдық қызметтердің тарифтеріне кіргізу мәселелері Ресей Федерациясында да барынша өзекті, сонымен бірге даулы болып табылады. Мысалы, коммуналдық қызметтердің тарифтеріне инвестициялық үстемеақыларды енгізумен, кейбір мамандардың пікірі бойынша, Ресейдің жекелеген заңдарының арасында қарама-қайшылықтар пайда болды. Соңғы уақытта Ресей Федерациясында электр энергетикасын да қамтитын коммуналдық шаруашылықтың негізгі қорларының тозуы, ұзақ мерзімге созылған толық қаржыландырылмау жағдайында, орасан үлкен мөлшерлерге жеткен, түрлі бағалаулар бойынша оның тозу деңгейі 80% дейінгі мөлшерді құрайды. Коммуналдық кешенді ұйымдастырудың салдары ретінде әрдайым сапалы қызметтер көрсетіле бермейді және үлкен мөлшердегі шығындар бар. Бұдан ертерек негізгі қорлар амортизация есебінен жаңартылған, бірақ бұл механизм нарық жағдайында тиімді жұмыс істеуін тоқтатты, оның үстіне шығыстардың бұл бабы тарифтің құрамында болған және әдетте басқа мақсаттарға жұмсалып келген. Бұл жағдайды осылай қалдыруға болмады, сондықтан заңнамалық деңгейде тарифтен тікелей негізгі қорларды жаңартуға жұмсалатын қаражатты бөліп алу туралы шешім қабылданды.

2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 210-ФЗ «Коммуналдық кешен ұйымдарының тарифтерін реттеу негіздері туралы» федералдық заңға [74] сәйкес тұтынушыларға арналған бағаға (тарифке) үстемеақы тұтынушылардың коммуналдық кешен ұйымдарымен есеп-айырысуы барында ескерілетін, коммуналдық кешен ұйымдарының инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыру мақсатында белгіленетін және жалпы мөлшері коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды іске асыратын коммуналдық кешен ұйымдарының тауарлары мен қызметтеріне

белгіленетін үстемеақы сомасына сәйкес келетін баға мөлшерлемесі болып табылады.

Тарифтен үстемеақыны бөліп алудың негізгі міндеті коммуналдық кешен ұйымының ағымдағы қызметін қаржыландыруды және коммуналдық шаруашылықтың негізгі қорларын қалпына келтіруді (жаңғыртуды) қаржыландыруды бөлу болып табылады.

2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 210-ФЗ «Коммуналдық кешен ұйымдарының тарифтерін реттеу негіздері туралы» федералдық заңға (бұдан әрі – 201-ФЗ) сәйкес коммуналдық қызметтердің тарифтеріне белгіленетін үстемеақының негізгі мақсаты коммуналдық инфрақұрылым жүйесінің құрылысын және (немесе) оны жаңғыртуды қаржыландыру болып табылады. Бұл күрделі салымдар.

Тұтынушыларға арналған бағаға (тарифке) үстемеақы – тұтынушылардың коммуналдық кешен ұйымдарымен есеп-айырысуы барысында ескерілетін, коммуналдық кешен ұйымдарының инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыру мақсатында белгіленетін және жалпы мөлшері коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды іске асыратын коммуналдық кешен ұйымдарының тауарлары мен қызметтеріне белгіленетін үстемеақы сомасына сәйкес келетін баға мөлшерлемесі.

Алайда, басқа нормативтік актілерді талдай отырып, жеткілікті маңызды қарама-қайшылықтар анықталды. Істің мәні жоғарыда аталған заңды 1999 жылғы 25 ақпандағы № 39-ФЗ «Ресей Федерациясындағы инвестициялық қызмет туралы» федералдық заңмен (бұдан әрі - 39-ФЗ) салыстыратын болсақ, инвестицияланатын мүліктің меншік иесі кім екені белгісіз, оның үстіне 39-ФЗ[75] сәйкес коммуналдық кешен ұйымдарының тауарлары мен қызметтерінің тұтынушылары инвесторлар болып табылады, және меншік иесінің барлық құқықтарына ие болады. Осылайша, коммуналдық қызметтердің барлық тұтынушылары қалайша меншік иелері болып табылатыны, меншік иелерінің есебі қалай жүргізілетіні, әрбір тұтынушы қалай иелену, пайдалану және билік ету құқықтарына ие болады, инвестицияларды айқындау тәртібі қалай жүзеге асырылады және неліктен инвесторлар мәжбүрлі түрде инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға тиіс екені мүлдем түсініксіз.

Инвестициялар анықтамасы мен тарифтерге белгіленетін үстемеақы анықтамасын, сондай-ақ 210-ФЗ-дағы басқа да түсініктерді салыстырған кезде сол бір түсініктер жайында айтылып жатқанын сенімділікпен айтуға болады. 39-ФЗ қамтылатын азаматтық қатынастар, инвестиция нысандары (инвесторлардың құқықтары, инвестициялардың көлемі мен бағыттарын анықтау және т.б.) 210-ФЗ-да көрсетілген қатынастар мен нысандарға сәйкес келеді .

39-ФЗ 4 бабына сәйкес азаматтар (жеке тұлғалар) инвесторлар бола алады, бұл жағдайда олар инвестициялық қызмет субъектілерінің пайдаланушылары да бола алады. Меншік иесінің өзінің құқықтарын Азаматтық кодекске сәйкес мемлекетке немесе үшінші тұлғаларға беру (сатуға) мүмкіндігі бар, бұл үшін жалдау, цессия шарттарын жасау талап етіледі. Бухгалтерлік және салық

есебінің ережелеріне сәйкес инвестицияларды есептеу жекелендірілген түрде жүргізіледі, бірақ 210-ФЗ-да мұндай есеп жүргізу қарастырылмайды.

Егер мүліктің меншік иесі коммуналдық кешен ұйымы болады деп айтатын болсақ, онда тарифтерге үстемеақы түріндегі өтеусіз беру немесе ақша қаражаттарын қарызға алу болады. Егер мүлік өтеусіз берілетін болса және тұрғын үйдің меншік иесі жеке кәсіпкер немесе салық төлеудің классикалық жүйесін қолданатын заңды тұлға болатын болса, онда РФ Салық кодексіне сәйкес олар ҚҚС және берілетін мүліктің нарықтық бағасынан есептелетін табыс салығын төлеу қажет болады.

Егер коммуналдық кешен ұйымы ақша қаражаттарын қарызға алады деп айтатын болсақ, онда тарифтерге үстемеақыларды коммуналдық кешен ұйымының несие берешегі ретінде ескеру керек, олар әрі, мысалы, акциялардың қосымша эмиссиясы және оларды коммуналдық қызметтердің тұтынушылары арасында орналастыру немесе коммуналдық қызметтер үшін шегерулер жолымен өтеледі.

Сонымен бірге мүлік мемлекеттік те бола алмайды, себебі қаражаттардың көздері бюджеттен тыс көздер болып табылады, ал халықтан бюджетке өтеусіз тек салықтар ғана келіп түседі. РФ Салық кодексіне сәйкес салық дегеніміз ұйымдар мен жеке тұлғаларға меншік құқығында немесе оралымды басқару құқығында тиесілі ақша қаражаттарын мемлекеттің және (немесе) муниципалдық құрылымдардың қызметін қаржылай қамтамасыз ету мақсатында ұйымдар мен жеке тұлғалардан алынатын міндетті, жеке өтеусіз төлем ретінде түсіндіріледі.

Бұл жағдайда РФ Салық кодексінде салық төлеуші төлеуге тиіс салықтар мен алымдардың жабық тізбесі белгіленген.

Егер бұл үстемеақылар муниципалдық қарыз болатын болса, онда муниципалитет, мысалы, муниципалдық облигациялар беруге міндетті.

2009-2013 жылдар кезеңінде электр энергетикасына салынатын инвестициялардың жылдық көлемі 5 есеге дейін өсіп, 692,2 млрд. теңгені құрады. Бұл қолданыстағы 500 МВт жаңғыртуға және және 1776 МВт қосымша энергетикалық қуаттарды енгізуге мүмкіндік берді. 2009-2015 жылдарға 1033,9 млрд. теңгеге инвестициялар жоспарланып отыр, күтілетін нәтиже 2584 МВт.

Инвестициялық салымдардың тиімділігін станциялардағы механизмдер мен жабдықтардың істен шығу және бұзылу жағдайлары санының біршама азаюынан көруге болады. Жаңғырту және кеңейту бағдарламасы жылыту маусымында станциялардың тұрақты жұмыс істеуіне оң әсерін тигізеді және жылу және электр энергиясын өндіру көлемінің өсуіне ықпал етеді.

2016 жылдан бастап энергия көздері үшін ұзақ мерзімді қуаттар нарығы күшіне енеді, онда инвесторларға салынған инвестицияларының қуаттарды міндетті түрде сатып алу арқылы қайтуына кепілдік беріледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік нарықта қалыптасқан күрделі жағдайды ескере отырып, бұрын болмаған теңдессіз және өз уақытындағы инвестициялық климатты жақсарту жөніндегі саясат жүргізілуде. Мемлекет



деңгейінде өндірістік қуаттарды дамытуға ақша қаражатын салуға дайын инвесторларды қолдау бойынша нақты қадамдар қабылданған [76].

Электр станцияларына қатысты «инвестициялардың орнына тариф» саясаты Қазақстанда 2009 жылдан бері іске асырылуда. 2008 жылмен салыстырғанда босату тарифтерінің деңгейі 2014 жылдың соңына қарай 1,8-3,8 есе артты.

Бес жылда генерациялау саласына салынған инвестициялар 692,2 млрд. теңгені құрады, 1776 МВт электр қуаты іске қосылды (жаңа қуаттар – 1086 МВт, қалпына келтірілгендер – 690 МВт).

Сонымен бірге, шекті тарифтерді көтерместен, генерациялаушы қуаттарды жаңғырту мен дамытуға салынатын инвестициялардың қарқынын сақтап салу үшін жеткілікті резервтер бар.

Мысал ретінде, шекті тарифтерді есептеу кезінде белгіленген көлемдермен салыстырғанда электр энергиясын өндіру көлемінің артуы есебінен қосымша табыстар алу фактісін келтіруге болады. Мысалы, 2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін Екібастұз МАЭС-1 электр энергиясын өндірудің жиынтық көлемі келісімдер бойынша 41,8 млрд кВт/сағатты құрады, ал нақты босатылғаны 21% көп (50,6 млрд. кВт/сағат). Осылайша, МАЭС-1 инвестициялық міндеттемелермен бекітілмеген негізсіз табысы 28 млрд. теңгені құрады.

Тарифтік «артық мөлшерлер» болған кезде ақша қаражаттарының тиімсіз және мақсатына сай пайдаланылмауына жол беріледі. Мысалы, ақша қаражаты генерациялаушы қуаттарды дамытуға емес, автокөлік пен кеңсе техникасын сатып алуға жұмсалады, бірқатар электр станциялары шекті тарифтерден алынған кірістерден дивидендтер төлейді. Мысалы, ЕМАЭС-1 2012 жылға 8 млрд. теңге төлеген.

«Қайта қаржыландыру» апаттар немесе тозу салдарынан істен шыққан ескі қуаттарды қалпына келтіруге, және жұмыс істеп тұрған электр станцияларындағы құрылысы аяқталмаған блоктарды салып бітіруге тіпті жаңасын салуға жұмсалатын инвестициялармен салыстырғанда айтарлықтай үлкен деңгейдегі ақша салымдарынан көрінеді (бір кВт қуат үшін 390 мың теңге немесе \$2534). Салыстыру үшін: «жаңадан» салынып жатқан Балқаш ЖЭО бірінші (салыстырмады түрде барынша қымбат тұратын) кезегіне ақша салымдары бір кВт үшін 566 мың теңгеге, немесе \$2505 бағаланады.

«Шекті тарифтерді» есептеу кезінде қолданылатын тәсіл инвестициялардың шамадан тыс тартымдылығын және үлкен табыстылығын қамтамасыз етеді, экономиканың қызуына жағдай жасайды.

Атап айтқанда, капитал салымдарының жылдық өзін-өзі ақтау мүмкіндігі қарастырылған: инвестициялардың көлемі амортизация арқылы жыл ішінде жиналатын сомаға және тарифтегі кіріске байланысты анықталады. Сонымен бірге, инвестициялар 15 жылдан жоғары қызмет ету мерзімімен ұзақ мерзімді активтерге бағытталады.

Негізінен, тікелей инвестицияларды есептеу тарифтің үнемі экономикалық жағынан негізделмеген түрде өсуіне алып келеді және электр станцияларын жаңғырту көлемі мен қарқынын арттыру үшін қарыз қаражаттарын тартуды

ынталандырмайды. Мысалы, бес жыл мерзіммен несиелер беру кезінде инвестиция көздері (тариф деңгейі өзгеріссіз қалған кезде) екі еседен астам мөлшерге артады.

2015 жылы тарифтердің 2014 жылғы деңгейін сақтап қалу ұсынылады. Бұл жағдайда, Екібастұз МАЭС-1 және МАЭС-2, Еуразиялық энергетикалық компания және Алматы электр станциялары – тарифтерін 2013 жылдың деңгейіне дейін төмендетеді.

Басқаша айтқанда, жағдай мынадай: электр энергиясын генерациялау тарифтері басып озушы түрде көтерілген 5.5 жылдың ішінде көптеген қуаттарды енгізуге қол жеткізілді. Бірақ, бұл жұмыс істеп тұрған электр станцияларындағы апаттардан немесе ескіруінен істен шыққан турбиналарды қалпына келтіру және салынып жатқандарын аяқтау ғана. Және де «жаңадан» электр станциясын салу үшін де бағасы жағынан жоғары болып шықты.

Ал, шағын Жаңажол ГТЭС және бірнеше ұсақ ГЭС қоспағанда жаңадан ештеңе салынған жоқ. Шын мәнісінде қажет және көптеген жылдар бойы жоспарға енгізіліп келген Балқаш ЖЭО-нан бастап тіптен, құрылысы да басталмады.

Мұның себебі айқын болса да, Қазақстан энергетикасының басшылары тіптен елегісі келмейді. Елде электр станцияларының, жоғары вольтты және таратушы электр желілерінің қызметін нормалау мен тексеру жүйесі жоқ. Сондықтан, пайдалану, және «инвестициялық» тарифтер энергетикалық монополистердің ашық емес және есеп бермейтін қызметінде жоғалып кете барады.

Осының барлығын тездетіп ойлану-түсіну қажет. Бұл Ресеймен және Белоруссиямен ортақ энергетикалық нарықты құру қарсаңында ғана емес, сонымен бірге энергетикаға – оның қазіргі уақыттағы тиімсіздігі мен ашық еместігі кезінде үлкен көлемде инвестициялар салудың аса қажеттілігіне байланысты болып отыр [77].

### **2.3 Электр энергетикасындағы инвестициялық тарифтердің жағдайы мен өзгеру тенденциясын басқару**

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің тарифтері шарықтап өсіп барады, бұл халықтың өмір сүру деңгейін көтеру тапсырмасына сәйкес келмейді. Бүгінде коммуналдық қызметтерді ұстап қалу қазақстандықтардың алаңдаушылық танытуының басты көзі және баға өсімінің негізгі мультипликаторларының бірі болып табылады. Дәл осы проблема ел халқын барлығынан көп – тіптен, денсаулық жағдайы мен медициналық қызметтердің сапасы, несиелер мен банктен алынған қарыздарды төлеуден де артық мазалайды. Саяси шешімдер институтының (СШИ) деректері бойынша бұл проблемаларды алаңдаушылықтың басты көздері ретінде ел азаматтарына жүргізілген әлеуметтік сұрақ-жауап алу барысында сұраққа жауап берушілердің сәйкесінше 52%, 26,4% және 24,6% атап өтті [78].

Өңірлердің жартысына жуығындағы қазақстандықтар әрбір жаңа жылды коммуналдық қызметтерге тарифтердің кезекті өсуімен бірге қарсы алатыны

белгілі. Бұлайша өсудің себептерін түрліше атайды, бірақ нәтижесі біреу – әдетте, біздің есебімізден билік жаңғырту жүргізіп, коммуналдық қызметтерді жеткізушілердің басқа да қиындықтарын шешуге тырысады. Оңтүстік Қазақстан облысы депутаттарының, түрлі партиялары мен кәсіподақтары өкілдерінің жергілікті монополистердің және монополияға қарсы комитеттің жұмысына қатысты кездесуінде «Нұр Отан» ХДП жергілікті филиалының басшысы Өмірзақ Мелдеханов шымкенттік коммуналшылар оңтүстік өңірдің халқының үндемейтінін пайдалана отырып, қызметтердің бағасын үздіксіз көтеретінін мәлімдеді. «Олардың (монополистердің) аранын іс жүзінде ешкім ұстап, бақылап отырған жоқ, - деп атап өтті ол. Тіпті әрбір тоқсан сайын олар тарифті көтеруде, - біресе тозығы жеткен желілерді ауыстыру үшін, біресе ескірген жабықтарды жаңарту үшін. Бағалар өсуде, қызметтердің сапасы нашарлауда, ал халық үнсіз! Бұл қанша уақытқа созылады?» [79].

2013 жылдың ортасында өткен және «КШ-дағы тарифтер: өсудің негізделуі, пайдалану ашықтығы, тиімділігі» тақырыбына арналған СШИ Клубының отырысында ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (ТМРА) төрағасының кеңесшісі Лилия Рогозян, тарифтердің өзгеруінің маңызды себептерінің бірі деп – электр станцияларындағы электр энергиясының құнының өсуін атап өтті. Бұл халық пен кәсіпорындар үшін электрмен жабдықтауға белгіленген тарифтердің, сонымен қатар суға белгіленген тарифтердің көтерілуінің басты себебі болып табылады, себебі «ол жерде электр энергиясына жұмсалатын шығындар 30% жетеді», - деп есептейді ол. Жаңа тарифтерді бекіту, олардың өсуі табиғи монополия субъектілерінің негізгі құралдарын жаңарту мен қалпында ұстап тұру, қызметтердің ең болмағанда қазіргі бар сапасын сақтап қалу, экономиканың дамуын қамтамасыз ету үшін қажет. Әрине, сарапшының айтуынша бұл түсініксіз қадам, бірақ инвестицияларды жүзеге асыру тұрғысынан мәжбүрлі түрде қабылданған шара [80].

2012 жылы Қазақстан бойынша тарифтердің 1013 жобасы қаралды, оның ішінде 304-і қабылданбады. 709 жоба бойынша шешім қабылданды: 14-і бағасын төмендетумен бекітілді, 176-ы бұрынғы деңгейінде қалдырылды, 457-і бағасын көтерумен бекітілді (нақты: бұл сумен жабдықтау саласындағы 237 тариф, жылу энергиясы саласындағы 156, электр энергиясын беру және тарату қызметтері бойынша 43 тариф). Қазіргі уақытта елде барлығы 1194 табиғи монополия субъектісі бар (су құбыры және кәріз шаруашылығы – 850, жылуды және электр энергиясын жеткізушілер – 456, көлік қызметтері – 289).

Коммуналдық қызметтердің ішінде халықты және кәсіпорындарды электр энергиясымен қамтамасыз ету маңызды орында тұр. Үкімет 2012 жылы арзан қызметтер болмайды деп уәде бергендей 2013 жылдың басынан бастап бұл қызметтердің, оның ішінде электр энергиясы қызметтерінің бағасы қайтадан өсті. Солтүстік Қазақстан облысында электр энергиясына тариф 1 қаңтардан бастап 10%-ға - халық үшін 1кВт\*сағ үшін 11,27 теңгеге дейін және заңды тұлғалар үшін 14%-ға - 11,71 теңгеге дейін көтерілді. Сонымен бірге Павлодарда осы жылдың 1 қаңтарынан бастап электр энергиясына тариф орта


есеппен 24,5% көтерілді. Шығыс Қазақстан облысында орташа алғанда электр энергиясы 11,8% қымбаттады, халық үшін тариф 10%-ға, заңды тұлғалар үшін 14,4%-ға көтерілді. Жамбыл облысында 2013 жылдың қаңтарынан бастап орта есеппен электр энергиясының тарифі 1 кВт\*сағат үшін 14,14 теңгені құрады, заңды тұлғалар үшін 1 кВт\*сағатқа 15,53 теңге, ал халық үшін – 1 кВт\*сағатқа 12,5 теңгені құрады, ал бұл тариф 12,38 теңге болған еді. 2013 жылдың 10 қаңтарынан бастап Алматы қаласында және Алматы облысында электр энергиясына тариф 1 кВт\*сағат үшін ҚҚС есептемегенде 5,9%-ға 13,56 теңгеге дейін көтерілді (12% ҚҚС бірге 1 кВт/сағат 15,19 теңге). ТМРА төрағасының деректері бойынша 2013 жылдың қаңтарында электр энергиясының ең жоғарғы бағасы Алматы қаласында қалыптасқан – ҚҚС есептемегенде 1 кВт\*сағат үшін 13,56 теңге. Электр энергиясының ең төменгі тарифі Маңғыстау облысында болған – бір кВт\*сағат үшін 4,05 теңге. Осымен коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі тоқтамайтынын, оларды кем дегенде 2 есеге көтеру жоспарланып отырғанын айта кету қажет.

ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2005 жылдан бастап 2011 жылға дейін республикада электр энергиясына орташа төлемақы құны «Казпотребнадзор» ҚБ және «Рейтинг.kz» агенттігі 2012 жылы жасаған ірі қалалардағы электр энергиясына тарифтердің рейтингіне сәйкес 118% өскен, “электр энергиясына бағаның орташа өсімі басқа коммуналдық қызметтердің бағасының өсімінен асып түседі”.

Төменде берілген 7-суретте 2011-2013 жылдары республика облыстарының бөлінісінде электр энергиясына тарифтер деңгейінің өзгеруі көрсетілген.

Біріншіден, тарифтер тұрақты түрде өсуде: соңғы екі жылда - 48,9%-дан (Қостанай облысы) 10,5%-ға дейінгі аралықта (Атырау облысы, мұнда киловатт-сағаттың құны онсыз да ең жоғары тарифтердің бірі). Орта есеппен жылына электрмен жабдықтау бағасы шамамен 11%-дан өсіп отырады. Бұл дегеніміз, электр энергиясы – Қазақстандағы инфляцияның және бағалардың жалпы өсуінің негізгі мультипликаторы.

Екіншіден, өңірлер бойынша тарифтердің бөлінуі – шын айтатын болсақ, бұл қисынсыз әрекет емес, тікелей – әлеуметтік және экономикалық кемсітушілік. Сол бір тұрмыстық және өндірістік тұтынушылар өздері үшін сол бір өмірлік маңызды тауар үшін бір жарым еседен асатын мөлшерде айырмашылығы бар бағаны төлейді. Ол осындай «шанышқымен» отбасылық бюджетке, аталған жергілікті жердегі өндірілетіннің барлығының өзіндік құнына ауысады. Мұның барлығы, тұтынушылардың түрлі аумақтық-әкімшілік бірлікте тұруында ғана. Ал, осы тарифтермен бөлінген қалалар мен облыстар өңіраралық жоғары вольтты ЭБЖ өзара байланысқан және жергілікті таратушы желілермен қамтылған жоқ па? Және де, оларды күтіп ұстауға тұтынушылар тарифінің жартысынан астамы жұмсалады.



Сурет 7- 2011 жылға арналған тұтынушылар тарифі, теңге/кВт-сағат; 2012 жыл; 2013 жыл

Ескерту - [81] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

2014 жылы тарифтердің өсуі жалғасты. Электр энергиясының орташа жіберу тарифі Астана қаласында 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 8%-ға көтеріліп, ҚҚС есептемегенде 12,67 теңге/кВт\*сағ құрады. Бағаның көтерілуіне дейін астанада электр энергиясының орташа жіберу тарифі ҚҚС есептемегенде 11,7 теңге/кВт\*сағ деңгейінде болды. Тарифтердің көтерілуі Астана қаласының энергия өндіруші ұйымының 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап энергияны жіберу бағасын орта есеппен 15,3%-ға көтеруімен, сонымен қатар электр энергиясын сыртқы жеткізушілер тарифінің 6,9%-ға өсуімен байланысты. Осылайша, тұтынушылар үшін электр энергиясын орташа жіберу тарифі келесіні құрады: халық үшін - ҚҚС есептемегенде 10,57 теңге/кВт\*сағ; басқа да тұтынушылар үшін - ҚҚС есептемегенде 13,64 теңге/кВт\*сағ [81].

ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті «Павлодарэнергосбыт» ЖШС-нің 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық үшін электр энергиясының тарифін орта есеппен 7%-ға көтеру туралы өтініміне келісім берді. «Департамент «Павлодарэнергосбыт» ЖШС-нің электрмен жабдықтау жөніндегі өз қызметтерінің құнын көтеру туралы хабарламасын қарады және халық үшін тарифті орта есеппен 7%-ға көтеруді негізделген деп таныды», - деді департамент басшысы К. Төлендинов. Бұл ретте, департамент басшысының мәліметтері бойынша электр энергиясын


тұтыну көлеміне байланысты халық үшін ең төменгі тариф енді кВт/сағ үшін ҚҚС бірге 9,24 теңгені және ең жоғарғысы – ҚҚС бірге бір кВт/сағ үшін – 14,85 теңгені құрайтын болады. «Тарифтердің көтерілуінің негізгі себептері осы жылдың 1 қаңтарынан бастап электр станцияларының жіберу бағасын өсіруі және энергияны беруші ұйымдардың тарифтерінің көтерілуі болып табылады. Мысалы, «Павлодарэнерго» АҚ-ның тарифтері 7,8%-ға, Екібастұз МАЭС-2 тарифтері 9,6%-ға көтерілді. «Павлодар АЭК» АҚ тарифтері 18%-ға жоғарылады. Сонымен бірге, өткен жылы «KEGOC» АҚ-ның да тарифтері 6,7%-ға өскен» [82].

2014 жылдың қазан айында өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Қазақстанда электр энергиясының ақысы 6,2%-ға өсті. Ағымдағы жылдың қазан айында 100 кВт\*сағ құны 1100 теңгені құрады, 2013 жылдың қазанында ол 1036 теңге болған. Осылайша, электр энергиясының қымбаттауы 15 өңірде байқалады. Тарифтердің ең жоғары жылдық өсімі Жезқазғанда байқалды – 37%-ға (1 456 теңгеге дейін). Электр энергиясы барлығына қарағанда Алматы қаласының тұрғындары үшін қымбат болып отыр – 100 кВт\*сағ үшін 1 621 теңге. Оңтүстік астанадан кейін Қостанай және Қызылорда тұр – 1 537 және 1 502 теңге. Сонымен қатар, мәліметтер бойынша ең арзан электр энергиясы Ақтау, Атырау және Оралда. Ақтауда базалық тариф 538 теңгені құрайды, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 2 есеге төмен. Ақтөбеде ғана бағаның арзандауы тіркелген. Өткен жылмен салыстырғанда баға 2%-ға төмендеген [83].

«KEGOC-тың» тарифі өткен жылы 50%-ға көтерілгенін айта кету қажет.

Электр энергиясына тарифтердің жыл сайын көтерілу үрдісі осы жылы да жалғасын тапты. Қазақстанда еліміздің энергиямен жабдықтаушы компанияларының барлығы дерлік 2015 жылдан бастап тарифтерді көтеруге өтінім берді. Сарапшылар электр энергиясымен бірге бірден азық-түлік өнімдері мен басқа да коммуналдық қызметтердің де ақысы көтеріледі деп мәлімдеді. Энергетика министрлігі басшысының мәлімдеуі бойынша 2015 жылдың 1 ақпанынан бастап Қазақстанның барлық өңірлерінде электр энергиясының тарифтері біршама көтерілуде. Оның айтуынша, көтерілу себебі: мемлекеттегі экономикалық тұрақсыздық және энергожүйенің инфрақұрылымына, жаңа қуат құрылысына инвестицияның тапшылығы.

8-суретте 2014 жылдың қазанындағы электр энергиясына базалық тарифтер және республиканың облыстары бойынша бір жылдағы олардың өсуі көрсетілген.



Сурет 8 - 2014 жылдың қазанындағы электр энергиясына базалық тарифтер және республиканың облыстары бойынша бір жылдағы олардың өсуі

Ескерту - [84] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Павлодарда электр энергиясының бағасы жыл сайын өседі. Жергілікті компания-жеткізуші шекті тарифтерді көтеру бағдарламасына кіреді және келесі жылға дейін олардың электр энергиясының құнын көтеруге толық құқықтары бар. Бірақ, электр энергиясының қарапайым азамат үшін қаншалықты қымбаттайтынының нақты сомасын әлі айта алмайды. "Павлодарэнерго" АҚ электр станциялары 2014 жылы электр энергиясын кВт\*сағ үшін 6,9 теңгемен жіберген, онда ол 2015 жылы кВт\*сағ үшін 7,5 теңгемен жіберетін болады.

Электр энергиясын өндіру тарифінің құнына тасымалдау қызметтерінің құнын қосу қажет. Тарифтерді көтеру ниеті туралы өтінімді еліміздің барлық

дерлік энергиямен жабдықтаушы компаниялары бергені мәлім. Шығыс Қазақстанда жеткізуші ТМРА-нен бағаны 23%-ға көтеруге, Ақтауда - 15%-ға көтеруге рұқсат беруді сұрап отыр. Қарағандылықтар және алматылықтардың басқаларға қарағанда жолы болды: оларда электр энергиясына тариф 9%-дан жетпейтін мөлшерде көтерілуі мүмкін. Егер Талдықорған қаласының Табиғи монополияларды реттеу департаментінде энергетиктердің өтінімін мақұлдайтын болса, онда электр энергиясы ол жерде 30%-ға қымбаттайды.

Өтінімдерді қарауға уақыт кетеді. Сарапшылар тарифті көтеру қаншалықты заңды екенін анықтауға тиіс. Түпкілікті шешімді не дегенімен жеткізушілер қабылдайтыны рас. «Әдетте, тәжірибе көрсеткендей, олар біз жолдаған қорытындыны ұстанады. Ондай болмаған жағдайда бұл мәселені сот арқылы соңына дейін жеткізуге құқығымыз бар», - деп түсіндірді ТМРА Павлодар облысы бойынша департаменті директорының орынбасары К. Төлендинов [84].

«Самұрық-Энерго» АҚ 2015 жылы электр энергиясына тарифті 7-8%-ға көтеруді жоспарлап отыр. Бұл жайында «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сатқалиев СЦК өткен брифингтің барысында мәлімдеді. «Өзіміздің кәсіпорындар бойынша біз Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне өтінім бердік.

Біздің өтінім 7-8% төңірегінде, және біз сөзсіз, мемлекеттен өз тарифтеріміздің деңгейі бойынша әділ және әлеуметтік жағынан жауапты шешім қабылдауын күтеміз», - деді ол.

А.Сатқалиев осы жылы екі маңызды фактор болғанын, олар кейін 2015 жылы электр энергиясына бағаны белгілеуді анықтайтынын нақтылады. Оның айтуынша, бұл газ бағасының өсуі және KEGOC-та тарифтің өсуі. «Мысал үшін, Ақтөбеде көтерме саудадағы газдың бағасы 5 есеге өсті, Алматыда – 2 еседен астам мөлшерге өсті. Табыстың қажетті деңгейін қамтамасыз етуге, инвестициялық бағдарламаны ауқымды түрде, оның ішінде Шығыс Қазақстан арқылы «Солтүстік-Оңтүстік» үшінші транзитінің құрылысы бойынша іске асыру қажеттілігіне байланысты KEGOC тарифінің өсуі және де бұл факторлар, жалпы, тұтынушы үшін электр энергиясының түпкі бағасына әсер ететіні сөзсіз», - деп қорытындылады А.Сатқалиев [85].

Жоғарыда 2015 жылға электр энергиясының тарифтерін жаңадан көтеру жоспарланып отырғанын айтып өттік. Мысалы, Алматы қаласы мен Алматы облысында «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 «Шекті тарифтерді бекіту туралы» қаулысына сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап электр энергиясын жіберу бағасының көтерілуі туралы келесі энергия өндіруші ұйымдар хабарлайды: солтүстік энергия көздері — 8,8 теңгеге дейін (10%); «Алматы электр станциялары» АҚ 8,6 теңге (5%); Жамбыл МАЭС 8,7 теңгеге дейін (2%)», — деп хабарланады «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС ресми порталында.

Сонымен бірге, электр энергиясын беру бағасы «KEGOC» АҚ желілері бойынша 33%-ға, «АЖК» АҚ өңірлік деңгейдегі желілері бойынша — 4%-ға көтерілген. Сондай-ақ, электр энергиясын өндіріру – тұтынуды теңестіруді



ұйымдастыру қызметтері бұрынғы бекітілген тарифке 22%-ға қымбаттады. Электр энергиясын жіберу тарифінің негізгі құрамдас бөліктері оның көтерме сауда нарығындағы бағасы болып табылатындықтан «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын тұтынушыларға тарифтің 7,5%-ға өзгергені жайлы хабарлайды. Электр энергиясына тариф Қостанай облысында да көтерілді. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 кВт\*сағ. үшін орташа өткізу бағасы бұрынғы 15,69 теңгенің орнына 16,7 теңгені құрады (ҚҚС есептемегенде), жеке тұлғалар үшін – бұрынғы 13,72 теңгенің орнына 14,6 теңге (ҚҚС есептемегенде), басқа да тұтынушылар үшін – бұрынғы 17,33 теңгенің орнына 18,52 теңге (ҚҚС есептемегенде).

Оңтүстік Қазақстан облысының энергетиктері электр энергиясына тарифтің көтерілгені жайлы мәлімдей отырып, жеткізушілердің жіберу бағасы көтерілгендіктен және тасымалдау шығындары көбейгендіктен бұл мәжбүрлі шара болып отыр деп хабарлады. Оңтүстік Қазақстан облысына электр энергиясы жеті жеткізушіден келеді, және олардың екеуі ғана жергілікті жеткізушілер. 1 қаңтардан бастап Шымкент ЖЭО-3 бағаны 7-ден 7,3 теңге/кВт\*сағ дейін көтерді (барлық бағалар ҚҚС есептеусіз), Шардара ГЭС (ОҚО) – 4,3-тен 4,5 теңгеге дейін, Жамбыл МАЭС – 8,5-тен 8,7 дейін, Екібастұз 8-ден 8,8 дейін көтерді, Еуроазия энергетикалық корпорациясы – 3,2-ден 4,81 дейін, «Қарағанды энергоорталық» – 6,9-дан 7,5 дейін, «Киргизгидрострой» – 12-ден 16,71 дейін көтерді. Орта есеппен электр энергиясын сатып алу құны 7,8 пайызға артты. Электр энергиясын тасымалдаушылар «КЕГОК» АҚ өз қызметтерінің құнын бірден 50 пайызға көтерді – 1,31-ден 1,95 теңге/кВт\*сағ. дейін. Облыстық тасымалдаушы – «Оңтүстік жарық транзит» АҚ – бағаны 4,77-ден 5,24 теңге/кВт көтерді, бұл тасымалдаудың орташа құнын 16,2 пайызға көтерді. Шығыс Қазақстан облысында электр энергиясына тариф 1 қаңтардан бастап: халық үшін 10%-ға және заңды тұлғалар үшін 9%-дан сәл асатын мөлшерге өсті. Себептері белгілі: ЖЭО және ГЭС электр энергиясының құнын көтерді. Орта есеппен бір сағаттағы 1 киловаттың құны 1 теңгеге өсуде. Халық үшін бұл ҚҚС бірге 12 теңгені құрайтын болады. ШҚО Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаментінің басшысы К. Оразбаевтың айтуынша, 1 қарашадан бастап «КЕГОК» бойынша желілерді беруге тарифтің көтерілуімен байланысты. Екінші себебі – бұл барлық энергия өндіруші станцияларда бағаның көтерілуі.

Батыс Қазақстан облысында электр энергиясының орташа жіберу тарифі 14,2%-ға көтерілді. «Жаңа жылдан бастап халық үшін орташа жіберу бағасы бұрынғы қолданыстағы бір кВт\*сағат үшін 8,04 теңгенің орнына 9,18 теңгені құрайды, деректер ҚҚС бірге берілген», — деп айтып өтті БҚО бойынша ТМРД басшысы В.Разов.

2014 жылғы қараша айының соңында «Батысэнергоресурсы» ЖШС өзінің тарифін 21,6%-ға көтеру туралы өтінім берді. «Бағаның өсімі электр энергиясын сатып алу және тасымалдау құнының көтерілуімен байланысты. «Зап-Каз РЭК» АҚ-ның электр энергиясын тасымалдау қызметтері біздің тарифтің жалпы құнының үштен бір бөлігін құрайтындықтан біз де жіберу

бағасын көтеру туралы сұрауға мәжбүрміз», — деп түсіндірді ертерек «Батысэнергоресурсы» ЖШС-нің бас директоры С. Имашева. Сонымен қатар, тұтыну көлеміне байланысты сараланған тарифтер де көтерілді. Мысалы, айына 70 кВт\*сағаттан аз жұмсайтындар кВт\*сағ үшін Т8,71 төлейтін болады (бұрын Т7,74), 70-тен 120 кВт\*сағ дейін – Т11,02 (бұрын Т9,65), ал 120 кВт\*сағ көп тұтынатындар үшін тариф Т13,78 құрайтын болады (бұрын Т12,06) [86].

Электр станцияларына қатысты «Инвестициялардың орнына тариф» саясаты Қазақстанда 2009 жылдан бастап іске асырылып келеді. Төмендегі 5-кестеде электр энергиясына үкімет бекіткен шекті тарифтер берілген. 2008 жылмен салыстырғанда босату тарифтерінің деңгейі 2014 жылдың соңында 1,8-3,8 есе ұлғайған. Бес жылдың ішінде генерация саласына салынған инвестициялар 692,2 млрд. теңгені құрады, 1776 МВт электр қуаты іске қосылды (жаңа қуаттар – 1086 МВт, қалпына келтірілгендері – 690 МВт). Бұл қуат экономиканың және халықтың қажеттілігін қамтамасыз етеді (5-кесте).

Кесте 5 - Шекті тарифтерді іске асыру қорытындысы

Шекті тарифтер бойынша инвестициялар	Көлемі	Қуат	Жаңа қуаттарды іске қосу	Қалпына келтіру
2009 ж.	65,4 млрд.тг	92 МВт	Атырау ЖЭО – 25 МВт	ҚарМАЭС-2 – 55 МВт ЭТЦ – 12 МВт
2010 ж.	109,7 млрд. тг	98 МВт	Атырау ЖЭО – 50 МВт Жаңажол ГТЭС – 48 МВт	
2011 ж.	142 млрд.тг	744 МВт	Ақсу БЭК – 325 МВт Орал ГТЭС – 54 МВт Мойнақ ГЭС – 300 МВт	Павлодарэнерго – 65 МВт
2012 ж.	198,8 млрд. тг	757 МВт	КарагандаЭнергоцентр – 120 МВт Согрин ЖЭО - 25 МВт Кристалл Мендежмент – 87 МВт	Ек.-МАЭС – 1 блок № 8 - 500 МВт Согрин ЖЭО – 25 МВт
2013 ж.	176,3 млрд. тг	85 МВт	СевКазЭнерго – 27 МВт Ақсу БЭК – 25 МВт	СевКазЭнерго - 33 МВт
Ескерту - ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша [59]				

Кесте 6- 2009-2013 жылдарға іс жүзінде 692,2 млрд. теңге инвестицияланған, нәтиже 1 776 МВт

2014 ж.	163,4 млрд. тг	593 МВт	СевКазЭнерго - 21 МВт Ақтөбе ЖЭО – 16 МВт	Ек.-МАЭС – 1 блок № 2 - 500 МВт СевКазЭнерго - 42 МВт Ақтөбе ЖЭО – 14 МВт
2015 ж.	178,3 млрд. тг	940 МВт	СевКазЭнерго - 21 МВт УК ЖЭО – 120 МВт Ақтөбе ЖЭО – 30 МВт Павлодарэнерго – 20 МВт	СевКазЭнерго - 24 МВт
Ескерту - ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша [59]				


2009-2015 жылдарға 1033,9 млрд, теңгеге инвестициялар жоспарланып отыр, күтілетін нәтиже 2 584 МВт

Кесте 7 - Шекті тарифтердің қолданылуы кезеңінде салынған қаражаттың есебінен қуаттарды іске қосу

2016-2017 жж.	541МВт	Ақсу БЭК – 25 МВт Шардара ГЭС – 16 МВт	Ек.-МАЭС – 1 блок № 1 - 500 МВт
Ескерту - ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша [59]			

Кесте 8 - Шекті тарифтерді қолдану нәтижелері жүйедегі қуаттың өсімі

Көрсеткіштің атауы	Мөлшері	2008ж.	2013-2014 жж.	%
Орнатылған электр қуаты	МВт	18 992,7	20 591,5	+8,4
Қазіргі бар электр қуаты	МВт	13 871,6	16 533	+19,2
Электр станцияларының орнатылған қуатты пайдалану коэф-ті ( $K_{бкп}$ )	%	48	51,2	+6,7
Жүктемені «0» дейін түсірумен ЖЭО-ғы апаттық тоқтаулардың жылдық саны	тоқтау	131	39	-70
Апаттық тұрып қалу уақыты	сағат	3 207	888,9	-72
Салаға инвестициялар	млрд тг	30*	17663	6 есе
* 2008 жылғы инвестициялар туралы нақты мәліметтердің болмауына байланысты, 2009 жылғы тарифтер мен инвестициялардың базасындағы инвестициялардың бағалау мәні берілген				
Ескерту - ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша [59]				



Сурет 9 - 2009-2015 жылдардағы тарифтердің көтерілу кестесі

Ескерту - ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша [87]

Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың 2014ж жалпы көлемі 353,2 млрд.тг.болды,яғни 2008 жылмен салыстырғанда 322,8%-ға (109,4 млрд.тг) өскен. Осы кезеңде салаға салынған бюджеттік қаражатта республикалық бюджеттің 257.7%-ға, жергілікті бюджеттің 348,6%-ға, жеке қаражатта 453,5%-ға, қарыздың да 202,2%-ға көлемінің өскенін көруге болады. Тек шетелдік қаражаттың ғана азайған 2008 жылы ол 10.9 млрд.теңге құраса,2014 жылы ол 10,6 млрд.теңгені құрады (9 -кесте).

Кесте 9 - 2008-2014 жылдарға электр энергиясын өндіру, беру, және бөлу бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

Электр энергиясын өндіру, беру, және бөлу бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар (млрд.тг.)									
		2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2008 ж-ға %-ен
Негізгі капиталға салынған инвестициялар		109,4	157,3	212,3	251,3	261,4	251	353,2	322,8
Бюджеттік қаражат	Республикалық бюджет	17,5	26,8	48,5	72,1	61,8	45,3	45,1	257,7
	Жергілікті бюджет	7,2	5,1	3,3	9,9	9,8	11,8	25,1	348,6
Жеке қаражат		48,9	83,3	112	122,7	168,2	168,7	221,8	453,5
Шетелдік қаражат		10,9	16,6	2	1,9	0,03	0,45	10,6*	- 3
Қарыз		24,9	25,5	46,2	44,5	21,5	24,5	50,5**	202,8
*2014 шетелдік банктердің несиелерімен									
**2014 банктердің несиелерімен									
Ескерту - ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде автор құрастырған [87]									

Энергетикалық сектордағы инвестициялық белсенділікті айқындау.

«Инвестицияға айырбастау тарифі» бағдарламасы 2009 жылы іске кіріскелі (бағдарлама электр энергетика сегментімен шектеліп, ағымдағы жылы аяқталады), энергетикалық секторға деген инвестицияның көлемі екі жарым есеге өсті (264 пайыз). Бұл жайлы Ranking.kz. хабарлайды.

2014 жылдың қорытындысы бойынша инвестиция көлемі 541,2 миллиард теңгеге жетті. Энергетикалық секторға салымдардың жиынтық көлемі алты жылда 2,23 триллион теңгені құрады (осы берілген кезеңге дейін әрбір жыл бойынша орташа айырбастау курстарын есепке ала отырып, 14 миллиард долларға жуық).

Инвестицияның деректеме құрамында компания секторының негізгі капиталына, соңғылары энергетикалық кешенге 87 пайыз салымдарын қамтамасыз ететін екі түрі ерекшеленеді: нарық қатысушыларының меншікті қаражаттары мен бюджеттен ақшалар.

2014 жылға қарай нарық қатысушыларының инвестициялары мемлекеттік салымдарды арттырған болса (44 пайыз 42 пайызға қарсы), бірінші этапта (2009-2010 жылдары) сол бюджет өзіне тарқататын инвестициялық процестің ролін алды.

Сондай-ақ мемлекеттің инвестициялық белсенділігі барлық кезеңдерде өседі: егер 2009 жылы бюджет энергетикаға 88 миллиард тенгені бөлген болса, онда 2014 жылы – 227 миллиард бөлді (10- кестені қараңыз).

Кесте 10 - ҚР-ның энергетикалық секторына тартылған инвестициялардың құрылымы

ҚР-ның энергетикалық секторына тартылған инвестициялардың құрылымы (млрд. тг.)						
????	Барлығы		Қорытындыға өсім		Жалпы көлемнен үлес	
	2014	2009	2014		2014	2009
Барлығы	541,2	205,3	263,6%	335,9	100,0%	100,0%
Меншікті	235,5	72,9	323,0%	162,6	43,5%	35,5%
Бюджеттік	226,9	88,0	257,8%	138,9	41,9%	42,9
Қарыз*	47,3	19,4	243,8%	27,9	8,7%	9,4%
Шетелдік**	13,5	25,0	54,0%	11,5	2,5%	12,2%
*2014 жылы шетелдік банктердің несиелерінің болмауы						
**2014 жылы оның ішінде шетелдік банктердің несиелері						
ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде Ranking.kz есептері						

Энергетика – тұрақты қайта инвестициялау секторы: 2009 жылдан бастап компания жылына орташа есеппен 28 пайызға инвестицияны арттыра отырып, өзінің дамуына 955,4 миллиард теңгені салды.

Мысалы, еліміздегі ең ірі "Самрук-Энерго" мемлекеттік холдингі 2009-2014 жылдары «инвестицияға айырбастау тарифі» бағдарламасы бойынша 413,5 миллиард теңгені инвестициялады.

ЦАЭК екі өндірістік активтері ("Павлодарэнерго" мен "Севказэнерго") осы кезеңде өздерінің басты активтерінің модернизациясына 102,6 миллиард теңгені салды. Евразиялық топтардың екі ірі энергетикалық жобалары (Ақсу ЭС жүзеге асырылған) 65 миллиард теңгеге дейін жетеді. AES өзінің қазақстандық активтеріне 2013-2015 жылдары 41 миллиард теңгені инвестициялайды. «КазТрансГаз» 2009 жылдан бастап 245 миллиард теңге көлемінде капитал салымдарын жасады.

Қарыз қаражаттары алты жыл ішінде секторға 10 пайыз ғана инвестицияны құрады. Сектордағы банктік несиелерді пайдалану белсенділігін арттыру байқалмайды. Ұлттық банк жүйесі үлкен және арзан ақшаларға мұқтаж секторларда қажетті қаражат көздерінің орнын ала алмады.


ҚР энергетикасындағы шетелдік инвестициялар таңбалы сипатқа ие, және белгіленген кезеңде жалпы суретке (11 - кестеде) байқалатын өзгерістер енгізе алмады.

Кесте 11 - ҚР-ның энергетикалық секторына тартылған инвестициялардың құрылымы

ҚР-ның энергетикалық секторына тартылған инвестициялардың құрылымы (млрд. тг.)						
	Барлығы		Қорытындыға өсім		Жалпы көлемнен үлес	
	2014	2009	2014		2014	2009
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы	541,2	205,3	263,6%	335,9	100,0%	100,0%

## 11 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Меншікті	235,5	72,9	323,0%	162,6	43,5%	35,5%
Бюджеттік	226,9	88,0	257,8%	138,9	41,9%	42,9%
Қарыз *	47,3	19,4	243,8%	27,9	8,7%	9,4%
Шетелдік**	13,5	25,0	54,0%	11,5	2,5%	12,2%
*2014 жылы шетелдік банктердің несиелерінің болмауы						
**2014 жылы оның ішінде шетелдік банктердің несиелері						
ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде Ranking.kz есептері						



Сурет 10 - 2009-2014 жылдардағы ҚР-ның энергетикалық секторына тартылған инвестициялардың инвестициялық көзі (млрд.тг.)


Ескерту - [88] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Энергетикадағы инвестициялық цикл орташа есеппен үш жылдан кем емес. Сондай-ақ, 2009-2014 жылдары ең аз дегенде екі инвестициялық циклді шартты түрде бөлістіруге болады. Инвесторлардың белсенділігі біріншіден отандық экономикада дағдарыстық құбылыстармен ұстанады. Екінші циклді өте нәтижелі болды: меншікті инвестициялар екі есе өсті (207 пайыз), бюджеттік – 59 пайызға өсті. Нарықтың қатысушылары 12 пайызға аз қарыз қаражаттары мен 54 пайызға аз шетелдік инвестицияларды ғана тарта алды.

## Кесте 12 - Энергетикалық секторға тартылған бюджеттік инвестициялар

Энергетикалық секторға тартылған бюджеттік инвестициялар (млрд.тг.)		
	2009-2011	2012-2014
Бюджеттік инвестициялардың барлығы	382,9	609,3
Республикалық бюджет	321,5	468,5
Жергілікті бюджет	61,4	140,8

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде Ranking.kz есептері



Сурет 11 - Энергетикалық секторға тартылған бюджеттік инвестициялар (млрд.тг.)

Ескерту - [88] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Бюджеттік инвестициялар құрылымы тұрақты: 80 пайыз ақшалар энергетикаға – бұл сала капитал сыйымды болғандықтан, республикалық деңгейден салынады, басқа 20 пайызын жергілікті бюджеттер береді [88].

Төменде т.ғ.к. П. Своиктың дайындаған тарифтер туралы деректері беріледі. Мұнда «электр станциясынан бастап тұтынушыға» дейін жүйелі түрде тарифтік тізбектің барлық құрамдас бөліктері жинақталған, олар бойынша мәліметтерді ҚЭҚКН (Қазақстан электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығы), сондай-ақ осындай ЭЖҰ (электрмен жабдықтаушы ұйымдардың) сайттарынан алуға болады.



Кесте 13 - Қазақстанның облыстары бойынша 2014 жылғы электр энергиясына инвестициялық тарифтер

2014 жылға арналған тарифтер, теңге/кВт*сағат (ҚҚС есептемегенде)							
Облыс	Осы өңірдегі электр станциялары	КЕГОК	ӨӘЖ	Барлығы өндіру мен тасымалдауға кететін арифметикалық сома	ҚӘҚН	ЭЖҰ өткізу тарифтері	
						жеке тұлғалар	заңды тұлғалар
Ақмола	6,9	1,5	3,5	11,9	0,004	12,7	16,5
Атырау	7,0		4,2	11,2		5,3	17,1
Қарағанды	6,9		5,0	13,4		7,7	18,2
Алматы	8,2		5,0	13,2		12,5	17,3
Ақтөбе	7,0			7,0		8,7	15,5
ОҚО	7,0		4,8	11,8		11,8	17,4
Қызылорда	7,0		3,9	10,9		13,4	
Жамбыл	8,5		5,1	13,6		13,1	17,1
Алматы	8,2		5,0	13,2		14,5	
Қостанай	7,1		4,5	11,7		13,7	17,3
Астана	6,9		2,5	10,8		10,6	13,6
Маңғыстау	11,0		3,3	14,3		4,8	13,5
СҚО	7,2		3,4	10,6		11,9	17,1
Павлодар	8,0		3,3	11,3		8,8	13,0
БҚО	7,1		3,7	10,8		7,2	15,1
ШҚО	4,3		3,2	7,5		8,5	10,6

Ескерту - ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша [59]

Бұл барлық өңірлік тарифтік ала-құлалық тендей бәсекелестік қағидаттары мен азаматтар мен шаруашылық етуші субъектілердің конституциялық тендігін бұза отырып, әлеуметтік тұрғыдан мағынасыз және экономикалық тұрғыдан зиянды, халыққа белгіленетін тарифтерден және заңды «ұсақ-түйектерден», «көтерме сауда нарығына» кіруден туындайды, – бұл ҚӘҚН сауда таңбасымен жүзеге асырылатын жабық тарифтік үдерістің бар болғаны жанама қалдықтары.

Электр энергиясының қазақстандық «көтерме сауда нарығы» дегеніміз не дегенді өзіміздің білімімізбен (мәжбүрлі түрде толық емес) бөлісейік.

Онда 70 электр станциясы сатушы болып қызмет етеді – бұл анық мәлімет.

Жіберу тарифтері жайлы да кейбірі белгілі: әрбір электр станциясы үшін үкіметтің өзі бекітетін олардың шекті мөлшерлері бірден 2009 жылдан бастап 2015 жылға дейін (әрине, жыл сайын өсумен).

Электр станциялары кез келген сатып алушыға нақ сол шекті тарифті белгілеуге құқылы екені нақты белгілі. Олар арзандау бағаға сата алатыны да белгілі, бірақ қаншалықты және кімге сататыны – бұл енді белгісіз.

Оның үстіне, кез келген электр станциясы сататын энергия ұстап көргенде де, дәмі немесе иісіне қарай, не фирмалық брендпен де ерекшеленбейді: абсолютті сол бірдей тауар әр түрлі сатушыларда тек қана жіберу тарифімен ғана ерекшеленеді.

Ал, бұл осылай болғанша, мұндай нарықты еркін сатып алу-сатуды ұйымдастыру мүмкін емес: барлық сатып алушылар ең арзан сататын сатушыға кезекке тұрар еді, және олардың өнімділігі барлығына жетпейтіні айдан анық. Сондықтан электр энергиясының көтерме сауда нарығы туралы – ондағы барлық дерлік мәмілелер тікелей екі жақты ұзақ мерзімді келісімшарттар түрінде жезеге асырылады деген негізгі жария түрде қол жетімді ақпаратқа толық сенуге болады. Басқаша мүмкін емес. Және де сатушылар-сатып алушылардың әріптестік жұптарын құрудағы бастысы олардың өздері емес (бұл жерде еркін түрде таңдау жасау анықтау бойынша болмайды), осы бір нақты жұптарға бөлінудің белгілі бір техникасы болып табылады.

Оларға қатысты біз тек өзіміздің болжамдарымызбен ғана бөлісе аламыз: бұған қатысты нормативтік құжаттар таба алмадық. Болжам қарапайым және кез келген қазақстандық үшін таныс сөз – базар бастығы. Міне осы, шартты түрде айтқанда, «электр базарының бастығы» арқылы біріншіден, не болса да бірін-бірі тапқан жұптарды келісу, сонымен қатар, айып етпеңіздер, оншалықты беделді емес сатып алушыларды арзан ұсынбайтын сатып алушылармен келісімшарттық бірге тұруға мәжбүрлеу жүреді.

Енді сатып алушыларға келетін болсақ – олар «көтерме сауда нарығында» екі санатқа бөлінеді: тікелей ірі (кіру шегі – 1 МВт қуат) тұтынушылар және сол энергиямен жабдықтаушы ұйымдар.

Өздеріне сатып алушы тұтынушылардың санын айта алмаймыз – толық тізімі белгісіз. Алайда, алғашқы жиырма-отыз барынша энергияны қажетсінетін кәсіпорындарды атау қиынға соқпайды. «Тізімнің соңы» ҚЭҚКН түнегінен көре алмайсыз. Өнеркәсіптік және өзге де алпауыттар электр энергиясын қаншадан сатып алатыны туралы мәліметтер де бізге белгісіз болғандықтан ешкімді қуанта алмаймыз. Артығынан көп төлемейді деп үміттенеміз.

Енді ЭЖҰ келетін болсақ: олардың барлығы тұтынушылар емес, тек сатушылар ғана – бұл болжам анық. Және бұл ЭЖҰ-дың саны 179: мұндай сандарға қол жеткізе алдық. Ал, олардың қаншауы сол бір жеке және заңды тұлғаларға электр энергиясына қайта сататыны да белгілі: 16. Сонымен, бұл санның біздің кестеде көрсетілген тарифтік ала-құлалық орын алған Қазақстан өңірлерінің санына сәйкес келгенін байқаған боларсыздар.

Ал, қалған 163 ЭЖҰ электр энергиясын қандай тарифпен және кімге қайта сататыны туралы мәліметтерді ҚЭҚКН сайтынан таба алмадық. Екі астана мен он төрт облыстағы халықты және «бірқатар» заңды тұлғаларды энергиямен жабдықтайтын ана он алты «Астана-Алматы-Солтүстік-Оңтүстік- Шығыс-Батыс-...» және тағы басқа «энергия өткізушілерге» қарағанда «өздерінің» сатып алушыларына арзандау сататынын сенімді түрде айтуға болады.

Яғни, біздің кестеде берілген осы жария тарифтерді «үшінші сорттағы»

тарифтер деп атауға болады, себебі барынша қол жетімді бағамен - біріншіден, «таңдаулы» тұтынушылар және, екіншіден, кейбір жасырын ЭЖҰ, олардың аффилирленген жасырын сатып алушылар алынбай қалғанның барлығын тұйықтап аяқтайды.

Қорытындылайық: электр энергиясының қазақстандық «көтерме сауда нарығында» 70 сатушы бар – бұл нақты субъектілер. Және тағы 16 астаналық және облыстық «энергия өткізушілер» бар – бұл жасанды, бірақ не болғанда да нақты тұтынушылар санын жабдықтаушылар. Тағы онда мақсаты – «біреулерді» «жеңілдікті түрде» электрмен жабдықтауға арналған 163 жасанды құрылым араласады.

Қазақстанда 18 желілік өңірлік энергетикалық компаниялар (ӨЭК) бар. Бұл сан энергия жүйесінің физикалық конфигурациясына сәйкес келеді. Және ол «жария» өңірлік ЭЖҰ санынан азды-көпті сәйкес келеді.

Бұған қоса ӨЭК астында шамамен 150 «шағын энергия беруші компаниялар» бар – әрине, олар да өздерінің тарифтерін белгілейді. Оның үстіне бұл желілік делдалдардың шамамен үштен бір бөлігінің қызмет етуі әйтеуір бір техникалық және географиялық жағдайларға байланысты, қалғандарының бизнесі – жеке табыстарды қосымша алу үшін желілерді бөліктерге ұялмастан «бөлудің» салдары.

Жоғарыда, 2015 жылы электр энергиясына тарифтерді жаңадан көтеру жоспарланып отырғаны жайлы айтылды. Мысалы, Алматы қаласында және Алматы облысында «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 «Шекті тарифтерді бекіту туралы» қаулысына сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап электр энергиясының жіберу бағасының көтерілуі туралы келесі энергия өндіруші ұйымдар жариялап отыр: Солтүстік энергия көздері — 8,8 теңгеге дейін (10%); «Алматы электр станциялары» АҚ 8,6 теңге (5%); Жамбыл МАЭС 8,7 теңгеге дейін (2%)», — деп хабарланады «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС ресми порталында.

Сонымен бірге, «КЕГОС» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру бағасы 33%-ға, «АЖК» АҚ өңірлік деңгейдегі желілері бойынша — 4%-ға көтерілді. Сондай-ақ, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру қызметтері де – бекітілген тарифке қарағанда 22%-ға қымбаттады.

Электр энергиясының жіберу тарифінің негізгі құрамдас бөліктері оның көтерме сауда нарығындағы бағасы болып табылатындықтан «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын тұтынушыларға тарифтің 7,5%-ға өзгергені туралы хабарлайды.

Шығыс Қазақстан облысында 1 қаңтардан бастап электр энергиясына тариф өсті: халық үшін 10%-ға және заңды тұлғалар үшін шамалы мөлшерге 9%-ға өсті. Себептері белгілі: ЖЭО және ГЭС электр энергиясының құнын көтерді. Орта есеппен 1 сағатта 1 киловатт құны 1 теңгеге өседі. Және халық үшін ол ҚҚС бірге 12 теңге болады. ШҚО Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау департаментінің басшысы К. Оразбаевтың айтуынша бұл 1 қарашадан бастап бізде желілерді беруге арналған «КЕГОК» бойынша

тарифтің 40% өсуімен байланысты. Екінші себебі – бұл барлық энергия өндіруші станциялардың бағаны көтеруі.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі 2015 жылдың 1 сәуірінен бастап электр энергиясының құнын төмендетудің 2-ші кезеңі басталғанын хабарлады.

«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС станциясының электр энергиясына бағаны 8,80-нен 8,65 теңге/ кВт\*сағ дейін төмендетуіне байланысты ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті және оның аумақтық департаменттері энергия беруші ұйымдардың және электр энергиясының түпкілікті құнын төмендету бойынша жұмыс жүргізді. Мысалы, «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясын беру тарифі 1,954-тен 1,943 теңге/ кВт\*сағ немесе 0,011 теңге/кВт\*сағ. төмендеді.

Өңірлік электр желілік компаниялардың электр энергиясын беру тарифтері төмендеді:

- ең төмен Қостанай облысында («Межрегионэнерготранзит» ЖШС) – 1,736-дан 1,734 теңге/ кВт\*сағ немесе 0,002 теңге/ кВт\*сағ;

- ең жоғары Ақмола облысында («Көкшетау Энерго» ЖШС) – 5,81-ден 5,77 теңге/ кВт\*сағ немесе 0,04 теңге/ кВт\*сағ төмендеді.

Осылайша, электр энергиясының түпкілікті құны төмендеді, ал, жалпы алғанда баға «көрінісі» төмендегі 14 кестедегідей қалыптасты:

Кесте 14 - Электр энергиясының баға «көрінісі»

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың атауы	Қызмет көрсететін аумағы	Қолданыстағы орташа босату бағасы, теңге/кВт* сағ	2015 жыл-дың 1 сәуірі-нен бастап орташа босату құны, теңге/кВт*сағ.	Төмен-деу, теңге
1	2	3	4	5
«АстанаЭнерго Сбыт» ЖШС	Астана қаласы	13,86	13,76	0,10
«АлматыЭнерго сбыт» ЖШС	Алматы қаласы	15,55	15,51	0,04
«КокшетауЭнерго Центр» ЖШС	Ақмола облысы	17,76	16,61	0,15
«АРЭК-Энергосбыт» ЖШС		16,20	16,03	0,17
«ЖетысуЭнерго Трейд» ЖШС	Алматы облысы	16,30	16,21	0,09
«Актобеэнергоснаб» ЖШС	Актөбе облысы	14,25	14,21	0,04
«Шығысэнерго трейд» ЖШС	Шығыс Қазақ-стан облысы	10,54	10,53	0,01
«ЖамбылЖарыкСауда-2030» ЖШС	Жамбыл облысы	16,10	16,02	0,08
«КостанайскийЭнерго Центр» ЖШС	Қоста-най облысы	17,52	17,32	0,20

14 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
«Энергосервис» ЕЖШС	Қызыл- орда облысы	14,42	14,33	0,09
«Солтүстік Энерго Орталық» ЖШС	Солтүс -тік Қазақс- тан	17,38	17,18	0,20
«Севказэнергообит» ЖШС	облысы	12,34	12,30	0,04
«Оңтүстік Жарық» ЖШС	Оңтүстік Қазақстан облысы	16,48	16,35	0,13
Ескерту - Әдебиет негізінде автормен құрастырылған [89]				

#### 2.4 Электр энергетикалық компаниялардың инвестициялық тарифтеріне әсер ететін факторлары мен жағдайларын басқару

ТМРА-нің 2013 жылғы 1 ақпанда өткен кеңейтілген алқасында ҚР Премьер-министрінің бұрынғы орынбасары Қ. Келімбетов «өткен жылдың энергия өндіруші станцияларға инвестициялық бағдарламалардың орындалуы тұрғысына жүргізілген тексерулердің ұқсас субъектілердің инвестициялық міндеттемелеріне бақылауды күшейту қажет. Шекті тарифтер – бұл озық шара болды. Бірақ, сонымен қатар белгілі бір асыра пайдаланушылық болғанын білеміз, және әрбір субъекті бойынша қандай инвестициялық бағдарламалар іске асырылғанын және қаражаттың қайда жұмсалғанын нақты білгіміз келеді», - деп атап өтті [90].

Жалпы, Премьер-министрдің бұрынғы орынбасарының айтқан сөзін қолдай отырып, мемлекеттік бағдарламаның өзінде: біріншіден, мемлекеттік бағдарламаның негізгі ережелерінің іске асырылуын, атап айтқанда инвестициялық міндеттемелердің іске асырылуын тоқсан сайын, жартыжылдық, жылдық тексеру қамтылуы тиіс; екіншіден, мемлекеттік бағдарламада оның негізгі ережелерін орындағаны үшін ынталандыру және жауапкершілік жүйесі болуы тиіс, кез келген асыра пайдаланушылықтардың автоматты түрде жолы кесіліп және оған жол берілмеуі тиіс; үшіншіден, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жеке тексерулер жүргізу арқылы шенеуніктердің озбырлығына жағдайлар жасалмауы тиіс; төртіншіден, кез келген мемлекеттік бағдарлама, оны іске асыру жұртшылықтың, азаматтық қоғам өкілдерінің назарында болуы тиіс деп есептейміз[91].

«Казпотребнадзор» ҚБ жағдайды түзету үшін өзінің бірқатар ұсынымдарын енгізіп отыр. «Барлық компаниялардың тарифтерді көтерудің алдында танымал газетте нақты сандар келтіре отырып, тарифтерді көтерудің толық дәлелін, сондай-ақ тарифтердің соңғы көтерілуінен бастап жүргізілген, бұрын жоспарланған жаңғырту жұмыстарының орындалуы туралы есепті жариялауын міндеттеу қажет. Қаржы полициясымен бірлесіп, жаңғыртудың

жобалық құнын, шикізаттың құнын көтеру жағдайларын анықтау, сонымен қатар «кері есептеудің» жолын кесу бойынша жұмысты жандандыру қажет», - деп есептейді «Казпотребнадзор» ҚБ президенті.

Ол «бағалар өсімінің қуаттарды жаңарту қарқындарына сәйкестігі» қағидатын әзірлеуді және қолданысқа енгізуді ұсынады. Мұның мәні жаңғырту қарқыны мәлімделген жоспарларға сәйкес келетін компанияларға ғана тарифтерді көтеруге рұқсат беруден тұрады. Қалған компаниялар олар бұрын жекешелендірілген баға бойынша мемлекеттің пайдасына мәжбүрлеп сатып алуға жатуы тиіс. Барынша проблемалы қуаттарды сатып алу үшін Ұлттық қордан қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру қажет», - деп санайды У.Қайсаров [92].

«Казпотребнадзор» ҚБ президентінің барлық ақпаратты, абсолютті ашық және барлық көздерден алынған ақпаратты орналастыруға болатын арнайы портал құру туралы ұсынысы мақұлдауға тұрарлық. Мысалға, басшы атқарылған жұмыс туралы есеп берді – сайтта есеп бергені, қайта қаражат салынғаны, қанша қуаттылықтар қосылғаны, өзіне қанша дивидендтер алғаны және т.б. жайлы кестені «шығарды». Өкінішке орай, бүгінде Google-дан алғашқы сұрау мен қандайда бір ақпарат, тіптен тарифтік сетканы қалыптастыру туралы ақпаратты табу өте қиын. Ал, мемлекеттік органдар кез келген тұтынушы кез келген уақытта өз қаражаттарының қайда жұмсалғанын көре алуы үшін жұмыс жасауға тиіс. Табиғи монополиялар көрсететін қызметтерді тұтынушыларға белсенді азаматтық позицияны ұстану және монополистердің тарифтері талқыланатын жария тыңдауларға қатысу қажет.

Осылайша, электр энергетикасы үшін негізгі талап – бұл негізгі құралдарды жаңарту мен жаңғырту және осы негізде қуаттылықты арттыру. Осы талапқа үкімет инвестициялық тарифтерді енгізу арқылы жауап беруге тырысады.

Инвестициялық тарифтер дегеніміз не? Инвестициялық тарифтер қалай қалыптастырылады? Олар неден тұрады? Тарифтердің шекті деңгейлері – бұл бір жылдан астам уақытқа ғана бекітілетін тарифтер. Тарифтерді бекіту үшін кәсіпорынның бекітілген инвестициялық бағдарламасы негіз болып табылады. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру кезеңі тарифтердің шекті деңгейінің қолданылу мерзімі болып табылады. Олар тиісті есептеулер бойынша екі бөліктен тұрады. Бұған пайдалану және инвестициялық құрамдас бөліктің шығындары кіреді. Тарифтер пайдалану шығындарынан, яғни шығындар құнынан төмен болмауы тиіс. Оларға негізгі инвестициялау көзі ретінде кіріс қосылады. Шекті тарифтерді электр энергиясын өндіретін шаруашылық жүргізуші субъектілер бекітеді. Сонымен қатар, 2015 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңге тарифтерді үкімет белгілеген. Әдетте, жабдықтаушы үстемеақы деңгейінде өңірлік энергетикалық компаниялардың да тарифтері бір мезгілде көтеріледі. ТМРА облыстық департаменттері бекітетін ӨЭК тариф бегілеуі, әдетте тұтынушылар үшін анық емес. ӨЭК тарифтері сондай-ақ олардың инвестициялық бағдарламаларының, әдетте екі-үш жылға арналған бағдарламаларының негізінде бекітіледі.

ТМРА есебі бойынша 2009 жылдан бері 600-ден астам инвестициялық бағдарламалар бекітілген, шекті тарифтер бойынша жұмыс істейтін табиғи монополия субъектілерінің саны 59-ға жетті, тарифке енгізілген жоспар бойынша үстеме 407,5 млрд. теңгені, іс жүзіндегісі болса 507,3 млрд. теңгені немесе 3,4 млрд. долларды құрады.

Бұл жағдайда «бөгде бақылаушы» ретінде энергетикалық компаниялар әрекет етеді. Тұтынушылардың есебінен өздерінің кәсіпорындарының негізгі қорлары мен құралдарын жаңарту арқылы олар шын мәнісінде өздерінің акционерлік капиталын толықтырып отыр. Мемлекеттің арқасында олар «екі жеп, бір дәмеге шығып отыр».

Инвестициялық тарифтер қолданылған төрт жылдың ішінде тұтынушылар тарифтік басқару арқылы табиғи монополия субъектілеріне 507 млрд. теңге салған. Бұл орасан көп қаражатты салу арқылы және өз қалталарынан қаражатты салуды жалғастыру арқылы ел халқы олардан ешқандай пайда көріп отырған жоқ. Мұндай инвестициялаудан табиғи монополия субъектілерінің акционерлері мен басқа да иелері ғана ұтуда. Басқаша айтқанда, тұтынушылардың өздері еріксіз салған инвестицияларына ешқандай құқықтары жоқ және қаражат салғаны үшін орнына ештеңе алмайды.

Алматы қоғамдық монополияға қарсы комиссиясының төрағасы П.Своиктың есептеулері бойынша 507 млрд. теңгеге ұзақ күткен Балқаш ГЭС-н салуға болады және орташа облыс орталығының жылумен жабдықтау, су бұру және кәріз жүйесі бойынша қуаттылықты басынан бастап іске қосуға жетеді. Сондықтан тұтынушылардың қанша инвестиция салғанын санмен ғана келтіріп қана қоймай, осы ақшаға қандай қуаттылықтар нақты іске қосылды деген сұраққа жауап беретін уақыт келді.

Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің деректері бойынша 4 жылдың ішінде электр энергиясы саласына салынған инвестициялардың көлемі 500 млрд. теңгені құрады, бұл республика бойынша 1200 Мегаватт қуаттылықты іске қосуға мүмкіндік берді, - деп атап өтті ТМРА басшысы. 2013 жылы қосымша 365 МВт қуаттылықты іске қосу үшін 153 млрд. теңге инвестициялар салу жоспарланған: мысалы, Екібастұз МАЭС-1-да – 500 МВт, Атырау ЖЭО-да – 75 МВт. Әрі қарай ол «келісімдерді іске асыру және салынған инвестициялардың кепілді қайтарымы үшін электр станцияларының электр энергиясына бағаның өзгеруі шекті тарифтер шегінде 5-ден 14,6% дейінгі мөлшерді құрады», - деп атап өтті [93].

Жоғарыда Қазақстанның электр энергетикасының алдында тұрған негізгі талап оның қуаттылығын жаңарту және жаңғырту болып табылатындығы атап өтілді. Бұл жағдай бүгін қалыптасқан жоқ. «Казсельэнергопроект» жобалау институтының президенті Александр Трофимов, таратушы желілерді жаңғырту қажеттілігін атап өте отырып, «мемлекет бұл мәселеден толығымен алшақтамай, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және географиялық жағдайында аталған мәселенің өте өзекті екенін ескере отырып, электр желілерін жаңғыртуды қаржыландыруға ішінара қатысуға міндетті. Бәлкім, дүниежүзінің еш жерінде мұндай жағдай болмаса да», - деп есептейді [94].

Сонымен бірге ол жаңғыртуды қаржыландырудың басты көзі, әрине, электр энергиясына белгіленетін тариф болуы тиіс деп есептейді. Бүгінде тарифтер электр тарату желілерін пайдалануға жұмсалатын шығындарды жаппайды. Біз олардың қазіргі жағдайын мұқият зерттедік және қандайда бір ақша қаражатының мөлшерін жинақтап, электр желілерін ауқымды түрде жаңғыртуды айтпағанда тым болмағанда оларды қалпына келтіруге кірісу үшін егер инвестициялық құрамдас бөлікке тариф көтерілмейтін болса, онда олардың технологиялық коллапсының орын алуы айқын деген қорытындыға келдік. Біз негізінен тарифтердің көтерілуін жақтамаймыз, бірақ қазір онсыз болмайды...», - деген болатын Трофимов 2002 жылы.

2010 жылдың маусым айында Қазақстанның энергетик-ардагерлерінің II республикалық съезі өтті. Съезде энергетикалық саланың қазіргі жай-күйінің және оны әрі қарай дамытудың басты мәселелері қарастырылды. Энергетикалық саланың қазіргі жай-күйі энергетик-ардагерлер тарапынан алаңдаушылық туғызды. Олардың айтуынша, энергетикалық нысандардың құрылысы, электр станцияларының жабдықтары мен электр желілерін жаңғырту және қайта жаңғырту экономикалық дамудың жалпы талаптарына сәйкес келмейді. Энергетика ардагерлерінің қолымен бұдан отыз-қырық жыл бұрын салынған ЖЭО-ның шамамен 40%-ы іс жүзінде өздерінің ресурсын тауысқан. Егер 2015 жылға қарай елімізде электр энергиясына деген сұраныс 1/3 – 16 мың МВт-қа дейін өседі деген болжамдық есептеулерді ескеретін болсақ, онда пайдаланылатын электр станцияларын жаңғырту және олардың жаңаларын салу қажеттілігі айқын. Энергетик-ардагерлердің съезінде айтылған негізгі сәттер осындай [95].

Қазақстандық электр энергетикалық қауымдастығының төрағасы Ш.Оразалиновтың деректері бойынша облыстар бойынша энергетикалық желілердің жай-күйі жоғары дәрежедегі тозумен (65%) сипатталады, бұл индустриялық-инновациялық даму жөніндегі іжоспарларға өзгерістер енгізілуі мүмкін. Генеративтік сектордағы қорды жаңартумен байланысты мәселе бұрынғыдай өзекті болып қалмақ – жаңа ЖЭО мен ГЭС салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңғыртуға ақша қаражаты аз жұмсалуда.

Энергетик-ардагерлер мемлекеттің қалыптасуы кезеңінде бірқатар ірі электр станцияларының жекеменшікке өтіп кеткенін атап өтуі әділетті. Шаруашылық жүргізуші субъектілер, ең алдымен пайда табуға мүдделі, және бүгінгі күні бұл шешімнің дұрыс ойластырылмауының теріс салдарға алып келгеніне айтылатын мысалдар жеткілікті. «Негізгі себебі мемлекеттің тарапынан тиісінше бақылаудың жүргізілмеуі болып табылады», - деп есептейді энергетик-ардагерлер кеңесінің төрағасы С. Нұрпейісов.

Екінші жағынан, энергетикалық саланы дамыту бойынша бағдарламалар мен жобалар бар, бірақ оларды реттейтін және қолданысқа енгізетін мемлекеттік орган жоқ. Осы мәселелерді ішешу, индустриялық-инновациялық бағдарламаларды іске асыру мақсатында, сонымен қатар энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ардагерлер бейінді Энергетика министрлігін құруды қолдайды. Бұл ұсыныс, әрине, қолдауды қажет ететіні сөзсіз.



Біріншіден, бұл тар салалы қмүдделік қолдаушылық ұсыныс емес, қазіргі уақытта көптеген ведомстволар басқарып отырған еліміздің энергетикалық секторының дамуына деген қамқорлық. Оның үстіне энергетикалық секторды, оның жекелеген салаларын түрлі құрылымдармен дамытуға, және сәйкесінше басқаруға болмайды. Энергетикалық сектор өзара байланысты, өзара бірін-бірі толықтыратын және бір-бірімен байланысты салалардың кешені болып табылады. Сондықтан оны басқару үшін жүйелік тәсіл және жүйелі түрде басқару қажет. Үшіншіден, баламалы энергетикаға, немесе «жасыл» энергетикаға қарай бағыт алуға байланысты энергетикалық секторда түбегейлі өзгерістер жүргізу қажет. «Казатомпром», «Самұрық-Энерго» және т.б. түріндегі саланы жеке-жеке және бөліп алып басқаруды жүзеге асыратын көптеген ведомстволар мен мемлекеттік компаниялар бірыңғай қазақстандық экономиканың құрамдас бөлігі ретінде энергетикалық сектордың даму үдерістері мен заңдылықтарына, қазіргі және болашақ талаптарға сәйкес келетін басқаруды қамтамасыз ете алмайды. Өткен жылы бұл ұсыныс іске асырылып, қуатты ҚР Энергетика министрлігі құрылды.

Ресей ғылым академиясының (РГА) Әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері С. Карамурзаның есептеулері бойынша, «елдің технологиялық саласының қалыпты жұмыс істеуі үшін әдетте қазіргі бар базаны ұстап тұруға, яғни істен шыққан машиналарды, жабдықтар мен құрылыстарды ауыстыруға және тұрақты күрделі жөндеу жүргізуге инвестициялардың 70% кетеді. Шамамен 20% жаңартуға, яғни жаңасын орнатуға және шамамен 10% - жоюға, бұзуға кетеді. Себебі, мысалы, ғимаратты бұзу үшін өте көп қаражат қажет... 1991-2006 жж. толық салынбаған қаражат \$ 3 трлн. Астам соманы құрады. Бұл осы технологиялық саланың жаңарту жұмыстарынсыз дұрыс жұмыс істеуі үшін оны ұстауға салынуы тиіс жетіспеушілік... Бұл бірнеше триллион долларды құрайтын сәтсіздіктің қазір ешкім орнын жаба алмайды. Қазіргі экономикалық жағдайда бұл сәтсіздіктің орнын толтыратын әлеуметтік субъект жоқ: жеке меншік капиталда, не мемлекетте, не халықта».

С. Карамурзаның Ресей жайлы айтқанын толығымен Қазақстанға да қолдануға болады. Мұндай жағдайда ҚР-дағы шамамен 300-400 миллиард АҚШ долларын құрайтын сомада толық салынбаған инвестициялар жайында айтуға болады. Сол кездері, ресми деректерге сәйкес 2012 жылға дейін Қазақстанға 100 млрд. доллар ғана тартылған. Бұл соманың үлкен бөлігі экономиканың шикізат салаларына салынды. Экономиканың басқа салаларына шетелдік инвесторлар кіргісі келмейді, және керісінше, отандық инвесторлар «бүкіл дүниежүзімен одаққа кіру қажет» деп эмиграцияға кетіп жатыр».

«...Егер біз Қазақстанды дамытуды, елге инвестициялар тартуды қалайтын болсақ, онда біз аталған келеңсіз себептерді біртіндеп жоюға міндеттеміз. Бірақ, бұл үшін біз Ресеймен емес, бүкіл дүниежүзімен одаққа бірігуіміз қажет. Ресейліктердің өздерінің де қиындықтары жетіп жатыр, сондықтан Ресей өзі өзгермей тұрып, Қазақстанның сырқаттарын жаза алмайды», - деп есептейді М. Боқаев [96].

2014 жылдың мамырында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары ел үкіметіне парламенттік сұрау мен өтінішін білдірді, онда олардың пікірінше нағыз озбырлық жасап отырған монополистердің қызметіне дереу араласуды талап етті. Бәріненде бұрын электр энергиясының құны депутаттардың ашуын келтірді!


Депутаттар бұрыннан бері үкіметтен жеткізушілерге ықпал етуді сұрап келеді, алайда олардың сұрауы еленбейтін секілді. Мәжілісмендер электр энергиясының нақты бағасы килоВатт үшін бар жоғы 8 теңгені құрайтынын есептеді, бірақ қазақстандықтар оған екі есе, кейде үш есе көп ақша төлейді. Мәселе өндірушіден тұтынушыға дейінгі жолда делдалдардың көп болуында. Әдетте, бұл сол барлық энергетикалық компаниялардың еншілес кәсіпорындары. Парламент депутаттарының пікірінше, егер аралық буындарды алып тастайтын болса, қазақстандықтардың үйіндегі жарық біршама арзандайды. Сонымен бірге, сарапшылар бұл бизнесті монополиялы емес, бәсекелесті етуді ұсынады.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Т. Өмірзақов «біз үкіметтің депутаттардың ұсынысы бүгінгі заманның талабына сай келмейді деген үкімімен келіспейміз. Қазір біз, депутаттардың талаптары бүгінгі заманға сай келеді, ал үкіметтің талаптары 8 жыл бойы заман талабына сай болмағанын көріп отырмыз», - деп есептейді [97].

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты С. Айымбетов энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды тарату және өңірлік энергетикалық компанияларды нығайту жолымен электр энергиясына бағаны төмендетуді ұсынды. Мәжіліс депутатының сөзі бойынша, электр энергиясына белгіленетін тарифтің құрылымына келесі көрсеткіштер кіреді. Шамамен 60% - тікелей электр энергиясын өндіретін электр станциясының бағасы, 6% дейін – электр станциясынан ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясының берілуін ұйымдастыратын КЕГОС жүйелік операторының бағасы (оның техникалық қызмет көрсетуі) және 34% дейін – бұл тұтынушыларға дейін электр энергиясын жеткізетін және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын таратушы және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың жабдықтау үстемесі. «Мұнда: халыққа 34 пайыз жабдықтау үстемесін төлеудің және бұл артық құрылымдарды ұстаудың қажеті не? деген сұрақ туындауы айқын. Сондықтан біз электр энергиясына тарифтің құрылымын қайта қарайтын және тарифтің құрамынан энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды қысқарту және өңірлік энергетикалық компанияларды нығайту жолымен делдалдардың үстемеақыларын шығарып тастайтын уақыт келді деп ойлаймыз», - деді депутат [98].

Қазақстан үшін капиталдың қайтуы – өте өзекті тақырып. Жеке басқа қатысты ештеңе жоқ, тек бизнес. Бұл кезде бизнесмендер құр отырған жоқ, мемлекеттің әрекеттеріне қарай ақша табудың және оны елден алып шығудың жаңа әдістерін тапқырлықпен ойлап табуда. Осылай, республикамыздың солтүстігі мен орталығында «Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы» АҚ (ОАЭК) жұмыс жасайды. Бұл

Қазақстандағы ірі жекеменшік энергетикалық компаниялардың бірі, ол еліміздегі барлық электр энергиясының 7 пайыздан астам бөлігін өндіреді. Компания 4 жылу электрстанциясын (Павлодар ЖЭО-2 және ЖЭО-3, Екібастұз ЖЭО, Петропавл ЖЭО-2), Павлодар және Солтүстік Қазақстан облысының электр желілерін, Павлодар, Екібастұз және Петропавлдың жылу желілерін, осы қалалардағы және Астанадағы өткізу компанияларын біріктіреді. Алдымен – шамалы құрылымы жайында. ОАЭК акционерлерінің құрамына «Орталық Азия жылу-энергетикалық компаниясы» АҚ (ОАЖЭК) 62,12%, Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) 24,99% және Ислам инфрақұрылым қоры (ИИК) 12,89% акцияларымен кіреді. ОАЭК 2009-2018 жылдарға арналған ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаны іске асырып жатқанын мәлімдейді. Бұл бағдарлама негізінен Павлодар, Екібастұз және Петропавлдағы жұмыс істеп тұрған энергетикалық көздерді қайта жаңғырту мен кеңейтуге бағытталған. Бағдарламаның жалпы құны 192 млрд. теңге. Бұл ретте, ол келесідей түрде қаржыландырылады: 16,5 млрд. теңге (9%) өзіндік қаражат; 44,7 млрд. теңге (23%) несие ресурстары; 60 млрд. теңге (31%) тарифтік смета; 70,8 млрд. теңге (37%) шекті тарифтердің инвестициялық құрамдас бөлігі(12 - суретті қараңыз).



Сурет 12 - 2009-2018 жылдарға арналған ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаның қаржыландыру көздері.

Ескерту – [99] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Инвестициялық бағдарламалардың құны жергілікті институттар әзірлеген жобалардың сметалық құнынан қалыптасады. Олардың негізінде уәкілетті органмен – Энергетика министрлігімен (бұрынғы Индустрия және жаңа

технологиялар министрлігі) – инвестициялық міндеттемелерді орындау туралы келісім жасалады. Ал, негізгі жобалаушысы «Павлодарэнерго» АҚ және «СевКазЭнерго» АҚОАЖЭК құрамына кіретін «КазНИПИЭнергопром» АҚ және ол аффилирлеген «Павлодарэнергопроект» болып табылады. Әдетте, мұндай жағдайларда жобалау жұмыстарының құнын және дайын жобалардағы жабдықтың бағасын көтеру оңай. Себебі бұл қиын емес. Мысалы, “Павлодарэнерго” өзіне тиесілі КазНИПИ Энергопром институтына бұл ірі өнеркәсіптік қаладағы ЖЭО қайта жаңғырту жобасын және сметасын әзірлеуге тапсырыс берді дерлік. Еншілес жобалаушы қандай соманы есептейді және Энергетика министрлігі сол соманы бекітеді. “Павлодарэнерго” болса өзіне тиесілі топтың ішінде тендер өткізді және құрылыс жүргізуді кімге тапсырды? Дұрыс – ол да өзіне тиесілі «СредАзЭнергомонтаж-Павлодар». Бұл холдингтің иелері солтүстік Қазақстанда ғана осылай «дамып» жатқан жоқ. Олар үшін Астанада – әбден лайықты плацдарм «КазНИПИЭнергопром» “Павлодар-энергопроектпен” бірге ЖЭО-1 және ЖЭО-2 қайта жаңғырту және ЖЭО-3 бірінші кезегінің құрылысы бойынша ТЭН, сметаны және басқа да құжаттаманы дайындағаны белгілі. Тіпті, құрылысты кім жүргізетінін де тауып қойған. Акционерлерге жақын компания құрылысты жүргізетіні ешкімді таң қалдырмайды, себебі ол да өзінің – «ЦентрКазЭнергомонтажы» бар. Міне, зейінді байқаушы да бағдарламаның құны бастапқы 221 млрд. теңгеден 280 млрд. теңгеге дейін көтерілгенін айтып өтті. Қызық, себебі іс жүзінде тендер жобалау мен құрылысқа арналып өткізіліп отыр. Тек өздерінің арасында ғана өткізіледі. Сонда үшеуіне ортақ па? ОАЭК империясында жоғарыда аталғандардан басқа тағы басқа компаниялар да бар: «СредАзЭнергоПром», «САЭМинжиниринг», «САЭМснабтехкомплект» тресті, «Көкше» АҚ және өздеріне смета жасап, жұмысқа тапсырыс беретін, оларды орындайтын, жұмыстардың орындалуын бақылайтын және орындалған жұмыстарды қабылдап алатын басқа да компаниялар бар. Ақша түбінде акционерлердің өзіне қайтып келетінін түсіну қиын емес, бірақ инвестициялық бағдарламалардың орындалуын ескере отырып, тарифке кіру арқылы қайтады. Әдетте, бұл компаниялар жұмыстарды өздері орындамайды, алдын ала барлық өздерінің мүдделерін қорғай отырып, қосалқы мердігерлерге береді. Инвестициялық бағдарламалардың жасалуы мен орындалуына ТМРА және Энергетика министрлігі мемлекеттік бақылау жүргізеді. ТМРА табиғи монополия субъектілерінің тарифтері мен инвестициялық бағдарламаларын бекітеді (ОАЭК инвестициялық бағдарламасының негізгі қаржыландыру көзі тарифтік смета және шекті тарифтердің инвестициялық құрамдас бөлігі болып табылатынын еске түсірейік - 68%, немесе 130,8 млрд. теңге). Энергетика министрлігі инвестициялық бағдарлама бойынша салалық қорытынды береді, және бұл ведомство мен табиғи монополия субъектілері бағдарламаларды орындау бойынша келісім жасайды. Бұл аталған ведомстволардың ешқайсысында сұрақтар туындамайды. Демек, олар ОАЭК-де электр энергиясының 1 МВт өсу құны басқаларға қарағанда екі есеге дейін көп екенімен келіседі ме? ОАЭК бизнесмендері бұл ақшаның барлығын

инвестициялар ретінде өткізетінін түсіну қажет. Яғни, сондықтан олар тарифке кіргізіледі. Яғни, оларды біз – тұтынушылар төлейміз. 2009-2013 жылдардың ішінде ОАЭК инвестициялық міндеттемелері 83,4 млрд. теңге сомасына немесе жалпы құнының 43,4% орындалды. Бұл жағдайда, осы кезеңде электр қуатының өсуі бар жоғы 119 МВт құрады, яғни электр қуатының 1 МВт құнын ОАЭК 700,8 млн. теңгеге декларациялайды. Бұл кезде, елімізде орта есеппен 1 МВт 360 млн. теңгеге бағаланады. Шығындардың көлемі екі есеге арттырылған.

Солтүстік Қазақстан мен Павлодардағы жылу және электр энергиясының тұтынушылары әлдеқашан аң-таң болып, шошынуда: коммуналдық қызметтердің ақысына олардың табысының жартысына дейінгі бөлігі кетеді. Ешбір басқа елде мұндай тарифтер жоқ! Бірақ есімізге түсірейік – ТМРА оларға қарсы шықпайды. Міне, тағы жаңа схема. Тұтынушылардан «Павлодарэнерго» АҚ және «СевКазЭнерго» АҚ-ның электр энергиясы, жылу мен ыстық су үшін төлемақысын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар «Севказэнергосбыт» ЖШС және «Павлодарэнерго» ЖШС жинауда. Бұл компаниялар тұрақты негізде Эксимбанктен «Павлодарэнерго» АҚ және «СевКазЭнерго» АҚ қызметтерінің ақысын төлеу үшін жоғары мөлшерлемелермен несие алады. Осылайша, жеткізушілердің (ЖЭО, жылу және электр желілері) табысының ауқымды бөлігі энергетикалық кешендерді жаңғыртудың орнына Эксимбанктің несиелерінің жоғары мөлшерлемелерін төлеуге жұмсалады. ОАЭК-ның осындай схемасы Астанада да «Астанаэнергосбыт» ЖШС энергиямен жабдықтаушы ұйым арқылы пайдаланылады. Бірақ, ОАЭК акционерлерінің құрамына кіретін ОАЖЭК (62,12%) 24,99% үлеспен Эксимбанк акционерлерінің құрамына кіреді. Бұл банкте банктің ресми сайтында көрсетілмеген акционерлері де бар, олар офшорларда тіркелген [99].

Электр станцияларына қатысты «Инвестициялардың орнына тариф» саясаты Қазақстанда 2009 жылдан бастап іске асырылып келеді. 2008 жылмен салыстырғанда босату тарифтерінің деңгейі 2014 жылдың соңында 1,8-3,8 есе ұлғайған. Бес жылдың ішінде генерация саласына салынған инвестициялар 692,2 млрд. теңгені құрады, 1776 МВт электр қуаты іске қосылды (жаңа қуаттар – 1086 МВт, қалпына келтірілгендері – 690 МВт). Дегенмен, шекті тарифтерді көтерместен генерациялаушы қуаттарды жаңғырту мен дамытуға салынатын инвестициялардың қарқынын сақтау үшін жеткілікті резервтер бар.

Мысал ретінде шекті тарифтерді есептеу кезінде салынған көлемдермен салыстырғанда электр энергиясын өндіруді арттыру есебінен қосымша табыстар алу жағдайын келтіруге болады. Мысалы, 2009 жылдан бастап 2012 жылға дейінгі кезеңде Екібастұз МАЭС-1 электр энергиясын өндіруінің жиынтық көлемі келісімдер бойынша 41,8 млрд.кВт/сағатты құрады, ал нақты жіберілгені 21%-ға көп (50,6 млрд.кВт/сағат). Осылайша, ЕМАЭС-1 инвестициялық міндеттемелермен бекітілмеген негізделмеген табысы 28 млрд теңгені құрады.

Тарифтік «шамадан тыс көлемдер» болған жағдайда қаражаттардың тиімсіз

және мақсатына сай пайдаланылмауына жол беріледі. Мысалы, қаражаттар генерациялаушы қуаттарды дамытуға емес, автокөлік пен кеңсе техникасын сатып алуға жұмсалады, бірқатар электр станциялары шекті тарифтерден алынған кірістен дивидендтер төлейді. Мысалы, ЕМАЭС-1 болса 2012 жылы 8 млрд. теңгеге жуық төлем жүргізген.

«Қайта қаржыландыру» және апаттарға немесе ескіруіне байланысты істен шыққан ескі қуаттарды қалпына келтіруге, және жұмыс істеп тұрған электр станцияларындағы салынып бітпеген блоктардың құрылысын аяқтауға тіптен жаңасын салумен салыстырғанда айтарлықтай үлкен көлемде ақша қаражатын салу (390 мың теңге, немесе бір кВт қуатқа \$2534) айқын көрінген. Салыстыру үшін: ең алдымен «басынан» бастап салынып жатқан Балқаш ЖЭО салынатын ақша қаражаты (салыстырмалы түрде айтарлықтай қымбат тұратын) 566 млрд теңгеге, немесе 1 кВт үшін \$2505 бағаланып отыр.

«Шекті» тарифтерді есептеу кезінде қолданылатын тәсіл инвестициялардың шамадан тыс тартымдылығын және табыстылықтың жоғары нормасын қамтамасыз етеді, экономиканың қызып кетуіне жағдайлар жасайды.

Атап айтқанда, ақша қаражатын жұмсаудың жылдық өзін-өзі ақтау мүмкіндігі қарастырылған: инвестициялардың көлемі амортизация мен тарифтегі кіріс арқылы бір жылдың ішінде жиналатын сомаға байланысты анықталады. Сонымен бірге инвестициялар қызмет ету мерзімі 15 жылдан жоғары ұзақ мерзімді активтерге бағытталады.

Негізінен, тікелей инвестицияларды есептеу тұрақты экономикалық тұрғыдан негізделмеген тарифтердің өсуіне алып келеді және электр станциядарының көлемдері мен түрлерін ұлғайту үшін қарыз қаражаттарын тартуды ынталандырмайды. Мысалы, бес жыл мерзімге несие беру кезінде инвестициялардың көздері (тарифтің тұрақты деңгейі кезінде) үш еседен көп мөлшерге ұлғаяды.

2015 жылы тарифтердің 2014 жылғы деңгейлерін қалдыру ұсынылып отыр. Бұл жағдайда, Екібастұз МАЭС-1 және МАЭС-2, Еуразия энергокомпаниясы мен Алматы электр станциялары үшін – тарифтер 2013 жылдың деңгейіне дейін төмендейді.

Басқаша айтқанда, жағдай былай қалыптасты: 5,5 жылдың ішінде электр энергиясын генерациялауға алға кеткен тарифтердің көтерілуі есебінен көптеген қуаттарды қолданысқа енгізуге қол жеткізілді. Бірақ, бұл жұмыс істеп тұрған электр станцияларындағы апаттарға немесе ескіруіне байланысты істен шыққан турбиналарды қалпына келтіру және салынып бітпегендерінің құрылысын аяқтау ғана. Оның үстіне, бұл бағасы жағынан «жаңадан» электр станциясын салу үшін де қымбатқа түсті.

Тіпті үлкен емес Жаңажол ГТЭС және бірнеше шағын ГЭС қоспағанда - жаңадан ештеңе салынған жоқ. Шын мәнісінде қажет және көп жылдар бойы жоспарларға енгізіліп келген Балқаш ЖЭО бастап, тіптен құрылысы да басталмады.

Мұның себебі айқын, десе де оны қазақстандық энергетика басшылары тіптен көзге ілмей отыр. Елде электр станцияларының, жоғары вольтты және

таратушы электр желілерінің қызметін нормалау және тексеру жүйесі жоқ. Сондықтан, пайдалану, сонымен бірге «инвестициялық» тарифтер энергетикалық монополистердің жария емес және есеп бермеу жүйесінде сіңіп кете береді [100]. Өткен жылы инвестициялық міндеттемелердің орындалуына бақылауды күшейту үшін бірқатар заңдарға өзгерістер енгізілді. Мысалы, энергия өндіруші компаниялар бұдан былай БАҚ-та инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты жариялауға міндетті. Бұл міндетті орындамау айыппұл төлеуге алып келеді. Егер инвестициялық міндеттемелерді орындауға арналған қаражат пайдаланылмаған болса, онда компаниялар келесі жылы тарифті төмендетеді. Инвестициялық міндеттемелердің орындалуын бақылау мәселесіне қатысты Индустрия министрлігі БҚА және Бас прокуратурамен бірлескен жұмыс атқарып жатқанын айта кету қажет.

### 3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУДАҒЫ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

#### 3.1 Инвестициялық тендерлер жекешелендірудің және инвестициялар тартудың әдісі ретінде

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Қазақстан электр энергетикасы саласын қоса алғанда, энергетикалық секторды реформалауға кіріскені белгілі. Бұл, біріншіден, КСРО-ның бұрынғы бірыңғай энергетикалық жүйесі дербес, оқшауланған энергия жүйелеріне бөлінуімен байланысты болды. Екіншіден, елдің энергетикалық секторы оның қызмет ету мен дамудың нарықтық механизмдеріне өтумен байланысты экономикалық реформалардан тыс қала алмады.

Реформа жүргізілген 20 жылдан астам уақыттың ішінде елдің энергетикалық секторында түбегейлі өзгерістер болды. Олардың негізінде саланың құрылымдық қайта құрылуы, энергетикалық кәсіпорындардың мемлекеттің қарамағынан шығып, жекешелендірілуі жатыр, олар электр энергиясын өндіру мен өткізудің әлеуетті бәсекелес өндірістерін табиғи-монополиялық электр беру және диспетчерлік басқарудан бөліп алу үшін, сонымен қатар электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарын құру үшін энергетикалық компанияларды қызмет түрлері бойынша жіктеп бөлуге бағытталды.

Энергетикалық кәсіпорындарды жекешелендірудің негізгі әдісі ретінде «инвестициялық конкурс (тендер)» деп аталатын әдіс қолданылды. Онда жекешелендірілетін кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетін сатып алушылар төлемақы ретінде инвестициялық міндеттемелерді қабылдады. Инвестициялық міндеттемелер бес және одан көп жылға жасалды. Және инвестициялық міндеттемелерді орындау энергетикалық компаниялардың мемлекеттік пакеттерінің ақысын төлеу ретінде есептелінді. Мысалы, Қарағанды ЖЭО-2 сату бағасы 42,53 млн. АҚШ долларын, оның ішінде инвестициялық міндеттемелердің мөлшері – 36,5 млн. долларды құрады, «Ермаковск МАЭС» АҚ (қазіргі – Ақсу МАЭС), сәйкесінше, 259,71 млн. долларды және 258,2 млн. долларды, Екібастұз МАЭС-1 – 554,00 млн. долларды және 500,00 млн. долларды, «Алматыэнерго» ПОЭЭ – 358,43 және 300,00 млн. долларды, Жамбыл МАЭС – 124,11 және 122,00 млн. долларды, Қарағанды МАЭС-2 – 420,71 және 400,00 млн. долларды құрады [101].

Кесте 15 - Электр энергетикалық кәсіпорындардың сату бағасы мен инвестициялық міндеттемелердің мөлшері (млн.доллар)

Кәсіпорын	Сату бағасы	Инвестициялық міндеттемелердің мөлшері
Қарағанды ЖЭО-2	43,53	36,5
1	2	3



15 - кестенің жалғасы

1	2	3
Ақсу МАЭС	259,71	258,2
Екібастұз МАЭС-1	554	500
«Алматыэнерго» ПОЭЭ	358,43	300
Жамбыл МАЭС	124,11	122
Қарағанды МАЭС-2	420,71	400
Ескерту – [101] әдебиет негізінде автормен құрастырылған		

Инвестициялық міндеттемелердің орындалу барысын бақылау үшін, атап айтқанда қазақстандық кәсіпорындарға жекешелендіруден кейін жалпы бақылау жасау үшін ҚР Мемлекеттік мүлік комитетінде 90-шы жылдардың басында жекешелендіруден кейінгі бақылау жөнінде арнайы басқарма құрылды. Бұл құрылым қазіргі уақытқа дейін қызмет етеді. Бірақ ел жұршылығына бұл құрылымның қызметінің нәтижелері туралы әлі күнге дейін хабарланған емес. Нәтижесінде қазақстандық кәсіпорындарды жекешелендіруден кейінгі бақылау туралы мәселе, атап айтқанда инвестициялық конкурстар әдісі бойынша жекешелендірілген энергетикалық компаниялардың инвестициялық міндеттемелерді орындауы туралы мәселе қазіргі уақытқа дейін қазақстандықтар үшін негізінен жабық күйінде қалып отыр.

Мұндай жекешелендіру және жекешелендіруден кейінгі даму нәтижесінде энергетикалық компанияларда негізгі қорлардың тозуының шекті деңгейі қалыптасқан. Энергетикалық компанияларды жекешелендіру кезінде инвестициялық конкурстарды пайдаланудың нысаналы мақсаты инвестициялық міндеттемелерді өздеріне қабылдай отырып, олар өздерінің қаражаттарын инвестициялар түрінде негізгі құралдарды жаңартуға жұмсауға, оларға жаңғырту жүргізуге тиіс болды. Оның орнына соңғы 10-15 жылда бұл секторда негізгі құралдардың жоғары тозу деңгейі, жаңа инвестициялық міндеттемелер жасау жолымен оларды жаңарту мен жаңғырту қажеттілігі туралы айтылады. Айтылғандардан шығатын негізгі қорытынды, – акционерлер ретіндегі жаңа меншік иелері сатып алынған кәсіпорындарды жаңғырту мен қалпына келтіруге қажетті ресурстарды салмаған. Бұл жағдайда: неліктен мемлекет бұл компанияларды ұлттандыру туралы мәселені төтесінен қоймайды! - деген заңды сұрақ туындайды. Бұлай жасаудың орнына мемлекет халықтың есебінен жаңа инвестициялық тарифтерді белгілеу түрінде энергетикалық компаниялардың меншік иелеріне жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл жағдайда халық энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңарту мен жаңғырту ақысын төлеуге тиіс. Мұндай қадамды қорлаушылық деп айтудан басқа сөз жоқ. Себебі тұтынушылар төлейтін қаражаттардың есебінен энергетикалық компаниялардың меншік иелері негізгі құралдарды

жаңарту мен жаңғырту арқылы өз компаниялары активтерінің құнының өсуін қамтамасыз етеді. Басқа сөзбен айтқанда, энергетикалық компаниялардың меншік иелері халықтың ақшасының есебінен байып жатыр. Энергетикалық компаниялардың иелері мүдделік қолдау көрсеткен және билік мақұлдаған меншік иелерінің баюының жаңа жолына деген біздің көзқарасымыз осындай. Мұндай байлыққа екі немесе үш еселенген тарифтердің, яғни «инвестициялық тарифтердің» (немесе «шекті тарифтердің» есебінен) кезекті түрде қол жеткізілуде [102].

Энергетикалық нысандарды жекешелендіру әдістерінің бірі «голландық аукцион» деп аталатын әдіс болды. 1997 жылдың өзінде ҚР Мемлекеттік мүлік комитетінің бұрынғы төрағасы, қайтыс болып кеткен С.Қалмұрзаев елдегі жекешелендірудің барысында болып жатқан, «төмендеуге ойнау» қауіпті үдерісін бөліп көрсетті, онда маңызды нысандар «голландық жекешелендіру әдісіне» дейін жеткізіледі. «Таңқаларлық және тамаша» мысалдардың ішінде – Павлодардағы екі ЖЭО күлкілі бағаға – 10 және 20 млн. долларға сатылуын айтуға болады [103].

ҚР Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2721 «Жекешелендіру туралы» Жарлығын [104] орындау үшін қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қарағанды РМЭС – 2 мүліктік кешенін жекешелендіру туралы» қаулысымен Қарағанды облысы энергетикасының қаржылық және шаруашылық қызметін дамыту мақсатында, және өңірде электр энергиясының тапшылығын, Қарағанды МАЭС – 2 жедел жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажеттілігін ескере отырып, ҚР Мемлекеттік мүлік комитеті заңмен белгіленген тәртіпте ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетке қабылдау-беру актісімен Қарағанды МАЭС – 2 балансындағы мүліктік кешенді беру көрсетілген болатын. Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетке «голландық сауда-саттық» рәсімін қолдана отырып, Қарағанды МАЭС – 2 мүліктің кешенін сату бойынша жабық инвестициялық тендерді ұйымдастыру және өткізу туралы тапсырма берілді.

Энергетикалық компанияларды жекешелендіру әдісі ретінде инвестициялық тендерлердің бірнеше мысалдарын қарастырайық. Қызылорда электр тарату желісі компаниясы (ҚЭТК) инвестициялық конкурс арқылы жекешелендірілген. Компанияның акционерлері жаңғырту жұмыстарына 600 млн. теңге салу туралы міндеттеме алды, алайда бұл айтылған соманың жартысын ғана салды. Нәтижесінде өңірді энергиямен жабдықтау айтарлықтай төмендеп кетті. Бұл жағдайдан шығу үшін ҚЭТК 2008 жылы мемлекеттік коммуналдық меншікке қайтарылды.

ТМРА Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасының мәжілісінде Петропавлск тұрғындары жергілікті монополист «Аксесс-Энерго» өндірісті жаңғыртуға жұмсауы тиіс болған ақша қаражаттары қайда кеткенін анықтай алмады. Табиғи монополияларды реттеу басқармасының бастығы О. Пономарев, инвестициялық бағдарламаны орындауға арналған 300 млн. теңгеден астам қаражатты энергетиктер өз мақсатына сай пайдаланбағанын анықтаған кезде, «Бұл жағдайда «қарауыл!» деп айқайлау қажет, - деп

мәлімдеді. Осыдан кейін ол монополистерге келесі сұрақтар қоя бастады: «Инвестициялық бағдарлама 3 жылдың ішінде 59%-ға ғана орындалған. Жоспарланған 838 млн. теңгенің тек 497 млн. теңгесі ғана игерілген. Игерілмей қалған қаражатты не істейсіздер? Бұл ақша қазір қайда, сіздер ақшаны қайда саласыздар? Сіздердің бұл ақшаны басқа іс-шараларға жұмсауға құқықтарыңыз жоқ». Келтірілген материал авторының сөзіне қарағанда сараптау кеңесінің мүшелері де, жиналып отырған журналистер де монополистерден ешқандай нақты жауап ала алмаған [105].

Американдық AES энергетикалық компаниясы Қазақстанның энергетикалық нарығында 15 жылдан астам уақыт жұмыс жасайды. 1997 жылы біздің нарыққа кірген кезде компания «энергетикалық бәліштің» ең дәмді бөлігіне ие болды. Себебі компания республикадағы барлық электр энергиясының үштен бір бөлігін өндіреді. Оның активтерінің тізіміне Екібастұз МАЭС – 1, Өскемен және Шүлбі МАЭС, Согрин және Өскемен ЖЭО, «Майкубен Вест» көмір өндіру разрезі, екі тарату станциясы кіреді. Бұл кәсіпорындарға шетелдіктер сыпайылап айтқанда төмендетілген бағамен қол жеткізді. Ол кезде жаңа иелер энергетикалық нысандарға инвестиция салып, оларды басқаруды халықаралық деңгейге шығаратындығына сенім артылды.

Қазақстан үкіметі мен AES «Сантрипауэр лимитед» американдық компаниясының арасында 1997 жылы қол қойылған «Шүлбі ГЭС» АҚ, «Өскемен ГЭС» АҚ концессияға беру және Семей, Ленинградск, Согрин және Өскемен ЖЭО жекешелендіру туралы шартта инвестор меншікке сатып алынған ЖЭО үшін кем дегенде 2,5 млн. АҚШ долларын төлеуге уәде берді.

Инвестициялардың жиынтық көлемі 600 млн. АҚШ долларын құрауы тиіс болды. Айналым капиталын 21 млн. АҚШ долларына дейін толықтыру, сонымен қатар, AES ГЭС концессияға бергені үшін 20,7 млн. доллар мөлшерінде бонус төлеуге, сосын жыл сайын концессияға берілген 20 жылдың ішінде жыл сайын мемлекетке ГЭС активтерін пайдаланудан түскен таза табыстың 33% төлеп отыруға міндеттенді. Компания ескірген ЖЭО техникалық жаңғырту жүргізу міндетін алды [106]. Он жыл өткеннен кейін инвестициялық жоспар қағаз жүзінде қалды. Басқаруға келетін болсақ, ол шынымен жақсы табыс әкелуде, бірақ өңірге және тұтынушыларға емес, компанияның өзіне әкелуде.

AES қызметі талай рет сынға ұшырады. 2002 жылдың өзінде ШҚО әкімдігі өнеркәсіптік кәсіпорындарға ауыр соққы болған компанияның ақталмаған тарифтік саясатын сынға алды. Кейінірек депутаттар тобы энергетикалық корпорацияны жөнге келтіру үшін АҚШ-тың конгресіне хат жазды. 2005 жылы «AES Қазақстанда» айтарлықтай салықтық бұзушылықтар анықталды. 2006 жылы AES жұмыс істеген жылдардың ішінде Шығыс Қазақстан облысында электр энергиясының бірде бір көзі пайдалануға берілмеген. 600 млн. долларға белгіленген инвестициялық міндеттемелер іс жүзінде орындалмаған. Облыс өзінің тарихында алғаш рет электр энергиясына тапшы болды.

2007 жылы Алматы және Шығыс Қазақстан облысының соттарында «AES

Қазақстан» электр корпорациясына қатысты істер қаралып, оған республиканың монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін айып тағылды. Бұл компанияның заңсыз қызметінің нәтижесінде мемлекет пен тұтынушыларға келтірген шығыны 200 млн. долларға бағаланды. Компанияға осындай сомаға айыппұл салынды. Сотта істің қаралуына себеп болған бұл бұзушылықтарды бұрынғы Индустрия және сауда министрлігінің бәсекелестікті қорғау комитеті анықтаған. Істің мәні AES компаниясының Шығыс Қазақстан облысының энергиямен жабдықтаушы ұйымдары мен тұтынушылар үшін тарифтерді негізсіз көтере отырып, делдал – «Нурэнергосервис» (НЭС) ЖШС арқылы өзіне тиесілі станцияларда өндірілетін электр энергиясын өткізуден тұрды. Сонымен қатар, 2015-2016 жылдар аралығында AES басқа энергия үнемдеуші компаниялармен шарттар жасасудан негізсіз бас тартып, өзінің аффилирленген бөлімшесі арқылы ғана жеткізу схемасын құрды және бұл нарыққа басқа компанияларды кіргізбестен, тауар нарығының бір бөлігін жасады [107].

Басқа сөзбен айтқанда, компанияның республикамыздың монополияға қарсы заңнамасын бұзуы үш негізгі тармаққа сайып келді: нарықтағы басымдықты жағдайын асыра пайдалану, өзқызметтеріне нарықтың барлық субъектілерін теңдей қол жеткізуіне мүмкіндік бермеу, яғни бәсекелестікті шектеу, және, осының салдары ретінде монополиялық табысқа заңсыз қол жеткізу. Компанияның жұмыс істеу схемасы қарапайым болды: генеративті қуаттарда өндірілетін, өзіндік құны 1 кВт\*сағат үшін 1,1 теңгені құрайтын электр энергиясын корпорация басқа энергия үнемдеуші ұйымдарға сатудан негізсіз бас тартып отырды. Электр энергиясын тек НЭС 1 кВт\*сағат үшін 90 тиын бағамен өткізілді. Ал, НЭС электр энергиясын түпкілікті тұтынушыға 1,42 бағамен өткізіп отырды. Бұл схеманың негізінде 2005-2006 жылдардың өзінде AES 21 млрд. теңге мөлшерінде «артық табыс» алған [108]. 1996 жылы Екібастұз МАЭС 1,5 млн. долларға сатып алынғанын, ал 2008 жылы 1,5 млрд. долларға сатылғанын айта кету қажет.

Жағдай жан-жақты мұқият зерттелгеннен кейін AES тобының бірқатар компанияларына монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды тоқтату және бұзушылықтардың салдарын жою туралы, оның ішінде айыппұлдар мен өтемақылар арқылы ұйғарымдар берілді. Нақты айтқанда, ШҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен Өскемен ЖЭО-ға 832,6 млн. теңге, Өскемен ГЭС - 1264,6 млн. теңге және Шүлбі ГЭС – 1366,7 млн. теңге айыппұл салынды. «Шығысэнерготрейд» 105,7 млн. теңге сомаға қайта есептеу жүргізу жолымен тұтынушылардың шығынын өтеуге және 105 млн. теңге мөлшеріндегі монополиялық табысты мемлекет қазынасына аударуға міндетті болды. Жалпы алғанда, айыппұлдардың жалпы сомасы AES компаниясының американдық инвесторларының қалтасын біраз қағып, 28 млн. доллардан асты. Бірақ мұнымен іс аяқталмады. Қазіргі уақытта Алматыда «Нурэнергосервис» ЖШС қатысты 200 млн. долларға сәл жетпейтін мөлшердегі монополиялық табысты – бұл компанияның Қазақстандағы инвестициялық міндеттемелеріне сәйкес келтірілген соманы бюджетке аудару

туралы сот ісі жалғасуда. Көріп отырғанымыздай бұл аз қаражат емес, ал егер концессиялық шарт бойынша бір Шүлбі ГЭС-на AES компаниясының 420 млн. долларды инвестициялауға міндетті болғанын, ал компания тек 89 млн. ғана салғанын, және де шетелдік инвестициялар 9,1 млн. ғана құрағанын есепке алатын болсақ – бұл сомалар бұдан да көп болуы тиіс еді [109].

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі республикалық Есеп комитетінің 2007 жылғы кеңейтілген отырысында оның төрағасы И. Өксікбаев былай деп атап өтті: «Бюджеттің мүддесіне айтарлықтай зиян келтірген бұзушылықтардың ішінде бірнеше жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша залалды қаржылық нәтижелерге байланысты «Шүлбі ГЭС» АҚ мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтердің аударылмауы болды». «Себебі AES «СантриПауэрс Лимитед» американдық компаниясының ГЭС дамыту бойынша инвестициялық бағдарламаның шарттары орындамауы, - деді ол. – Концессиялық шарттың талаптарында негізгі капиталға 420 млн. АҚШ долларын салу қарастырылған. Іс жүзінде 89 млн. доллар салынған. Бұл соманың тек 9,1 млн. АҚШ доллары ғана шетелдік инвестициялар. Біз үкіметке мұндай инвесторлармен шартты бұзу туралы ұсыныс жасадық» [110].

2030 жылға дейін электр энергетикасын дамыту бағдарламасында 2006-2010 жылдары AES 220 млн. долларға инвестициялық міндеттемесі болып табылатын қуаты 78 МВт Семей ГЭС құрылысы жоспарланған болатын. Алайда, кейінгі мемлекеттік бағдарламаларда бұл міндеттеме енді қайта айтылмайтын болды. Электр энергетикалық саланы дамытудың 2007-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында Шүлбі ГЭС қарсы басқарушы ретінде қуаты 80 МВт құрайтын Бұлақ ГЭС құрылысы жоспарланған, бірақ бұл жағдайда AES инвестор ретінде айтылмайды. 2011-2014 жылдарға арналған соңғы салалық бағдарламада Бұлақ ГЭС құрылысы жайынды мүлдем айтылмайды [111].

Әрі қарай ТМРА төрағасының орынбасары А.Шкарупаның мәлімдемесі. 2010 ж. «AES 459 млн. долларға, оның ішінде Шүлбі ГЭС бойынша – 369,59 млн. доллар (94,9% орындамау), Өскемен ГЭС бойынша - 32,97 млн. долларға (82,4%), Өскемен ЖЭС бойынша – 21 млн. долл. (35%), Согрин ЖЭО бойынша – 8,96 млн. долларға (35,8%) міндеттемелерін орындамады. AES-пен шарт 1997 жылы жасалды, сотта іс қарау осы шарттың шеңберінде жүргізілетін болады. Қазақстан үшін жалғыз ғана мәселе – бұл, бізде бұл шартта Лондон арбитражының қарастырылғаны, яғни біз үшін аса қолайлы емес, түптеп келгенде барлық мәселелер сол жерде талқыланатын болады, ал екінші жағынан бұл бізге істің объективті түрде қаралуына кепілдік береді», - деп айтып өтті ТМРА басшысының орынбасары.

«ЦентрЭнергоЭкспертиза» ЖШС есептеулері бойынша «Алматы электр станциялары» АҚ 2008 және 2009 жылдары 17 млрд. теңге үстеме табыс алған. Электртехникалық зерттеу жүргізген сарапшы өзінің қорытындысында Алматы қаласындағы электр және жылу энергиясына белгіленген тариф шамадан тыс көтерілгені туралы қорытынды жасады. Ал, энергия өндірушілер заң бойынша әрекет еттік деп есептейді.

Бұл ретте, AES иелері 2008-2009 жылдары қол жеткізілген үстеме табыс жайында ештеңе айтпайды. Бұл ақша Б-3 маркасында 3,5 млн. тонна көмір, 192 тонна мазут немесе 273 млн. текше табиғи газды сатып алуға жетер еді. Шикізаттың мұндай көлемі болған жағдайда алматылықтарды екі жыл бойы электр энергиясымен тегін қамтамасыз етуге болады. Мұның орнына монополистер тарифтерді ешқандай шімірікпестен көтеруде. Сонда бұл энергетикалық жарыстың мәні неде? Өз уақытында барлық алматылық ЖЭС мен ГЭС бір топқа, яғни оныншы топқа біріктірілді. Станциялардың әрқайсысына жылу мен электр энергиясын жіберудің өзіндік құнының сандық мәндері белгіленіп, бұған электр энергиясы квотасының орташа құны және судың текше метрінің бағасы белгіленді. Және осы тарифтердің орташа мөлшері үнемі өсіп отырды. Сарапшы А. Хасис әрбір станцияда тариф қандай болуы керек екенін есептеп, оны қазіргі тарифпен салыстырды. Оның есептеулері бойынша 2008 жылы ЖЭО-1, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 бойынша нақты шығындар бойынша есептелген электр энергиясына тарифтер мен бекітілген тарифтердің арасындағы айырмашылық 3,1 млрд. теңгеге тең үстеме табыс алуға әкелген. Қапшағай ГЭС и каскад ГЭС бойынша үстеме табыс – 3,7 млрд. теңге. Барлығы 2008 жылы электр энергиясы бойынша тарифтік сметаға қатысты табыстың асу мөлшері 6,9 млрд. теңгені құрайды. ЖЭО-1, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жылу энергиясы: үстеме табыс – 1,0 млрд. теңге. Барлығы «АЭС» АҚ бойынша 2008 жылы тарифтік сметаға қатысты табыстың асу мөлшері 8,0 млрд. теңгені құрайды. 2009 жылы да жағдай осындай. ЖЭО-1, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жылу энергиясы: үстеме табыс – 4,5 млрд. теңге. Қапшағай ГЭС и каскад ГЭС бойынша үстеме табыс – 3,9 млрд. теңге. Барлығы 2009 жылы электр энергиясы бойынша тарифтік сметаға қатысты табыстың асу мөлшері 8,5 млрд. теңгені құрайды. ЖЭО-1, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 және БЖК жылу энергиясы: үстеме табыс – 558 млн. теңге. Барлығы «АЭС» АҚ бойынша тарифтік сметаға қатысты табыстың асу мөлшері 9,0 млрд. теңгені құрайды. Жиынтығы: 2008–2009 жылдары үстеме табыс 17,1 млрд. теңгені құрады.

Түрлі станциялардың нақты шығындары әр түрлі екені белгілі. Алайда, қолданыстағы заңнамада AES-та тарифтерді айқындаудың тиісті тәртібін белгілеуге жол берілген: үкіметтің 2009 жылғы 20 наурыздағы «Есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту ережесін бекіту туралы» қаулысы. Сондықтан барлығы заң шегінде. Мұндай «заңдар» мен үкіметтің «қаулыларын» қайта қарастыру керек деген ой туындайды. Олар, ең алдымен халықтың емес, монополистердің мүддесін қорғайды.

Жоғарыда атап өткендей, инвестициялық тарифтерді пайдаланудың негізгі себебі қуаттар мен желілерді жаңарту мен жаңғыртуды қоса алғанда, энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңарту мен жаңғырту болып табылады. Мұндай тәсіл инвестицияларды тартудың баламалы көздері мен механизмдерін көздемейді. Бір мезгілде бұл тарифтерді көтеру әдісі инвестициялық тарифтерді пайдалану жолымен тартылатын инвестициялық қаражаттың мақсатына сай және тиімді пайдаланылуы үшін энергетикалық

компаниялардың барынша жоғары жауапкершілігін қарастырады. Жекешелендірудің кейінгі кезеңдегі энергетикалық компаниялардың барлық жұмыс тәжірибесі бұл мәселеде сенімді болу үшін негіз болып табылмайды. Негізінен энергетикалық компаниялар өздеріне мақсатына сай емес және тиімсіз пайдалану, сондай-ақ өздерінің инвестициялық міндеттемелерін жүйелі түрде орындамау қасиеті тән екенін көрсетті.

Бұл жағдайда осы мәселеге қатысты уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан жоғары дәрежеде көңіл бөліп, жауапкершілік талап етіледі. Бұл жерде отандық тәжірибе мемлекеттік органдар көбіне объективтік, сонымен қатар субъективтік себептерге байланысты инвестициялық міндеттемелердің орындалуын мониторингілеу және олардың сақталуы үшін жағдайлар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі өздерінің функцияларын толығымен орындамайтынын да көрсетеді. Оның үстіне мемлекеттік органдардың, нақтырақ айтқанда олардың басшыларының тарапынан мұндай жағдайға байланысты белгілі бір мүдделілік бар. Сондықтан көп жағдайларда олар тарифтердің, оның ішінде инвестициялық тарифтердің өсуінде, сонымен қатар олар мен энергетикалық компаниялардың арасында жасалған инвестициялық келісімдерді міндетті түрде орындамауда «әріптестерге» айналады.

Демек, станциялардың генерациясын қалпына келтіру үшін үкімет халықтың есебінен жабдықтар мен желілерді жаңарту және жаңғырту үшін шекті тарифтерді немесе инвестициялық тарифтерді енгізген. «Егер мемлекет осындай қадамға барса, - деп есептейді Қазақ электр энергетикалық қауымдастығының төрағасы Ш. Уразалинов, - шекті тарифтердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 2016 жылдың 1 қаңтарында құр қол қалмау үшін әрбір станция шекті тарифтерден түсетін пайданың қанша бөлігін жабдықтарды жаңартуға жұмсайтынын қосымша қатаң бақылауға алуы тиіс!»

Жалпы ұсыныс дұрыс. Бірақ, біздің пікірімізше, бұл жеткілікті емес. Біріншіден, үкімет мұндай қадамды инвестициялық тарифтерді енгізген кезде, яғни 2009 жылға дейін жасауы тиіс еді. Себебі барлық жекешелендіруден кейінгі тәжірибе үкімет үшін сабақ болуы тиіс. Екіншіден, үкіметтің де өз мүддесі болғаны анық. Себебі инвестициялық міндеттемелерді пайдалану бойынша бақылау шараларын қабылдамастан инвестициялық тарифтер туралы шешім қабылдауға бола ма?

Қазіргі уақытта ҚР Үкіметінде монополистерді тексерулерді «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» ҚР заңының[112] қолданылу аясынан алып тастауды қарастыратын заң жобасы жатыр. ТМРА төрағасының орынбасары А. Шкарупаның сөзі бойынша, «табиғи монополия субъектілерінің қызметіне бақылауды күшейту мақсатында табиғи монополия субъектілерін және реттелетін нарықты «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» ҚР заңының қолданылу аясынан алып тастау қажет. Оның тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі «дөңгелек үстелде» айтылған сөзі бойынша аталған заң реттеуші органның тексерулерінен шағын және орта бизнеспен қатар ірі монополистерді де қорғайды. Жалпы, ТМРА басшыларының аталған мәселе бойынша бастамасын қолдау қажет. Алайда,

бұл жерде: «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» ҚР заңының жобасы қарастырылып жатқан кезде олар қайда болды? - деген бір заңды сұрақ туындайды [113]. Себебі, кез келген заң алдымен ҚР парламентіне жеткенге дейін барлық мемлекеттік басқару органдарымен, оның ішінде ТМРА келісіледі. Сол кезде монополистерді қарастырылып отырған заң жобасының қолданылу аясынан шығару туралы мәселені қоюы керек еді. Біздің шенеуніктердің ел парламентінде заң жобасы қабылданғаннан кейін орасан күш сала бастайтыны қалыпты әдет. Өзіңнің кәсіби қабілеттілігіңді уақытында көрсеткен әрдайым оңай екені белгілі, сол сезде ешқандай «орасан күш-жігердің» қажеті жоқ.

Қазақстанның энергетикалық секторының жекешелендіруден кейінгі жай-күйін, қызмет етуі мен дамуына жүргізілген талдау осындай келеңсіз үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. Оларға келесілер жатады.

Ең алдымен, электр энергетикасы секторының негізгі проблемасы, нақтырақ айтсақ, талаптары энергетикалық компаниялардың күннен күнге тозып бара жатқан негізгі құралдарын сақтаудан тұрады. Бұл негізгі құралдар КСРО уақытынан бері қызмет етіп келеді. Елде батыс, орталық және оңтүстік өңірлерде қуат тапшылығы күн санап күшейіп келеді. Мұның барлығы жаңа, оның ішінде базалық электр станцияларын салуды объективті түрде қажет етеді.

Екіншісі, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарының ішінде, айтып өткендей, бірде бір ірі электр станциясы пайдалануға берілген емес. Соңғы жылдары мемлекеттің бұл мәселені түбегейлі шешуге кіріскенін айтып өткен әділдік болар еді. Мысалы, қазіргі уақытта Мойнақ ГЭС құрылысы жүргізілуде. Балқаш ЖЭО құрылысы дайындалуда. Алайда, бұл жерде мынадай сұрақ туындайды: жұмыс істеп тұрған, яғни жекешелендірілген электр станцияларының иелері әлі күнге дейін қосымша электр объектілерінің жаңа құрылысын салуға неліктен кіріспеген? Себебі, бір жағынан, барлық ГЭС шетелдік компанияларға концессияға берілген, не болмаса олар, сонымен қатар қазақстандық меншік иелері жекешелендіріп алған. Екінші жағынан – энергетикалық қуаттардың тапшылығы қазірден байқалуда және болашақта оның мөлшері ұлғаятын болады. Мұндай жағдайда жаңа электр станцияларын салуға қазақстандық энергетикалық компаниялардың меншік иелері ең алдымен мүдделі болуы тиіс емес пе? Осылайша, олар электр энергиясына күн санап өсіп отырған сұранысты қанағаттандыра алмайды. Сәйкесінше, өздерінің тиісті табыстарын алатын еді. Бірақ бұл үшін жұмыс істеп тұрған компаниялардың акционерлері мен иелерінің тарапынан инвестициялар қажет. Олар үшін тұтынушылардың есебінен жаңа қуаттарды тұрғызу барынша қызықты болып шықты.

Үшіншісі, ГЭС жалға алған концессионерлер де, сонымен қатар энергетикалық компаниялардың акционерлері (меншік иелері) де энергетикалық нысандарды концессияға және (немесе) меншікке алғанға дейін берген өздерінің инвестициялық міндеттемелерін жүйелі түрде және жалпы орындамаған. Қазіргі қалыптасқан жағдайдың негізгі себебі – үкіметтің



енжарлық танытуы кезіндегі энергетикалық компаниялар акционерлерінің инвестициялық міндеттемелерді орындамауы. Үкімет жаңа меншік иелерінің инвестициялық міндеттемелерді орындамауынан ғана олардан жекешелендіру бағасы бойынша сатып алу арқылы оларды ұлттандыру жүргізе алады.

Төртінші, Қазақстандық энергетикалық компаниялар инвестициялық міндеттемелерді ғана емес, сонымен қатар электр энергетикалық сектордың қызмет етуін реттейтін қолданыстағы заңнаманы, экологиялық заңнаманы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жүйелі түрде бұзып келеді. Жыл сайын Қазақстанның халқы олардың әрекеттерінің салдарынан улануда, олардың денсаулығына зиян келуде. Үкімет экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін энергетикалық компанияларды жазалауға тырысады. Бірақ, айыппұл сомасының аз болғаны соншалықты, энергетикалық компаниялар үшін өндірісті жаңарту мен жаңғыртудың орнына болмашы айыппұлдарды төлеген пайдалы, себебі жаңарту мен жаңғырту жұмыстары анағұрлым көп қаражатты қажет етеді. Үкіметке де мұндай жағдай қолайлы секілді. Бір жағынан, қандай да бір әрекет жасау қол қусырып отырғаннан жақсы екенін көрсетеді. Екіншіден, энергетикалық компаниялар негізінен ойларына не келсе соны жасауда. Үшіншіден, елдің халқы, энергетикалық қызметтердің тұтынушылары үнемі соңында қалып, энергетикалық компаниялардың осындай әрекеттерінен де, сонымен қатар үкіметтің боямалы әрекеттерінен зардап шегеді. Төртіншіден, түптеп келгенде Қазақстан және күн санап нашарлап бара жатқан экологиялық, атап айтқанда климаттық өзгерістердің салдарынан бүкіл дүние жүзі зардап шегетін болады.

Бесіншіден, инвестициялық тарифтердің өсуі халықтың табысының өсуіне қарағанда барынша қарқынды түрде өсуде. Мұндай жағдай елдегі және өңірлердегі әлеуметтік шиеленісті күшейтпей қоймайды. Тарифтердің өсуі қоғамның қарқындап алшақтап келе жатқан тапқа бөлінуімен қатар жүріп жатыр. Әсіресе, мұндай қарқынды өсу халықтың әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарының жағдайына қатты әсер етуде, бұл халықтың табысы мен өмір сүру деңгейінің саралануына алып келеді. Нәтижесінде инвестициялық тарифтердің өсуі Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын төмендетеді.

### **3.2 «Халықтық IPO» электр энергетикалық компаниялардың халық қаражаттарын тарту әдісі ретінде**

Классикалық IPO (Initial Public Offering) – адамдардың шектелмеген тобының арасында акционерлік қоғамның акцияларының алғашқы жария түрде сатылымы. Әдетте, IPO ақша қаражатын тарту үшін өткізіледі. «Халықтық IPO» өткізу барысында барынша ауқымды міндеттер қойылады. Атап айтқанда, 2011 жылдың күзінде қабылданған Қазақстандағы «Халықтық IPO» бойынша үкіметтік бағдарлама мыналарға бағытталған:

- республика азаматтарына елдегі ірі кәсіпорындардың акцияларын иеленуге мүмкіндік беру;
- халықтың жинақтарын инвестициялау мен көбейтудің жаңа құралысын

жасау;

– бағалы қағаздар нарығын әрі қарай дамыту, компаниялардың инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында қосымша қаржыландыруды тартуы.

«Халықтық IPO» бағдарламасын дайындау және іске асыру шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарында мұндай бағдарламаның қажеттілігі және мақсатқа лайықтылығы туралы пікір алмасу белсенді жүрді. Кейбіреулер «IPO – бұл рулетка, пирамида және отпен ойнау» деп есептеді, онда қарапайым халық тек «жөкқа» қол жеткізеді десе, керісінше басқалары, оның сөзсіз мәні бар екенін атап өтті. «IPO – ұлтты байытады, елдің беделін көтереді және меншік иелерінің жаңа табын қалыптастырады», – деп есептеді соңғылары. Бұл жағдайда, әрине, объективті түрде зерттеу қажеттілігі туындайды.

IPO – бұл инвесторлардың шектелмеген тобының арасында акцияларды жария түрде орналастыру, онда кез келген тұлға: қаржы институттары, жеке корпорациялар мен азаматтар инвестор бола алады. Олардың барлығы акцияларды бір ғана мақсатпен – ақша табу үшін сатып алады. Компаниялар болса IPO арқылы ақшаны тартып, нарықтық бағалауға қол жеткізгісі келеді. Бағалау бизнестің қаржылық мүмкіндіктерін біршама кеңейтеді. Сондықтан, IPO екі жаққа да тиімді. Әдетте, IPO-ға кәсіби инвесторлар – тәуекелді сауатты түрде бағалап, дұрыс шешім қабылдай алатын қаржылық ұйымдар қатысады. Алайда, халықтық IPO шеңберінде акциялар тек қана халыққа ұсынылатын жағдайлар да болады. «Халықтық нұсқасының» мақсаты – қор нарығына азаматтардың ақшасын тарту және оларға балама инвестициялау көзін ұсыну.

«Халықтық IPO» бағдарламасы мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленгені және 2011 жылдан бастап 2022 жылға дейін есептелгені белгілі, бұл кезеңнің ішінде Қазақстанның қор нарығындағы ірі ұлттық компаниялардың акцияларын шығару жоспарланып отыр. Егер бағдарламаның өзінің мақсаттары мен міндеттері жайлы айтатын болсақ, онда бағдарламасының негізгі мақсаты ретінде мемлекет басшысы Қазақстанның қатардағы азаматына ірі отандық компаниялардың акцияларын иелену мүмкіндігін белгіледі. Осылайша, бағдарламаның негізі ретінде әлеуметтік әділеттілік, ұлттық байлықтың республика азаматтарының арасында бөлінуі, сонымен қатар азаматтарды ел экономикасының өсуіне қатыстыру идеясы алынды.

Бұл жағдайда, біз «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асырудан кешенді нәтиже аламыз – бұл Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын дамыту, елдің ішінде инвестициялық мәдениетті құру, Қазақстанның ірі компанияларының ашықтығын, тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Сонымен бірге, әрі қарай кірісті көбейту мақсатында өзінің инвестициялық жобаларын іске асыру үшін қосымша қаражат тартатын орналастырушы компанияның өзіне де экономикалық әсерді қамтамасыз ету мүмкіндігі бар. IPO-ға өзінің жария компания деп жариялаған үміткер-компаниялар шыққан кезде ақпаратты ашу бойынша жұмыс жүргізуге, сондай-ақ ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келетін корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге міндетті болады. Бұл да

компанияның тиімділігін қамтамасыз етіп, оның ашықтығын арттыруға мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге, тиімді менеджмент жүйесін енгізу оларға сыртқы ортада оңтайлы және барынша нәтижелі өзара іс-қимыл жасауға, ресурстарды өнімді және орынды бөлуге мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде олардың қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруына алып келеді (демек бұл акцияларды сатып алған азаматтардың да табысын арттырады).

Бұл компанияның ашықтығын арттыру – сөзсіз жағымды фактор. Біздің мемлекеттік меншіктің басты мәселелерінің бірі – бұл оны басқару сапасы, бұл компанияның айқын еместігі екені белгілі, оларды із жүзінде ешкім бақыламайды, және осыдан көптеген қиындықтар туындайды. Сондықтан, «Халықтық IPO» – бұл ақша тарту ғана емес, сонымен бірге компаниялардың акционерлердің атынан қоғамға есеп беруі үшін оларды басқару сапасы мен ашықтығын арттыру әдісі.

Сонымен бірге, мемлекет үшін экономикалық әсерге қол жеткізу мүмкіндігі бар. Көптеген инвестициялық жобалар республикалық бюджеттің есебінен іске асырылады. Тікелей ел Президентінің тапсырмасы бойынша зауыттар, темір жолдар, электр желілері, энергия өндіруші нысандар және т.б. салынады. Осылайша, қосымша инвестицияларды тарту елдің бюджетіне түсетін ауырлықты азайтуға мүмкіндік [114].

Жалпы, қор нарығы, атап айтқанда IPO бағдарламаларының белгілі бір қауіптері бар. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, IPO бағдарламасын өткізудің жағымды, сонымен қатар сәтсіз тұстары да бар. Сәтсіз өткізілген IPO талдау IPO туралы толық және нақты ақпараттың болмауы, халықтың қаржылық сауаттылығының төмен деңгейде болуы олардың негізгі кемшіліктері болғанын көрсетті. Сондықтан «Халықтық IPO» бағдарламасының басты міндеттерінің бірі халыққа «Халықтық IPO» бағдарламасы қандай мүмкіндіктер беретінін және инвестор акцияларды сатып алған кезде өзіне қандай тәуекелдер қабылдайтыны туралы халыққа барынша хабарлау үшін іске асырылатын ақпараттық және ағартушылық науқандарды жүзеге асыру болды. «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде «KEGOC» АҚ-ның акцияларын сату кезінде осы мәселеге ерекше көңіл аударылды. Атап айтқанда, «Қазпошта» АҚ филиалдық желісі арқылы ақпараттық және түсіндірушілік полиграфиялық өнімдерді (парақшалар, «жиналмалы қағазшалар», буклеттер) тарату жүзеге асырылды. Әрбір өңірде «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің негізінде тікелей халықпен жұмыс істейтін ақпараттық пункттер ұйымдастырылды, қосымша бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі қызметтерді көрсете отырып, ақпараттық, анықтамалық материалдар таратылды. Атап айтқанда, болашақ инвесторлар сатып алатын бағалы қағаздың құны қолайсыз жағдайлардың салдарынан құлдырап кету қаупі атап өтілді, және олар да инвесторлар секілді шығынға батады. Сонымен бірге дивидендтердің болмау қаупі де бар. Мұндай қауіп-қатер егер компания жылды таза табыссыз, шығынмен аяқтаса, онда дивидендтер төленбейтіндігінде. Сонымен қатар, ақпараттық науқан барысында осындай қауіп-қатерлерді болдырмау мақсатында барынша тұрақты және шикізаттың әлемдік бағасының жағдайына айтарлықтай тәуелділігі жоқ

компаниялар тандап алынғаны атап өтілді. Сондай-ақ, «ЕНПФ» АҚ және кәсіби және ұзақ мерзімді инвесторлар ретінде маркетмейкерлерді тарту компаниялардың акцияларына бағаның күрт секіріп кетуін нивелирлеуге ықпал етті.

«KEGOC» АҚ (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company, Қазақстандық электр желілерін басқару жөніндегі компания) – Қазақстанның бірыңғай электр энергетика жүйесінің ұлттық операторы. Ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 «Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» қаулысына сәйкес құрылған. Қазақстан Республикасының Үкіметі «KEGOC» АҚ құрылтайшысы болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы № 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес «KEGOC» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстандық холдингі» АҚ орналастыратын акцияларына төлем ретінде берілген.

Компания қызметінің негізгі түрлері:

1. өңіраралық деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясын беру;
2. электр энергиясын желіге және тұтынуға босатуды техникалық диспетчерлендіру;
3. электр энергиясын өндіру мен тұтынудың тепе-теңдігін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету.

«KEGOC» АҚ-ның Қазақстанның өңірлерінде 9 филиалы, сонымен бірге ұлттық диспетчерлік орталығы мен өкілдігі бар.

Компанияның миссиясы – қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау стандарттарына сәйкес Қазақстанның БЭЖ сенімді қызмет етуі мен тиімді дамуын қамтамасыз ету. Пайымы – 2025 жылға қарай «KEGOC» АҚ әлемдік деңгейдегі Компанияға және электр энергетикасы саласындағы өңірлік ауқымдағы құзыреттер орталығына айналады. Негізгі стратегиялық мақсаты – «Жаһандық экономикада бәсекеге қабілетті компания құру»[115].

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің жүйелік операторының функцияларын орындайтыны, Ұлттық электр энергетикасы жүйесінің (ҰЭЖ) активтерін иеленетіні және оларды басқаратыны белгілі. Қызметінің негізгі түрлері табиғи монополия саласына жатады. Компанияның балансында ұзындығы шамамен 24,565 мың км құрайтын 35-1150 кВ кернеудегі электр беру желілері және трансформаторлардың орнатылған қуаты 36 355,05 МВА, ҰЭЖ құрайтын 77 қосалқы электр станциялары бар. «KEGOC» АҚ электр желілерін пайдалануға маманданған және оның жарғылық капиталы шамамен 106 миллиард теңгені құрайды. Компания қызметінің негізі өндірушілерден көтерме сатып алушыларға электр энергиясын беру болып табылады. Бұл үшін «KEGOC» АҚ иелігінде ұзындығы 25 мың километрді құрайтын өңіраралық желілер,

Қазақстанның түкпір түкпіріне орналасқан онға жуық қуатты қосалқы станциялары бар. Ұлттық компания көрсететін қызметтердің тізбесі және олардың сапасы күн санап артып келеді. Мысалы, 2009 жылы «KEGOC» АҚ табысы 32,6 миллиард теңгені, 2011 жылы - 64,9 миллиардты құрады, ал 2012 - 72,2 миллиард теңгеден асып түсті. 2013 жылы KEGOC өзінің негізгі қызметінен 73 811 723 мың теңге сомасында табыс алды. Оның ішінде: 44 351 735 мың теңге компанияның желілері бойынша электр энергиясын беру есебінен алынған, 10 827 210 мың теңге – электр энергиясын желіге және тұтынуға босатуды диспетчерлендіруден, 6 843 284 мың теңгені – электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңестіруді ұйымдастырудан алған. Негізгі табыстың қалған бөлігі: электр энергиясын сату, қуаттарды реттеу қызметтерін көрсету және тағы басқалардың есебінен алынған.

Бұл корпорация өзінің орасан үлкен материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен және мақсатты түрде жаңғыртуда, кадрлық және өндірістік әлеуетті жинақтауда. Өткен жылы «KEGOC» АҚ қызметіне салынған инвестициялық салымдардың сомасы 24,5 миллиард теңгеге тең болған айтарлықтай көрсеткішті құрады. KEGOC АҚ-ның 2014 жылдың қаңтар-қыркүйек айларындағы таза кірісі Т1,804 млрд. құрады, бұл 2013 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 1,9 есе аз деп көрсетіледі компанияның аралық шоғырландырылған қаржылық есебінде. Құжатқа сәйкес түскен түсім Т61,133 млрд. құрады (+23%). Жылдың басынан бері жиынтық активтер Т527,951 млрд. дейін 1,4 есе өскен, осы кезеңде меншік капитал да Т340,530 млрд. теңгеге 1,5 есе өскен.

Әрбір жеке компанияның акцияларын орналастыру кезінде болашақ инвесторларды, әрине, ең алдымен мұндай шешімнің жақсы және теріс жақтары қызықтырады. «KEGOC» АҚ 2014 жылдың желтоқсанында өз акцияларын сатуға шығарды. Мұндай мәмілені ол «Халықтық IPO» шеңберінде жүзеге асырды. Компанияның инвестициялық меморандумының жобасын талдау компанияда бар келесі жақсы және әлсіз тұстарын бөліп алуға мүмкіндік береді. Біріншісіне мынадай жағдайларды жатқызуға болады: біріншіден, компания елдегі электр энергиясын беру жөніндегі негізгі ұйым болып табылады. Ол табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген. 2013 жылы компания өз желілері арқылы 41,055 млрд. кВт-сағ электр энергиясын беру қызметтерін көрсетті, бұл Қазақстандағы жалпы электр энергиясын тұтынудың 40,13% құрайды. Сонымен қатар, желіге жіберуді және 83,863 млрд. кВт-сағ көлемінде электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлендіру және 153,521 млрд кВт-сағ көлемінде электр энергиясын өндіру және тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру қызметтері көрсетілді. Екіншіден, компанияда активтердің айтарлықтай базасы бар және қаражатты табысты түрде салып отырады. Үкімет «KEGOC» АҚ-на Ұлттық электр желісін (ҰЭЖ) меншік ету және басқару құқығын берген, қазіргі уақытта ол ұзындығы 564,733 километрді құрайтын 35-1150 кВ электр беру желілерінен және тиісті инфрақұрылымнан тұрады. Компания электр станцияларының қосалқы жабдықтарын ұстап тұру мен жаңғыртуға, және электр энергиясын

беруді барынша тиімді басқару үшін ел өңірлерінің арасындағы электр беру желілерінің жіберу қабілеттілігін арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асырады. Оның ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруда белгілі бір тәжірибесі бар. Үшіншіден, Қазақстандағы тұрақты макроэкономикалық жағдай және электр энергиясына күн санап артып келе жатқан сұраныс. Статистикалық деректерге сәйкес, 2012 жылы ЖІӨ өсуі 5%, 2013 жылы – 6% құрады. 2014 жылы ЖІӨ-нің өсуі 4% деңгейінде болады деп болжанды. Қазақстан экономикасының біршама өсуі электр энергиясына күн санап артып келе жатқан сұранысқа алып келді. 2010-2013 жылдар аралығында KEGOC электр энергиясын беру бойынша көрсеткен қызметтерінің көлемі 30,3 млрд. кВт/сағаттан 41,1 млрд. кВт/сағатқа артты, бұл 8,3% орташа жылдық өсімді құрайды. Қазақстанның мемлекеттік қарызының да деңгейі төмен. Сонымен бірге, ҚР-дағы тұрақты макроэкономикалық жағдай электр энергиясын беруге деген бөлшек және өнеркәсіптік сұраныстың өсуіне алып келеді деп күтілуде. Төртіншіден, үкіметтің белсенді түрде қолдауы. «KEGOC» АҚ «толығымен «Самұрық-Қазына» мемлекеттік қорына тиесілі және орналастырылғаннан кейін оған компанияның 90% және бір акциясы тиесілі болады. Қордың «KEGOC» АҚ-ның жұмысында да айтарлықтай рөл атқаруы жалғасатын болады, бұл өз кезегінде, оның операциялық тиімділігін жақсарта отырып, компанияның инвестициялық бағдарламаларды іске асыруына көмектесетін болады. Сондай-ақ, мемлекеттік қор жетекші өнеркәсіптік тұтынушылармен өзара қарым-қатынастарды жалғастырады және Қазақстандағы өнеркәсіптік тұтынушылармен және экспорттық нарықтармен жаңа қатынастар орнататын болады деп көзделіп отыр. Бесіншіден, тартымды дивидендтік саясат. «KEGOC» АҚ жылдың қорытындысы бойынша, сонымен қатар тиісті кезеңнің қаржылық нәтижелеріне байланысты жартыжылдықтың қорытындысы бойынша дивидендтер төлей алады. Дивидендтік саясатқа сәйкес компания кем дегенде таза табыстың 40% төлеуге ниеттеніп отыр. «KEGOC» АҚ 2008 жылы – таза табыстың 10% төлегенін, 2009 жылы – төлем жүргізілмеді, 2010 жылы – 15%, 2011 және 2012 жылдары – 30%, 2013 жылы – төлемдер болмағанын айта кетейік.

Компанияның кемшіліктеріне келесілерді жатқызуға болады. Біріншіден, алдын ала жасалған инвестициялық меморандумға сәйкес қатаң реттелетін операциялық орта жағдайында компания орынсыз реттеуші өзгерістер нысаны болып табылады. Ол өз қызметін күшті реттелетін салада жүзеге асырады және, сәйкесінше, оның қызметінің нәтижелері бақылаушы органдардың – Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігінің (ҰЭМ), ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің (ЭМ) нормативтік құқықтық актілерінің қолданылуына байланысты болады. Компанияның коммерциялық икемділігі немесе оны әртараптандыру шектеулі, және жалпы, өз қызметін Қазақстанның электр энергетикалық саласында ғана жүзеге асыруға тиіс. Осылайша, ол ҚР электр энергиясы нарығында болып жатқан оқиғаларға айтарлықтай тәуелді болып келеді, бұл егер құлдырау болатын болса, оның тиімділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Екіншіден, оның

табысы мен тиімділігі ағымдағы тарифтік саясатқа байланысты, ол өз кезегінде, заңнаманың нормаларынан бастау алады. Компанияның барлық табысы табиғи монополиялар туралы заңмен реттеледі және бекітілген тарифтердің деңгейімен шектелген. Оның тарифтері «шығындар қосу бекітілген кіріс» әдісі бойынша белгіленеді, тарифтердің деңгейіне ықпал ету мүмкіндігі ҰЭМ беруімен шектелген. Компания тариф белгілеу мақсатында капиталдың табыстылығының әділетті нормасынан бастау алады, бұл негізделген шығындардың жабылуы қосу «кірістің рұқсат етілген деңгейіне» кепілдік беретін деңгейде тарифтерді белгілеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ҰЭМ-нің компания мәлімдеген шығындар тізбесімен немесе сомалармен, тиісті қызметтердің болжамды көлемімен келіспеуге құқығы бар. Үшіншіден, компанияның негізгі акционері ретінде «Самұрық-Қазына» мемлекеттік қорының мүдделері ұйымның мүдделерінен және оның акцияларын ұстаушылардың мүдделерінен ерекшеленуі мүмкін. Мемлекеттік қордың дивидендтерді төлеу, басшыларды тағайындау, қайта құру, тарату, қосу және біріктіру туралы, сондай-ақ оның жарғысына өзгерістер енгізу туралы мәселелерді қоса алғанда, компания акционерлерінің жалпы жиналысында қарастырылатын көптеген мәселелер бойынша шешімдердің қабылдануын бақылау мүмкіндігі бар. Сонымен бірге, қор компанияның директорлар кеңесіне бақылау жасау арқылы оның бизнес-стратегиясы мен қызметіне де айтарлықтай әсер етеді. Мұндай бағытталған бақылау басқа акционерлердің корпоративтік мәселелерге ықпал ету қабілетін шектейді, демек миноритарлық акционерлер өздерінің мүдделеріне сәйкес келмейтін деп бағалауы мүмкін шешімдердің қабылдануына және әрекеттердің жүзеге асырылуына алып келуі мүмкін. Төртіншіден, компания дамып келе жатқан нарықпен байланысты ортақ тәуекелдерге бейім. Қазақстан секілді дамып келе жатқан нарықтары бар елдер, барынша дамыған нарықтары бар елдерге қарағанда жалпы құқықтық, реттеушілік, экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерді қоса алғанда үлкен тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Олар капитал тарту үдерістерін қиындатады және мұндай елдердің экономикасына теріс әсер етуі мүмкін. Бесіншіден, дамып келе жатқан экономикасы бар елдерде бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қарыз қаражаттарының қол жетімділігі, айтарлықтай деңгейде инвесторлар сенімінің деңгейіне байланысты болады. Несие рейтингтерінің немесе мемлекет немесе орталық банктің тарапынан интервенцияның төмендеуі секілді сәттер кәсіпорындар үшін қарыздық қаржыландыру құны мен қол жетімділігіне әсер етуі мүмкін. Қазақстан экономикасы басқа елдердің экономикасындағы болып жатқан оқиғалардың келеңсіз әсеріне ұшырауы мүмкін. Экономикалық шарттар елге байланысты ерекшеленетініне қарамастан, инвесторлардың бір елде болып жатқан оқиғаларды қабылдауы Қазақстанды қоса алғанда, басқа елдердегі эмитенттердің бағалы қағаздарына капиталды инвестициялауына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Оның үстіне, Қазақстанның экономикасына жаһандық экономикаға әсер ететін және ҚР сауда әріптестері болып табылатын дамыған елдердегі оқиғалар әсерін тигізе алады [116].

Өткен жылдың желтоқсан айының соңында «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде KEGOC акцияларын орналастыру аяқталды. Орналастырылатын акциялар саны 25 999 999 дананы құрады. Орналастыру бағасы – бір акция үшін 505,00 теңге. Жазылу нәтижелері бойынша есептеулер жүргізу күні – 18 желтоқсан 2014 жыл. Өтінімдерді жинау аяқталған сәтте KASE сауда жүйесіне 42 723 өтінім келіп түсті, оның ішінде тізілімді биржа, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ тексергеннен және KASE мүшелерімен салыстырғаннан кейін 41 991 өтінім белсенді деп танылды. Бұл ретте, жеке тұлғалардан келіп түскен белсенді өтінімдердің саны 41 989 құрады. Бұл өтінімдер 41 319 жеке шоттан берілді. Бір өтінім «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» (БЖЗҚ) АҚ келіп түсті, және бір өтінімді маркетмейкер берген. Жалпы, компанияның акцияларына деген сұраныс ұсыныстан 1,3 есеге асып түсті. Брокерлік компаниялар тарапына сұраныс, маркет-мейкердің өтінімін қоса алғанда, 9,7 млрд. теңгені құрады (ұсыныстан 73,7 %), БЖЗҚ – 7,0 млрд. теңге (ұсыныстан 53,3 %).

Барлығы орналастыруға KASE қор нарығының 18 мүшесі қатысты. Жазылу нәтижелері бойынша эмитент 25 999 999 акцияны сатып алуға берілген барлық белсенді өтінімдерді қанағаттандырды (ұсынылған көлемнің 100 %). Қанағаттандырылған өтінімдердің жиынтық көлемі 13 129 999 495 теңгені құрады. Бұл жағдайда, жеке тұлғалар мен маркетмейкер берген барлық белсенді өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылды, БЖЗҚ өтінімі ішінара қанағаттандырылды.

Орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың шоттарына 9 473 909 080 теңге сомасына қағаздар келіп түсті (орналастыру көлемінің 72,2 %), БЖЗҚ шотына – 3 454 090 415 теңге сомасына (орналастыру көлемінің 26,3 %), маркетмейкер берген қанағаттандырылған өтінімдердің көлемі 202 000 000 теңгені құрады (орналастыру көлемінің 1,5 %). «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның (Алматы) мәліметтеріне сәйкес аталған акцияларға жазылу нәтижелері бойынша барлық мәмілелер осы ақпаратты жариялау сәтінде есептелген, жазылу аяқталған. KASE-ке орналастырылған акциялардың эмитентінен және олардың маркетмейкерінен «KEGOC» АҚ-ның жай акцияларын 2014 жылдың 19 желтоқсанында KASE қайталама нарығында сатылымын ашуға өтініш келіп түсті. Осылайша, 2014 жылдың 19 желтоқсанынан бастап енді қайталама нарық шеңберінде KEGOC акцияларының сатылымы жүріп жатыр, онда оларды нарық бағасымен сатуға және сатып алуға болады.

«BCC-Invest» компаниясының талдаушылары акциялар сатудың бірінші күнінде-ақ бағасы өседі деп болжап отыр, себебі бағалы қағаздар ақылға қонымды бағамен орналастырылуда. Оның үстіне, бұл бағалы қағаз орташа немесе тіптен ұзақ мерзімді болашақта қызығушылық тудырады. Сарапшылардың пікірі бойынша, ісін жаңа бастаған инвесторлардың «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Е. Бахмутованың дивидендтік саясаттағы өзгерістер туралы мәлімдемесіне де көңіл бөлулері керек. «Біз ағымдағы жылдың нәтижелері бойынша дивидендтер аса жоғары



деңгейде болмайтынына есеп береміз, сондықтан дивидендтерді тоқсанның қорытындысы бойынша төлеу үшін дивидендтік саясатқа және компанияның жарғысына өзгерістер енгізілді... Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша компания акцияларына дивидендтер алуға болады деп көздеп отырмыз» – деп хабарлады ол [117].

Талдаушылар жаңа дивидендтік саясатты бекіту инвесторларға дивидендтік төлемдер түрінде олар таза табыстың кем дегенде 40% алуына кепілдік береді. Бірінші жылы дивидендтік төлемдердің мөлшері көп болмайды. Бірақ, одан кейінгі жылдары сарапшылар дивидендтік табыстылық басқа қазақстандық қағаздармен теңеседі деп күтуде. Өзгертілген дивидендтік саясат туралы хабарды «Евразийский капитал» компаниясының делдалдары да болашақ акционерлер үшін жағымды жаңалық ретінде бағалайды. Мамандардың сөзі бойынша, Е.Бахмутованың хабарламасында компанияның 2015 жылы 2014 жылғы және 2015 жылдың бірінші тоқсанындағы қызметінің нәтижелері бойынша дивидендтер төлеу ниеті туралы айтылады. «KEGOC» АҚ өз қызметтеріне тарифтерді салыстырмалы түрде жақында ғана көтергені белгілі. Тарифтердің өсімінен жоспарланып отырған әсерді 2015 жылы ғана байқауға болады.

KEGOC бастапқыдан «Халықтық IPO-ға» шығарылатын компаниялар тізімінің басында болғаны белгілі. Сосын оның орнын «ҚазТрансОйл» иеленді, ал IPO-ны KEGOC бірнеше мәрте кейінге шегерді. Мұның себебі заңды сипаттағы қиындықтар мен тариф белгілеу мәселелері болды. «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Е. Бахмутова мойындағандай шын мәнісінде екі мәселе болды. Біріншісі – бұл заңды сипаттағы мәселелер. Оның мәні KEGOC меншігінде стратегиялық актив – иеліктен шығарылмауы тиіс және мемлекеттің меншігінде ғана болуы қажет ҰЭЖ, яғни магистральдық желілердің болуы.

Бұл үшін акциялардың бір бөлігін – миноритарлық пакетті жекешелендіруге мүмкіндік беретін және бұл жағдайда заңнамаға магистральдық желілер бұрынғысынша мемлекеттік меншігінде қалатын және иеліктен шығаруға немесе қандай да бір ауыртпалық салуға жатпайтын өзгерістер енгізу қажет болды. Заңнаманы өзгерту мен толықтыру бойынша мұндай жұмыс жүргізіліп, тек 2014 жылдың жазына қарай аяқталды. Бір мезгілде түрлі ұсыныстар, атап айтқанда бағдарламаны тоқтату туралы ұсыныстар болды, себебі стратегиялық активтер бойынша мұндай мәселелер тек KEGOC бойынша орын алған жоқ. Алайда, барлығы миноритарлық пакетті жекешелендірудің ешқандай жағдайда стратегиялық активтерге қатысы болмайды деген ортақ бір пікірге келді.

Осылайша, магистральдық желілерді иеліктен шығарудың мүмкіндігі туралы норма заңнамалық түрде бекітілді. Ешкімде жекешелендіру, ал пакеттің 10% сату дегеніміз де жекешелендіру, біздің ойымызша, кез келген жағдайда мемлекеттің меншігі болып қалуы тиіс стратегиялық нысанға кері әсер етуі мүмкін деген сұрақтар туындамауы үшін. Сонымен бірге, біз, заңнамадағы мұндай өзгерістер KEGOC жекешелендіру үшін «пандора жәшігін» ашты деп

ойлаймыз. Кез келген басталған іс әдетте жалғасын табады. Осыдан бірінші қауіп туындайды – мемлекетте де, сонымен бірге инвесторларда да жекешелендіруді әрі қарай жалғастыру ниеті пайда болады. Мемлекет, түрлі себептерге байланысты, мысалы стратегиялық инвесторды қоса алғанда жаңа инвесторларды іздестіру үшін әрі қарай жекешелендіруге баруы мүмкін. Бұл жердегі мүмкін болатын қауіптердің қатарында ЕАЭЖ шеңберінде бірыңғай энергетикалық нарықты құруды көрсетуге болады. Инвесторлар да компания капиталындағы өзінің үлесін арттыруды қалауы мүмкін. Мұнда, инвесторлардың акциялардың бақылау пакетіне қол жеткізгенге дейін өздерінің бақылау функцияларын алу мен оны арттыруға ниеті мен бейімділігі бар екенін мойындау керек. Бұл жерде мұндай қызығушылық үлкен, себебі КEGOC жалғыз монополия ретінде мемлекеттің стратегиялық объектісі болып табылады. Стратегиялық нысанның стратегиялық инвесторына айналу дегеніміз үлкен арман емес деуге болмайды. Сонымен бірге, кез келген инвестордың акцияларды басқа инвесторлардан сатып алу арқылы акциялардың үлкен мөлшерін өз қолына шоғырландыруды қалайтынын айта кету қажет. Бұл жағдайда, акционерлер компанияның өзінің, сонымен бірге оның топ-менеджерлерінің аффилирленген тұлғалары болуы мүмкін деген қауіп те бар. Мұндай жағдай мемлекетте қалған акцияларды сату есебінен олардың акцияларының үлесінің артуына мүмкіндік жасайды. Біздің экономика, әсіресе ұлттық компанияларда билік пен капиталдың бірігуінің жоғары деңгейімен сипатталатынын ескермеуге болмайды. Ұлттық компаниялардың менеджментінде қазіргі уақытта еліміздегі жекешелендірудің бірінші кезеңіне қатыспаған басқарушылардың жаңа буынының саны өте көп. Олардың кейбіреулерінде мемлекеттік меншіктің жаңа бөлінісіне қатысуға деген өте үлкен ниеті пайда болуы әбден ықтимал. Тіптен, республикадағы жешекелендірудің жаңа кезеңін бастауға бастама көтерген де ең алдымен солар деп пайымдаймыз. Квазимемлекеттік компаниялардың қалыптасуы мен дамуына қатыса отырып, олар көбіне осындай жекешелендірудің негіздемесінде «мемлекет нашар менеджер» деп айтып өтеді. Еліміздің бұрынғы премьер-министрінен «мемлекеттік меншік – өте қауіпті меншік» деген сөзді естіген уақыт әлі есімізде.

Осылайша, елімізде мұндай көзқарасты жақтаушылар аз емес екенін көруге болады. Ұлттық компанияларды басқаруға қатыса отырып, мұндай менеджерлер мемлекеттік меншіктің жаңа бөлінісіне қатысқысы келмейді деп айту қиын. Оның үстіне, бұл үшін оларда заңды, сонымен қатар заңсыз ақша қаражаты жеткілікті. Қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан мүлікті жария етудің жаңа кезеңі жекешелендірудің жаңа толқынымен органикалық түрде өте жақсы үйлеседі. Жекешелендіруді жүргізуде, әсіресе, ел алдымен қаржыны заңсыз тапқан адамдар ұтып жатыр, олар заңсыз сипаттағы мәмілелердің есебінен қомақты қаражат жинап алды. Жаңа жаппай жекешелендіру кезеңінде мұндай капиталдың қызметтің заңсыз тұсына шығу – олардың көптен күткен арманы. Сонымен бірге, олар «Халықтық» IPO» шеңберінде жекешелендіріліп жатқан стратегиялық нысандардың белсенді инвесторлары болғысы келеді.

Қазіргі уақытта заңдастырылып жатқан көлеңкелі капиталдың көлемдері белгілі бір түрде елде жүргізіліп жатқан жекешелендірудегі ауқымдардың индикаторлары ретінде қолданылады.

Жоғарыда айтып өтілгендей, капиталмен органикалық түрде біріккен басқарма стратегиялық нысандарды әрі қарай жекешелендіруге бастама көтеруі мүмкін. Қазіргі кезде Қазақстан үкіметі «Халықтық IPO» бағдарламасының шарттарын өзгерте бастады. 2014 жылдың қыркүйек айында үкімет «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде орналастырылатын акциялардың үлесі бойынша шегін 15%-дан 25% дейін көтерді. Бұл өзгерістер «Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулыға сәйкес енгізілді. Үкімет «Самұрық-Қазына» мемлекеттік қорының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын бекіту туралы» қаулыға да өзгеріс енгізді. «Жаңа редакция шығарылатын акциялар бойынша, 25%-ға дейін үлкен еркіндік береді, бұл нарықтық капиталдандырудың өсімі бойынша алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді жеңілдетеді. Шығарылатын компаниялардың саны бойынша деңгейді біршама төмендетеді, нысаналы индикатор енді жоқ, ал тізім 5 компанияға қысқарған. Бір айта кететіні, бұл өзгерістер IPO әлі алдағы жаңа компанияларға қатысты болады. Алайда, мұндай өзгерістер IPO жүргізілген компаниялар бойынша енгізілуі мүмкін. Мысалы, бұрынғы акционерлердің, сонымен бірге болашақ жаңа акционерлер акцияларының үлесін арттыратын жаңа өзгерістер болуы ықтимал. Мәселен, олар 25 қосымша бір акцияны немесе 50 пайыз алу бір акцияны сатып алуды қалайды. Ал, келешекте, олар мұндай компаниялар акцияларының бақылау пакетін өз қолында ұстауды қалауы мүмкін. Билік пен капиталдың тығыз бірігуі кезінде мұндай жағдайдың орын алуы әбден мүмкін. Дегенмен, стратегиялық компаниялардың мұндай болашағы халықтың, сонымен бірге мемлекеттің мүдделерімен сәйкес келмейтіні айқын.

Екіншісі тарифтік басқару мәселесі болды. Анық тарифтік басқарусыз компанияның болашақ табысын, құнын болжау мүмкін емес. Базалық қағида ретінде «ҚазТрансОйл» бойынша тарифтерді есептеу кезінде пайдаланылған тәсілдер қолданылды. Бұл тәсілдердің мәні, тарифті есептеу кезінде компанияда бар, технологиялық үдеріске қатысатын барлық активтердің құнын ескеру қажеттігінде. Осы уақытқа дейін тарифті есептеу кезінде активтердің нақты жүктемесіне байланысты белгіленетін активтердің «іске тартылу коэффициентін» назарға ала отырып, активтердің құны ескеріліп келді. Электр энергетикасының дамуының болашағын ескере отырып, мұндай тәсіл негізінен компанияның табысын айтарлықтай төмендетеді және, сәйкесінше оны болжау мүмкін болмайды. Нәтижесінде, тәсілдер өзгертілді және, сәйкесінше, болашақта компанияның технологиялық үдеріске тартылған барлық активтерінің әділ құнын толығымен ескеретін тарифтік басқару өзгертілді. Бұл ретте, олардың құны бірден тарифте көрсетілмейді, бүгін қабылданған кесте бойынша бес жылдың ішінде біртіндеп қосылатын болады. Тарифті есептеу кезінде активтердің барлық массасын ескеру қажет болғандықтан, негізгі

фактор бойынша компанияда құнының өсу резерві бар екенін тағы да айта кетейін, – деп атап өтті Е. Бахмутова [118].

«Компания «кірістің кем дегенде 40%», яғни бұл теория жүзінде 100% мүмкін деп уәде берді, – деп атап өтті «ФридомФинанс» Инвестициялық Компаниясының бас директоры Т. Турлов. – Қазіргі кезде KEGOC қызметтеріне ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен келісілген тариф «шығындар +» формуласын көздейді, және іс жүзінде, компанияның кіріс алуына кепілдік береді. Дивидендтік табыс айтарлықтай қомақты болады деп күтіледі: 5 жылдың ішінде, бұл әрине, таза кірістің 100% төлеу екі талай, біздің ойымызша 60-80%, дивидендтер бір жылда бастапқы орналастырудың 30% жетуі мүмкін». Оның пікірінше, егер KEGOC акцияларын алатын болсақ, онда кем дегенде 3-5 жылға. Былайша айтқанда, неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым жақсы. Бұл жақсы компания, қиындықтары жоқ емес, бірақ жалпы алғанда, тартымды компания. Орташа мерзімді және әсіресе, ұзақ мерзімді болашақта олар жақсы кірісті жинақтауға тиіс. Барлығы үшін бір қағида бар: үкімет қаржылық жағынан тұрақты компаниялардың ғана акцияларын сатуға шығарады, – деді «ФридомФинанс» инвестициялық компаниясының қызметкері және жаттықтырушысы Т. Кулинич. – Сондықтан бұл компаниялардың бағалы қағаздарына қаражат сала отырып, біз тек ұтатынымызды 90 пайыз сенімділікпен айтамыз. Себебі олар 100-пайыз мемлекеттік қатысуы бар компаниялар. Оларға мемлекет қолдау көрсетеді және олардың қызметтері әрдайым сұраныста болады. «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Б. Кажиевтің компания көптеген көрсеткіштер бойынша өзінің әлемдегі ұқсас компаниялардан артта қалғаны туралы сөзіне келетін болсақ, «ФридомФинанс» басшысының пікірінше халықтық IPO-ға қатысу KEGOC көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартуы тиіс.

«ҚазТрансОйл» IPO орналастыру кезінде акциялар бағалау нәтижесі бойынша алған бағаға дисконтты түрде шығарылып жатқаны жайлы бірнеше мәрте айтылды – 19%. Егер баланстық құнына қарайтын болсақ, оған қол жеткізу оңай және ол жарияланады, онда акциялардың баланстық құны көрсетіледі. Егер одан дисконтты есептейтін болсақ, онда ол орасан болады. Бірақ, түсініп отырғандай, шын мәнісінде баланстық құнында активтердің барлық құны ескеріледі. Мен KEGOC-та тарифті есептеу кезінде активтердің барлық құны біртіндеп ескерілетін болатындығын айтқаным кездейсоқ емес.

Әділ бағасын есептеген кезде, ол акционерлерге арналған дисконтталған ақшалай дивидендтер әдісі бойынша есептелген, әрине, қазіргі кездегі акционерлер үшін әділ құны назарға алынды. Сондықтан, былайша айтқанда, 505 теңге құны төменгі шектің ең-ең консервативтік бағасы бойынша алынған. Одан төмен түсу мүмкін емес. Егер бұл жай ғана биржаға жария түрде орналастыру болса, онда барынша жоғары құнына бағыт алатын едік, ол да әділ бағасы болар еді. Біздің жағдайда, «Халықтық IPO» жайында, біліктілігі жоқ жеке инвесторлар жайында сөз болып отыр. Және де негізгі бағасына емес, ең төменгі консервативтік шегіндегі әділ құнына негізделіп отыр, – деп атап өтті Е. Бахмутова [118].

«Белгілі бір деңгейде сәл жоғары деңгейде болған тарифтер компанияның IPO-ға шығуы үшін әдейі жасалған немесе қандай да бір жасанды емес әдіспен өзіне кіріс алуының салдары болып табылмайды. Бұл «ҚазТрансОйл» бойынша жасалғандай, тариф белгілеудің әділ қағидаларына байланысты жасалды. Атап айтқанда, тарифтерді есептеу және қалыптастыру кезінде дұрыс тәсілдерге ие болу және есептеу кезінде компанияда бар барлық активтерді пайдалану қажет болды», – деп түсіндірді Е.Бахмутова.

Осылайша, тариф белгілеудің жаңа тәсілі қолданылды және, АҚ басқарма төрағасы орынбасарының айтуынша, тарифтердің біршама көтерілуі – бұл тарифтерді есептеуге қолданылған әділ тәсілдің нәтижесі ғана. «Болашақта тарифтерін мемлекеттік органдар реттейтін басқа компаниялар да осындай тәсілге көшеді деп ойлаймын», – деп түсіндірді Е.Бахмутова. Бұл жағдайда, маман «KEGOC» АҚ қызметтерінің құны қатардағы тұтынушыларға арналған электр энергиясының түпкілікті құнының тек 8% құрайтынын айтып өтті.

Қазақстандық электр энергетика қауымдастығында қазіргі уақытта шекті тарифтердің мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде генерациялаушы активтерді ауқымды түрде жаңғырту және жаңа қуаттарды іске қосу жүргізіліп жатқанын түсіндірді. Энергетиктердің ақпараты бойынша, энергия жүйесінің сенімділігін арттыру үшін KEGOC ұлттық желісін жаңғырту қажет, ол өз кезегінде, тарифтерді қайта қарауды қажет етеді.

Бұл жағдайда, сарапшылар «KEGOC» АҚ табиғи монополия субъектісі болғандықтан, және тарифтерді бекіту тәртібі Қазақстан заңнамасымен белгіленгендіктен, тарифтің өсуінің негізділігін бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган, бұрынғы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, қайта құрудан кейін Ұлттық экономика министрлігінің тиісті Комитеті жүзеге асырады деп есептейді. Демек, компания қызметтерінің құнының осылай көтерілуі шынымен негізделген және қажет болды. Сонымен бірге, энергетиктер қауымдастығының өкілдері тарифтердің көтерілуін акционерлік қоғамның IPO-ға шығуымен байланыстырмайды. Олардың пікірінше, тарифтердің өзгеруі KEGOC компаниясының инвестициялық бағдарламасын іске асыруға бағытталған, ал Халықтық IPO мемлекеттік компания қызметінің жариялығын арттыруға IPO қатысушыларына – Қазақстан халқына – ұлттық компаниялардың акционерлеріне айналу және олардың қызметінің нәтижелерінен пайда алу мүмкіндігін беруге бағытталған. Өз кезегінде, «BCC Invest» АҚ сарапшылары да тарифтерді көтеру туралы шешім, әсіресе, нарықтағы соңғы жағдайларға байланысты орынды деп есептейді. 2014 жылдың ақпан айында долларға қатысты теңгенің құнсыздануы жүрді. Негізгі инвестициялық жобалар доллармен берілген қарыз қаражаттарының есебінен қаржыландырылуына байланысты, қаржылай шығындар жалпы қарызбен бірге ұлғаяды. Бұдан басқа, негізгі құралдар шетелден сатып алынады, бұл да сатып алу құнын ұлғайтуы мүмкін. Сондықтан, талдаушылардың пікірі бойынша, тарифтерді көтеру компанияға барынша тиімді дамуға және операциялық шығындарды өтегеннен кейін таза кірістің оң көрсеткіштерін көрсетуге мүмкіндік береді. Осылайша инвестициялық тартымдылық артады.

Инвестициялық компания мамандарының пікірінше, бұл жаңалық жағымды сипатқа ие және инвесторларға компанияның әрі қарай даму болашағына қатысты қосымша сенімділік береді. Акционерлер жайлы да ұмытпау қажет. Тарифтердің ұлғаюы компанияға ұзақ мерзімді болашақта дивидендтердің тұрақты мөлшерін төлеуге мүмкіндік береді [119].

Біздің ойымызша дисконт әдісін пайдалану жалпы компания, сонымен қатар мемлекет тұрғысынан залалды болып табылады. Оның үстіне, экономикалық дағдарыс кезінде активтердің бір бөлігін сату әдетте әлемдік тәжірибеде қолданылмайды. Дағдарыс жағдайында ең бастысы мемлекеттік меншіктің, алдымен мемлекеттің өзінің мүддесі үшін пайдасын арттыру мәселесі болып табылады. Негізінен компаниялардың корпоративтік мүддесін көздейтін компаниялардың өздерінің құнын арттыру туралы тәсілді қазір қолдану үлкен мөлшердегі мұнай доллары жағдайында ықтимал әрі орынды болып келеді. Алайда, 2014 жылдың екінші жартысынан бастап мұнайдың бағасы күрт төмендеп кетті. Бұл жағдайда мемлекетіміз үнемдеу режиміне бағыт алды. Бұл тәсіл келесі шараларды іске асыруды қажет етеді: біріншіден, мемлекеттік бюджетке төленетін дивидендтерге бағытталатын таза табыстың үлесін арттыру; екіншіден, мемлекеттік компаниялардың тікелей функцияларымен байланысты емес, олардың тікелей емес шығыстарына жұмсалатын шығындарды қысқарту; үшіншіден, оларды өте жайлы әкімшілік ғимараттар мен құрылыстарда ұстауға төленетін жалдау төлемдерінің сомасы, көлік шығындары, бонустар, жоғары еңбекақылар және т.б. бойынша шамадан тыс көп әкімшілік шығыстарды қысқарту; төртіншіден, компаниялардың өздеріне, сонымен бірге олардың басшыларына қызмет көрсетумен айналысатын және т.б. олардың құрылымдарының бейінді емес құрылыстарын күрт қысқарту. Бұл жағдайда дағдарыс аяқталғанға дейін «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыруға мораторий жариялау қажет. Бұл келесілермен түсіндіріледі: а) әлемдік тәжірибеде мұндай бағдарламалар әдетте экономикалық дағдарыс басталған уақытта жүргізілмейді, себебі бұл жағдайда компания өзіндік құнын жоғалта бастайды және мемлекет әдетте өз компанияларына қажетті инвестицияларды ала алмайды; б) табиғи монополия субъектісі болып табылатын компанияның тарифтерін көтеру есебінен болашақ акционерлерге уәде етілген жоғары мөлшердегі дивидендтер («ҚазТрансОйл», сонымен бірге «KEGOC» АҚ осындай құрылымдар болып табылатыны белгілі). Нәтижесінде акционерлер болған халықтың шамалы бөлігі бұл бағдарламаға қатысуға қаражаты болмаған оның үлкен бөлігінің есебінен дивидендтер алатын болады; алтыншыдан, екі компанияның да акцияларын сату дисконттың өте жоғары деңгейімен жүргізілді, әдетте дағдарыстың бастапқы кезеңінде мұндай әрекеттерді жасамау ұсынылады. Бұл жағдайда, әдетте компания да, мемлекет те үлкен шығынға батады. Бұл кемшіліктерді болдырмау үшін әрі қарай дағдарыс кезеңінде аталған бағдарламаны іске асыруды тоқтатуды ұсынамыз. Көбіне, бұл үшін дағдарыстан шығатын сәт таңдап алынады. Қазір мұндай жағдай емес екені анық. Ел Президенті үнемдеу режиміне бағыт алуды жариялаған қазіргі жағдайда мұндай шешім орынды әрі

дәлелді болып табылады.

Сонымен бірге, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасының орынбасары «KEGOC» АҚ акцияларын жекешелендіру кезінде акциялардың 10%-ның ешқандай әсері жоқ деген пайымдауы біршама күмән туғызады. Енді, «электр энергиясына түпкілікті тарифтегі KEGOC тарифтерінің үлесі орташа 10% құрайды, және ол да анау айтқан үлкен сан болмайды». Экономистер мен бухгалтерлер үшін мұның шамалы сан болуы екі талай. Сонымен бірге, халық үшін. Оның үстіне, егер Халықтық IPO өткізердің алдында KEGOC тарифтері 50%-ға көтерілгенін ескеретін болсақ. Мұндай көтерудің міндеттері әр түрлі болуы мүмкін. Біріншіден, «Халықтық IPO» шығардың алдында компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру. Екіншіден, компанияны IPO-ға дайындау сәтін пайдалану, тарифтерді көтерудің ауыр қабылданатын міндетін шешу. Үшіншіден, жоғары дивидендтерді төлеу үшін алдын ала қаржылық негізді дайындау. Бұл бағдарламаны іске асыру үшін олардың ішіндегі ең маңыздысы, біздің ойымызша, дәл соңғысы болып табылады. Жоғарыда дәл «Халықтық IPO» бағдарламасын өткізердің алдында KEGOC тарифтерінің деңгейін көтеру туралы шешім қабылданғаны айтып өтілді. Сондықтан мұнда таласқа салынатын сұрақ жоқ.

«Самұрық-Қазына» мемлекеттік қорының басшысы Ө. Шөкеев компанияның қор нарығына шығуы шеңберінде өткізілген болашақ инвесторлармен бастапқы (старттық) кездесуде былай деді «компания акцияларының өсетініне менің ешқандай күмәнім жоқ. Қазір компания кірістің 40%-дан астам бөлігі дивидендтерді төлеуге жұмсау туралы шешім қабылдады. Өзі болса, қазақстандықтарды осы компанияның акциясын сатып алуға шақырды. «Энергетиканың өсуінсіз өнеркәсіптің, индустрияның өсуі мүмкін емес. Энергияны өндіру мен тұтыну біздің елімізде өсетін болады, демек, оны тасымалдау көлемі де артатын болады. Сондықтан магистральдық электр желілерін иеленетін KEGOC секілді компанияның болашағы ешқандай күмән туғызбайды», – деп мәлімдеді ол. Оның айтуынша, қор мен компания электр энергиясын тасымалдауға белгіленген тарифтерді басқару жүйесін айтарлықтай жақсартты, оның ішінде ұзақ мезімді тарифтер бекітілді. «Нәтижесінде, біз табиғи монополияларға тарифтерді басқару жөніндегі халықаралық тарифтерге бір табан жақындап келетінімізді түсінеміз. Бұл да «KEGOC» компаниясының болашағы жалпы алғанда жарқын дегенді білдіреді», – деп толықтырды ол.

«Халықтық IPO» бағдарламасын табысты жүргізу мақсатында «KEGOC» АҚ осылайша, өзінің акционерлеріне дивидендтер ретінде таза табысының 40% кем емес мөлшерін бөледі. «Самұрық-Қазына» мемлекеттік қоры компанияның жалғыз акционері бола отырып, 2014 жылдың қыркүйек айында дивидендтік саясатқа өзгерістер енгізді, соның арқасында АҚ жылдың қорытындысы бойынша, сонымен бірге тиісті кезеңдегі қаржылық нәтижелерге байланысты жартыжылдықтың қорытындысы бойынша дивидендтер төлей алады. Алайда, дивидендтерді нақты төлеу мүмкіндігі дивидендтерді төлеуді шектейтін және тіпті оларды төлеуге тыйым салатын Қазақстан заңнамасының талаптарына

байланысты болады. Компанияның алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – бұл келесі іс-шаралардың есебінен акционерлік құнның өсуін қамтамасыз ету: 1. Қызметтерге тарифтерді көтеру 2. Қызметтер көлемін арттыру 3. Қызметтердің сапасын жақсарту 4. Тарифтік саясатты жетілдіру. «KEGOC» 2008 жылы – таза табыстың 10%, 2009 жылы – төлемдер жүргізбегенін, 2010 жылы – 15%, 2011 және 2012 жылдары – 30%, 2013 жылы – төлемдер жүргізбегенін айта кету қажет.

Жоғарыда атап өтілгендей, «KEGOC» құрамына кіретін «Самұрық-Қазына» холдингінің басшысы Ө.Шөкеев дивидендтерді төлеуге кірістің 40% астамы бағытталатынын мәлімдеді. Мемлекеттік компаниялар мемлекетке болмашы пайыздар беретіні белгілі. Мысалы, «Самұрық-Қазынаның» өзі 2013 жылы мемлекетке дивидендтер түрінде кірістің 1% аз мөлшерде қаражат аударған! «KEGOC» кірісі қайдан алынады? Ол мемлекеттің өзі реттейтін тарифке толығымен тәуелді. Тариф неғұрлым жоғары болса, кіріс те соғұрлым жоғары және дивидендтер де көп. 1 қарашадан бастап, дәл «Халықтық IPO» алдында KEGOC желілері бойынша электр энергиясын тасымалдау тарифі 12,5% көтерілді.

Келесі жылы өз акцияларын «Халықтық IPO» арқылы сатуды электр энергиясын өндіретін мемлекеттік компания – «Самұрық-Энерго» да жоспарлап отыр. Және де ол монополияға қарсы органдарға тарифті 7-8%-ға көтеру туралы өтінім берді. Бұл орайда, компания басшысы А. Сатқалиев тарифтерді көтерудің екі себебін көрсетті – газдың берілу және электр энергиясын тасымалдау қызметтерінің қымбаттауы. Жоғарыда айтып өткеніміздей, энергияны тасымалдау бағасы KEGOC «Халықтық IPO» шығуынан қымбаттап отыр. Көріп отырғанымыздай, «Халықтық IPO» байланысты қалыптасқан дивидендтер үшін жарыс тарифтердің көтерілуінің тізбектік реакциясына алып келеді, себебі IPO шығатын барлық компаниялар монополистер болып табылады. Бұл жағдайда, дивидендтердің өсуінен пайданы халық емес, халықтың шамалы ғана бөлігі көреді, себебі халықтың 1% жетпейтін бөлігі ғана акционерлерге айналады. Ал, жоғары тарифтер бойынша барлығы ақы төлеуге тура келеді [120].

Бұл жерде мұндай өсудің себептері туралы заңды сұрақ туындайды. Атап айтқанда, «KEGOC» тарифінің өсу себептерін ҚР Мәжілісінің депутаттары түсіндіріп беруді сұрайды. ҚР премьер-министрі К. Мәсімовке Н. Жазылбеков сауал салды. Депутаттың мәліметтері бойынша, KEGOC компаниясы энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға 2014 жылдың 1 қарашасынан бастап электр желілері бойынша электр энергиясын беру қызметтеріне тарифтің көтерілетіні туралы хабарлаған. Бұл ретте, компания ҚР табиғи монополиялар агенттігінің 2014 жылғы 16 мамырдағы бұйрығына сілтеме жасайды. Құжатта тарифтердің көтерілуі «KEGOC» АҚ акцияларын бағалы қағаздар нарығына орналастыру туралы шешім қабылданған сәттен бастап жүруі тиіс деп айтылған.

«Электр энергиясына тарифтердің 50%-ға өсуі ерекше алаңдаушылық туғызады. Бұйрықта тарифтердің өсу себебі ретінде төтенше реттеуші шараны



қолдану деп көрсетілген», – деп айтылады депутаттық сауалда. Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңына сәйкес төтенше реттеуші шараларды азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында уәкілетті орган қабылдайды». Біз «KEGOC» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру тарифін көтеру 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап электр станцияларының электр энергиясының босату бағасын көтеруі халық пен кәсіпорындар үшін тарифтердің көтерілуіне алып келетінін түсінеміз», – деп атап өтті Н.Жазылбеков.

Осыған байланысты, мәжіліс депутаттары «KEGOC» АҚ тарифтерді 2014 жылдың 1 қарашасынан бастап көтеруінің заңдылығына қатысты, төтенше реттеуші шараларды қолдануға не себеп болғанына түсініктеме беруді сұрайды. Халық қалаулыларын халық үшін тарифті көтере отырып, монополистің қандай азаматтар мен заңды тұлғалардың өмірін, денсаулығын, мүлкін қорғайтыны қызықтырады. «Тарифтерді енгізу акцияларды биржаға орналастырғаннан кейін жүруі керек екенін назарға ала отырып, монополист IPO-ға акцияларды орналастыру және дивидендтерді төлеу бойынша өзінің шығындарын өзінің тарифіне кіргізген жоқ па?», – деп айтылады сауалда [121].

Бүкіл әлемде мемлекет бюджетке салықтардан ғана емес, сонымен бірге өзіне тиесілі компаниялардан да кіріс алады. Қазақстанда мемлекеттік сектордың үлесі көптеген нарықтық елдерге қарағанда анағұрлым жоғары. Бізде жүздеген және мыңдаған барлық мүмкін болатын РМК, мемлекеттің қатысуы бар АҚ және ЖШС жұмыс атқарады.

2012 жылы республикалық бюджетте мемлекеттік компаниялардың кірісінен жалпы сомасы 171,5 миллиард теңге – қазынаның жалпы кірісінен 3,6% мөлшерінде түсімдер қарастырылған. Бұл ақша сомасы, мысалы, республикалық автомобиль жолдарын дамытуға жетер еді. 2013 жылы түсімдер сомасы – 15,1 миллиард теңгеге дейін күрт төмендеп, бюджеттің жалпы табысының бар болғаны 0,3% ғана құрады. Биылғы жылдың бюджетінде РМК, АҚ және ЖШС түсімдер 12,4 миллиард теңгеге дейін тіптен азайып кетті. Олардың республикалық қазынаға түсетін түсімдердегі үлесі мардымсыз мөлшерге дейін төмен түсті – табыстың жалпы сомасынан 0,2%. Былайша айтқанда, мемлекеттік активтерден табыстар ретінде осындай бюджетті қалыптастыру көзінің рөлі нөлге жақын. Тек ойлап қараңызшы – «ҚазМұнайГаз», «Қазақстан теміржолы», «Қазатомпром», «Қазақтелеком» секілді қуатты мемлекеттік компаниялар өздерінің барлық «еншілес кәсіпорындарымен» бірге барлығы өз кірісінен бюджетке жылына 70 миллион доллардан аз мөлшерде қаражат береді!

2014 жылға арналған бюджетке енгізілетін түзетулерді қарастырған кезде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Конуров «қосалқы бюджеттің» бар екенін мәлімдеді. Себебі, мемлекеттік компаниялар өз кірісін мемлекетке берудің орнына оған өздері иелік етеді. Іс жүзінде мемлекеттік табыстың үлкен бөлігі бюджеттен тыс айналып, өзара бөліске түседі. Шешімдер осы мемлекеттік компаниялардың топ-менеджерлерінің деңгейінде қабылданады

[122]. Үкімет депутатқа алаңдауға еш негіз жоқ деп жауап қайтарды. Өйткені, қазынаға түсетін түсімдердің барлық түрлері ҚР Бюджет кодексімен реттеледі, және квазимемлекеттік сектордан түсетін түсімдер олардың қатарына жатпайды дейді. Ең алдымен, «мемлекеттік меншіктен түсетін табыстар» деп аталатын төлемдердің қолданыста бар түрін қалыпты төлеу жайында сөз болып отыр. Үкіметтің бұл табыстарды жинаудан бас тартып отырғанын қалай түсіндіруге болады? Және неліктен олар мемлекеттің бюджетіне түспеуі керек? Бұл қарапайым логикаға қарсы келеді емес пе. Себебі, дивидендтер меншікті өткізудің экономикалық нысаны болып табылады. Бұл жағдайда, мемлекеттік акцияларға деген меншігі. Және неліктен мемлекетті өзінің дивидендтер алу құқығын айырып отыр? Демек, бұл біреуге қажет болған. Және де бұл бюджеттік кодексте бекітілген. Олай болса, бұл жерде квазимемлекеттік компаниялардың акцияларының меншік иесі ретінде дивидендтер алуға деген мемлекеттің табиғи құқығын қалпына келтіру қажет.

Шенеуніктер мемлекеттік компаниялардың басты міндеті басқа – олардың ұзақ мерзімді құнын арттыру деп есептейді. Алайда, мұндай логиканы ең дұрысы деп есептеу мүмкін емес. Мемлекеттік компаниялар құнының өсуінен мемлекет пен салық төлеушілерге қандай пайда бар? Жеке меншік корпорацияларда, акционерге компания құнының өсуі шынымен маңызды. Себебі бұл акциялар құнының және оның байлығының өсіп жатқанын білдіреді. Сондықтан жеке акционер егер ол акциялар құнының өсуіне алып келетін болса, төмен деңгейдегі дивидендтерге келісуі мүмкін. Бірақ, мемлекеттік компанияларда жағдай мүлдем басқаша. Мұнда мемлекет акционер болып табылады, және оның акциялары қанша тұратыны оны мүлдем қызықтырмайды. Ең бастысы – компания қандай табыс әкеледі, және ол қандай дивидендтер төлейді. Егер компания оларды төлемесе, оның жұмыс істеуінің еш мәнісі жоқ [122]. Мемлекеттік компаниялар өздерінің барлық кірісті көлемді арттыру үшін өндірісті дамытуға салып жатқанын алға тартып, сонымен өздерін бүркемелейді. Бірақ, егер дивидендтер жоқ болса, көлемнің артуынан мемлекетке не пайда келеді? Сонымен бірге, кез келген ұлттық компанияның шығыстарын алып, олардың еңбекақы мен бонустарға, өкілдік және әкімшілік қажеттіліктерге жұмсайтын шығындарын қарауға болады. Сол кезде қаражаттың қандай «өндірісті дамытуға» жұмсалып жатқаны бірден түсінікті болады.

Шын мәнісінде, егер әр затты өз атымен атайтын болсақ, үкімет жай ғана мемлекеттік компанияларды дивидендтерді төлеуден босатқан. Ол шын мәнісінде мемлекеттің қаражаты болып табылатын орасан үлкен көлемдегі ақша қаражатын менеджерлердің шектеулі тобының иелігіне беріп отыр. Мұндай саясат, ең кем дегенде жауапсыз саясат болып табылады [122]. Оның үстіне, «Самұрық-Қазына» компаниясы мен холдингінің дивидендтік саясатына сәйкес таза кірістің кем дегенде 40% дивидендтерді төлеуге жұмсалатын болады. Бұл дегеніміз, компания қалған 60% қалауы бойынша өз өндірісін оңтайландыруға жұмсай алатынын білдіреді. Бірақ ол таза кірістің 41%, және 100% бойынша дивидендтер төлей алмайды. Мұндай шешім

қабылданып қойған. KEGOC халықтық акционерлерге таза табыстың 99,97% төлейді. Бұл 8,6 млрд теңге, деп хабарлады АО «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Б. Кажиев. «Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 2014 жылдағы таза табыстың 99,97% KEGOC жай акцияларының барлық ұстаушыларының арасында бөлінетін болады, бұл бір жай акцияға есептегенде 33,13 теңгені құрайды. Дивидендтер 25 мамырдан бастап төлене бастайды», – деп хабарлады компания басшысы.

Қазіргі уақытта дивидендтерге компания таза кірісінің кем дегенде 40% бөлу міндеті қойылды. Мысалы, KEGOC инвестициялық меморандумында компания дивидендтерді төлеуге өз кірісінің кем дегенде 40% бағыттап отырады деп хабарланды. Бір айтатыны, «ҚазТрансОйл» АҚ-да осындай жағдай қалыптасты. Мысалы, 2013 жылы бұл 30%, 2012 жылы да 30%, 2011 жылы 15% болды. Қазір акционермен келісімдер мен ережелерде кем дегенде 40% деп жазылған. Е. Бахмутова ханымның пікірінше, бір жағынан акционерлерге дивидендтер төлеуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, кірістің қалған бөлігін компанияны дамытуға жолдауға болады. Жеткілікті белсенді инвестициялық қызметті, оның ішінде негізгі қорларды жаңартуға салынатын инвестицияларды ескере отырып, бұл 40-та 60-қа келісім тепе-тең әрі әділ болып табылады. Бұл акционерлердің 40% көп дивидендтер мен үлкен үлесті төлеуге жұмсау туралы шешім қабылдауына еш кедергі жасамайды. Мұндай жағдай, мысалы, «ҚазТрансОйл» АҚ орын алған. Тағы бір айта кететін маңызды сәт бар. Болашақ акционерлердің арасында аффилирленген тұлғалар мен өздерінің «туған» акционерлері болатынын ескеретін болсақ, компанияның дивидендтерге арналған таза табысын ұлғайту міндеті әрдайым акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі айтарлықтай күткен сұрақ болады. Бұл үшін «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің акционерлеріне қандай дивидендтер төлейтінін көру қажет. Компанияның дивидендтерге жұмсайтын таза табысының үлесі акционерлік қоғамның таза кірісінің 85% құрайды. Бұл жерде заңды түрде сұрақ туындайды: ал компанияда компанияның өзін дамытуға не қалады?

Негізгі деуге келетін тағы бір маңызды сұрақ – Қазақстан экономикасының стратегиялық нысандарын білдіретін табиғи монополиялардың акциялары сатылады ма? Мұнда екі сұрақ бар: біріншісі, KEGOC-тағы, сонымен бірге «ҚазТрансОйлдағы» тарифтердің деңгейін мемлекет белгілейді. Бұл жағдайда тәуекел нысаны осы монополистердің қызметтеріне тариф белгілеу деңгейі мен әдістемесі мәселесі болып табылады. Кез келген, оның үстіне табиғи монополия өз тарифтерінің мөлшерін көтеруге талпынады. Сондықтан, бұл жерде мемлекеттің өзі әдетте, тарифтердің деңгейін анықтайды және белгілейді. Мұнда тәуекел үлкен. Себебі мұндай компаниялардың кез келген акционері, ең алдымен, өз дивидендтерінің өсуіне мүдделі.

Екінші сұрақ: жекешелендіру нысанына айнала отырып, табиғи монополиялар әрине стратегиялық нысандар болып қала береді. Мұнда мәселе инвесторлардың стратегиялық нысандардың стратегиялық инвесторларына айналуға деген ұмтылысының көрінуінде. Мұндай тәуекел заңды. Уақыт өзгереді. Үкімет те өзгереді. Мемлекеттік басқаруға келген жаңа шенеуніктер

басқаруды өз қолына алып, оларды болашақ стратегиялық инвесторлардың қолына беретін уақыт тууы мүмкін.

KEGOC сипаттайтын маңызды орындардың бірі оның Орталық Азияның біріккен энергия жүйесіндегі маңызды құрылым болып табылуы, өз кезегінде Орталық Азия елдерінің тәуелсіздік алған жылдарында жұмыс істейтін осы бір өңірлік бірлестіктің экономикаларын, халқын және мемлекеттерін біріктіретін электр желісі болып табылады. Бұл біріккен жүйенің бір буынының қызметінде бұзушылықтың болуы Орталық Азияның қатысушы елдеріне айтарлықтай экономикалық, әлеуметтік және геосаяси әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан «KEGOC» АҚ Қазақстан экономикасының жай ғана стратегиялық нысаны емес, бүкіл Орталық Азияның стратегиялық нысаны болып табылады.

Акциялардың бір бөлігін болса да жекешелендіру Қазақстан мемлекетінің өзінің мемлекеттік функцияларын квазимемлекеттік құрылымдарға ғана емес, сонымен бірге жеке меншіктегі жеке және заңды тұлғаларды қоса алғанда, жеке құрылымдарға беруіне алып келетіні сөзсіз. Бұл жерде мұндай қадамның орындылығы туралы сұрақ туындайды.

Оның үстіне қазіргі уақытта Қазақстанның Орталық Азияның біріккен энергия жүйесінен шығуы және басқа өңірлік бірлестікке – ЕАЭЖ біріккен электр нарығына кіру үдерісі басталды. Мұндай үрдіс, әрине ЕАЭЖ құрылуымен және біртіндеп қалыптасуымен байланысты. Бірақ, мұнда тереңінен ойланып шешуді қажет ететін көптеген сұрақтар туындайды.

Біріншіден, ЕАЭЖ жаңа ортақ электр нарығын құру түптеп келгенде Қазақстанның Орталық Азияның біріккен электр энергетикалық жүйесінен шығуына алып келуі мүмкін. Біздің пікірімізше, бұл ең алдымен, Қазақстанның көп бағыттық дамудан, оның ішінде оның энергетикалық жүйесінің ауытқуын білдіреді. Мұнда мәселе Қазақстанның Орталық Азия елдерінен алшақтауына алып келетін мұндай қадамның дәлелді болуында тұр.

Екіншіден, Орталық Азияның бірлескен энергетикалық жүйесі КСРО қызмет етуі кезеңінде бірыңғай халық шаруашылықтық кешен ретінде құрылған болатын. Орталық және қазір Орталық Азия деп аталатын Қазақстан сол кезде негізі ортақ шарттар мен факторлар болған құрылым болып табылды және қазір де солай. Бұл жағдайға оларға Орталық Азия елдері мен Қазақстанның энергетикалық ресурстары жатады. Бұл құрылымға кіретін барлық республикалардың дәл осы стратегиялық кешені сөзсіз Орталық Азияның біріккен энергетикалық жүйесінің құрылуының, қызмет етуі мен дамуының негізін құрады.

Сондықтан, Қазақстанның ғана емес, сонымен бірге барлық Орталық Азия елдерінің жүйе құрушы кәсіпорнын жекешелендіру туралы мәселені шешу кезінде KEGOC стратегиялық ролін және оның атқаратын функцияларын назардан тыс қалдыруға болмайды. Мұндай компания акцияларының бір бөлігін жекеге беру, біздің ойымызша, белгілі бір теріс рөл атқаратын болады. KEGOC барлық акциялары мемлекеттің қолында болуы керек.

Қазақстан бірыңғай энергия жүйесінен шыққан кезде Қырғызстанның солтүстігінде жарықтың тапшылығы орын алу қаупі бар, бұдан ең алдымен

біздің – көп ғасырдан келе жатқан әрі жақын көршілеріміз зиян шегеді.

«Датка-Кемин» ЭБЖ құрылысына ТВЕА қытай компаниясы 208 миллион доллар, қосалқы станциясын салуға – 388 миллион доллар бөлді. Қосалқы станциясының қуаты 500 МегаВатты құрайды. Бұрын қазақстандық КЕГОС компанияның басқарма төрағасы Б. Кажиев Өзбекстан 2012 жылы электр энергиясын келісімшарттық іріктеу жүргізбейтін жағдайда Қазақстан елі Орталық Азияның энергетикалық жүйесінен шығару бойынша жоспар әзірлегенін мәлімдегенін еске салайық.

Жоғарыда, Өзбекстан міндеттемелерін бұзған жағдайда Қазақстан ОА бірыңғай энергетикалық жүйесінен шығатыны атап өтілді. «Келіссөздер жүргізілуде, сындарлы түрде, дипломатиялық жолмен шешуге тырысудамыз. Сіздің Өзбекстанның премьер-министріне арналған стенограммаңыз жолданды, және бүгін жауап алынды. Өзбек тарапы Қазақстанның энергетикалық жүйесіне осындай күшті ауыртпалық түспеуі үшін және, сәйкесінше біздің тұтынушылар зардап шекпеуі үшін жүктемені азайту мәселесін шешуге кепілдік береді», – деп мәлімдеді 28 желтоқсандағы үкімет мәжілісінде бұрынғы вице-премьер-министр, Қазақстан Республикасының бұрынғы Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешев. Ондай болмаған жағдайда, Ә. Исекешевтің айтуынша, Қазақстан бөлек жұмыс жасауға көшуге мәжбүр болады. Бұл үшін табиғи газды беру ішінара немесе толық тоқтатылған жағдайда Жамбыл МАЭС жұмыс жасаудың түрлі жолдары қарастырылған. Исекешев Мұнай және газ министрлігі газдың қажетті көлемін жеткізуді қамтамасыз ете алатынына сенім білдірді. Оның айтуынша, көбі ұлттық компаниялардың – «Самұрық-Энерго», «КЕГОС», «ҚазМұнайГаз», «Қазтрансгаз» келісілген жұмысына байланысты болады. Жалпы, кез келген жүйеде, әдетте оның жекелеген элементтерінің әрекеттеріне байланысты жаңылысулар туындап жатады. Бұл жағдайда Өзбекстан тарапынан жүйе жұмысы ережелерінің бұзылуы. Бірақ, әрбір жағдайда мұның себептерін анықтау, оларды жою және оларды болашақта болдырмау үшін шаралар қабылдау қажет.

Халықты мемлекеттік меншіктің бірлескен иелеріне айналдыру және оның нағыз иесіне айналдыру идеясы нарықтық экономикаға көшу басталған кезде елімізде іске асырылған жаппай жекешелендіру бағдарламасының негізіне алынған. Бастапқыда бұл бағдарламаның шеңберінде жекешелендірілетін мемлекеттік кәсіпорындардың жеті жарымнан астамының кем дегенде 51 пайызын өткізу жоспарланған болатын. Бұл үшін еліміздің әрбір азаматына ЖИК (жекешелендіруші-инвестициялық купон) берілді. Мұндай жекешелендіру тегін жүргізілді, себебі еліміздің азаматтары мемлекеттік (жалпы халықтық) меншіктің бірлескен иелері болды. Іс жүзінде бұл бағдарлама бойынша қалыптасып келе жатқан нарықтық экономика үшін айрықша сұранысы жоқ барлығы 1743 орташа кәсіпорын жекешелендірілді. Биліктің үнсіз келісімімен ұжымдық инвесторлардың рөлін атқаруға арналғандар өздерінің ЖИК-рін өткізген инвестициялық-жекешелендіру қорлары (ИЖҚ) осындай кәсіпорындардың акционерлеріне айналды. Ал, тіптен

өздерінің ЖИК толығымен өткізген қатардағы қазақстандықтар құр алақан қалды. Акциялар да, дивидендтер де жоқ. Депутаттардың парламент Мәжілісінде үкіметке олардың алдында есеп беру туралы бірнеше мәрте берген талаптарына үкімет бірнеше мәрте бұл мәселені қарастыруға өз уәдесін берді. Алайда, уақыт өз ретімен өтіп жаты. Үкімет өзгерді, депутаттар да өзгерді. Кейін жауап беретін ешкім болмады. Дегенмен, халық өзінің орындалмаған арманымен қала берді.

Бұл жерде елімізде 90-шы жылдардың ортасында жүргізілген барлық жекешелендіруден алынған сабақтар жайында еске алмауға болмайды. Барлық жекешелендірілетін кәсіпорындар үш топқа бөлінгені белгілі. Бірінші топқа 200-ден аз қызметкер жұмыс жасайтын шағын кәсіпорындар жатқызылды. Ол шағын жекешелендіру бағдарламасы бойынша жекешелендірілді. Екінші топқа 200-ден 5000 қызметкерге дейін жұмыс жасайтын орта кәсіпорындар кіргізілді. Олар жаппай жекешелендіру бағдарламасы бойынша жекешелендірілді. Ал, үшінші топқа ірі және өте ірі кәсіпорындар, сонымен бірге табиғи монополия салаларының кәсіпорындары кірді. Оларға ең алдымен 5000 астам қызметкер жұмыс істейтін нысандар жатқызылды. Бастапқыда акционерлік қоғамға өзгертілген кәсіпорындардың соңғы екі тобында олардың акцияларының 10 пайызына дейінгі мөлшері олардың еңбек ұжымдарының мүшелеріне өтеусіз берілді. Ол акцияларға не болды? Себебі кәсіпорындардың қызметкерлерін өз компанияларының акционерлеріне айналдыруды қалады. Мұндай акционерлер жайында көптен бері хабар жоқ. Кейбіреулер, акциялар тегін таратылуы тиіс деген идея залалды деп айтады. Ортақ және тегін – демек ешкімдікі емес. Затқа ақша төленген кезде оған деген қарым-қатынас та сәйкесінше болады. Оның үстіне кім дивидендтерге залал келтіре отырып, өзінің болашақ табысының есебінен акцияларды тегін тарату салдарынан өз жыртығын жамайтын компанияның акционері болғысы келеді.

Ал, олигархтар түбімен барлық акцияларды бірден сатып алмауы үшін ақша қаражаты бойынша арнайы шектеулер белгіленген, бұл ақша қаражатының шегінде бір инвестор акциялар сатып ала алады. Бағдарламаға теңдей мүмкіндіктер мен бірдей тәуекелдерге ие бола отырып, Қазақстанның барлық тұрғындары (тіптен балалар!) қатысуға құқылы. «Самұрық-Қазына» ҰАҚ «KEGOC» АҚ-ның акцияларын «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде 2014 жылдың 5 қарашасынан бастап 3 желтоқсанына дейінгі кезеңде Қазақстанның қор биржасына орналастыру туралы шешімді бекітті. Бір жай акцияның құны 505 теңгені құрады, ал сатып алу кезінде қатардағы қазақстандықтар басымдыққа ие болды деп хабарлады «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Б.Кажиев Орталық коммуникациялық қызметінде өткен баспасөз конференциясында.

2014 жылдың 18 желтоқсанында 5 қарашада басталған «Халықтық IPO» бағдарламасы бойынша «KEGOC» АҚ акцияларын сатып алуға берілген өтінімдерді жинау аяқталды. «KEGOC» АҚ акцияларын сатып алуға берілген өтінімдердің жалпы саны жалпы сомасы 16 млрд 675 млн. 918,6 мың теңгеге 41 997 дананы құрады. Ал, орналастырудың ең жоғарғы көлемі 13 млрд 130

млн. теңге мөлшерінде белгіленген болатын. Осылайша, сұраныс ұсыныстан 27% асып түсті. Жалпы сомасы 9 млрд. 473 млн. теңгеге түрлі инвесторлардың өтінімдері толығымен қанағаттандырылды, сонымен бірге «Halyk Finance» АҚ маркетмейкерінің өтінімі 202 млн. теңгеге толығымен, «БҰЗҚ» АҚ өтінімі 3 млрд. 454 млн. теңге сомасына қанағаттандырылды. Осылайша, орналастырудың жалпы көлеміндегі жеке инвесторлардың үлесі 72,15%, маркетмейкердің үлесі 1,54% және «БҰЗҚ» АҚ үлесі 26,31% құрады. 14 000 дана акциялар шеңберінде берілген жеке инвесторлардан түскен өтінімдердің саны 41 965 дананы немесе жеке инвесторлардың барлық өтінімдерінің 99,92% құрады, бұл жағдайда аталған лимит шегіндегі өтінімнің орташа сомасы 428,5 мың теңгені құрады. Берілген өтінімдердің көлемі бойынша барынша белсенді брокер «ҚазПошта» болды 2,665 млрд. теңгеге 13 152 өтінім (28,1%), «Freedom Finance» 2,428 млрд. теңгеге 18 787 өтінім (25,6%), «BCCInvest» 1 215 млрд. теңгеге 479 өтінім (12,8%), «Асыл Инвест» 771 млн. теңгеге 702 өтінім (8,1%) және «Halyk Finance» 639 млн. теңгеге 7 300 өтінім (6,7%). «KEGOC» АҚ жай акцияларының KASE қайталма нарығына сатылуының ашылуы 2014 жылдың 19 желтоқсанында өтті[123].

Көріп отырғанымыздай, компанияның акцияларын бар жоғы еліміздің қырық бір мың тұрғыны сатып алған, бұл елдегі экономикалық белсенді халықтың небәрі 0,41 пайызын құрайды. Оның үстіне, республиканың 34 мың тұрғыны «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері болды, бұл халықтың экономикалық белсенді бөлігінің 0,34 пайызын ғана құрайды. Ең қызықтысы бұл компаниялардың акцияларын қайталама нарықта айналдыру барысында басталады. Сол жерде олигархтардың әртүрлі себептер бойынша өздерінің акцияларын сататын қатардағы акционерлерден сатып алуға мүмкіндіктері болады. Мүдде қайда жатыр. Негізінен, «Халықтық IPO-да» барлығы осылай жоспарлануы әбден мүмкін. Себебі халықтың бір пайызын халық деп атауға мүлдем келмейді.

«Халықтық IPO» бағдарламасы бойынша сатылған алғашқы екі компанияны талдау, біріншіден, Қазақстан экономикасының стратегиялық нысандары IPO нысандарына айналғанын көрсетеді. ҚР Азаматтық кодексіне[124] сәйкес стратегиялық нысан болып қазақстандық қоғамның орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жағдайына әсер ететін мүлік болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес стратегиялық нысан қазақстандық қоғамның орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына әсер ететін мүлік болып табылады. Бұл нормативтік-құқықтық құжатқа сәйкес (ҚР АҚ 193 бабы) стратегиялық нысандарға магистральдық теміржол желілері; магистральдық мұнай құбырлары; магистральдық газ құбырлары; ұлттық электр желісі; магистральдық байланыс желілері; ұлттық пошта желісі; халқаралық әуежайлар; халықаралық мәртебесі бар теңіз порттары; аэронавигациялық

құрылғылар, әуе қозғалысын басқару жүйелері; кеме шаруашылығын реттейтін және оның қауіпсіздігіне кепілдік беретін құрылғылар мен навигация белгілері; атом энергиясын пайдалану нысандары; ғарыш саласының нысандары; су шаруашылығының құрылыстары; ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдары; сондай-ақ меншігінде стратегиялық нысандар бар заңды тұлғалардағы акциялар пакеті (қатысу үлестер, пайлар), меншігінде стратегиялық нысандар бар заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама түрде анықтау немесе олар қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар жеке және заңды тұлғалардың акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары) жатқызылуы мүмкін.

Екіншіден, Қазақстан экономикасының стратегиялық салаларындағы компаниялар IPO нысандарына айналды. «Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншікті мемлекеттік мониторингілеу туралы» ҚР заңында [125] стратегиялық салалардың анықтамасы бар. Аталған заңға сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларына: отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды (көмір, мұнай, газ, уран және металл рудалары) өндіру және қайта өңдеу, машина жасау, химия өнеркәсібі, көлік және байланыс, электр энергиясын өндіру және тарату, сонымен қатар әскери-өндірістік мақсаттағы өнімдерді шығаратын салалар жатады. 2009 жылы аталған заңға түзету енгізіліп, онда салалар ғарыш қызметі, агроөнеркәсіптік кешен, су шаруашылығы секілді салалармен толықтырылды. Аталған заң бойынша сол сәтте барлығы 9 стратегиялық маңызды сала болды.

Айтылғандардан көретініміздей, қолданыстағы заңнамаға сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ, «KEGOC» АҚ ел экономикасының стратегиялық салаларындағы стратегиялық нысандар болып табылады.

Үшіншіден, қарастырылып отырған нысандар бір мезгілде нарықтық бәсекелестік жоқ жағдайда қызмет ететін табиғи монополия нысандары болып табылады. Мұндай компаниялардың қызметтері үшін мемлекет тарифтер белгілейді.

Әлемдік тәжірибеде ел экономикасының стратегиялық нысандарына табиғи монополияларды – қызметтері қоғам тарапынан үлкен сұранысқа ие инфрақұрылым нысандары – электр энергиясы, газ, су, кәріз жүйесі, байланыс қызметтері, су қоймасы, бөгеттер және т.б. жатқызылады. Оның үстіне, табиғи монополия кәсіпорындары негізінен капиталды қажетсінетін және тиімділігі төмен деп есептеледі. Олар, әдетте, мемлекеттік болып табылады немесе, егер жеке меншікте болса оларды арнайы мемлекеттік органдар бақылайды.

Табиғи монополиялардың арасында елдің минералдық-шикізат базасының нысандары ерекше бөлініп алынады – мемлекеттік ұлттық қауіпсіздігінің маңызды элементі. Энергетикалық сала – бұл электр энергиясының, мұнай шикізаты, газ нарығы субъектілердің шағын мөлшерін қарастыратындықтан классикалық бәсекелестік қатынастар қалыптаспайтын табиғи монополия.

Төртіншіден, қарастырылып отырған компаниялар қызметінің мәні стратегиялық тауарлар болып табылады. Экономикалық тәжірибеде «стратегиялық тауарлар» (strategic goods) деген түсінік бар. Бұл экспорттау



тыйым салынған немесе ұлттық қауіпсіздікке зиян келуін болдырмау мақсатында мемлекеттің бақылауында болатын тауарлар, шикізат, жабдықтар мен технологиялардың кейбір түрлері. Кейбір елдерде оның ұлттық қауіпсіздігіне зиян келуін болдырмау мақсатында елден экспорттау тыйым салынатын, шектелетін немесе бақыланатын тауарлардың тізбесі, стратегиялық тауарлардың тізімі бар.


Қазақстанда «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» заңға[126] сәйкес табиғи монополия субъектілері жылу энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдаланатын көмір, газ, мазут, дизель отыны, электр энергиясы –электр энергиясын беру және тарату салаларындағы табиғи монополия субъектілері, су шаруашылығы мен кәріз жүйелері үшін, газ – магистральдық және (немесе) таратушы құбыр жолдары арқылы газды немесе газ конденсатын тасымалдау саласындағы табиғи монополия субъектілері үшін өзіндік қажеттіліктері мен шығындары үшін стратегиялық тауарлар болып табылады. Ұлттық компаниялар IPO нысандарына айналды. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңына [127] сәйкес акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, Қазақстан үкіметінің шешімі бойынша ұлттық экономиканың негізін құрайтын стратегиялық маңызды салаларда құрылған акционерлік қоғам ұлттық компания болып табылады.

Бесіншіден, «ҚазТрансОйл» АҚ да, сонымен бірге «KEGOC» АҚ мемлекеттік, нақтырақ айтқанда квазимемлекеттік компаниялар болып табылады. Квазимемлекеттік сектордың субъектілері – ұлттық холдингтерді, ұлттық компанияларды, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды, басқа да акционерлік қоғамдарды, мемлекеттік кәсіпорындар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоса алғанда, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар ұйымдар. Басқаша айтқанда, олар мемлекеттік қатысуы бар компаниялар болып табылады. Оның үстіне екі компанияда да мемлекет оларда «Халықтық IPO» жүргізгенге дейін олардың акцияларының 100 пайызын иеленген.

Аталғаннан акциялары «Халықтық IPO» барысында сатылған екі компания да біріншіден, Қазақстан экономикасының стратегиялық нысандары; екіншіден ел экономикасының стратегиялық салалары; үшіншіден табиғи монополия нысандары; төртіншіден, халық шаруашылығының стратегиялық тауарларымен айналысатын нысандар; бесіншіден, елдің ұлттық компаниялары; алтыншыдан, «Халықтық IPO» шеңберінде олардың акцияларын сатқаннан кейін мемлекеттік меншікте 90 пайыз және плюс бір акция қалған квазимемлекеттік компаниялар болып табылатындығын көруге болады. Айтылғандарға екі компанияның тасымалдаумен айналысатынын қосу қажет. «ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды тасымалдайды, ал «KEGOC» АҚ – электр энергиясын тасымалдайтыны белгілі. Екі компанияның да қызметі республика экономикасының тұрақты және орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл компаниялардың өздері үшін де маңызды. Себебі компаниялардың тұрақты және орнықты дамуы – олардың акционерлерінің амандығының кепілі. Оның үстіне, барлық жоғарыда аталған факторлар компаниялардың өздерінің,

сонымен бірге олардың акционерлерінің әл-ауқатын қамтамасыз ететін болады.

«Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру тәжірибесінен қандай қорытындылар жасауға болады: біріншіден, бағдарламаның негізгі мақсаты осы бағдарлама бойынша іске асырылмайды. Мұнда халықтың аз ғана бөлігі акционерлерге айналады, олардың саны барлық қазақстандықтардың бір пайызына да жетпейді. Бұрын депутаттар премьер-министрге «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын сатудан қол жеткізілген экономикалық тиімділік туралы, сонымен қатар қолдаудың осыншама ауқымды жарнамасы кезінде елдің экономикалық белсенді тұрғындарының бар жоғы 0,37% бағдарламаның қатысушыларына айналу фактісін үкіметтің бағалауы туралы мәселелермен өтініш білдірді. Сонда бағдарламаның атауы оның мазмұнына сәйкес келмегенінде ме. Сөз іс жүзінде еліміздің «элитасы» туралы болып отыр. Мұндай жағдай қоғамдағы әлеуметтік тапқа бөлінуді одан әрі күшейте түседі. Екіншіден, бағдарлама жоғарыда аталған элита үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайды. Бұл мүмкіндіктерді ел тұрғындарының көптеген бөлігі пайдалана алмайды, себебі олардың көпшілігінің бұл үшін қаражаты жоқ; үшіншіден, мемлекеттік меншікті жекешелендіру үдерісіне негізінен еліміздегі стратегиялық нысандарды тарту бағдарламасы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мүддесіне сай келмейтін жағдайлар жасауы мүмкін. Республика азаматтарының бір бөлігін мемлекеттік меншікті жекешелендіру үдерісіне тарту және экономиканың стратегиялық нысандарын басқару осындай қауіп-қатер тудыруы мүмкін; төртіншіден, экономиканың ірі резервтерінің ірі мемлекеттік меншік нысандарының өзін-өзі ақтауын арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген, негізінен компаниялардың корпоративтік мүддесін көздейтін компаниялардың өздерінің құнын арттыру тәсілі үлкен мұнай долларлары жағдайында мүмкін және орынды болды. Үнемдеу режимінде мемлекеттік бюджеттің дивидендтеріне бағытталатын таза табыстың үлесін арттыру қажет; бесіншіден, «Халықтық IPO» бағдарламасы халықтың көпшілігінің және бүкіл мемлекеттің мүддесіне зиян келтіре отырып, халықтың бір ғана шағын бөлігінің мүддесі үшін қызмет ете алмайды.



Сурет 13 - «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру тәжірибесінен қорытындылар

Ескерту – Автор құрастырған

Жалпы, дағдарыс аяқталғанға дейін «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыруға мораторий жариялау қажет деп есептейміз. Бұл мұндай ауқымды бағдарламалар әлемдік тәжірибеде әдетте экономикалық дағдарыс басталған уақытта жүргізілмейтіндігімен түсіндіріледі. Мәселе бұл жағдайда компаниялар өзінің құнын жоғалта бастайды және әдетте мемлекет өз компанияларына қажетті инвестицияларды ала алмайды, ал болашақ акционерлерге уәде етілген жоғары деңгейдегі дивидендтер табиғи монополия нысандары болып табылатын компаниялардың тарифтерін көтеру есебінен жүзеге асыру жоспарланады.

### **3.3 Электр энергетикалық қызметтердің тұтынушылары электр энергетикалық компаниялардың халықтық акционерлері ретінде қалыптасуын басқару**

Электр энергетикалық секторды реформалаудың ұзақ жылдарында тариф белгілеуді талдау біріншіден, тарифтердің өсу және өзінің деңгейін көтеру қасиетіне сөзсіз ие екенін көрсетті. Бұл жағдайда, көбіне тарифтің осылай өсуі ғылыми тұрғыдан негізделген дәлелдемемен қатар жүрмейді. Көп жағдайда компания тарифтердің өсуіне «ойдан шығарылған» дәледемені алға тартады. Энергетиктер, әдетте, «көп сұрасаң азға қол жеткізесің» деген қағидат бойынша тарифтерді үлкен мөлшерде өсіруді сұрайды. Өкінішке орай, біздің үкіметтегі және жергілікті жерлердегі шенеуніктер әдетте бұл компаниялардың өтінішін жерге тастағысы келмейді, бұл мәселе әрдайым электр қызметтерін тұтынушылардың, яғни еліміздің халқының есебінен шешіледі.

Екіншіден, уәкілетті органдар, ең алдымен ТМРА, тариф белгілеуге, ең алдымен: тарифтердің көтеріліп отырған мөлшерінің шынымен электр нысандарын және қуаттылықты жаңарту мен жаңғыртуға жұмсалатыны тұрғысынан мониторинг жүргізуге бейімділігі жоқ. Тарифтерді белгілеу үдерісінде, сонымен қатар тарифтерді көтеруден түскен ақша қаражаты компаниялардың негізгі құралдарын жаңарту мен жаңғырту мақсатында осы компаниялардың нақты қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына жұмсалуы әлі де ашық сипатқа ие емес.

Үшіншіден, электр энергетикалық қызметтердің бағасын көтеруден түсетін табыстар қайда жұмсалатыны әлі күнге дейін жабық ақпарат болып табылады. Дегенмен, бір жолғы тексерулер күтілетін нәтижелер береді. Мысалы, 2012 жылдың қазан айында ҚР Бас прокуратурасы мен Бәсекелестікті қорғау агенттігі жүргізген тексеру барысында электр станциялары инвестициялық тарифтерді көтеру нәтижесінде алынған табысты құрылтайшылардың дивидендтеріне және банктік депозиттерге негізсіз жұмсайтыны анықталды. «Электр станциялары тарифтерді көтеру нәтижесінде алынған ақша қаражаттарының үлкен көлемін құрылтайшыларға төлеу үшін негізсіз жұмсайды. Сонымен қатар тарифтерге электр энергиясын өндірумен байланысты емес шығыстар енгізіледі. Жекелеген электр станциялары инвестициялық тарифтердің нәтижесінде алынған ақша қаражаттарын банктердің депозиттерінде сақтайды», – деп мәлімдеді ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің бұрынғы төрағасы Г. Абдрахимов [128].

Мұндай жағдай электр энергетикалық компаниялар үшін «күпия» емес екені айқын. Бұл компаниялардың кейбіреулері акционерлік қоғамдар болып табылады. Акционерлік қоғамдар жыл сайын қаржылық есептерін, дивидендтердің мөлшерін жариялайды және т.б. Сондықтан инвестициялық тарифтерді басқару жөніндегі заңнамалық және басқа да нормативтік актілерде бақылау және жауапкершілік жүйесінің болмауы заңды деп айтуға болмас. Мұндай шаралардың инвестициялық тарифтер жөніндегі мемлекеттік бағдарламада да болмауы күмән туғызады.

Төртіншіден, электр энергетикалық компанияларға қатысты мұндай құбылыс – электр энергетикалық компаниялар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың арасында жасалатын инвестициялық міндеттемелер мен келісімдердің әдеттегінен орындалмауы табиғи және заңды құбылысқа айналды. Мұндай пайымдау көптеген концессияға берілген және инвестициялық тендерлерде жекешелендірілген электр энергетикалық компаниялардың, сонымен қатар жекешелендіруден кейінгі, әсіресе инвестициялық тарифтер қолданыла бастаған кезінен бастап орындауын, нақтырақ айтқанда орындамауын талдауға негізделеді.

Бесіншіден, электр энергетикалық компаниялар күрделі қаражатты қажетсінетін нысандар болып табылатыны белгілі. Алайда, қазақстандық тәжірибеден көретініміздей, мұндай компаниялар әдетте, қаржылық нарықтарда, атап айтқанда қор нарығында қажетті ақша ресурстарын тартпайды.

Алтыншыдан, электр энергетикалық компаниялардың меншік иелері негізінен қаржы-өнеркәсіптік топтар болып табылады. Бұдан бірнеше жыл бұрын Елбасы Н. Назарбаев ел экономикасын өз араларында бөліп алған 10 қаржы-өнеркәсіптік топ жайында айтқан болатын. Соған қарамастан, бұл қаржы-өнеркәсіптік топтар әлі күнге дейін жартылай жабық құрылымдар болып табылады. Бүгінгі күнге дейін елімізде қаржы-өнеркәсіптік топтардың қызметін реттейтін және қаржы-өнеркәсіптік топтардың мемлекет пен Қазақстан азаматтарының мүдделерімен барынша үйлесімді сәйкестігін қамтамасыз ететін қаржы-өнеркәсіптік топтар туралы заң қабылданған жоқ. Мұндай жағдайдың орын алу себептерінің бірі, біздің пікірімізше, елде жүргізілген мемлекеттік меншікті, оның ішінде электр энергетикалық компаниялардың меншігін жекешелендіру салдарының және нәтижелерінің бірі ретінде бизнес пен шенеуніктердің мүдделерінің ұласуы болып табылады. Мұндай жекешелендірудің жағымсыз салдарын жою үшін еліміздегі меншікті лигитимизациялау уақыты келді. Осындай заңды қабылдау ел Президентінің өзінің белгілі мақаласында айтып өткен Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамын қалыптастыруға жасалған алғашқы, табиғи және әділетті қадам болар еді.

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша 2005 жылдан бастап 2011 жылға дейін Қазақстан бойынша орташа төлемақы құны келесі мөлшердерде өскен. Жылыту ақысы – 43%-ға, гигакалория үшін 1810 теңгеден 2585 теңгеге дейін; электр энергиясының ақысы – 118%-ға (2 еседен астам мөлшерге), 4,18-ден 9,15 кВт/сағ. дейін; ыстық судың ақысы – 54%-ға, текше метр үшін 100-ден 154 дейін өскен. Суық су ақысы текше метр үшін 7-ден 11 теңгеге дейін өсіп, 59% құрады; тұрақты орнатылған телефон 440-тан 839 дейін 91%-ға (яғни 2 есеге) қымбаттады (16 - кестені қараңыз). Келтірілген сандардан электр энергиясы мен байланыс қызметтеріне тарифтер барынша қарқындап өткенін көруге болады. Электр энергиясына бағаның орташа өсімі басқа коммуналдық қызметтердің бағасының өсімінен екі есеге дейін асады. Бұл жағдайда, 2009 жылдан бастап жыл сайын электр энергиясына бағаның көтерілуі елдегі барлық басқа бағалардың орташа өсу қарқынынан шамамен бір жарым есе жоғары және инфляцияның негізгі мультипликаторларының бірі болып табылады. «Рейтинг.kz» пікірі бойынша, бұл энергетикалық компаниялардың мүдделерін уәкілетті органдардың, атап айтқанда Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, әкімдіктер пен мәслихаттар мүдделік қолдау фактілерін жанама түрде дәлелдейді [129].

Кесте 16 - 2005-2011ж.ж Қазақстан бойынша орташа төлемақы құнының өсу мөлшері

Қызмет түрі	2005ж	2011ж	2005ж-ға %-бен
1	2	3	4
Жылыту (гигакалория)	1810	2585	43
Электр энергиясы(тг.кВт*сағ)	4,18	9,15	118

## 16-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ыстық су (текше м.)	100	154	54
Суық су (текше м.)	7	11	59
Телефон (абон.төлем)	440	839	91
Ескерту – [129] әдебиет негізінде автормен құрастырылған			

«Бірнеше жыл бұрын электр беру желілерінің, негізінен барлық жабдықтың тозуы мен ескіруі жүктемелердің өсу сызығымен қиылысты. Мемлекет үстемеақымен бірге шекті тарифті алдын ала белгілей отырып, қарапайым жолмен жүрді. Бұл үстемеақы оның ішінде ТКШ дамытуға жұмсалуды тиіс болды. Яғни бізге ескертпестен бізді инвесторларға айналдырды. Егер біз ақшамызды мемлекеттік меншікке салсақ игі іс болар еді, алайда біз көбіне бұл ақшаларды жеке меншік компанияларға салып жатамыз. Басқаша айтқанда, олардың тұрмысын жақсартудамыз, ал олар, өз кезегінде, заңды жолмен бұл ақшаға билік ете алады, – деп атап өтті Алматы қалалық монополияға қарсы қоғамдық комиссияның төрағасы П. Своик. – Жалпы, мен, тұтынушы пайдаланғаны үшін ақы төлеуі керек деп есептеймін. Инвестиция салу әркімнің өз еркімен жүзеге асырылуы, және мемлекет мұндай инвесторларға салықтық жеңілдіктер беруі тиіс».

П. Своиктың мемлекет үстемеақымен бірге шекті тарифті алдын ала белгілей отырып, қарапайым жолмен жүрді және бұл үстемеақы энергетикалық компанияларды дамытуға жұмсалады деп айтуы сөзсіз дұрыс еді. Яғни, бізді, ел азаматтарын өзімізге ескертпестен инвесторларға айналдырды. Алайда, мұндай шешім ең алдымен тұрақсыз болып табылады. Бұл шешімнің қисынға келмеуі меншік, оның ішінде жеке меншік институттары дамыған құқықтық мемлекетте инвесторлардың құқықтары заңды түрде ресімделуі тиіс екендігінде. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының энергетикалық ресурстарын, атап айтқанда электр қызметтерін тұтынушылар инвестициялық тарифтер институты арқылы инвесторлар болып табылады. Тұтынушылар төленген электр қызметтерінің меншік иелері ретінде энергетикалық компаниялардың акционерлері болуы тиіс. Себебі, бұл жағдайда пайдалану шығындары емес, инвестициялық тарифтер арқылы алынып, энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңалау мен жаңғыртуға жұмсалатын инвестициялар жайында сөз болып отыр. Бұл инвестициялар, негізгі құралдарды жаңалау және жаңғырту арқылы жаңа энергетикалық қуаттар туғызады, энергетикалық компаниялардың активтерін және, сәйкесінше акционерлік капиталын ұлғайтады. П. Своиктың пайымдауы және «тұтынушы пайдаланғаны үшін ғана төлеуі тиіс», – деп айтуы дұрыс екенінде күмән жоқ. Алайда, инвестициялық тарифтер пайдалану шығындарынан, сонымен қатар оның негізгі құралдарын жаңалау шығындарынан тұратыны белгілі. Яғни, инвестициялық тарифтер өзінің табиғатынан пайдалану және инвестициялық шығындардан тұрады. Сондықтан, «инвестициялық тарифтер» институтында

кім инвестор деген сұрақтың туындауы табиғи құбылыс. Инвесторлар – электр энергиясын тұтынушылар. Тұтынушылар тариф арқылы өзінің ақша қаражатын инвестициялау арқылы энергетикалық компаниялардың акционерлеріне айналуға тиіс. Бұл жерде де П. Своиктың «... біздің келісіміміз бізді инвесторларға айналдырды», – деп айтуы орынды. Дегенмен, оның ойы аяқталмаған. Егер біздің келісіміміз бізді инвесторларға айналдырса, онда бізді акционерлер деп тану, яғни де-юреде де-фактоны ресімдеу қажет деген ой туындайды.

Инвестициялық тарифтер жөніндегі қолданыстағы заңнамалық және басқа да нормативтік актілерде бұл сұраққа жауап жоқ: бұл жағдайда кім инвестор? Алайда, жаңаланған және жаңғыртылған электр энергетикалық нысандардың акционерлері дегеніміз қазіргі акционерлері, яғни компаниялардың меншік иелері екенін білдіреді. Мұндай заңнама конституцияға қарсы және тіптен дұрыс емес заңнама болып табылады. Әйтпесе, Қазақстанның азаматтары өз ақша қаражаттарының есебінен электр энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңарту мен жаңғыртуға ақы төлей отырып, «инвестициялық тарифті» төлейтінін қалай түсінуге болады. Сәйкесінше электр энергетикалық компаниялардың акционерлік капиталының ұлғаюы мен өсуін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдай ҚР Конституциясына, ҚР Азаматтық кодексіне, ҚР акционерлік қоғамдар, инвестициялар туралы және т.б. заңдарына қайшы келеді.

Негізінен, «инвестициялық тарифтер» институтының қолданылуы электр энергетикалық компаниялардың қазіргі акционерлерін заңсыз түрде байытуға бағытталған. Оның үстіне – бұл еліміздің азаматтарын олардың қызметтерін тұтынушылар ретінде жай ғана алдау және тонау.

Белгілі бір күштердің электр энергетикалық компаниялардың пайдасына қарай мүдделік қолдау әрекеттерімен байланысты мұндай жағдайды шешу үшін: біріншіден, «инвестициялық тарифтің» негізгі ережелерінің Қазақстан Республикасының нормаларына сәйкестігі туралы ҚР Конституциялық кеңесіне жүгіну қажет; екіншіден «инвестициялық тарифтер» институтымен байланысты барлық заңнамалық және басқа да нормативтік актілердің қолданылуын тоқтату қажет; үшіншіден, бұл актілердің күшін тоқтатқаннан кейін «инвестициялық тарифтер» институтының нақты мәніне байланысты жаңа заңнамалық және басқа да нормативтік актілер қабылдау қажет.

«Инвестициялық тарифтер» институтының жаңа мазмұнының негізгі ережелері келесілерге сайып келуі тиіс.

Барлық электр энергетикалық компанияларды акционерлік қоғамдарға қайта құру. Бұл үшін электр энергетикалық компанияларды қоса алғанда, барлық стратегиялық нысандарды акционерлік қоғамдарға қайта құру мақсатымен «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған электр энергетикалық компанияларды халықтық акционерлік қоғамдар деп жариялау керек.

Халықтық акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған электр

энергетикалық компанияларда акцияларға жазылуды жариялау. Бұл үшін инвестициялық тарифтердің сомасына акцияларға қосымша эмиссия шығару қажет (ағымдағы пайдалану шығындарын алып тастау). Шығарылған акцияларды олардың төлемдерінің сомасына тепе-тең мөлшерде электр энергетикалық қызметтердің тұтынушыларына өтеусіз негізде беру.

2008 жылы үкіметтің селекторлық мәжілісінде Жамбыл МАЭС жағдайы туралы мәселе қарастырылды. Сол кездегі облыстың әкімі Б. Жексембиннің өтінішіне премьер К. Мәсімов «неғұрлым көп берсең, соғұрлым көп сұрайды», – деп айтып өтті. ҚР Монополияға қарсы агенттігі бұған дейін тарифтерді көтеру туралы МАЭС өтінімін қабылдаудан бас тартты. Агенттіктің бұрынғы басшысы Н. Алдабергеновтің сөзі бойынша 5 млрд. 56 млн. теңге мөлшерінде бөлінген ақша қаражаты электр энергиясының құнын көтерместен, электр станциясының жоспарланған режимде жұмыс істеуі үшін толық жеткілікті.

Біздің мақаланың зерттеліп отырған мәні тұрғысынан сол кездегі Энергетика және минералды ресурстар министрі С. Мыңбаевтың айтқан сөзі ерекше қызығушылық тудырады. Журналистерге жағдайдың мән-жайын түсіндіре отырып, Т. Батулин атындағы МАЭС жыл сайын қаржы бөлінетінін айтып өтті. Субсидиялар отынға беріледі. «Бірақ, көбіне қаражатты жаңғырту жұмыстарын жүргізуге салу мәселесі туындайды, ал бұл дегеніміз капиталға ақша салу». «Егер жеке акционер қаражат салмай, мемлекет қаражат салатын болса, онда оның (мемлекеттің) үлесі өсуі тиіс», – деп энергетика министрлігінің басшысы өз ұстанымын білдірді. «Біздің мемлекеттік меншік бойынша жүргізіп отырған саясатымыздың шеңберінде бұл мәселені шешуге болады. Бір рет және түпкілікті.», – деп қорытындылады Премьер-министр К. Мәсімов.

Инвестициялық тариф кезінде электр энергетикалық компаниялардың меншік иелері ретінде жеке акционер өз «қалтасынан» қаражат шығармайды, электр энергетикалық ресурстардың тұтынушылары ретінде халық ақша төлейді.

Президенттің «Халықтық IPO» саясатының шеңберінде халық, яғни тұтынушылар электр энергетикалық компаниялардың акционерлері болуға тиіс деп нақты айтуға болады. Инвестициялық тарифтің шеңберінде олар электр энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңғыртуға қанша қаражат салса, сол сомаға акциялар қосымша шығарылуы тиіс, және кім қанша төлегеніне байланысты электр энергетикалық компаниялардың акцияларын өтеусіз негізде алуға тиіс. Сонда электр энергетикалық компаниялар шын мәнісінде «халықтық» акционерлік компанияларға айналады.





Сурет 14 - «Халықтық» акционерлік компаниялар құру бойынша ұсыныс

Ескерту - Автор құрастырған

Біздің ұсынып отырған негіздемелеріміз бен ұсыныстарымыз елдің электр энергетикалық компанияларын мысалға ала отырып, қарастырылған. Олар негізінен, инвестициялық тарифтер белгіленген коммуналдық шаруашылықтың барлық салалары мен секторларына қатысты. Сәйкесінше, Қазақстанның инвестициялық тарифтер төлейтін барлық азаматтары осы тарифтер қолданылатын компанияларда олардың акционерлері болу мүмкіндігіне ие. Қазақстандықтарды меншік иелеріне айналдыру бағытын алған ел билігі біздің ұсынысымызды қолдайды деп сенеміз. Мұндай қадам шын мәнісінде Қазақстанның барлық халқының игілігі үшін жасалған қадам болады деп ойлаймыз.

### 3.4 Электр энергетикадағы тарифтерді басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттары

2016-2030 жылдар кезеңінде Қазақстанның энергетикасына сегіз триллион теңгеден астам (44 миллиард доллар) инвестициялар тартылатын болады. Бұл жайында «Энергетикаға инновациялар – Қазақстан-2050» энергетикалық форумында сөз сөйлеген кезде Қазақстанның энергетика вице-министрі

Б.Джаксалиев мәлімдеді. «Біздің жоспарларымызды іске асыру шеңберінде бірқатар мақсаттарға қол жеткізу көзделеді, атап айтқанда: 2030 жылға қарай Қазақстандағы электр энергетикалық жабдықтардың орташа тозу деңгейін айтарлықтай төмендету, 2016-2030 жылдар кезеңінде 8,2 триллион теңге мөлшерінде электр энергетикасы саласына инвестициялар тарту, 2030 жылға дейін түпкілікті тұтынушылар үшін электр энергиясына тарифтердің байсалды өсуін, 2030 жылға қарай Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесі жұмысының тәуелсіздігін және жеткілікті болуын қамтамасыз ету», – деді ол. Оның айтуынша, болашақтың тиімді энергетикалық жүйесін жасау үшін электр энергетикасы саласында тепе-тең инвестициялық климатты қалыптастыру мақсатында бұл үдеріске мемлекеттің барынша ауқымды қатысуы, техникалық және технологиялық талаптарды тиісінше көтеру, сондай-ақ бұл талаптардың орындалуын энергетикалық қадағалауды жетілдіру қажет.

Министрдің орынбасары шекті тарифтер қолданылған бес жылдың ішінде Қазақстанның электр энергетикасына салынған инвестициялардың жыл сайынғы көлемі бес есе өскенін және бүгінгі күні инвестициялар шамамен 700 миллиард теңгені құрағанын да айтып өтті (180,87 теңге = 1 доллар). «Бұл қазіргі бар бес мың мегаваттты жаңғыртуға және 1700 мегаватт қосымша электр қуаттарын іске қосуға мүмкіндік берді. Ол, өз кезегінде, Қазақстанды үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен өтеді. 2015 жылдың соңына дейін бұл сан 3300 мегаваттқа жетеді», – деді Б.Джаксалиев. «Біз нарық жағдайында өмір сүріп жатырмыз, сондықтан біз мәжбүрлеуші ғана емес, сонымен бірге энергетика кәсіпорындарын өз қызметінде қазіргі заманғы инновациялық технологияларды қолдануға ынталандырушы жағдайлар жасауымыз тиіс. Энергетиканы басқару саясаты дәл осы даму бағытын ұстанады», – деп атап өтті ол [130].

2014 жылы республика үкіметі 2020 жылға дейінгі Тарифтік саясат жөніндегі жаңа Бағдарламаның жобасын әзірледі. Жобада ҚР-да 5 және одан да көп жылға арналған ұзақ мерзімді шекті тарифтерді бекіту қарастырылады [131].

Бұл бағдарламаның түбегейлі жаңалығы барлық тараптар үшін артықшылығы бар ұзақ мерзімді реттеуден тұрады. Біріншіден, тұтынушылар болжаланған тарифтерге қол жеткізеді. Екіншіден, жылдамдатып жаңғырту жүргізу үшін реттелетін салалардың инвестициялық тартымдылығы артады. Және, үшіншіден, инвесторлар инвестициялық жобаларды әзірлеу барысында кем дегенде 5 жылға арналған тарифтер бойынша толық мағлұмат ала алады. Бағдарламада ынталандырушы реттеуді кеңейту, кезең-кезеңімен өзін-өзі реттеуге өту және ҚР-дағы қоғамдық бақылауды күшейту, сонымен қатар табиғи монополиялардың ұсақ шашыраңқы субъектілерін біріктіру қарастырылған. 2014 жылдың ішінде нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысы жүргізіледі.

2020 жылға дейінгі табиғи монополиялар саласындағы тарифтік саясат жөніндегі бағдарламада коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі қарастырылады. «Үкімет мәжілісінде 2020 жылға дейінгі табиғи монополиялар

саласындағы тарифтік саясат жөніндегі бағдарламаның жобасы қаралды және мақұлданды. Бағдарламаның негізгі мақсаты табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің тиімді теңдестірілген жүйесін құру болып табылады», – деп хабарлады ол. – Ұзақ мерзімді кезеңге арналған тарифтердің өзгеруінің айқындылығын, олардың инвесторлар үшін болжамдылығын, және Қазақстан халқы үшін өсімінің ақылға қонымдылығын ескере отырып, табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерін белгілеу тәсілдерін коммерцияландыру қарастырылады».

Бағдарламада «1,2-1,4% шегінде инфляцияға салым ретінде халыққа арналған тарифтердің ақылға қонымды, жоспарлы өсімі» көзделген. «Бұл – шегінде тарифтер көретілетін сол бір дәліз. Бұл дәліз қазір де қолданылады, бірақ соңғы 2 жылда ол өзгерген жоқ, сондықтан осы дәліздің шеңберінде біз жұмыс жасайтын боламыз. Осыған байланысты халық үшін коммуналдық қызметтердің түбіртегінде (квитанциясында) түпкілікті ақы айтарлықтай өспейді», – деп сендірді Ұлттық экономика вице-министрі М. Құсайынов.

Президенттің «Нұрлы Жол» жолдауына сәйкес Ұлттық қордан 2015-2016 жылдарға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға 160 млрд. теңге бөлінетіні белгілі. «Әрі қарай Ұлттық қордан осылай қаражат бөлу қарастырылады. Бұл қаражат бюджеттік несиелер мен субсидиялар түрінде табиғи монополиялар субъектілері үшін жұмсалады, осылайша тұтынушыларға арналған тариф бойынша жүктеменің бір бөлігін мемлекет өзіне алады», – деп айтып кетті ол.

Табиғи монополиялардың қызметтеріне арналған ұзақ мерзімді инвестициялық тарифтер бес және одан да көп жыл мерзімге бекітілетін болады. Тарифтерді ұзақ мерзімді басқаруға өту табиғи монополиялар субъектілерінің бағдарламаның талаптарына сәйкес келетін инвестициялық бағдарламаларды ұсынуға дайындығын ескере отырып, 2015 жылдың 1 сәуірінен басталады. Сонымен бірге, бағдарламада табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнаманы ырықтандыру, тариф белгілеудің жаңа ынталандырушы әдістерін енгізу, табиғи монополиялар субъектілері үшін әкімшілік рәсімдерді біршама жеңілдету қарастырылған.

ҰЭМ-де хабарлағандай, 2015 жылдың 1 сәуіріне дейін тиісті нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру аяқталады және ұзақ мерзімді инвестициялық тарифтер беру үшін субъектілерді іріктеу тәртібі көзделеді. Іріктеудің басты критерийі субъектілердің инвестициялық бағдарламаларды сапалы дайындауы болады.

«Негізгі міндет: мемлекеттік инвестициялармен қатар жеке инвестициялар тартылуы үшін табиғи монополиялар салаларын коммерциялық жағынан тартымды ету. Бұл жағдайда тарифтерді беру жөніндегі негізгі басымдық халықаралық қаржы ұйымдарымен тығыз ынтымақтастық жасайтын және олардың қаражаттарын тартатын өңірлер мен субъектілерге берілетін болады. Сонымен бірге, «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға арналған 2015-2016 жылдарға Ұлттық қордан қосымша бөлінетін 160 млрд. теңге шеңберінде іске асырылатын жобаларға да

басымдық беріледі», – деп атап өтті М. Құсайынов [132].

Бұл құжатты ҚР үкіметі өзінің өткен жылдың 19 желтоқсанындағы №1360 қаулысымен бекітті, бұл қаулы оған Премьер-министр К. Мәсімов қол қойған кезден бастап күшіне енді. Бұл бюрократтық туындыға 2014 жылға арналған ҚР әлеуметтік-экономикалық саясатының бірінші кезектегі іс шараларының Жол картасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары негіз болды. Бағдарламаның мақсаты барынша прогрессивті мазмұндалған – «инвестициялық тартымдылықты арттыруға, тариф белгілеудің ашықтығына және табиғи монополия жағдайынан бәсекелестік нарық жағдайына өтуге бағытталған табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің тиімді, теңдестірілген жүйесін құру». Ал, 2014-2019 жылдар кезеңінде шешілуі тиіс негізгі міндеттері тарифтердің болжамдылығын қамтамасыз етуден, энергия тиімділік және энергиямен жабдықтауды ынталандырумен қатар табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі құралдарын жаңғырту мен жаңартуға инвестициялар салуды ынталандырудан тұрады.

Бағдарламамен қамтылатын салалардың ішінде қатардағы қазақстандықтардың күнделікті шығыстарына тікелей қатысы жоқтары порттардың қызметтері және мұнай мен газды магистральдық құбыр жолымен тасымалдау ғана бар, онда табиғи монополиялар субъектілерінің шекті (ұзақ мерзімді) тарифтермен жұмыс істеуге толық көлемде өтуі сәйкесінше 2015 және 2016 жылдарға белгіленген. Негізінен, екінші саладағы тарифтердің реформасы «ҚазТрансОйл» компаниясының акцияларын ұстаушылардың мүддесін қозғайтыны белгілі, бірақ олар анау айтқан көп емес. Әйтсе де, басқа салалардың елдің басым бөлігіне қатысы бар – бұл сумен жабдықтау және су бұру, Астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда реттелетін коммуналдық қызметтерді көрсетушілер (мұнда өту 2018 жылы аяқталады), жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау (2018), магистральдық теміржол желісі (2018) және әуежайлар (2017).

Міне, енді осылайша үкімет табиғи монополиялар субъектілерінің (қуаты аз субъектілерді қоспағанда) 5 және одан да көп уақытқа шекті ұзақ мерзімді тарифтерді бекіткісі келеді. Бұл кезеңнің ішінде монополистер өндірістің тиімділігін арттырудан түсетін табыстарға өз бетімен билік ету құқығына ие болады. Атқарушы билік субъектілердің реттелетін қызметтеріне (тауарлар, жұмыстар) тәуелсіз сараптау ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктерді қатыстыра отырып, оларды бәсекелестік ортаға шығару тұрғысынан талдау жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

Табиғи монополиялар салаларындағы шығындарды реттетудің жана әдісі кезең кезеңімен енгізілетін болады. Ол негізгі баптар бойынша шығындарды мемлекеттік реттеуді қарастырады: электр энергиясы және отын, қызметкерлердің жалақысы, жөндеу, амортизация, шикізат және материалдар, олардың тарифтің құрылымындағы үлесі 80% құрайды. Қалған 20% шығындарды субъект реттеуші органға негіздейтін материалдарды ұсынбастан өз бетімен қалыптастыратын болады деп көрсетіледі бағдарламада. Әрі қарай, монополистер нормативтік техникалық шығындарды, шикізат, материалдар,

отын мен энергияны жұмсау нормаларын, қызметкерлердің нормативтік санын бекітуге арналған өтінімдерді тариф пен тарифтік сметаларды бекіту өтінімімен бірге ұсыну құқығына қол жеткізеді. Бұл көрсетіштерді бекітудің қазіргі механизмі қайта қаралатын болады.

Үкімет монополистерге қызметтер көрсетуге және табиғи монополиялар салаларына жатпайтын өзге қызметті жүзеге асыруға, сонымен бірге реттелетін қызметтерді өндірумен және көрсетумен байланысты мүлікке меншікке құқық беруді жоспарлап отыр. Инвестициялық бағдарламаларды бекіту және оларды монополистердің орындауын бақылау рәсімдері де өзгертілетін болады. Оларда материалдар шикізатын, реттелетін қызметтің (тауарлар, жұмыстар) бір бірлігіне жұмсалатын шикізатты, отынды, энергияны азайту және негізгі құралдарды тозуын төмендету секілді бағдарламаларды іске асыру тиімділігінің жаңа көрсеткіштері мен критерийлері пайда болады. Нәтижесінде, үкімет жоспарлап отырғандай, 2020 жылға қарай жылу энергетикасы, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, электр энергиясын беру және тарату салаларына салынатын инвестициялардың көлемі 40%-ға, мұнай мен газды тасымалдау – 25%-ға, магистральдық теміржол желісінің қызметтері – 29%-ға, порттар мен әуежайлар – 32%-ға артады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі қорларының тозу деңгейі бойынша бесжылдықтан кейін тозу жылу энергетикасында 71-ден 55% дейін, сумен жабдықтау мен су бұруда – 65%-дан 45% дейін, электр энергиясын беру мен таратуда – 69%-дан 52% дейін, мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдауда – 65%-дан 50% дейін, газды магистральдық құбырлармен тасымалдауда – 40%-дан 23% дейін, газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауда – 40%-дан 21% дейін, магистральдық теміржол желісінің қызметтерінде – 40% дейін, порттарда - 29% дейін, әуежайларда – 26% дейін төмендейді. Табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріндегі нормативтік шығындар деңгейі болса 2020 жылға қарай жылу энергетикасында – 18,9% дейін, сумен жабдықтауда – 15,5%, электр энергиясын беру мен таратуда – 12,8% дейін азаяды.

Бұлардың барлығына қарағанда үкімет үшін осы барлық басталған істе ең бастысы бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен және өзге де көздерден ақша қаражатын бөлу қарастырылмайтындығында. Бұл дегеніміз, қажетті қаражатты монополистер өз қызметтерінің тұтынушыларынан алатынын білдіреді. Сонымен бірге, бағдарламада электр энергиясын беру мен тарату саласында ғана деп көрсетілген, онда «Халықтық IPO» шыққан «КЕГОК» ұлттық компаниясы 20 ірі ӨЭК және 108 ұсақ энергия беруші ұйымдармен қатар көш бастап тұр, тозу мен шығындардың жоғарғы деңгейімен байланысты жағдайды түзету үшін 975 млрд. теңге көлемінде инвестициялар салу қажет.

Жылу энергиясын өндіру, беру және тарату саласында 305 монополистің көпшілігінде инвестициялар үшін мүлдем қаражат жоқ болып шыққан! Сумен жабдықтау және су бұру негізгі субъектілер бойынша 2007-2011 жылдары 554 млрд. теңге, оның ішінде 410 млрд. теңге республикалық бюджеттен, 96 млрд.

теңге – жергілікті бюджеттен жұмсалғаннан кейін тағы 417 млрд. теңгеге ақша салымдары қажет. Монополистер болса 26 млрд. теңгеге ғана өз қаражаттарын салған.

«ҚазТрансОйл» жағдайы оңай емес. Ұлттық компанияға мұнайды тасымалдау саласына 188 млрд. теңге инвестициялауы, ал газды тасымалдаумен байланысты активтерге – 430 млрд. теңге инвестициялау қажет. Ал, басқа ұлттық компания – «Қазақстан темір жолының» магистральдық теміржол желісіне инвестицияларға қажеттілік тіптен керемет – 3 трлн. 326 млрд. теңге!

Кесте 17 - Субъектілердің шекті (ұзақ мерзімді) тарифтері бойынша жұмысқа өту кестесі

Салалар:	Өлш. бірл.	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы реттелетін коммуналдық қызметтер көрсететін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру	%	-	20	40	70	100	-	-
астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы реттелетін коммуналдық қызметтер көрсететін жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) жылумен жабдықтау	%	-	20	40	70	100	-	-
мұнайды магистральдық құбыр арқылы тасымалдау	%	-	-	100	-	-	-	-
газды магистральдық газ құбыры арқылы тасымалдау	%	-	-	100	-	-	-	-
магистральдық теміржол желілері	%	-	-	-	-	100	-	-
порттар	%	-	100	-	-	-	-	-
әуежайлар	%	-	30	60	100	-	-	-
Ескерту – ҰЭМ мәліметтері бойынша [133]								

Кесте 18 - Инвестициялар көлемінің артуы (2013 жылмен салыстырмалы түрде)

Салалар:	Өлш. бірл.	2015 жыл	2018 жыл	2020 жыл
1	2	3	4	5
жылу энергетикасы	%	115	130	140
сумен жабдықтау және (немесе) су бұру	%	115	130	140
электр энергиясын беру және тарату	%	115	130	140
мұнайды магистральдық құбыр арқылы тасымалдау	%	110	119	125
газды магистральдық газ құбыры арқылы тасымалдау	%	110	119	125

## 18 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
газды газ тарату жүйелерімен тасымалдау	%	110	119	125
магистральдық теміржол желілері	%	114	123	129
порттар	%	112	124	132
әуежайлар	%	112	124	132
Ескерту – ҰЭМ мәліметтері бойынша [133]				

Кесте 19 - Субъектілердің негізгі қорларының тозу деңгейінің төмендеуі (2013 жылмен салыстырмалы түрде)

Салалар:	Өлш. бірл.	2015 жыл	2018 жыл	2020 жыл
жылу энергетикасы	%	69	61	55
сумен жабдықтау және (немесе) су бұру	%	60	51	45
электр энергиясын беру және тарату	%	67	58	52
мұнайды магистральдық құбыр арқылы тасымалдау	%	60	54	50
газды магистральдық газ құбыры арқылы тасымалдау	%	28	25	23
газды газ тарату жүйелерімен тасымалдау	%	26	23	21
магистральдық теміржол желілері	%	60	48	40
порттар	%	39	33	29
әуежайлар	%	36	30	26
Ескерту – ҰЭМ мәліметтері бойынша [133]				

Кесте 20 - Субъектілердің нормативтік шығындарының деңгейінің төмендеуі

Салалар:	Өлш. бірл.	2015 жыл	2018 жыл	2020 жыл
жылу*	%	19,4	19,1	18,9
сумен жабдықтау*	%	18	16,5	15,5
электр энергетикасы**	%	13,3	13,0	12,8
* – астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда реттелетін коммуналдық қызметтер көрсететін субъектілер;				
** – өңірлік электр желілік компаниялар				
Ескерту – ҰЭМ мәліметтері бойынша [133]				

Қуаты аз табиғи монополиялар субъектілерінің көп бөлігі инфляция деңгейінің шегінде тарифтерді өз бетімен көтеру құқығына ие болады, деп хабарлады ҚР Ұлттық экономика вице-министрі М.Құсайынов.

Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша заңнамаға түзетулерді ұсына отырып, ҚР парламенті сенатының экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің отырысында «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметінде әкімшілік кедергілерді азайту үшін: өткен жылдың фактісі бойынша тұтыну бағаларының индексі шеңберінде тарифтерді өз бетімен көтеруге құқығы бар, қуаты аз субъектілерге жататын

табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін кеңейту; субъектілерге жаңа технологиялардың пайдаланылуына, нормативтік техникалық шығындардың азаюына байланысты, сондай-ақ тендер нәтижелері бойынша үнемдеу нәтижесінде пайда болған, тарифке енгізілген шығындардың пайдаланылмаған бөлігінің жартысына билік ету құқығын беру қарастырылады. Екінші жартысын ол өндірістік активтерді кеңейту мен жаңартуға бағыттауы тиіс», – деді М.Құсайынов.

Оның айтуынша, заң жобада 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап табиғи монополиялар субъектілеріне реттелетін қызметке жатпайтын өзге қызметті жүзеге асыруға салынған тыйымды алып тастау, сондай-ақ нормативтік техникалық шығындарды, шикізат шығының технологиялық нормаларын, субъектілердің штат саны мен тарифті бекіту рәсімдерін біріктіру қарастырылады.

Сонымен бірге, заң жобада өзге қызметтің уәкілетті органымен субъектінің акциялар, тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алуын, жөндеуге жұмсалатын шығындардың жылдық сметасын, негізгі қорларды қайта бағалау және есеп саясатын келісуді; бір мезгілде уәкілетті және салалық мемлекеттік органның инвестициялық бағдарламаларды қарастыруы мен бекітуін алып тастау көзделеді.

Сондай-ақ реттелетін нарық субъектілерінің мемлекеттік реттеу бағалары қолданылатын тауарлары, жұмыстары мен қызметтерінің тізбесін бекіту қарастырылады.

«Заң жобасының маңызды бағыты онда табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының және өзге де міндеттемелерін орындауы бақылауды күшейтуге бағытталған нормаларды бекіту болып табылады. Бұл үшін қаржылық көрсеткіштер ғана емес, өндірістік активтерді кеңейту мен жаңарту жөніндегі нақты іс-шаралар түріндегі инвестициялық бағдарламаларды бекіту және оның орындалуына бақылауды жүзеге асыру; тарифтерді бекіту, сонымен бірге инвестициялық бағдарламалардың орындалуына талдауды жүзеге асыру кезінде субъектілер көрсететін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің есебін жүргізу қарастырылады», – деді вице-министр.

Бұл жағдайда, М. Құсайынов табиғи монополиялардың жергілікті субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының орындалуына жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, талдау жүргізілетінін атап өтті.

Сондай-ақ, қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыру үшін уәкілетті орган бекітетін және коммуналдық саланың барлық кәсіпорындарының орындауы үшін міндетті қызметтер сапасының стандарттарын енгізу қарастырылады.

Тариф белгілеу механизмінің ашықтығын арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді азайту мақсатында мерзімдерді ұзарту қарастырылатынын, ол басталғанға дейін тұтынушыға жария тындаулар өткізілетіні туралы хабарлайтынын хабарлады вице-министр.

Заң жобамен монополияға қарсы заңнаманы жетілдіруге, оның ішінде



мемлекеттердің басшылары деңгейінде Жоғары еуразиялық экономикалық кеңесі бекіткен «Бәсекелестік туралы» модельдік заңның нормаларын имплементациялауды қарастыратын заңнаманы жетілдіруге; нарық субъектілерін монополияға қарсы заңнаманың бұзылуына алып келуі мүмкін әрекеттерді жасаудан сақтандыру институтын құру; бұл құқық бұзушылық жайында хабарлаған тұлғаны бәсекеге қарсы келісілген әрекеттер немесе келісімдерді жасағаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатуға бағытталған түзетулер енгізіледі [134].

2030 жылға дейін Қазақстанның отын-энергетика кешенін дамыту тұжырымдамасының шеңберінде электр энергиясын шығаратын станциялар үшін «бекітілген табыстар» түсінігі енгізілетінін ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешев хабарлады.

«Электр энергетикасындағы басқару бағаның секіріп кетуіне жол бермеуі тиіс. Яғни, генерация секторы бойынша маржиналдылықтан (өзіндік құн мен өткізу бағасының арасындағы жоғарылатынған айырмашылық есебінен) кету мақсатында «бекітілген табыстар» түсінігі енгізіледі», – деді Ә. Исекешев. Оның айтуынша, 2030 жылға дейінгі Қазақстанның отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамыту тұжырымдамасы Үкімет мәжілісінде талқыланған. Құжатта электр энергетикасы елдегі өнеркәсіпті дамыту үшін маңызды салалардың бірі ретінде анықталған.

«Тарифтік саясат пен жеке инвесторлар үшін саланың, оның ішінде МЖӨ механизмі бойынша тартымдылығын сақтау арасындағы тепе-теңдікті тапқан өте маңызды болар еді. Және бұл тарифтік саясат біздің өнеркәсіп ұзақ мерзімді тарифтерге қол жеткізе алуы үшін тепе-тең мөлшерде болуы тиіс. Сондықтан біз тұжырымдамада тарифтердің өсімін бақылау және сонымен бірге инвесторларға ұзақ мерзімді түсінікті тарифтер беру үшін тепе-теңдікті анықтадық. Бұған электр энергиясы нарығын жетілдіру есебінен қол жеткізілетін болады. Біз тұжырымдамада нарық моделін келістік. Егер жаңа станциялар үшін бізде қуаттар нарығы конкурстық негізде енгізілген болса, онда қазіргі бар станцияларды жаңғырту үшін инвестицияларды қайтарудың ұзақ мерзімді кепілдіктері қажет, бұл механизм енгізілген», – деп толықтырды Ә. Исекешев. Сонымен бірге, оның айтуынша, нарықтағы үдерістер ашық болуы үшін барлық ойыншылар – өндірушілер мен тұтынушылардың қатысуымен Нарық кеңесін құру жоспарланған [135].

ҚР Энергетика министрі В.Школьник қуаттар нарығы туралы норманы жұмыс істеп тұрған электр станцияларына қолдануды ұсынады. «Бүгінгі күні, құрметті депутаттар! Сіздердің қолдауларыңызбен ҚР заңнамасында қуаттар нарығы бойынша норма бар, ол инвесторларға инвестицияларды қайтуына ұзақ мерзімді кепілдіктер береді, ал электр энергия саласындағы заңнаманы әрі қарай жетілдіру шеңберінде 2016 жылдан бастап қуат нарығын енгізу үшін инвестициялардың қайтуын кепілдендірудің мұндай механизмін әрі қарай жаңғырту мен қайта құрылымдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қазіргі бар электр станцияларына қолдану орынды», – деді В.Школьник ҚР Парламенті

мәжілісіндегі үкімет сағатында.

«Қуат нарығының шеңберінде, қазіргі уақытта қолданылатын электр энергиясына шекті тарифтер жай ғана екі бөлікке: инвестициялық құрамдас бөлікке және өзіндік құнға бөлінеді. Сондықтан инвестициялық құрамдас бөлік телефон үшін абоненттік төлем сияқты болады – біз айына қанша сөйлескенімізге қарамастан төлейміз. Былайша бөлген кезде электр энергиясына бағаның секіріс түрінде артуы болмайды, тек инфляция шеңберінде ғана болады» – деп хабарлады ол. Жуық уақытта тиісті ұсыныстармен бірге заңжоба парламентке енгізілетін болады [136]. Экономист П.Своик Қазақстанның энергетика министрінің электр энергиясына тарифті екі бөлікке: абоненттік және өзіндік құнға бөлуін дұрыс деп санайды. «Тарифті былай ұйымдастыру, яғни шартты түрдегі тұрақты абоненттік бөліктің және ауыспалы, есептеуіш бойынша көрсеткішке тәуелді бөліктің болуы, – бұл өте дұрыс әрі тиімді түрде ұйымдастыру. Сондықтан Энергетика министрлігінің мұндай ниетін тек ғана қолдау қажет», – деп санайды ол. Бұрын хабарланғандай бұл жағдайда түпкілікті тұтынушы үшін бағаның өсуі күтілмейді. «Энергиямен жабдықтау өз шығындарының негізгі бөлігінде ағымдағы тұтынуға байланысты емес. Шығындар электр станцияларының ағымдағы жүктемені көтеру дайындығын қамтамасыз етумен байланысты. Сондықтан, тарифті екі бөлу өте дұрыс. Бірінші бөлік тұрақты абоненттік төлем болып табылады. Яғни абонент бұл ақшаны энергетикалық жүйеге қосылу құқығы үшін төлейді және кез келген уақытта бұл жүйедегі осы тұтынушыға қанша қажет болса, сонша мөлшерін алу мүмкіндігі. Тарифтік екінші бөлігі – ауыспалы — абонент өзіне алатын сол бір жүктемеге байланысты болуы тиіс», – деп атап өтті П. Своик. Энергетика министрлігі электр энергетикасы департаменті директорының орынбасары Т. Әбілғазының айтуынша, тарифті бөлу қуат нарығын құру үшін жүргізіледі. Тариф екі құрамдас бөліктен құралады: электр энергетикасын беру және желілерді дайындықта ұстау қызметтері. Өз кезегінде П. Своик Энергетика министрлігінің тарифті бөлудің көмегімен басқа мәселелерді шешуге талпынуы дұрыс емес деп санайды. «Егер бұл дұрыс қадамды қандай да бір басқа конъюнктуралық мәселелерді, атап айтқанда тарифтерді көтеру мәселесін шешу үшін пайдаланатын болса, тарифке электр энергетикасы үшін жетіспейтін қаражатты «итермелейтін» болса, онда бұл ақылға қонымды идеяны сұмдық жағдайға дейін өзгертуге болады», – деді ол [137].

Қазақстанда электр энергиясының бірыңғай сатып алушысы құрылатын болады. Бұл жайында ағымдағы жылдың мамыр айының басында өткен үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде ел президенті Н. Назарбаев хабарлады. Мұндай механизмді іске қосу қажеттілігі сала жабдықтары мен инфрақұрылымының жоғары деңгейдегі тозуымен түсіндіріледі. Істі тариф белгілеудің ашық емес жүйесі қиындата түседі. Бұл мәселелерді электр энергиясын сатып алуды орталықтандыру арқылы шешу жоспарланып отыр. Оған қоса бұл өңірлік тарифтерді жақындатады және олардың өсу қарқынын бақылауға болады деп көздейді.

«Бірыңғай сатып алушы идеясының өзін өте дұрыс, мен оны толығымен қолдаймын, – деді экономист П.Своик. – Оны іске асыру электр энергиясының көтерме сауда нарығын түбегейлі өзгертумен байланысты. Бірақ үкімет бұл идеяны қаншалықты іске асыруға дайын: толығымен немесе тек қана көрсету үшін бе – бұл әзірге сұрақ». Сарапшы физикалық жағынан электрмен жабдықтау екі субъектіден – электр станцияларынан, яғни электр энергиясын өндірушілер, олар Қазақстанда 60 жуық, және электр (өңіраралық, жергілікті тарату) желілерінен тұрады деп түсіндірді. Егер энергиямен жабдықтау мәселесін экономикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда физикалық мәніне барынша жақын нұсқасы былай болуы керек: электр станциясы электр энергиясын өндіреді және оны желіге жібереді, желі сатып алып, оны тұтынушыға сатады. «Көтерме сауда нарығының қазіргі замандағы тұжырымдамасы мүлдем басқаша – жасанды. Оған энергиямен жабдықтаушы ұйымдар – елес енгізілген, себебі олардың электрмен жабдықтау барысында қандай да бір физикалық мақсаты жоқ, бірақ оларға электр энергиясын станциялардан сатып алу және оны тұтынушыларға сатудың жасанды функциясы бекітілген. Бұл «ойдан шыққанды» жою қажет», – дейді сарапшы. Бірыңғай сатып алушы тұжырымдамасы бір субъект – экономикалық субъектінің қосылуын көздейді, ол электр энергиясын барлық электр станцияларынан сатып алады және желілер тұтынушыларға сату үшін оны барлық желілерге сатады, және де бұл жинақтау есебімен жасалады. «Жүйе энергиямен жабдықтаудың осы үдерісінің физикалық мәніне барынша жақын. Сондықтан мен оны қолдаймын», – деп тұжырымдады ол.

Тарифтер бірыңғай сатып алушы механизмімен ашық болады ма? П.Своик: «Бұдан жаман ештеңе болмайды, себебі қазіргі электр энергиясының көтерме сауда нарығында тарифтер мүлдем ашық емес. Бір ғана белгілі жәйт – кейбір ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар электр энергиясын тұрмыстық тұтынушыларға қарағанда едәуір төмен тарифтермен сатып алады. Ал, бұл тарифтер қандай екені – құпия. Егер бірыңғай сатып алушы құрылатын болса, дегенмен, ол да «түрлендіруі» мүмкін, бірақ не болса да ашықтықты оңай ұйымдастыратын болады» деді.

Сарапшының пікірі бойынша, бірыңғай сатып алушы тұжырымдамасы тұтынушылар үшін мемлекет белгілеген тарифтерді көздеуі тиіс. «Және де олар белгілі бір тәсілдермен бірізділендірілуі немесе әртараптандырылуы мүмкін. Мысалы, шешім қабылдауы мүмкін – және ол барлық Қазақстан үшін бірыңғай тариф туралы – дұрыс шешім болар еді. Тұтынушылардың түрлі санаттары үшін түрлі тарифтер туралы шешім қабылдануы мүмкін. Мемлекеттік тариф белгілеудің мұндай моделінде тарифтер ашық болуы мүмкін, және ашық болуы тиіс», – деді П.Своик.

Қазір, оның пікірінше, «тариф 25%-ға сыбайлас жемқорлық пен иесіздік, ал жалпы – жауапсыздықтан тұрады». Бірыңғай сатып алушы моделі, егер осындай сатып алушы электр энергиясын түрлі өңірлерде түрлі бағамен сата бастамаса, мұны болдырмауға мүмкіндік береді. Бірыңғай сатып алушыға барлық өңірлер үшін бірдей талаптармен жұмыс жасаған оңай.

П.Своиктың пікірінше, қазір энергетикалық мағынасы жағынан Қазақстанда салыстырмалы түрде бірыңғай солтүстік, орталық және шығыс кеңістік бар, жеткілікті деңгейде болмаса да онымен байланысты және, оңтүстік аймақ, негізінен байланыста емес Атырау және Маңғыстау аймақтары бар. Ол бірыңғай сатып алушы тұжырымдамасы осы алшақтықты ескеруі тиіс деп есептейді. «Әрине, физикалық энергетикалық байланыстың жоқ екеніне көңіл бөлместен, жасанды түрде республика үшін бірыңғай сатып алушыны құруға және бірыңғай тарифтік саясатты іске асыруға болады. Бірақ, менің ойымша, Қазақстанда бірнеше бірыңғай сатып алушыларды құру оңтайлы шешім болар еді, атап айтқанда – міне осы бастысы – бүгінгі күні қанша жедел-диспетчерлік орталықтар болса, олардың саны соншалықты болуы тиіс. Олар нақты физикалық энергетикалық үдерісті қамтамасыз етеді және аталып өткен аймақтарға сәйкес орналасқан. Сондықтан, электрмен жабдықтаудың экономикалық үдерісін физикалық үдеріске жақындату үшін – жедел-диспетчерлік орталықтар бар жерлерде осыншама сатып алушыларды құрған дұрыс болар еді» [138].

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Кез келген қызмет секілді басқару ұйымдастыру үдерісі болып табылады. Сондықтан басқаруды оның өзінің ішкі ұйымдастырылуы жағынан зерттеу қажет, бұл үшін диссертациялық жұмыста жүйелік нысан және зерттеу мәні ретінде қарастырылған. Жүйе ретінде басқару оның құрылымын қалыптастыратын өзара байланысты элементтердің жиынтығынан тұрады. Оның негізгі элементтеріне мақсаттар мен міндеттер; мәні, функциялар, бағыттар, нысандар, субъектілер, әдістер, құралдар, нәтижелер және т.б. жатады. Диссертациялық жұмыста мақсаттар мен міндеттер, мәні, функциялар, нысандар мен түрлері, қағидалар, әдістер мен құралдар, объектілер мен субъектілер, факторлар мен шарттар, нәтижелер электр энергетикаға инвестициялар тартуды басқарудың элементтері ретінде алынып және оның құрылымдық моделін алғашқы рет экономикалық әдебиетте беріліп отыр.

2. Әлемдік тәжірибеде электр энергиясының нарықтарын ұйымдастыруды модельдердің екі түріне бөлуге болады:

1) электр энергиясына тарифті реттеушінің бекітуін көздейтін реттелетін модель;

2) электр энергиясына бағаларды сұраныс пен ұсынысты талдау негізінде қалыптастыруды көздейтін бәсекелестікті (еркін) модель. Электр энергетикалық саланы реформалау көптеген елдерде жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде реттелетін модельден бәсекелестік модельге өту есебінен жүзеге асырылды. Әлемдік тәжірибе көптеген жағдайда бәсекелестік модель реттелетін модельге қарағанда электр энергиясы өндірісінің сегментін дамыту үшін барынша тиімді екенін көрсетті. Электр энергетикалық нарықтың реттелетін моделінен бәсекелестік моделіне өтудің әлемдік тәжірибесін талдау өту үдерісін шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлуге болатынын көрсетті:

1) тігінен интеграцияланған электр энергетикалық компанияларды қызмет түрі бойынша (генерациялау, беру, тарату және өткізуге) бөлу;

2) бөлініп алынған компаниялардың бір бөлігін жекешелендіру;

3) электр энергиясын өндіру мен өткізу сегменттеріндегі бәсекелестік үшін алғышарттар жасау;

4) электр энергиясының орталықтандырылған көтерме сауда нарығын құру;

5) бір мезгілде желілерге кемсітусіз қол жеткізуге жағдайлар жасау арқылы электр энергиясын беру мен таратуда табиғи монополияны сақтап қалу.

Реформа жүргізілген 20 жылдан астам уақыттың ішінде елдің энергетикалық секторында түбегейлі өзгерістер болды. Олардың негізінде саланың құрылымдық қайта құрылуы, электр энергетикалық кәсіпорындардың мемлекеттің қарамағынан шығып, жекешелендірілуі жатыр, олар электр энергиясын өндіру мен өткізудің әлеуетті бәсекелес өндірістерін табиғи-монополиялық электр беру және диспетчерлік басқарудан бөліп алу үшін, сонымен қатар электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарын құру үшін энергетикалық компанияларды қызмет түрлері бойынша жіктеп

бөлуге бағытталды. Электр энергетикалық кәсіпорындарды жекешелендірудің негізгі әдісі ретінде «инвестициялық конкурс (тендер)» деп аталатын әдіс қолданылды. Онда жекешелендірілетін кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетін сатып алушылар төлемақы ретінде инвестициялық міндеттемелерді қабылдады. Инвестициялық міндеттемелер бес және одан көп жылға жасалды. Және инвестициялық міндеттемелерді орындау электр энергетикалық компаниялардың мемлекеттік пакеттерінің ақысын төлеу ретінде есептелінді. Дегенмен, мұндай жекешелендіру мен жекешелендіруден кейінгі даму нәтижесінде электр энергетикалық компанияларда негізгі қорлардың тозуының шекті деңгейі қалыптасқан. Электр энергетикалық компанияларды жекешелендіру кезінде инвестициялық конкурстарды пайдаланудың нысаналы мақсаты инвестициялық міндеттемелерді өздеріне қабылдай отырып, олар өздерінің қаражаттарын инвестициялар түрінде негізгі құралдарды жаңартуға жұмсауға, оларға жаңғырту жүргізуге тиісті болатын. Оның орнына соңғы 10-15 жылда бұл секторда негізгі құралдардың жоғары тозу деңгейі, жаңа инвестициялық міндеттемелер жасау жолымен оларды жаңарту мен жаңғырту қажеттілігі туралы айтылады. Айтылғандардан шығатын негізгі қорытынды, – акционерлер ретіндегі жаңа меншік иелері сатып алынған кәсіпорындарды жаңғырту мен қалпына келтіруге қажетті ресурстарды салмаған. Бұл жағдайда мемлекет бұл компанияларды ұлттандыру туралы мәселені төтесінен қою керек еді. Бұлай жасаудың орнына мемлекет халықтың есебінен жаңа инвестициялық тарифтерді белгілеу түрінде электр энергетикалық компаниялардың меншік иелеріне жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл жағдайда халық электр энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңарту мен жаңғырту ақысын төлеуге тиіс. Мұндай кадамды қорлаушылық деп айтудан басқа сөз жоқ. Себебі тұтынушылар төлейтін қаражаттардың есебінен электр энергетикалық компаниялардың меншік иелері негізгі құралдарды жаңарту мен жаңғырту арқылы өз компаниялары активтерінің құнының өсуін қамтамасыз етеді. Басқа сөзбен айтқанда, электр энергетикалық компаниялардың меншік иелері халықтың ақшасының есебінен байып жатыр. Инвестициялық тендерлар арқылы энергетикалық компанияларды жекешелендіру ретінде және инвестициялар тарту ретінде Қазақстандық тәжірибесі, негізінен энергетикалық компаниялар өздеріне мақсатына сай емес және тиімсіз пайдалану, сондай-ақ өздерінің инвестициялық міндеттемелерін жүйелі түрде орындамау қасиеті тән екенін көрсетті. Бұл жағдайда осы мәселеге қатысты уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан жоғары дәрежеде көңіл бөліп, жауапкершілік талап етіледі. Бұл жерде отандық тәжірибе мемлекеттік органдар көбіне объективтік, сонымен қатар субъективтік себептерге байланысты инвестициялық міндеттемелердің орындалуын мониторингілеу және олардың сақталуы үшін жағдайлар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі өздерінің функцияларын толығымен орындамайтынын да көрсетеді. Оның үстіне мемлекеттік органдардың, нақтырақ айтқанда олардың басшыларының тарапынан мұндай жағдайға байланысты белгілі бір мүдделілік бар. Сондықтан көп жағдайларда олар тарифтердің, оның ішінде

инвестициялық тарифтердің өсуінде, сонымен қатар олар мен энергетикалық компаниялардың арасында жасалған инвестициялық келісімдерді міндетті түрде орындамауда «әріптестерге» айналады.

3.Қазақстанның электр энергетикалық секторының жекешелендіруден кейінгі жай-күйін, қызмет етуі мен дамуына жүргізілген талдау осындай келеңсіз үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. Оларға келесілер жатады.

Ең алдымен, электр энергетикасы секторының негізгі проблемасы, нақтырақ айтсақ, талаптары энергетикалық компаниялардың күннен күнге тозып бара жатқан негізгі құралдарын сақтаудан тұрады. Бұл негізгі құралдар КСРО уақытынан бері қызмет етіп келеді. Елде батыс, орталық және оңтүстік өңірлерде қуат тапшылығы күн санап күшейіп келеді. Мұның барлығы жаңа, оның ішінде базалық электр станцияларын салуды объективті түрде қажет етеді.

Екіншісі. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарының ішінде, айтып өткендей, бірде бір ірі электр станциясы пайдалануға берілген емес. Соңғы жылдары мемлекеттің бұл мәселені түбегейлі шешуге кіріскенін айтып өткен әділдік болар еді. Мысалы, қазіргі уақытта Мойнақ ГЭС құрылысы жүргізілуде. Балқаш ЖЭО құрылысы дайындалуда. Алайда, бұл жерде мынадай сұрақ туындайды: жұмыс істеп тұрған, яғни жекешелендірілген электр станцияларының иелері әлі күнге дейін қосымша электр нысандарының жаңа құрылысын салуға неліктен кіріспеген? Себебі, бір жағынан, барлық ГЭС шетелдік компанияларға концессияға берілген, не болмаса олар, сонымен қатар қазақстандық меншік иелері жекешелендіріп алған. Екінші жағынан – энергетикалық қуаттардың тапшылығы қазірден байқалуда және болашақта оның мөлшері ұлғаятын болады. Мұндай жағдайда жаңа электр станцияларын салуға қазақстандық энергетикалық компаниялардың меншік иелері ең алдымен мүдделі болуы тиіс емес пе? Осылайша, олар электр энергиясына күн санап өсіп отырған сұранысты қанағаттандыра алмай еді. Сәйкесінше, өздерінің тиісті табыстарын алатын еді. Бірақ бұл үшін жұмыс істеп тұрған компаниялардың акционерлері мен иелерінің тарапынан инвестициялар қажет. Олар үшін тұтынушылардың есебінен жаңа қуаттарды тұрғызу барынша қызықты болып шықты.

Үшінші, ГЭС жалға алған концессионерлер де, сонымен қатар энергетикалық компаниялардың акционерлері (меншік иелері) де энергетикалық нысандарды концессияға және (немесе) меншікке алғанға дейін берген өздерінің инвестициялық міндеттемелерін жүйелі түрде және жалпы орындамаған. Қазіргі қалыптасқан жағдайдың негізгі себебі – үкіметтің енжарлық танытуы кезіндегі энергетикалық компаниялар акционерлерінің инвестициялық міндеттемелерді орындамауы. Үкімет жаңа меншік иелерінің инвестициялық міндеттемелерді орындамауынан ғана олардан жекешелендіру бағасы бойынша сатып алу арқылы оларды ұлттандыру жүргізе алады.

Төртінші. Қазақстандық электр энергетикалық компаниялар инвестициялық міндеттемелерді ғана емес, сонымен қатар электр энергетикалық сектордың қызмет етуін реттейтін қолданыстағы заңнаманы,

экологиялық заңнаманы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жүйелі түрде бұзып келеді. Жыл сайын Қазақстанның халқы олардың әрекеттерінің салдарынан улануда, олардың денсаулығына зиян келуде. Үкімет экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін энергетикалық компанияларды жазалауға тырысады. Бірақ айыппұл сомасының аз болғаны соншалықты, энергетикалық компаниялар үшін өндірісті жаңарту мен жаңғыртудың орнына болмашы айыппұлдарды төлеген пайдалы, себебі жаңарту мен жаңғырту жұмыстары анағұрлым көп қаражатты қажет етеді. Үкіметке де мұндай жағдай қолайлы секілді. Бір жағынан, қандай да бір әрекет жасау қол қусырып отырғаннан жақсы екенін көрсетеді. Екіншіден, энергетикалық компаниялар негізінен ойларына не келсе соны жасауда. Үшіншіден, елдің халқы, энергетикалық қызметтердің тұтынушылары үнемі соңында қалып, энергетикалық компаниялардың осындай әрекеттерінен де, сонымен қатар үкіметтің боямалы әрекеттерінен зардап шегеді. Төртіншіден, түптеп келгенде Қазақстан және күн санап нашарлап бара жатқан экологиялық, атап айтқанда климаттық өзгерістердің салдарынан бүкіл дүние жүзі зардап шегетін болады.

4. Диссертациялық жұмыста «KEGOC» АҚ мен «КазТрансОйл» АҚ-ның Халықтық IPO бағдарламасын жүргізу тәжірибесі талқыланды. Екі компания да біріншіден, Қазақстан экономикасының стратегиялық нысандары; екіншіден ел экономикасының стратегиялық салалары; үшіншіден табиғи монополия нысандары; төртіншіден, халық шаруашылығының стратегиялық тауарларымен айналысатын нысандар; бесіншіден, елдің ұлттық компаниялары; алтыншыдан, «Халықтық IPO» шеңберінде олардың акцияларын сатқаннан кейін мемлекеттік меншікте 90 пайыз және плюс бір акция қалған квазимемлекеттік компаниялар болып табылатындығын көруге болады. Айтылғандарға екі компанияның тасымалдаумен айналысатынын қосу қажет. «КазТрансОйл» АҚ мұнайды тасымалдайды, ал «KEGOC» АҚ – электр энергиясын тасымалдайтыны белгілі. Екі компанияның да қызметі республика экономикасының тұрақты және орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл компаниялардың өздері үшін де маңызды. Себебі компаниялардың тұрақты және орнықты дамуы – олардың акционерлерінің тұрақтылығының кепілі. Оның үстіне, барлық жоғарыда аталған факторлар компаниялардың өздерінің, сонымен бірге олардың акционерлерінің әл-ауқатын қамтамасыз ететін болады.

5. «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру тәжірибесінен қандай қорытындылар жасауға болады: біріншіден, бағдарламаның негізгі мақсаты осы бағдарлама бойынша іске асырылмайды. Мұнда халықтың аз ғана бөлігі акционерлерге айналады, олардың саны барлық қазақстандықтардың бір пайызына да жетпейді. Бұрын депутаттар Премьер-министрге «КазТрансОйл» АҚ акцияларын сатудан қол жеткізілген экономикалық әсер туралы, сонымен қатар қолдаудың осыншама ауқымды жарнамасы кезінде елдің экономикалық белсенді тұрғындарының бар жоғы 0,37% бағдарламаның қатысушыларына айналу фактісін үкіметтің бағалауы туралы мәселелермен өтініш білдірді. Сонда бағдарламаның атауы оның мазмұнына сәйкес келмегенінде ме. Сөз іс



жүзінде еліміздің «элитасы» туралы болып отыр. Мұндай жағдай қоғамдағы әлеуметтік тапқа бөлінуді одан әрі күшейте түседі. Екіншіден, бағдарлама жоғарыда аталған элита үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайды. Бұл мүмкіндіктерді ел тұрғындарының көптеген бөлігі пайдалана алмайды, себебі олардың көпшілігінің бұл үшін қаражаты жоқ; үшіншіден, мемлекеттік меншікті жекешелендіру үдерісіне негізінен еліміздегі стратегиялық нысандарды тарту бағдарламасы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мүддесіне сай келмейтін жағдайлар жасауы мүмкін. Республика азаматтарының бір бөлігін мемлекеттік меншікті жекешелендіру үдерісіне тарту және экономиканың стратегиялық нысандарын басқару осындай қауіп-қатер тудыруы мүмкін; төртіншіден, экономиканың ірі резервтерінің ірі мемлекеттік меншік нысандарының өзін-өзі ақтауын арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген, негізінен компаниялардың корпоративтік мүддесін көздейтін компаниялардың өздерінің құнын арттыру тәсілі үлкен мұнай долларлары жағдайында мүмкін және орынды болды. Үнемдеу режимінде мемлекеттік бюджеттің дивидендтеріне бағытталатын таза табыстың үлесін арттыру қажет; бесіншіден, «Халықтық IPO» бағдарламасы халықтың көпшілігінің және бүкіл мемлекеттің мүддесіне зиян келтіре отырып, халықтың бір ғана шағын бөлігінің мүддесі үшін қызмет ете алмайды.

6. Жалпы, дағдарыс аяқталғанға дейін «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыруға мораторий жариялау қажет деп есептейміз. Бұл мұндай ауқымды бағдарламалар әлемдік тәжірибеде әдетте экономикалық дағдарыс басталған уақытта жүргізілмейтіндігімен түсіндіріледі. Мәселе бұл жағдайда компаниялар өзінің құнын жоғалта бастайды және әдетте мемлекет өз компанияларына қажетті инвестицияларды ала алмайды, ал болашақ акционерлерге уәде етілген жоғары деңгейдегі дивидендтер табиғи монополия нысандары болып табылатын компаниялардың тарифтерін көтеру есебінен жүзеге асыру жоспарланады.

7. Электр энергетикаға инвестицияларды тартудың әдістерінің бірі, станцияларға-электр энергиясын өндірушілерге шекті тариф орнату. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңында шекті тарифке келесі анықтама берілген: «Шекті тариф – энергия өндіруші ұйымдардың топтары үшін электр энергиясына белгіленетін босату тарифінің (бағасының) бекітілген ең жоғары шамасы»

Тарифтердің шекті деңгейлері – бұл бір жылдан астам уақытқа бекітілетін тарифтер. Кәсіпорынның бекітілген инвестициялық бағдарламасы тарифтердің шекті деңгейін бекітуге негіз болып табылады. Инвестициялық бағдарлама – жаңа активтерді құруға, қазіргі бар активтерді кеңейтуге, жаңартуға, қайта қалпына келтіруге және техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған бағдарлама. Инвестициялық бағдарламаның орындалу кезеңі қандай болса – тарифтердің шекті деңгейінің қолданылу кезеңі де сондай болады.

Шекті тарифтер ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаны жоспарлау және іске асыруға мүмкіндік жасайды. Жабдықтарының тозу деңгейі жоғары болған кезде кәсіпорынның бір жылдың ішінде барлық жоспарланған жөндеу

жұмыстарын, күрделі құрылысты және басқа да күрделі сипаттағы жұмыстарды жүргізуі мүмкін емес. Кез келген инновацияларды енгізу, сәйкесінше, үлкен мөлшерде инвестициялар салуды қажет етеді. Энергетикалық кәсіпорындар ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаны іске асыру мүмкіндігіне сенімді болады. Қызметтерге көрсетудің реттелетін тарифі тарифтің шекті деңгейі қолданылатын уақыт кезеңінде тұрақты болатындықтан тұтынушылар еш алаңдамайды. Олар екі бөліктен тұрады: тиісті есептеулер бойынша. Бұған пайдалану және инвестициялық құрамдас бөліктің шығындары кіреді. Тарифтер пайдалану шығындарынан, яғни шығындар құнынан төмен болмауы тиіс. Оларға негізгі инвестициялау көзі ретінде кіріс қосылады. Шекті тарифтерді электр энергиясын өндіретін шаруашылық жүргізуші субъектілер бекітеді. Сонымен қатар 2015 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңге тарифтерді үкімет белгілеген. Әдетте, жабдықтаушы үстемеақы деңгейінде өңірлік энергетикалық компаниялардың да тарифтері бір мезгілде көтеріледі. ТМРА облыстық департаменттері бекітетін ӨЭЖ тариф белгілеуі әдетте тұтынушылар үшін анық емес. ӨЭЖ тарифтері сондай-ақ олардың инвестициялық бағдарламаларының, әдетте екі-үш жылға арналған бағдарламаларының негізінде бекітіледі.

ТМРА-нің 2013 жылғы 1 ақпанда өткен кеңейтілген алқасында ҚР Премьер-министрінің бұрынғы орынбасары Қ. Келімбетов «өткен жылдың энергия өндіруші станцияларға инвестициялық бағдарламалардың орындалуы тұрғысынына жүргізілген тексерулердің ұқсас субъектілердің инвестициялық міндеттемелеріне бақылауды күшейту қажет. Шекті тарифтер – бұл озық шара болды. Бірақ, сонымен қатар белгілі бір асыра пайдаланушылық болғанын білеміз, және әрбір субъекті бойынша қандай инвестициялық бағдарламалар іске асырылғанын және қаражаттың қайда жұмсалғанын нақты білгіміз келеді».

Жалпы, Премьер-министрдің бұрынғы орынбасарының айтқан сөзін қолдай отырып, мемлекеттік бағдарламаның өзінде: біріншіден, мемлекеттік бағдарламаның негізгі ережелерінің іске асырылуын, атап айтқанда инвестициялық міндеттемелердің іске асырылуын тоқсан сайын, жарты жылдық, жылдық тексеру қамтылуы тиіс; екіншіден, мемлекеттік бағдарламада оның негізгі ережелерін орындағаны үшін ынталандыру және жауапкершілік жүйесі болуы тиіс, кез келген асыра пайдаланушылықтардың автоматты түрде жолы кесіліп және оған жол берілмеуі тиіс; үшіншіден, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жеке тексерулер жүргізу арқылы шенеуніктердің озбырлығына жағдайлар жасалмауы тиіс; төртіншіден, кез келген мемлекеттік бағдарлама, оны іске асыру жұртшылықтың, азаматтық қоғам өкілдерінің назарында болуы тиіс деп есептейміз.

8. Энергетикалық секторды реформалаудың ұзақ жылдарында тариф белгілеуді талдау біріншіден, тарифтердің өсу және өзінің деңгейін көтеру қасиетіне сөзсіз ие екенін көрсетті.

Екіншіден, уәкілетті органдар, ең алдымен ТМРА, тариф белгілеуге, ең алдымен: тарифтердің көтеріліп отырған мөлшерінің шынымен электр

энергетикасы нысандарын және қуаттылықты жаңарту мен жаңғыртуға жұмсалатыны тұрғысынан мониторинг жүргізуге бейімділігі жоқ. Тарифтерді белгілеу үдерісі де, сонымен қатар тарифтерді көтеруден түскен ақша қаражаты компаниялардың негізгі құралдарын жаңарту мен жаңғырту мақсатында осы компаниялардың нақты қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына жұмсалуы әлі де ашық сипатқа ие емес.

Үшіншіден, энергетикалық қызметтердің бағасын көтеруден түсетін табыстар қайда жұмсалатыны әлі күнге дейін жабық ақпарат болып табылады. Сондықтан инвестициялық тарифтерді басқару жөніндегі заңнамалық және басқа да нормативтік актілерде бақылау және жауапкершілік жүйесінің болмауы заңды деп айтуға болмас. Мұндай шаралардың инвестициялық тарифтер жөніндегі мемлекеттік бағдарламада да болмауы күмән туғызады.

Төртіншіден, энергетикалық компанияларға қатысты мұндай құбылыс – энергетикалық компаниялар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың арасында жасалатын инвестициялық міндеттемелер мен келісімдердің әдеттегіше орындалмауы табиғи және заңды құбылысқа айналды. Мұндай пайымдау көптеген концессияға берілген және инвестициялық тендерлерде жекешелендірілген энергетикалық компаниялардың, сонымен қатар жекешелендіруден кейінгі, әсіресе инвестициялық тарифтер қолданыла бастаған кезінен бастап орындауын, нақтырақ айтқанда орындамауын талдауға негізделеді.

Бесіншіден, энергетикалық компаниялар күрделі қаражатты қажетсінетін нысандар болып табылатыны белгілі. Алайда, қазақстандық тәжірибеден көретініміздей, мұндай компаниялар әдетте, қаржылық нарықтарда, атап айтқанда қор нарығында қажетті ақша ресурстарын тартпайды.

Алтыншыдан, энергетикалық компаниялардың меншік иелері негізінен қаржы-өнеркәсіптік топтар болып табылады. Соған қарамастан, бұл қаржы-өнеркәсіптік топтар әлі күнге дейін жартылай жабық құрылымдар болып табылады. Бүгінгі күнге дейін елімізде қаржы-өнеркәсіптік топтардың қызметін реттейтін және қаржы-өнеркәсіптік топтардың мемлекет пен Қазақстан азаматтарының мүдделерімен барынша үйлесімді сәйкестігін қамтамасыз ететін қаржы-өнеркәсіптік топтар туралы заң қабылданған жоқ. Мұндай жағдайдың орын алу себептерінің бірі, біздің пікірімізше, елде жүргізілген мемлекеттік меншікті, оның ішінде энергетикалық компаниялардың меншігін жекешелендіру салдарының және нәтижелерінің бірі ретінде бизнес пен мемлекеттік шенеуніктердің мүдделерінің ұласуы болып табылады.

9. Инвестициялық тарифтерді енгізгенде, біздің ойымызша, мемлекет қарапайым жолмен жүрді және бұл үстемеақы энергетикалық компанияларды дамытуға жұмсалады. Яғни, бізді, ел азаматтарын өзімізге ескертпестен инвесторларға айналдырды. Бұл шешімнің қисынға келмеуі меншік, оның ішінде жеке меншік институттары дамыған құқықтық мемлекетте инвесторлардың құқықтары заңды түрде ресімделуі тиіс екендігінде. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының энергетикалық ресурстарын, атап

айтқанда электр қызметтерін тұтынушылар инвестициялық тарифтер институты арқылы инвесторлар болып табылады. Тұтынушылар төленген электр қызметтерінің меншік иелері ретінде энергетикалық компаниялардың акционерлері болуы тиіс. Себебі, бұл жағдайда пайдалану шығындары емес, инвестициялық тарифтер арқылы алынып, энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңалау мен жаңғыртуға жұмсалатын инвестициялар жайында сөз болып отыр. Бұл инвестициялар, негізгі құралдарды жаңалау және жаңғырту арқылы жаңа энергетикалық қуаттар туғызады, энергетикалық компаниялардың активтерін және, сәйкесінше акционерлік капиталын ұлғайтады. Инвестициялық тарифтер жөніндегі қолданыстағы заңнамалық және басқа да нормативтік актілерде бұл сұраққа жауап жоқ: бұл жағдайда кім инвестор? Алайда, жаңаланған және жаңғыртылған энергетикалық нысандардың акционерлері дегеніміз қазіргі акционерлері, яғни компаниялардың меншік иелері екенін білдіреді. Мұндай заңнама конституцияға қарсы және тіптен дұрыс емес заңнама болып табылады. Әйтпесе, Қазақстанның азаматтары өз ақша қаражаттарының есебінен энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңарту мен жаңғыртуға ақы төлей отырып, «инвестициялық тарифті» төлейтінін қалай түсінуге болады. Сәйкесінше электр энергетикалық компаниялардың акционерлік капиталының ұлғаюы мен өсуін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдай ҚР Конституциясына, ҚР Азаматтық кодексіне, ҚР акционерлік қоғамдар, инвестициялар туралы және т.б. заңдарына қайшы келеді.

Негізінен, «инвестициялық тарифтер» институтының қолданылуы энергетикалық компаниялардың қазіргі акционерлерін заңсыз түрде байытуға бағытталған. Оның үстіне – бұл еліміздің азаматтарын олардың қызметтерін тұтынушылар ретінде жай ғана алдау және тонау.

10. Белгілі бір күштердің электр энергетикалық компаниялардың пайдасына қарай мүдделік қолдау әрекеттерімен байланысты мұндай жағдайды шешу үшін: біріншіден, «инвестициялық тарифтің» негізгі ережелерінің Қазақстан Республикасының нормаларына сәйкестігі туралы ҚР Конституциялық кеңесіне жүгіну қажет; екіншіден «инвестициялық тарифтер» институтымен байланысты барлық заңнамалық және басқа да нормативтік актілердің қолданылуын тоқтату қажет; үшіншіден, бұл актілердің күшін тоқтатқаннан кейін «инвестициялық тарифтер» институтының нақты мәніне байланысты жаңа заңнамалық және басқа да нормативтік актілер қабылдау қажет.

11. «Инвестициялық тарифтер» институтының жаңа мазмұнының негізгі ережелері келесілерге сайып келуі тиіс.

А) Барлық электр энергетикалық компанияларды акционерлік қоғамдарға қайта құру. Бұл үшін энергетикалық компанияларды қоса алғанда, барлық стратегиялық нысандарды акционерлік қоғамдарға қайта құру мақсатымен «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Б) Акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған энергетикалық

компанияларды халықтық акционерлік қоғамдар деп жариялау керек.

В) Халықтық акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған энергетикалық компанияларда акцияларға жазылуды жариялау. Бұл үшін инвестициялық тарифтердің сомасына акцияларға қосымша эмиссия шығару қажет (ағымдағы пайдалану шығындарын алып тастау). Шығарылған акцияларды олардың төлемдерінің сомасына тепе-тең мөлшерде энергетикалық қызметтердің тұтынушыларына өтеусіз негізде беру.

Г) Президенттің «Халықтық IPO» саясатының шеңберінде халық, яғни тұтынушылар электр энергетикалық компаниялардың акционерлері болуы тиіс деп ойлаймыз. Инвестициялық тарифтің шеңберінде олар электр энергетикалық компаниялардың негізгі құралдарын жаңғыртуға қанша қаражат салса, сол сомаға акциялар қосымша шығарылуы тиіс, және кім қанша төлегеніне байланысты электр энергетикалық компаниялардың акцияларын өтеусіз негізде алуға тиіс. Сонда электр энергетикалық компаниялар шын мәнісінде «халықтық» акционерлік компанияларға айналады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шокин Ш. Регулирование нагрузки электроэнергетической системы. – Алматы, 1985. -520 с.
- 2 Баймұратов О. Инвестиции и инновации: нелинейный синтез. – Алматы: Баспа: БИС, 2005. – Т. 3. – 320 с.
- 3 Мамыров Н. Гос. регулирование экономики в условиях Казахстана. – Алматы: Экономика, 1998. -247с.
- 4 Дуқенбаев К. Энергетика Казахстана. Движение к рынку. - Алматы: Ғылым, 1998. - 584 с.
- 5 Храпунов В. Проблемы и пути развития электроэнергетики в РК. – Алматы: Ғылым, 1996. -320с.
- 6 Әшімов А. Согласованное управление активными производственными системами. – М.: Наука, 1986. – 122-238с.
- 7 Жапаров Б. Правильные механизмы функционирования активных систем с встречным способом формирования данных // Сборник научных трудов. – Алматы, 1981. – С.40-45.
- 8 Алияров Б. Естественные монополисты и «Особый порядок формирования затрат» // Энергетика и топливные ресурсы Казахстана.- 2000. - №2. – С. 33-34.
- 9 Кошанов А. Социально-экономическая дифференциация общества: основные проблемы регулирования // Общество и экономика. - 2002. - №3-4. – С. 221-229.
- 10 Әлімбаев Ә. Совершенствование систем управления электросетевыми компаниями на базе современных геоинформационных технологий // В сбор. трудов «Социально-экономические проблемы региона».- Караганды: ИРР, 2002 – С. 24-30.
- 11 Түкенов А. Рынок электрической энергии в Казахстане // Энергетика и топливные ресурсы Казахстана. - 2002. - №6. – С. 36-41.
- 12 Давильбекова Ж. «Отын-энергетикалық ресурстарын қара металлургияда игерушілігін тиімділігін көтермелеуі» ғылыми жұмысы.-1984.
- 13 Даукеев Г. Экономико-математическая модель в методике формирования тарифа на услуги по передаче электроэнергии. - Алматы: АИЭС, 2001. –С.19-21
- 14 Хисаров Б. Создание имитационной модели анализа аварийных ситуаций возникающих в ЕЭС РК для формирования оптимального резерва мощности в условиях рынка энергии // В сбор. трудов «Энергетика, радиотехника, электроники, связь». - Алматы: АИЭС, 1999. -С.41-44
- 15 Жакупов А. Методология формирования тарифов в секторе электроэнергетики Казахстана: состояние, проблемы, перспективы // Энергетика и топливные ресурсы Казахстана. - 2000. - №2. – С. 19-21.
- 16 Махмет С. Организационно-экономический механизм конкурентного рынка электроэнергии. – Экономика ғылымдарының кандидатының ғылыми

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы.-2004.-149с.

17 Своик П. Да будет свет за 60 млрд.долларов! // Forbes. - 2013.

18 Есіркепов Т. Егер бізді инвестор жасаған екен, онда монополистер халықты акционер ретінде мойындасын! // Алаш айнасы газеті. - 2013, маусым - 5.

19 Түзелбаев Б. Электр энергетикасы саласында реттеу механизмдерін жетілдіру. – Экономика ғылымдарының кандидатының ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы.-2006.-130с.

20 Веденеев Ю.А. Организационные реформы государственного управления промышленностью в СССР историко-правовое исследование (1957–1987 гг.). М., -1990.-С.49.

21 Тихомиров Ю.А. Управление делами общества. М., -1984. -55с.

22 Правительство, министерство и ведомство в зарубежных странах. М., 1994.- 98с.

23 Т. Санталайнен, Э. Воутилайнен, П. Поренне, Й.Х. Ниссинен Управление по результатам // пер с англ., общ. ред. и предисл. Я.А. Лейманна. – М.: Прогресс,- 1993. – 4-9с.

24 Государственное управление. Концепции государственного управления. –Галамтор ресурсы // <http://pubadm.narod.ru/Theory/concepts.htm>.

25 In search of results: Performance Management Practices. – OECD, 1997. – 140р .

26 Дмитренко Г.А. Стратегический менеджмент: целевое управление персоналом организаций: учеб. пособ. // Г.А.Дмитренко. - 2-е изд., испр. – К.: МАУП, 2002. –192с .

27 Джон Гэлбрейт. Новое индустриальное общество. –Москва: АСТ, 2004. - 557с.

28 Пугель Т.А., Линдерт П.Х. Международная экономика: учебник для ВУЗов / пер. с англ. - 2-е изд. –Москва: Дело и сервис, 2003. – 325с.

29 Кошкумбаева Ж. Налогообложение недропользователей: тенденции современные тенденции // Қазақстан Республикасы салық қызметінің жаршысы. – 2005, ноябрь. - №11 (75). –С.49.

30 Кыдыров А. Мировой опыт по заключению соглашений с недропользователями // ҚР салық қызметінің жаршысы. – 2007. - №21 (89). – С. 29.

31 Сейдахметова Ф.С. Налоги в Казахстане: оқу құралы. – Алматы: «ЛЕМ» баспасы, 2002. - 5-7с.

32 Мелкумов Я.С. Организация и финансирование инвестиций: учебное пособие. - М.: ИНФРА-М, 2008. –27с.

33 Марк Фишер. Ленивый миллионер. – город: изд. Попурри, 2011. - 16с.

34 Липсиц И.В., Косов В.В. Экономический анализ реальных инвестиций. - М.: Экономистъ, 2004.-255с.

35 Гашимов А.С. Регулирование инвестиционной деятельности на национальном уровне и в рамках двусторонних договоров / под ред. В.Б. Буглай. – М: Анкил, 2001. – 57с.

- 36 Богатин Ю.В., Швандар В.А. Инвестиционный анализ. – М.: Юнити-Дана, 2008. - 75с.
- 37 Идрисов А.Б. Планирование и анализ эффективности инвестиций. - М.: Юнити-Дана, 2009. – 109с.
- 38 Виленский П.Л. Оценка эффективности инвестиционных проектов. - М.: ИНФРА-М, 2008. –877с.
- 39 БROMEICH M. Анализ экономической эффективности капиталовложений. - М.: ИНФРА-М, 2007. - 5-15с.
- 40 Сергеев И.В., Веретенникова И.И. Организация и финансирование инвестиций. – М.: Финансы и статистика, 2000. – 13с.
- 41 Бочаров В.В. Инвестиции. – СПб.: Питер, 2008. –88с.
- 42 Бланк И.А. Основы инвестиционного менеджмента.– К.: Эль га-Н; Ника Центр, 2007. – Т. 2.– 202с.
- 43 Беренс В., Хавранек П. Руководство по оценке эффективности инвестиций / пер. с англ. - М.: ИНФРА-М, 2008.-255с.
- 44 Абуталипов Ж.А. Казахстан в мировой экономике. – Алматы, 1998.-150с.
- 45 Международные экономические отношения: учебник / под ред. А.Трофимов. – Алматы, 2002.–50-51с.
- 46 Аньшин В.М. Инвестиционный анализ. - М.: Дело, 2008. – 69с.
- 47 Мельников В.Д., Ильясов К.Н. Финансы: учебник для ВУЗов.- Алматы, 2001. – 230с.
- 48 «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңы.-2004.
- 49 Алиев У.Ж. Модернизация:мировой опыт и современный Казахстан // В 2 ч. – Алматы, 1995. – 9-17с.
- 50 Сорокин А.Н. Специфика предприятий энергетической отрасли как объекта инвестиций // Российское предпринимательство. - 2011. - Вып. 1, №11(195). - 102-107с. // <http://www.creativeconomy.ru/articles/14177/>
- 51 Байдин В.Е. Теория и практика реструктуризации электроэнергетической отрасли. – М.: ТЕИС, 2008.-197с..
- 52 Энергетика в России и в мире. – М.: МАИК; Наука; Интерпериодика, 2001.-178с.
- 53 Экономика энергетики / под ред. Н.Д. Рогалева. – М.: Изд-во МЭИ, 2005.-288с.
- 54 Об утв. концепции развития ТЭК РК до 2030 года; постановление правительства РК 28 июня 2014г №724.
- 55 Сколько стоит электроэнергия в разных странах мира. – 2015, сәуір 22 // <http://www.energonews.kz>.
- 56 Рагель Э. В настоящее время электроэнергетические компании всего мира столкнулись с необходимостью внесения изменений в свои стратегии долгосрочного развития // Экономика и ТЭК. – 2012. - №18.-С.14.
- 57 Саткалиев А. Развитие электроэнергетической отрасли в текущих условиях // KazEnergy. - 2010. - №1(35-36). –С.16.
- 58 Ясын М. Қазақстан Республикасында электр энергетикасына



инвестицияларды тарту мәселелері // «Тұран» университетінің хабаршысы - №3(63) -2014.-С 185-189.

59 Энергетика министрлігінің ресми сайты // <http://energo.gov.kz/>

60 Ғаламтор ресурсы // <http://bourabai.ru/products.htm#7>

61 Ясын М. Қазақстанда атом энергетикасына инвестициялар тарту мәселелері //«Тұран» университетінің хабаршысы -№3(59) -2013.-С 136-139.

62 Ясын М.,Акимбаева Қ. Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшудегі қадамдары // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. –№2/1(108) -2015.-С.170-174.

63 Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Электр энергетикасы туралы» Заңы.

64 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы «Энергия үнемдеу туралы» Заңы.

65 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 ақпандағы № 190 «Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» Қаулысы.

66 Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидалары.-2015.

67 Жүйелік оператордың қызмет көрсетуі, жүйелік және қосалқы қызметтер нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі.-2004.

68 Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу ережесі.

69 Қазақстан Республикасында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі.-2004.

70 Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу, сондай-ақ осы нарықтағы қызметтер көрсетуді ұсыну мен оған қол жеткізу ережесі. -2004.

71 Электр желілік қағидалар.-2014.

72 ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 Қаулысы.

73 Рятов К. Тариф в обмен на инвестиции – не всё так просто // Капитал.kz. - 2010, март – 11. - №09 (246).

74 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 210-ФЗ «Коммуналдық кешен ұйымдарының тарифтерін реттеу негіздері туралы» заңы.

75 1999 жылғы 25 ақпандағы № 39-ФЗ «Ресей Федерациясындағы инвестициялық қызмет туралы» федералдық заңы.

76 Қазақстан электр энергетикасы (ҚЭА) қауымдастығының баспасөз мәлімдемесі. - 2015, қаңтар - 9.

77 Ғаламтор ресурсы // [http://forbes.kz//process/energetics/obschiy\\_energeticheskiy\\_ryinok\\_eaes\\_lomat\\_ne\\_stroit/?mark=%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B8%D0%BA](http://forbes.kz//process/energetics/obschiy_energeticheskiy_ryinok_eaes_lomat_ne_stroit/?mark=%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B8%D0%BA).

78 Есиркепов Т., Есиркепов Ж. Об инвестиционных тарифах энергетических компаний// Деловая неделя. – 2013, апрель – 26.

79 Мирзаходжаева З. А народ безмолвствует // Время. -2013, қаңтар -

12.

80 Исабаева С. Черная дыра» ЖКХ // Central Asia Monitor. - 2013, ақпан 22-28.

81 Среднеотпускной тариф на электроэнергию в Астане повысился на 8% // HeadLine.kz. – 2014, январь – 9.

82 Александров Р. В Павлодаре тариф на электроэнергию увеличился на 7% // VNews.kz. - 2014, январь 9.

83 За год электроэнергия подорожала на 6,2%. В октябре 2014года стоимость 100 кВт-ч составила 1100 тенге,против 1036 тенге в октябре 2013 // Ranking.kz. – 2014, ноябрь 24.

84 Рыбин И., Тимуров М. С нового года по кошельку казахстанцев ударят новые тарифы на электроэнергию // ТВ 31канал. – 2014, декабрь - 8.

85 Жакеев М. В 2015 году тарифы на электроэнергию в Казахстане могут повыситься на 7-8% // Казинформ. – 2014, ноябрь – 26.

86 Крапивин В. В ЗКО повысился тариф на электроэнергию // Uralsk. INFO. – 2015, январь - 27.

87 ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайты // <http://www.stat.gov.kz/>

88 Энергетика Казахстана переживает инвестиционный подъем // Радиоточка.kz. – 2015, май - 25.

89 С 1 апреля цены на электроэнергию в Казахстане будут снижены // КурсивKZ. - 2015, март - 26.

90 Муканова А. Блюсти тарифы и права потребителей // Казахстанская правда. – 2013, апрель - 2.

91 Ясын М. Энергетикалық компаниялардың инвестициялық тарифтеріне әсер ететін факторлар мен жағдайлар // «Тұран» университетінің хабаршысы - №3(67) -2015.-С 205-210.

92 Есиркепов Т., Есиркепов Ж. Об инвестиционных тарифах энергетических компаний-2 // Деловая неделя. – 2013, май – 3.

93 Кононенко О. Глава АРЕМ призвал потребителей активнее участвовать в публичных слушаниях по обсуждению тарифов с монополистами // Панорама. – 2013, қаңтар – 18.

94 Разумов Я. Энергетики полагают,что без повышения тарифов модернизацию электросетей не произвести // Панорама. – 2002, май – 29.

95 Тревоги ветеранов энергетики // Литер газеті. – 2010, маусым - 30.

96 Бокаев М. Сказанное С.Карамурзой. – М., 2007. -170с.

97 // <http://money.gazeta.kz/news/kazakhstancy-platyat-za-ehlektrichestvo-v-dva-raza-bolshe-ego-sebestoimosti-newsID396061.html>

98 Жумжунина А. Снизить тарифы путем упразднения энергоснабжающих организаций предложил мажилисмен // Тенгриныйос. -2014, март - 17.

99 Непомнящий И. Игра в монополию // Время. - 2014, сентябрь – 12.

100 [http://forbes.kz//process/energetics/obschiy\\_energeticheskiy\\_ryinok\\_eaes\\_lomat\\_ne\\_stroit/?mark=%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B8%D0%BA](http://forbes.kz//process/energetics/obschiy_energeticheskiy_ryinok_eaes_lomat_ne_stroit/?mark=%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B8%D0%BA))

101 Олег Хе. Публикации подлежат все сделки с гос имуществом //

Панорама. - 1997, апрель – 11.

102 Ясын М., Акимбаева Қ. Инвестициялық тендерлер жекешелендірудің және инвестициялар тартудың әдісі ретінде // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. –№4(110) -2015.-С.200-207.

103 Киреева К., Ахметова Ш.Инвестиционная сфера: итоги года минувшего и основные направления на 1997г. // Азия-ЭЖ. – 1997. - №23.-С.9-16.

104 ҚР Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы №2721 «Жекешелендіру туралы» Жарлығы.

105 Мирошниченко В. Надо кричать караул! // Время. – 2008, апрель 2.

106 Дрозд Н. Американская "AES Сантри пауэр лимитед" стала собственником и концессионером энергопредприятий Восточного Казахстана // Панорама. – 1997, август - 8.

107 Есиркепов Т., Есиркепов Ж. Об инвестиционных тарифах энергетических компаний-3 // Деловая неделя. – 2013, май – 8.

108 И.Воротной.Антимонопольщики предупредили AES // Известия Казахстан. – 2008, март - 6.

109 // «Литер» газеті. – 2008, апрель - 12.

110 Попазов Д. И вас посчитали // Казахстанская правда. – 2008, апрель – 8.

111 Махмутова М., Ахметова А. Электроэнергетический сектор Казахстана: как повысить эффективность и привлечь инвестиции на модернизацию? – Алматы, 2011. – С. 70-71.

112 Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» ҚР заңы. – 2011.

113 Исключить монополистов из закона о госконтроле // Капитал. - 2013, апрель – 25.

114 В программу «Народное IPO» заложена идея социальной справедливости // КАЗИНФОРМБЮРО, 2014, ноябрь – 28.

115 // <http://sk.kz/company/11>

116 // <http://lsm.kz/plyusy-i-minusy-razmeshheniya-aktsij-kegos.html>

117 // «Капитал» газеті. – 2014, қараша - 28.

118 Константинов А. Цена акции Кегос определена по минимально возможной границе // Капитал. - 2014, декабрь - 03.

119 // [halyk-ipo.kz](http://halyk-ipo.kz).

120 Оспанов С. Приватизация: растет не прибыль, а тарифы // Трибуна. Коммунист Казахстана. - 2014, декабрь – 3. - №8.

121 Депутаты заинтересовались законностью роста тарифа // Капитал. – 2014, октябрь – 15.

122 Оспанов С. Логика абсурда от госкомпаний // Трибуна. Коммунист Казахстана. - 2014, ноябрь - 19.

123 // <http://sk.kz/news/view/4072/4>.

124 // Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексі». – 1994.

125 «Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншікті мемлекеттік мониторингілеу туралы» ҚР заңы.– 2003.

- 126 «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» заңы. – 1998.
- 127 «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңы.– 2003.
- 128 Есиркепов Т., Есиркепов Ж. Об инвестиционных тарифах энергетических компаний-4 // Деловая неделя. – 2013, май – 17.
- 129 «Казпотребнадзор» требует заморозить программу поэтапного повышения цен на электроэнергию до 2015 года // ИА Zakon.kz . - 2013.
- 130 В энергетике Казахстана инвестируют свыше 44 млрд. долларов // Казинформ. - 2014, ноябрь – 23.
- 131 Казахстанских монополистов обяжут установить тарифы на 5 лет // КазИнформ. - 2014, май – 16.
- 132 В РК вырастут тарифы на услуги естественных монополий // Курсив. – 2014, декабрь – 20.
- 133 Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты // <http://economy.gov.kz/>
- 134 Сенат рассмотрел законопроект по вопросам естественных монополий в регулируемых рынках // Курсив. - 2015, март – 6.
- 135 Каукенова С. Для энергостанций в Казахстане будет введено ограничение доходов // ИА «Zakon.kz». - 2014, май – 27.
- 136 Минэнерго предлагает распространить норму о рынке мощности на действующие электростанции РК // КазТАГ. - 2015, январь – 25.
- 137 // <http://lsm.kz/ekspert-razyasnil-vvedenie-abonentskoj-platy-za-elektroenergiyu.html>.
- 138 Единый закупщик «почистит» тариф // Капитал.kz. - 2015, май – 14.